

Габдуллин Н.И., Калиакпарова Г.Ш.

САЛЫҚ ЕСЕБІ

Оқу құралы

Алматы 2020

«Қайнар» Академиясы

Габдуллин Н.И., Калиакпарова Г.Ш.

САЛЫҚ ЕСЕБІ

Оқу құралы

«Интеллект» басылымы

Алматы 2020

ӘОЖ 336.1; 336.22 (075.8)

ББК 65.261.4

Г12

Рецензенттер:

Сауранбай Сандуғаш Бабағалиқызы – PhD, доцент Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, кафедра «Есепт, аудит және қаржы»

Сапарбаев Әбдіжапар Жұманұлы – э.ғ.д., «Кайнар» академиясының профессоры, «Экономика және бизнес» кафедрасы

Г 12 Габдуллин Н.И., Калиакпарова Г.Ш. Салық есебі: Оқу құралы. – Алматы: «Интеллект» басылымы, 2020. – 250 б.

Оқу құралының мақсаты - студенттердің салық есебі облысындағы теориялық және тәжірибелік білімдерін қалыптастыру. Оқу құралында салықтық есепке алудың негізгі түсініктері, мәні, қағидалары мен міндеттері, Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу үдерістері, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есебі және салық есебін құру туралы негізгі түсініктер берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтарының студенттеріне, сондай-ақ экономика саласында мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесіндегі экономикалық пәндерді жүргізетін оқытушыларға арналған.

ISBN 978-601-08-0373-2

ӘОЖ 336.1; 336.22 (075.8)

ББК 65.261.4

ISBN 978-601-08-0373-2

©Габдуллин Н.И., Калиакпарова Г.Ш., 2020

© ЖШС «Интеллект» басылымы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
I ТАРАУ. САЛЫҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ.....	8
1.1. Салықтардың экономикалық мазмұны мен функциялары.....	8
1.2. Салық салудың құрылу негіздері немесе салық элементтері.....	10
II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	15
2.1. Қазақстан Республикасының салық жүйесі.....	15
2.2. Салық салу механизмі және қағидаттары.....	17
III ТАРАУ. САЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕСЕП ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРЫНЫ.....	21
3.1. Салық есебі түсінігі, мақсаты мен міндеттері, функциялары.....	21
3.2. Салық есебін жүргізу және ұйымдастыру тәртібі.....	22
3.3. Салық есептілігі.....	25
IV ТАРАУ. САЛЫҚ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	27
4.1. Бухгалтерлік есеп әдістері, соның ішінде салықтық есепте қолданылатын әдістер және салықтық есепке алу саясаты.....	27
4.2. Салықтық есебінде қолданылатын айырықша әдістер мен тәсілдер.....	29
V ТАРАУ. ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ.....	32
5.1. Арнайы салық режимін қолдану үшін субъектілерге қойылатын басты талаптар.....	32
5.2. Патент негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктері.....	40
5.3. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктері.....	46
5.4. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимінің ерекшеліктері.....	54
VI ТАРАУ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕР ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ.....	78
6.1 Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимі жөнінде жалпы ережелер.....	78
6.2 Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.....	79
6.3 Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі	80
VII. ТАРАУ. ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	88
7.1. ҚҚС-ты салық жүйесіне енгізуде қойылатын мақсаттар.....	88
7.2. ҚҚС құрылу ерекшелігі мен есептеу тәртібі.....	93
7.3. ҚҚС шаруашылық субъектілердің экономикалы әрекетіне әсері.....	104
VIII ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	116
8.1. Жылдық жиынтық табыс.....	116
8.2. Жиынтық жылдық табысы бойынша шегерімдер.....	121
8.3. КТС бойынша салығы бойынша есеп айырысудер.....	126
IX ТАРАУ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ БОЙЫНША САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ.....	153
9.1. Жеке табыс салығының әлеуметтік – экономикалық мәні.....	153

9.2. Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығының жетілдірілуі, салық декларациясын тапсыру.....	157
9.3. Әлеуметтік салықтың экономикалық мәні.....	171
9.4. Әлеуметтік салықты есептеу, салық декларациясын тапсыру.....	172
X ТАРАУ. АКЦИЗ САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	184
10.1. Акциз салығын салудың экономикалық қажеттілігі.....	184
10.2. Акциз салығын төлеушілер және акцизделетін тауарлар түрлері.....	186
XI ТАРАУ. КӨЛІК САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	198
11.1. Көлік салығын есептеу тәртібі, салықтық мөлшерлемелер.....	198
11.2. Салықты төлеу мерзімдері, бекітілген есептеме үлгілері.....	202
XII ТАРАУ. ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	214
12.1. Жер салығына жалпы сипаттама және оның құрылу ерекшеліктері.....	214
12.2. ҚР-нда әртүрлі жер санаттары бойынша жер салығын есептеу ерекшеліктері.....	215
XIII ТАРАУ. МҮЛІК САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ.....	223
13.1. Мүлікке салық салудың экономикалық мазмұны.....	223
13.2. Мүлік салығын есептеу мен төлеу тәртібі.....	224
XIV ТАРАУ. САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІН КАМЕРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ	229
14.1. Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері.....	229
14.2. Камералдық бақылау нәтижелері.....	230
Тест сұрақтары.....	234
ГЛОССАРИЙ.....	245
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	250

КІРІСПЕ

Салық есебі – салық заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес топтастырылған бастапқы құжаттардың негізінде салықтар бойынша салық базасын айқындау үшін ақпарат жинау, тіркеу және қорытындылау жүйесі.

Салық есебі салық төлеуші есепті (салық) кезең бойына жүзеге асырған шаруашылық операцияларға салық салу үшін, сондай-ақ салықтардың дұрыс есептеліп, бюджетке төленуін бақылау үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатымен есептеу тәртібі туралы толық та рас ақпаратты қалыптастырады.

Салық есебінің міндеттері мен атқарымын орындау үшін салық заңнамасында арнаулы тәсілдер мен әдістер айқындалған, олардың жиынтығы Салық есебінің өзара байланысты әдіснамасын құрайды. Салық құжаттамасына: есеп беруге-есептесуге арналған салық құжаттамасы, ілеспе салық құжаттамасы, салық есебінің, хабарламасының талдамалы тізілімдері жатады.

Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) осы Кодекстің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі салықтық есепке алу болып табылады.

Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі жай серіктестік нысанында осындай қызмет бойынша тұтастай және бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушының қатысу үлесі бойынша да жүзеге асыратын салықтық есепке алу жиынтық салықтық есепке алу болып табылады.

Есепке алу құжаттамалар келесі:

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны жүргізу жөніндегі міндет жүктелген тұлғалар үшін – бухгалтерлік құжаттама;

салық нысандары;

салықтық есепке алу саясаты;

салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттар.

Кәсіпкерлер есептілік мезгіл қорытындысын шығару барысында, ҚР Салық кодексі талабына сәйкес мемлекеттік бюджет алдында пайда болған берешек сомаларын айқындайды: салық немесе басқалай төлемдердің құрамын талдайды, кредиторлық берешек борыштарды белгіленген мезгілден асырмай міндетті түрде төлейді. Осы арада кәсіпкерлерде салық есебі бойынша көп сұрақтар туындайды.

Салық есебі – салық заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес топтастырылған бастапқы құжаттардың негізінде салықтар бойынша салық базасын айқындау үшін ақпарат жинау, тіркеу және қорытындылау жүйесі.

Салық есебі салық төлеуші есепті (салық) кезең бойына жүзеге асырған шаруашылық операцияларға салық салу үшін, сондай-ақ салықтардың дұрыс есептеліп, бюджетке төленуін бақылау үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатымен есептеу тәртібі туралы толық та рас ақпаратты қалыптастырады.

Салық есебінің міндеттері мен атқарымын орындау үшін салық заңнамасында арнаулы тәсілдер мен әдістер айқындалған, олардың жиынтығы Салық есебінің өзара байланысты әдіснамасын құрайды. Салық құжаттамасына: есеп беруге-есептесуге арналған салық құжаттамасы, ілеспе салық құжаттамасы, салық есебінің, хабарламасының талдамалы тізілімдері жатады.

Салық құжаттамасының ерекшелігі – бастапқы салық құжаттамасы болмаған жағдайда Салық есебін жүргізу үшін шаруашылық операциялардың жасалуы тіркелетін бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттары негіз болады.

Салық есептілігі дегеніміз салық төлеуші салық органдарына табыс ететін, салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараты бар құжаттама:

салықтың әрбір түрі және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ жиіақтаушы зейнетақы қорына төлейтін міндетті төлемдер бойынша салық төлеуші жасайтын салық декларациясы, есеп айырысу;

арнаулы салық режимін қолдануға патент алуға өтініштер;

салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды тіркеу картозкаларын алуға өтініш; қосылған құн салығын бюджеттен қайтарып алуға өтініштер;

қосарланған салық салуды болғызбау туралы келісімдер нормаларын қолдануға берілген өтініштер;

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес электрондық мониторингке жататын, салық төлеушілер табыс ететін құжаттама.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген салықтар, жиындар және міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйе туралы заңымен анықталған тәртіпке сәйкес тиісті бюджеттерге түсіп отырады.

Оқу құралы Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген негізгі салық түрлерін, салық түрлері бойынша ұсынылған реттеу тәртібін ескере отырып келесі мәселелер тобын қамтиды:

салық түрлері бойынша экономикалық мәні көрсетілген;

салық сомаларын есепке алып, оны төлеу тәртібі бейнеленген;

әр салық түрі бойынша есептілік құжаттамаларға сипаттама берілген;

салық декларацияларын толтыру бағыты ашылған.

Әр тақырып соңында оқырманға өзін өзі бақылау сауалдары, есеп мысалдары және тестілер ұсынылған.

I ТАРАУ. САЛЫҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

1.1. Салықтардың экономикалық мазмұны мен функциялары

Салықтардың экономикалық мазмұны

Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуінің және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды.

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық – экономикалық құрылысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі, ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді *төлеу әркімнің борышы әрі міндеті* болып табылады, - жазылған.

Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып саналады. Мемлекетті ұстау үшін, халықтың ақшалай немесе натуралдық формада тұрақты түрде төлейтін жарналары қажет болады. Адамзаттың даму тарихында салықтың нысандары мен әдістері мемлекеттің сұранымдары мен ажеттеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырады.

Салықтар мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса, оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады.

Салықтар тауар-ақша қатынастарынан тыс қолданылады. Натуралды салықтардың мөлшері мен түрі нақты жергілікті жағдайларға бағынған. Мысалы: бір адамнан 1 құндыз терісі немесе 10 пұт тұз және т.б. алынған. Тауар-ақша тауарларының нығаяумен натуралды салықтың рөлі айтарлықтай азайды. Дегенмен, олар соңғы уақытқа дейін пайдаланылды (1953 жылға дейін жүн, жұмыртқа, сүт, май өткізілген).

Егер екі мемлекет бір-бірімен соғыс жүргізсе, жеңген мемлекет жеңілген мемлекеттің барлық байлығын тонап алады, болмаса белгілі бір мөлшерде салық салып отырған.

Еліміздегі салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тиым салынады. Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Мемлекетке түсетін салық түсімдерінің сипатты ерекшелігі олардың сан алуан қоғамдық қажеттерге кейін иесіз пайдаланылуы болып табылады. Осынысымен салықтардың мемлекет, сондай-ақ басқа жергілікті органдар белгілейтін түрлі міндетті мақсатты жарналардан, төлем аударымдарынан айырмашылығы болады.

Салық – мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз, тұрақты сипатта бюджетке төленетін төлемдер.

Салықтар – *қайтарымсыз, баламасыз және тұрақты* сипаттағы құқықтық формадағы мемлекет арқылы белгіленген міндетті төлемдер.

Салықты басқа да төлемдерден ажырата білуіміз керек. Себебі салық белгілі бір *объектілерден* (табыс, мүлік, тауар, жер, көлік, мұра) төленеді. Сонымен қатар салықты төлеудің өзіндік бір *мерзімі* болады (салық кезеңі – бір күндік, он күндік, айлық, тоқсандық, жылдық) және белгілі бір *көлемде* немесе *мөлшерде* (салық ставкасы) алынады.

Салық *материалдық* тұрғыдан алғанда, бұл белгілі бір уақытта, белгіленген тәртіппен белгілі мөлшерде салық төлеушінің мемлекетке төлейтін ақшалай сомасы, ал *экономикалық* мағынада – белгілі уақытта белгіленген тәртіппен белгілі бір мөлшердегі құнының мемлекет пен төлеуші арасындағы бір жақты қозғалысын байланыстарын ақша қатынастары, заңдық не *құқықтық* мағынада – бұл тұлғаның мемлекетке белгілі бір мөлшердегі ақшалай беретін міндеттемені тудыратын мемлекеттік қарар.

Салықтардың экономикалық мәні салықтарды мемлекеттің өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмылдырылатын шаруашылық жүргізуші субъектіден, азаматтардан ұлттық табыстың белгілі бір үлесін алу жөніндегі өндірістік қатынастардың

бөлігі болып табылатындығында және мемлекеттің заңды және жеке тұлғалармен қалыптасатын ақша қарым-қатынастарымен сипатталады, сондықтан салықтар *экономикалық категория* ретінде қаралады.

Салықтардан мемлекеттің экономикалық мазмұны нақты түрде көрінеді, ал салықтардың әлеуметтік-экономикалық мәні, олардың түрлері мен ролі қоғамның экономикалық құрылысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Белгілі философ Френсис Бэкон салықтарды төлеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы деген еді.

Әрбір мемлекетке өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін белгілі бір мөлшерде қаржы көздері қажет. Салықтар – мемлекеттің тұрақты қаржы көзі.

Салықты бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден ерекшелендіретін айрықша белгілері бар, атап айтсақ:

салық – мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі;

салық – ақшалай нысанда төленеді;

салық – қайтарылмайтын төлем болып табылады;

салық – баламасыз сипатта болады;

салық – салықты төлеген кезде меншік нысандары айқындалады;

салық – тұрақты экономикалық қатынас туғызады.

Ал, енді осы белгілердің мазмұнын тереңірек қарастырайық.

1. Салық – мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі.

Мемлекеттік аппарат мемлекетке тиесілі ақша сомасын өндірмейді. Сондықтан мемлекет заңды және жеке тұлғаларға салық салу арқылы қажетті соманы өндіріп алып отырады. Мұның экономикалық сипаттамасы мемлекет салықты белгілеу және өндіріп алу арқылы өндірілген қоғамдық жиынтық өнімнің бір бөлігін өзіне тиесілі сома ретінде айналдырып алады. Бұл жерде салық қатынасы бөлуші сипатта болады.

2. Салық – ақшалай нысанда төленеді.

Натуралдық нысанда төленуі де мүмкін. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында жиналған өнімнің бір бөлігі салық ретінде төленеді.

Салық кодексінде салық ақшалай нысанда төленуі тиіс деп атап көрсетілген.

3. Салық – қайтарылмайтын төлем болып табылады.

Салықты төлеген кезде ақша тек бір бағытта ғана қозғалады, яғни салық төлеушіден мемлекетке бағытталады.

Мұның қайтарымды төлемдерден (мысалы, мемлекеттік қарыз) айырмашылығы:

біріншіден, ақша салық төлеушілерден мемлекетке қарай қозғалады;

екіншіден, кері қайтады, яғни мемлекеттен салық төлеушілерге бағытталады.

Ал, қайтарымсыздық дегеніміз – ақшаны мерзімсіз алудыбілдіреді, яғни ол соманы қашан қайтатыны белгісіз.

4. Салық – баламасыз сипатта болады.

Салық құнның ақшалай нысанда бірбағытта қозғалысын айқындайды, төлеген салыққа қарсы тауар түрінде болса да қозғалыс жоқ. Толығырақ айтқанда, салық қандай да бір тауарға, немесе мемлекеттік қызметке төлем болып есептелмейді, яғни ақшаның өтеусіз алынуын көрсетеді.

Сондықтан салық – баламасыз төлем болып табылады.

5. Салық - салықты төлеген кезде меншік нысандары айқындалады.

Салықты төлеген кезде меншік нысандары ақша қаражаттарына, немесе материалдық құндылықтарда жеке меншіктен мемлекеттік меншікке өтеді. Анығын айтқанда, салық салу мемлекетке тиесілі меншіктерді иеліктен шығарады, ал меншік иелері арасындағы туындайтын салық қатынастарында мемлекет жеке меншіктен мемлекеттік меншікке салық төлемдерінде меншік құқықтарын өзгерте алады.

6. Салық – тұрақты экономикалық қатынас тудырады.

Салықты белгілеуде тұрақты салық қатынастары пайда болады. тұрақтылықты мынадан байқауға болады, яғни салық жеке түрде емес, нормативті құқықтық актілермен белгіленеді. Мәселен, бір тұлғаның нақты салық салу объектісі бар болса, ол салық міндеттемелерін орындаушы болып табылады.

Салық қатынастарының тұрақтылығы салық төлеу арқылы жүйелі төлемдерге бармауы тиіс. Кейбір салықтарда салық төлеушілер үшін салық төлеу жеке төлемдік сипатта болады (мысалы, мүлік салығын жеке азаматтар жылына бір рет төлейді) немесе кейде кенеттен салық төлеу сипаты пайда болады (мәселен, ойламаған жерден жасаған жұмысына жалақы алады).

Азаматтардың мүлік салығын төлеген кезде, оның салық қатынастары қысқартылмайды, қайта салық төлеушілердің ағымдағы кезеңдегі төлеген салықтарымен қоса, келесі салық кезеңдерінде де салық төлеуге міндетті болады. бұл процесс салық төлеушілердің меншік иесі ретінде құқынан айрылғанға дейін жалғасын таба береді.

Сонымен қатар салықтың құқықтық бірнеше белгілері бар, атап айтқанда: салықты – мемлекет немесе уәкілдік берілген мемлекеттік орган белгілейлі;

салық – құқықтық нысанда жүзеге асады;

салық – мемлекеттің бір жақты белгіленімі болып табылады;

салықты белгілеу арқылы салық міндеттемесі туындайды;

салық – мәжбүрleme сипатта болады;

салық төлеу арқылы ақшаны алу құқықтық сипатта жүзеге асырылады;

Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады.

Салықтардың мәнін толық түсіну үшін олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салықтардың маңызы олардың атқаратын қызметіне тікелей қатысты.

Салықтардың мынадай негізгі қызметтері (функциялары) бар:

– реттеушілік;

– фискалдық;

– қайта бөлу.

Фискалдық функция – барлық мемлекеттерге тән негізгі қызмет. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады, мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі.

Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірісін толтыра отырып, экономикада әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Салықтардың *реттеушілік функциясы* мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаға сәйкес ықпал етеді. Бұл орайда салықтардың нысандарын таңдау, олардың ставкаларының, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайдаланылады. Бұл реттеуіштер қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымы мен үйлесіміне, қорлану мен тұтыну көлеміне ықпал етеді.

Қайта бөлу функциясы арқылы түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекеттің қарамағына өтеді. Бұл функцияның іс-әрекетінің ауқымы жалпы ұлттық өнімде салықтардың алатын үлесі арқылы анықталады; ол ұлттық табыстың мемлекеттендірілу дәрежесін көрсетеді: бұл үлес 2015 жылы – 19,7%, 2016 жылы – 16,6%, 2017 жылы – 17,4%, 2018 жылы – 22,6%, 2019 жылы – 22,2% болды.

Бұл негізгі функциялармен қатар салықтардың ынталандыру, бақылау функцияларын да атауға болады.

1.2. Салық салудың құрылу негіздері немесе салық элементтері

Қазақстан Республикасының қазіргі салық жүйесі салықтарды құру мен алудың нақты әдістерін анықтайды, салықтың тиісті элементтері арқылы салық салудың тәртібін белгілейді.

Салық элементтері - бұл мемлекеттің заң актілерімен анықталатын салықтың құрылу принциптері мен салық салуды ұйымдастыру.

Негізгі *салық элементтеріне* мыналар жатады:

- салық субъектісі;
- салық салынушы;
- салық объектісі;
- салық базасы;
- салық салу бірлігі;
- салық ставкасы;
- салық жеңілдіктері;
- салық төлеу мерзімі мен тәртібі;
- салық төлеушілер мен салық органдарының міндеттері мен құқықтары;
- салық төлеуді бақылау;
- салық заңдарын бұзғаны үшін санкциялар және т.б.

Салық субъектісі немесе салық төлеуші. Ол - заң бойынша салық төлеу міндеттілігі жүктелген тұлға, алайда нарық механизмі арқылы салық ауыртпалығы басқа тұлғаға – салық салынушыға аударылуы мүмкін.

Салық салынушылар – нақты салық ауыртпалығы (салық жүктемесі) түсетін жеке тұлғалар, түпкілікті салық төлеушілер (салықтың ең соңғы, нақты төлеушісі), яғни мемлекет азаматтары.

Салық объектісі. Салық төлеушіге салық төлеу міндеттілігін жүктейтін құқықтық фактілер жиынтығы (дерек, іс-қимыл, жағдай, оқиға). Мүлік пен іс-әрекеттер салық объектілері және салық салуға байланысты объектілер болып табылады, олардың болуына байланысты салық төлеушінің салықтық міндеттемесі туындайды.

Салық базасы. Салық базасы – салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттай немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салықтар және басқа да міндетті төлемдердің сомасы анықталады.

Салықтың негізгі базасы мыналар болып табылады:

- *табысқа салынатын салық.* Бұған корпорациялық және жеке табыс салығы жатады;
- *тауарларға салынатын салықтар.* Олар қосылған құнға салынатын салықтарды, кеден баждарын біріктіреді;
- *капиталға салынатын салық.* Оған жер салығы, мүлікке салынатын салық және басқалары жатады.

Салық салу өлшем бірлігі – салық базасын сандық тұрғыдан көрсетуге пайдаланылатын салық салу ауқымының өлшем бірлігі. Мысалы, автокөлік двигателінің қуаты көлік құралдарына салынатын салық ауқымы болып табылады, ал қуат ат күші, киловатт өлшемінде көрсетілуі мүмкін; алаң жер салығының ауқымы болып табылады, бұл ір елде түрлі өлшемде: гектар, акр, шаршы метр өлшемдерінде көрсетіледі; бензинге акцизді есептеу кезінде литр, баррель, галлон қолданылады.

Салық ставкасы – салық базасының өлшем бірлігіне абсолютті сомада немесе процентпен белгіленетін салықтық есептеу мөлшері.

Салық салу практикасында ставкалар тұрақты және процентті болып бөлінеді.

Тұрақты ставкалар – табыс көзіне қарамастан салық салу бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді (мысалы, мұнайдың 1 тоннасына, газдың 1 текше метріне).

Проценттік ставкалар – салық базасына қарай алынатын табыстың мөлшеріне байланысты салық өлшем бірлігіне салынады.

Проценттік ставканың 3 түрі бар:

- үйлесімді;
- прогрессивті;
- регрессивті.

Үйлесімді салық ставкалары – салық объектісіне (оның мөлшерін саралауды есепке алмай) бірдей проценттік қатынаста іс-әрекет етеді.

Прогрессивті ставкалар – салық салынатын табыстың артуына сәйкес өсіп отыратын салық ставкалары. Нәтижесінде салық төлеуші салықтың үлкен абсолюттік сомасын ғана емес, сонымен бірге оның үлесін де төлейді. Мұндай ставкалар ең алдымен табысы көп тұлғаларға ауыртпалық түсіреді.

Регрессивті ставкалар – табыстың өсуіне қарай төмендейді және табысы көп тұлғаларға тиімді болып келеді, ал табысы аз адамдардың иығына ауыртпалық түсіреді.

Салық жеңілдіктері – заңға сәйкес төлеушілерді салықтан толық немесе ішінара босату. Салық жеңілдіктеріне мыналар жатады:

салық салынбайтын минимум – салық салудан толық босатылатын салық объектісінің ең аз бөлігі;

табыстың есептелген сомасынан шегерілетін шегерімдер (асырауындағы жандарға, мүгедектерге – жеке табыс салығы бойынша; күрделі қаржыларға, әлеуметтік объектілерді ұстауға, табиғат қорғау шараларына жұмсалатын шығындардың сомасынан-корпорациялық табыс салығы бойынша және т.б.);

салық салынатын табыстың құрамына енбейтін сома (мысалы, босату кезіндегі ұйғарымды жәрдемақы, жеке табыс салығы бойынша өтемақы төлемдерінің сомасы);

салық салудың жекесубъектілері мен төлеушілердің санаттары үшін *салық ставкасын төмендету*.

Салық жеңілдіктеріне сонымен бірге *төлеу мерзімін ұзарту және салық бойынша бересіні есептен шығару да* жатады.

Жеңілдік кезеңі – салықтар бойынша заңмен белгіленген жеңілдіктердің іс-әрекет ететін уақыты.

Салық төлеу мерзімі мен тәртібі – заңмен белгіленген әдістер мен салықты бюджетке аудару шаралары. Салық төлеу тәртібі салықты бюджетке түсіру шараларын тәртіпке келтіру үшін белгіленеді.

Салық төлеушілер мен салық органдарының құқықтары мен міндеттері - Салық кодексінің жалпы бөлімінде берілген.

Салықтық бақылау – салық қызметі органдарының салық заңының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытылы аударылуын бақылауы.

Салық заңын бұзған салық төлеушілерге олардың жасырған сомасын, төмендеткен табыстарын *төлеттіріп алу*, салық заңын бұзу ауыртпалығына қарай үлестік не еселенген көлемде айыппұлдар, бюджетке төленетін төлемдер мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімдер түрінде санкциялар қолданылады.

Салық салу әдістері

Салық салу объектілерін есепке алу және оларды бағалау тәсілдеріне қарай салық алудың мынадай төрт әдісі қолданылады:

кадастрлық;

салық төлеушінің декларациясы бойынша;

табысты алу көзінен ұстап қалу;

патенттік негізде.

Бірінші жағдайда салықты есептеу мен оны алу, салық салу объектілерінің нақты табыстылығын есепке алмай табыстылық (жер салығы, мүлік салығы) нормасын көрсете отырып, олардың тізімдемесі негізінде жүзеге асырылады.

Декларацияда салық төлеушілер табыстың көлемі, қажетті жеңілдіктерді, шегерімдерді көрсетеді және салық сомасын есептеп, төлейді. Олар салықтардың түрлері бойынша салық декларациясын есепті *салық кезеңіне* сәйкес тапсырып отырады. Мысалы, корпорациялық табыс салығын, жеке табыс салығын, көлік құралдарына салынатын салықты және жер салығын төлеушілер (арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды қоспағанда) салық органына олар бойынша декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31-наурызынан кешіктірмей өткізеді.

Жеке табыс салығы бойынша декларациясын мынадай салық төлеушілер:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстары барлар;
тұрғын үй салу мен осындай құрылыс материалдарын сатып алуды жүзеге асырғандар;

ҚР шегінен тыс жерлерден табыстар алатын жеке тұлғалар;

ҚР шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар;

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң актілеріне сәйкес декларация беру жөнінде міндеттеме жүктелген адамдар;

ҚР Парламентінің депутаттары, судьялар табыс етеді.

Әскери қызметкерлер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері жеке табыс салығы бойынша декларацияны уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ұсынады.

Салық төлеушіден салық декларациясын табыс етудің белгіленген мерзіміне дейін жазбаша өтініш алған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган салық декларациясын табыс ету мерзімін екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Бірақ салық декларациясын тапсыру мерзімін өзгертпейді.

Үшінші әдіс бойынша салық төлеуші жұмыс істейтін ұйымның, мекеменің бухгалтериясы одан салықты табыс алынған жерде есептеп, ұстайды.

Төртінші әдіспен салық кәсіпкерлік қызметтің сан алуан түрлеріне берілетін патент негізінде төленеді.

Патент – арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық сомасының бюджетке төленгендігін растайтын құжат.

Салықтық есептің екі әдісі қолданылады:

- кассалық;

- есептеу.

Кассалық әдіске сәйкес табыстар мен шегерімдер жұмысты орындау, қызмет көрсету, мүлікті жөнелту мен кірістеу және ол бойынша жасалынған ақы төлеу мезетінен бастап есепке алынады.

Есептеу әдісі бойынша табыстар мен шегерімдер ақы төлеудің уақытына қарамастан жұмысты орындау, қызмет көрсету, тауарларды өткізу және кіріске алу мақсатымен тиеп жіберу мезетінен бастап есепке алынады. Бұл әдіс салық органдары үшін қолайлырақ және оны Қазақстанның барлық төлеушілері қолдануға қабылданған. Төлеушілер үшін оның кемшілігі – салық төлемдері жеткізілім тіпті уақытында төленбеген жағдайда да аударылуы тиіс, бұл айналым қаражаттарын оқшауландыруға ұрындырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары


Тапсырмаларды орындау мақсаты: салықтардың экономикалық мазмұнын зерттей отырып, олардың атқаратын қызметін түсініп, салық салудың құрылу негіздерін игеру, соның ішінде келесі санаттарға назар аударып, олардың экономикалық мәнін жетік түсіну: салық субъектісі, салық төлеуші, салық салынушы, салық объектісі, салық базасы, табысқа салынатын салық, тауарларға салынатын салықтар, капиталға салынатын салық, салық салу өлшем бірлігі, салық ставкасы, тұрақты салық ставкалары, проценттік салық ставкалары, үйлесімді салық ставкалары, прогрессивті ставкалар, регрессивті ставкалар, салық жеңілдіктері, салық төлеу мерзімі мен тәртібі, салық төлеушілер мен салық органдарының міндеттері мен құқықтары, салық төлеуді бақылау, салық заңдарын бұзғаны үшін қолданылатын санкциялар ұғымдарын игеру.

№1. Тапсырма: тақырып келесі сұрақтарға жауап беріңіз

1. Салық дегеніміз не?
2. Салықтың экономикалық мәнін ашып беріңіз.
3. Салықтардың реттеушілік қызметін ашып беріңіз.
4. Салықтардың қайта бөлу қызметін ашып беріңіз.
5. Салық элементтері құамын ашып беріңіз.

6. Салық субъектісі дегеніміз не?
7. Салық объектісі дегеніміз не?
8. Салық базасы дегеніміз не?
9. Салық ставкасы дегеніміз не?
10. ҚР Салық салу тәртібін реттейтін негізгі заңды атаңыз.

№2. Тапсырма: Салық жүйесінің элементтерін талдап, осы элементтерге анықтама беріңіздер (Сурет 1.1).



Сурет 1.1 - Салық салу элементтері

II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

2.1. Қазақстан Республикасының салық жүйесі

1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекетті реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгіленген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылға қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық салық салу қағидаттарына сәйкестендіру көзделді.

Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24-інде Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы шықты. Енді бұрынғы 42 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың саны небәрі 11 болып қалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 24-індегі заң күші бар жарлығы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 16-сындағы № 440-1 заңына сәйкес заң мәртебесін алды. Осы уақыт аралықтарында Президент жарлықтарымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен бұл заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35 – бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, - жазылған.

ҚР Президентінің 1999 жылғы шілденің 16-сындағы № 440-І заңына сәйкес заң мәртебесін алды. Осы уақыт аралықтарында Президент жарлықтарымен және ҚР заңдарымен бұл заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы уақыт аралығында Президент жарлықтарымен және ҚР заңдарымен бұл заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2002 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің кірістерін негізінен 17 салықтар мен басқа да міндетті төлемдер құрады.

Заңда қамтылған барлық базалық принциптер 1995-1999 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Бұл әлеуметтік салыққа, амортизация саясатына, айналымнан алынатын салықты жоюға, ҚҚС-ты халықаралық принциптерге сәйкестендіруге қатысты еді. Осы уақыт ішінде экономика, экономикалық қатынастар құрылымы, мемлекет пен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынасы, тіпті адамдардың ділі (менталитеті) де айтарлықтай өзгеріске ұшырады.

Мемлекет, бір жағынан, салық саясатының мақсатын, міндеті мен қызметін терең түсінді, екінші жағынан, экономикалық қатынастардың көптеген тұстары қолданыстағы салық заңдылығында қамтылмай қалды. Осы және Қазақстан экономикасында болып жатқан оң өзгерістер жаңа салық заңын талап етті.

Бүгінгі күні республикада салық заңдарының барлық негізгі кемшіліктері ескерілген, әрі жетілдірілген жаңа Салық кодексі дайындалып, 2017 жылдың 25 желтоқсанда да қабылданды (№ 120-VI ҚР заңы).

Уақыт ағымының әсеріне, заман талабына сай қабылданған Салық кодексінде келесідей мәселелерді шешуге басты назар аударылған.

Біріншіден, барлық шаруашылық субъектілеріне салықтандырудың тең жағдайын жасау.

Екіншіден, кейбір жекелеген категориядағы салық төлеушілерге берілген жеңілдіктерді жою арқылы салық жүктемесін жеңілдету.

Үшіншіден, салық заңдылығы жөніндегі барлық ережелер мен нормаларды тікелей қызмет ететін заң мөлшерінде біріктіру.

Төртіншіден, салық заңдылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету. Әрине, салық заңдылығында өзгерістер мен толықтырулар болашақта да жүргізіліп отырылады. Өйткені экономикалық қарым-қатынастар бір орында тұрып қалмайды, ол жаңа даму сатысына көшкен сайын салық заңдылығының да сол экономикалық саясатқа сай өзгертіліп отыруы керек. Сондықтан өзгерістің енгізілуі де заңды. Бірақ, кодекс бойынша енді жаңадан енгізілген өзгерістер жылына бір рет енгізілуі тиіс. Енгізілген өзгерістер келесі жаңа жылдың басынан бастап күшіне енеді. Бұл ереже біржағынан салық төлеушілерге жаңа енгізулерге алдын ала дайындалып, операциялар мен қаржы шешімдерін жоспарлауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан салық қызметкерлерінің жұмысын жеделдетуге және жеңілдетуге көп әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі келесі белгілері бойынша сипатталады:

- заңға негізделеді;

- бірыңғай қағидалар, төлемдерді есептеу мен жинаудың бірыңғай тәртібі бойынша құрылған;

- салық төлеушілерге тең және бірдей талап қояды, олардың орындалуына тең жағдай жасайды;

- әр категориядағы төлеушілердің арасында салықтық міндеттемелерді әділетті бөледі, олардың мүдделерін құқықтық қорғайды;

- салық төлеудің нақты кезегі және салықтық күнтізбе қарастырылады.

«Салық» ұғымы мен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, принциптерінің, салық заңдары мен салыққа қатысты нормативті актілердің, салық қызметі органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды.

Экономикалық жағынан салық жүйесі мемлекеттің, аймақтардың және муниципалды құрылымдардың қызметін қаржылай қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі мемлекеттер, мемлекет пен салық төлеуші арасындағы, әр түрлі салық төлеушілер арасындағы, сондай-ақ оған тікелей қатысушы заңды және жеке тұлғалар арасындағы күрделі өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығын құрайды.

Салық жүйесіне қажетті негізгі талаптар мыналар:

салық құрамы дәл анықталуы қажет. Ол үшін салық заңдылығында мемлекетте алынатын салықтардың толық тізімі мазмұндалуы керек;

салық жүйесі салық төлеушілер үшін салықтан жалтару тиімсіз болатындай етіп жасалуы тиіс;

салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл әсіресе, салықтың дұрыс төленуі үшін бақылауды жүзеге асыруда маңызды;

салық жүйесі салық төлеушінің өз қаражатын өндіріске салуына ықпал етуі керек.

Жалпы, салық жүйесі мемлекеттің қаржы көздерін жасақтаудың ең негізгі құралы болуымен қатар, ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып, дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен жүзеге асуына мүмкіндік туғызады.

Сонымен, алынатын салық түрлерінің жиынтығы мен олардың нысандары мен құрылуы, мемлекеттің салықтық жүйесін құрайды.

Салықтық жүйе аса қиын модельді құрауы мүмкін, өйткені салықтың, олардың төлеушілерінің, салық алу түрлерінің, салықтық жеңілдіктердің көптеген түрлері бар.

Салықтарды әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге болады, мысалы, қолданылуы бойынша, экономикалық белгілері бойынша, салық алушы орган бойынша.

Салық мәні олардың қызметтерінде көрініс табады:

- фискалды;
- қайта бөлуші;
- реттеуші.

Салық салу қағидалары: классикалық - әділеттілік, ыңғайлылық, анықтылық, үнемділік.

Қазақстан Республикасының салықтық заңдылығы келесі қағидаларға негізделеді:

- салықтар мен бюджетке басқа да төлемдерді төлеу міндеттілігі;
- анықтылық;
- салық салу адалдығы;
- салық жүйесінің бірлігі;
- ҚР Салық Кодексінің 4 бабымен анықталған салықтық заңдылықтың жариялылығы.

2.2. Салық салу механизмі және қағидаттары

Салық кодексі екі ірі бөліктен құралады: жалпы бөлік және ерекше бөлік.

Жалпы бөлік— бұл салық заңдарының «конституциясы», глоссарийі. Осы бөлікте салық заңдарының құрылу қағидалары нақты анықталған, қатаң қағидалар негізінде заңнамаға жасалған түрлі өзгертулер тек бюджет қабылданғанда ғана мүмкін болады, ал заңдық күші күнтізбелік жылдың басымен басталады.

Ерекше бөлікте бюджетке төленетін міндетті басқа да төлемдер және салық түрлері, салық есебінің ережелерінің және есебінің бөлек түрлерінің операцияларымен анықталады, салықтарға байланысты процессуалдық сұрақтар анықталады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі даму сатысында тұр, сонымен бірге салық механизмі де жетілуде.

Салық механизмі - салықтың ұйымдық—құқықтық нормалары мен басқару әдістерінің жиынтығы, бұған әр түрлі салықтық реттеу құралдары да (салық ставкасы, салық жеңілдіктері, салық салу әдістері және т.б.) енеді. Мемлекет өзінің салық механизміне салық заңдылықтары арқылы құқықтық нысан беріп, оны реттеп отырады. Салық механизмі практикалық салық іс-қимылдарының жиынтығы, яғни салық заңдары ережелерін практикада жүзеге асырудың шарттары мен тәртіптерінің жиынтығы. Объективті негізгі бағытталмаған кез-келген салықтық іс-қимыл ұдайы өндіріс процесіне субъективтік қол сұғу ретінде қарастырылады және олардың нысанының өзгеруіне әкеледі. Салық механизмі салық салуды басқарудың негізі болып табылатын салықтық құқыққа сүйеніп, салық қатынастарын реттеуге мүмкіндік береді.

Салық механизмі – бұл ұйымдық-экономикалық категория ретінде осы ұғымды түсіндіретін салық теориясының аясы, сәйкесінше, ұлттық табыстың бөлігінде өндірісте жасалынған бөлігін қоғамдастыру кезінде қалыптасатын қайта бөлу қатынасы кезіндегі объективті қажетті басқару процесі. Салық салу механизмі салықтарды белгілеудің принциптерінен, нысандары мен әдістерінен, оларды өзгерту мен күшін жоюдан, оларды төлеуді қамтамасыз ету бойынша шаралардан тұрады.

Бұл процесте қалыптасатын қатынастың барлық саласын үш қосалқы жүйемен шектеуге болады: салықтық жоспарлау, салықтық реттеу және салықтық бақылау.

Салық жүйесі және оның қызмет ету механизмі белгілі бір принциптерге сәйкес қызмет етуі керек. Сонда ғана салық жүйесі өз қызметін жан-жақты және тиімді түрде жүзеге асырады.

Салық принциптерінің, жалпы салық салу теориясының негізін қалаушы шотландық экономист, әрі философ Адам Смит болып табылады.

А.Смиттің *классикалық* принциптері төмендегідей:

1. салық салық төлеушінің әрқайсысының табысына сәйкес алынуы тиіс (*әділеттілік принципі*);
2. салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын ала және дәл анықталуы керек (*анықтылық принципі*);
3. әрбір салық салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және әдіспен алынуы тиіс. (*қолайлылық принципі*);
4. салықтан жиналған түсімнен оны жинауға кеткен шығын аз болуға тиіс (*үнем принципі*);

Бұл принциптерді пайдалану салық салуда зорлық-зомбылықты азайтты, бұл процеске реттемелеуді енгізді. Салық салудың кейінгі даму барысында принциптердің тұжырымдамалары дәлелденді, толықтырылды.

Салық салудың қазіргі халықаралық принциптері мыналар:

1. *Қарапайымдылық принципі*. Салық механизмі салық төлеушіге түсінікті болуы тиіс, ол айқын әрі жеңіл болуы керек. Ол үшін мына шарттар орындалуы қажет:

- салық түрлері өте көп болмай, нақты да дәлелді болуы керек;
- бір салық түріне бірыңғай салық ставкасын белгілеу қажет;
- салық салуобъектісін, салық салынатын табысты немесе айналымды анықтау әдісі барынша жеңіл, қарапайым, қолдануға ыңғайлы және түсінікті болғаны дұрыс;
- салық жеңілдіктері не үшін беріледі, оған қандай негіздер бар екенін дәлелді болуы керек. Салық жеңілдіктерінің мейлінше аз болғаны дұрыс;
- салық төлеуде, салықты табыс көзінен, яғни төлем жүргізілген көзден төлеген ыңғайлы.

2. *Әділеттілік принципі*. Салық жүйесінде әділеттілік принципі тікелей және көлденең екі бағытта сақталуы тиіс.

Тікелей әділеттілік принципі – салық төлеушілердің табыстарына тең жағдайда біркелкі салық салынады;

Көлденең әділеттілік принципі – тиісті жағдайда бірыңғай салық төлеушіге бірдей талап, бірдей шарт қойылуы керек. Салық төлеушілер белгілі бір табыс не қызмет түрінен, мүлкінен бірдей ставкамен салық төлеуі тиіс.

3. *Салыстыру принципі*. Бұл принцип бойынша салық ставкаларын бекіткен кезде, олардың мөлшері басқа елдерде қолданылып жүрген салық ставкаларымен салыстырылып отырылуы қажет.

4. *Салықтардың анықтылығы* – алдын ала белгіленген шарттар мен талаптардың мызғымас теңдігі елдің барлық аумағында және барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін түсіндіру мен қолданудың біркелкілігі.

5. *Жеңілдіктердің ең аз саны*. Жеңілдіктер құндық үйлесімдерді бұрмалайды және салық салу субъектілерін тең емес жағдайларға әдейі қояды.

6. *Салық салудың экономикалық бейтараптығы*. Салықтар экономиканың жұмыс істеуін жақсартуға және инвестициялардың өсуіне кедергі жасамауы тиіс.

Қазақстанның салық заңнамасында сонымен бірге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің *міндеттілігі*, салық салудың *айқындылығы*, *әділдігі*, салық жүйесінің *бір тұтастығы* және салық заңдарының *жариялылығы* принциптері негізделеді.

Салық төлеуші салық заңына сәйкес салықтық міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуға тиіс. Салық салудың *айқындылығы* салық төлеушінің салықтық міндеттемелерінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Еліміздің салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тиым салынады.

Қазақстанның *салық жүйесі* оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге катысты *бірыңғай* болып табылады.

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде *жариялануға* жатады.

Қорыта келсек:

Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуінің және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды.

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық – экономикалық құрылысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі, ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Салық – мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз, тұрақты сипатта бюджетке төленетін төлемдер.

Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады.

Салықтардың мәнін толық түсіну үшін олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салықтардың маңызы олардың атқаратын қызметіне тікелей қатысты.

Салықтардың мынадай негізгі қызметтері (функциялары) бар:

- реттеушілік;
- фискалдық;
- қайта бөлу.

Қазақстан Республикасының қазіргі салық жүйесі салықтарды құру мен алудың нақты әдістерін анықтайды, салықтың тиісті элементтері арқылы салық салудың тәртібін белгілейді.

Салық салу объектілерін есепке алу және оларды бағалау тәсілдеріне қарай салық алудың мынадай төрт әдісі қолданылады:

- кадастрлық;
- салық төлеушінің декларациясы бойынша;
- табысты алу көзінен ұстап қалу;
- патенттік негізде.

Салықтық есептің екі әдісі қолданылады:

- кассалық;
- есептеу.

Салық механизмі – бұл ұйымдық-экономикалық категория ретінде осы ұғымды түсіндіретін салық теориясының аясы, сәйкесінше, ұлттық табыстың бөлігінде өндірісте жасалынған бөлігін қоғамдастыру кезінде қалыптасатын қайта бөлу қатынасы кезіндегі объективті қажетті басқару процесі. Салық салу механизмі салықтарды белгілеудің принциптерінен, нысандары мен әдістерінен, оларды өзгерту мен күшін жоюдан, оларды төлеуді қамтамасыз ету бойынша шаралардан тұрады.

Салық жүйесі және оның қызмет ету механизмі белгілі бір принциптерге сәйкес қызмет етуі керек. Сонда ғана салық жүйесі өз қызметін жан-жақты және тиімді түрде жүзеге асырады.

Қазақстанның салық заңнамасында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің *міндеттілігі*, салық салудың *айқындылығы*, *әділдігі*, салық жүйесінің *біртұтастығы* және салық заңдарының *жариялылығы* принциптері негізделеді.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары


Тапсырмаларды орындау мақсаты: салық жүйесіне қажетті негізгі талаптарды зерттеп, халықаралық салық салу принциптерін, соның ішінде қарапайымдылық принципін, әділеттілік принципін, салыстыру принципін, салықтардың анықтылығы принципін, жеңілдіктердің ең аз саны болу принципін, салық салудың экономикалық

бейтарапты болу принципін жетік түсіну. Қазақстан Республикасының салық жүйесі зерттей отырып, салық жүйесінің атқаратын қызметін түсініп, салық салудың құрылу негіздерін игеру, соның ішінде келесі ұғымдарға назар аударып, олардың экономикалық мәнін зерттеу: табысқа салынатын салық, тауарларға салынатын салықтар, капиталға салынатын салық санаттарын игеру

№1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет.

1. Қазақстан Республикасында салық жүйесінің даму тарихына сипаттама беріңіз.
2. Бүгінгі күні республикада салық жүйесін реттейтін заңнамаға сипаттама беріңіз.
3. Қазақстан Республикасында қабылданған соңғы Салық кодексі не мәселелердің шешімін тапты?
4. Қазақстан Республикасының салық жүйесіне сипаттама беру үшін қолданылатын белгілер тізімін анықтап беріңіз.
5. Салық жүйесіне қажетті негізгі талаптар анықтап беріңіз.
6. **Студенттің өзіндік жұмысының мақсаты:** Қазақстан Республикасының салық жүйесін меңгеру.

№2. Тапсырма: Қазақстан Республикасында салық жүйесін реттейтін Салық кодексі құрылымын ашып беріңіз.



Сурет 2.1 - Салық кодексінің құрылымы

III ТАРАУ. САЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕСЕП ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРЫНЫ

3.1. Салық есебі түсінігі, мақсаты мен міндеттері, функциялары

Салық есебі түсінігі. 1995 жылы «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар Жарлықты қолданысқа енгізілуімен байланысты шаруашылық тәжірибеде кеңінен тарады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесін реформалауға байланысты бухгалтерлік есепті екі түрге бөлуге қажеттілік туды: бухгалтерлік және салықтық. Салық есебінің анықтамасы мен мазмұнын бюджетке төленуге тиісті шаруашылық субъектінің салықтық міндеттемесін есептеу процесімен тығыз байланыста қарастыру қажет.

Салықтық міндеттемелерді есептеу үшін тек бухгалтерлік мәліметтер жеткілікті емес, өйткені салық есебін енгізетін ережелермен және нормалармен реттелеуші тәртіп және жағдайлар салық заңымен анықталады. Егер бухгалтерлік есеп мәліметтері салық салу базасын анықтау үшін қолданылмайтын деп қарастырсақ, онда салық есеп жүйесі іске асады.

Салық есебі, салық төлеушінің шаруашылық операцияларды және оның салық салу базасы мен объектінің анықтау үшін, нәтижелерін жүзеге асыру мақсатында, оның мүмкін тіркеу үрдісі ретінде қарастырылады. Қазіргі жағдайдағы шаруашылықты жүргізу бойынша салық есебін бухгалтерлік есептің ішінде ерекше орын алатын түрі ретінде қарастырылады.

Салық есебінде бухгалтерлік есептің қатысу деңгейіне байланысты салық есебінің 3 түрін атап көрсетуге болады:

1. Бухгалтерлік салық есебі
2. Аралас салық есебі
3. Абсалютті салық есебі

Салық төлеушінің бағыты бойынша салық есебін, салық алу объектінің бар болуымен тиісті, міндетті салық есептеуге мәліметтерді көрсететін мәліметтері ретінде бухгалтерлік есептің негізгі бөлімі ретінде қарастыруға болады. Салық қызметінің бағыты бойынша салық есебін салық салу базасын анықтайтын салық әкімшілігінің құралы және сәйкесінше мемлекеттік фискалдық саясатымен жүргізіледі.

Салықтық есепке алу – салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелендіру, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салық есептілігін жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) салық кодексінің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі.

Салық есебінің мақсаты - салық салу мақсаттары үшін қажетті ақпаратты алу.

Салықтық есеп бухгалтерлік есеп негіздеріне негізделеді.

Салық есебінің міндетті: салық салымы үшін қажетті салық кезеңі ішінде өткізілетін шаруашылық- операциялар есебінің тәртібі туралы толық және нақты ақпараттарды қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ бюджетке салық төлемінің дұрыс толық және уақытында есептелуін бақылау үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету.

Салық есебінің пәні болып шаруашылық субъектінің өндірістік және өндірістік емес қызметі болып табылады, нәтижесінде салық төлеу міндеттері мен есеп айырысу міндеттері пайда болады.

Салық есебінің негізгі функциялары:

қазынагерлік функция (фиксалды)- салықтық есеп арқылы бюджеттің толығының мемлекеттік міндеті жүзеге асырылады. Мемлекет өзінің қазынагерлік қызығушылықтары мен салықтық саясатына негізделіп салықтық есеп арқылы салық салу мақсаттары үшін кез-келген шығындардың шектеулі мөлшерлерін орнатады немесе оларды келесі салықтық кезеңдерге ауыстыруға мүмкіндік береді.

бақылау функциясы- салықтық есеп бекітілген салықтық есептік нысандар арқылы салық органдарына салық төлеушілердің өз салықтық міндеттемелерін орындалуын бақылауға және қадағалауға мүмкіндік береді.

салықтардың есептеу үдерін ақпараттық қамтамасыз ету функциясы. Салық есеп салық міндеттемелерді дұрыс есептеу үшін қажетті салықтық ақпараттарды жинау мен өндеуге мүмкіндік береді.

Салық есебінің негізгі функцияларын орындау үшін Салық кодексында тікелей және жанама салық түрлері арналған.

Тікелей салықтар - салық төлеушінің табысы немесе мүлкінен тікелей алынатын салықтар. Корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік құралдары салығы, мүлік салығы тікелей салықтарға жатады.

Жанама салықтар – тауардың (қызметтің, жұмыстың) бағасына енгізіледі. Жанама салықтар салық төлеушілердің пайдасын (табысын) пайдалану үдерісімен байланысты салынады. Олардың салық төлеушінің экономика әлуетімен (табыс әкелуге қабілетімен) байланысы жанама түрде болады, 3 түрге бөлінеді:

мүліктік және тауар ақша қатынастарынан туындайтын салықтар;

тұтыну салығы;

кеден бажы.

Алғашқы түрге қосымша құн салығы жатады.

Екінші түрге акциздер, жанар жағармай сатуға салынатын салық, тағы басқалар жатады.

Үшінші түрге кеден баждарымен алымдар жатады.

3.2. Салық есебін жүргізу және ұйымдастыру тәртібі

Салықтық есепке алу – салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салық есептілігін жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) салық Кодексінің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі.

Салықтық есепке алу бухгалтерлік есеп деректеріне негізделеді. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленеді.

Патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерді қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алуды дербес ұйымдастырады және мыналарды:

1) салық кезеңі ішінде салық төлеуші (салық агенті) жүзеге асырған операцияларды салық салу мақсатында есепке алу тәртібі туралы толық және дәйекті ақпараттың қалыптастырылуын;

2) салық есептілігі нысандарының әрбір жолының таратып жазылуын;

3) салық есептілігінің дәйекті жасалуын;

4) салықтық бақылау үшін салық қызметі органдарына ақпарат берілуін қамтамасыз ету үшін ақпаратты салық мақсатында қорыту мен жүйелеудің салық тіркелімдері түріндегі нысандарын айқындайды.

Патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық есепке алуды жүзеге асырады. Салық төлеуші (салық агенті), егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салықтық есепке алу саясатын дербес әзірлейді және бекітеді. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер осындай арнаулы салық режимдері қолданылатын қызмет

бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша дербес әзірленген салықтық есепке алу саясатын бекітеді.

Салықтық есепке алу саясаты – салық төлеуші (салық агенті) қабылдаған, Кодекстің талаптарын сақтай отырып салықтық есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейтін құжат. Салықтық есепке алу саясаты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес әзірленген есепке алу саясатына жеке бөлім түрінде енгізілуі мүмкін.

Есепке алу құжаттамасы:

- 1) бухгалтерлік құжаттаманы;
- 2) салықтық нысандарды;
- 3) салықтық есепке алу саясатын;
- 4) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемесін есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды қамтиды.

Салық төлеуші (салық агенті) Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда есепке жазу әдісі бойынша салықтық есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Есепке жазу әдісі – есепке алу әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстар, төленген уақытына қарамастан, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды өткізу мақсатында тиеп жіберу және мүлікті кіріске алу кезінен бастап есептеледі.

Салық төлеуші (салық агенті) салық кезеңінің қорытындылары бойынша салықтық есепке алу негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді анықтайды, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептейді. Салық Кодексінде өзгеше көзделмесе, салық салу мақсатында бағамдық айырманы валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып есепке алу халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарлық-материалдық қорларды салық салу мақсатына орай есепке алу, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған кезде айырбас шарты бойынша операция, кепіл нысанасын кепіл ұстаушыға беру салық мақсатына орай тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету ретінде қарастырылады.

Есепке алу құжаттамасы қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде жасалады және салықтық тексеру жүргізу кезінде салық қызметінің органдарына табыс етіледі. Салық төлеуші (салық агенті) есепке алу құжаттамасын мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жасайды. Шет тілдерде жасалған жекелеген құжаттар болған кезде салық қызметінің органы оларды мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударуды талап етуге құқылы.

Салық төлеуші (салық агенті) есепке алу құжаттамасын электрондық түрде жасаған кезде салықтық тексеру барысында салық қызметінің органдары дауазымды адамдарының талап етуі бойынша осындай құжаттаманың қағаз жеткізгіштердегі көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Салық төлеушіні (салық агентін) – заңды тұлғаны қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылған тұлғаның есепке алу құжаттамасын сақтау жөніндегі міндеттеме оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

Салықтық есепке алу саясатында мынадай ережелер белгіленуге тиіс:

- 1) салық төлеуші (салық агенті) дербес әзірлеген салық тіркелімдерінің нысандары мен жасалу тәртібі;
- 2) стандарттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тізбесі;
- 3) салықтық есепке алу саясатының сақталуына жауапты адамдар лауазымдарының атауы;

4) Салық Кодексінде салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлері жүзеге асырылған жағдайда салық Кодексінің ережелерін сақтай отырып, бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырған жағдайда бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

б) корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатына орай шығыстарды шегерімге жатқызудың, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке жатқызудың салық Кодексінде көзделген, салық төлеуші таңдап алған әдістері;

7) хеджирленетін тәуекелдерді, хеджирленетін баптарды және оларға қатысты пайдаланылатын хеджирлеу құралдарын, хеджирлеу тиімділігінің дәрежесін бағалау әдістемесін айқындау саясаты.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алу саясатында бұрын көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде салықтық есепке алу саясатына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге тиіс.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алу саясатына өзгерісті және (немесе) толықтыруды мынадай:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген жаңа салықтық есепке алу саясатын немесе есепке алу саясатының жаңа бөлімін бекіту;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген қолданыстағы салықтық есепке алу саясатына немесе қолданыстағы есепке алу саясатының бөліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәсілдерінің бірімен жүзеге асырады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) мынадай:

1) кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде – тексерілетін салық кезеңінің салықтық есепке алу саясатына;

2) шағымдар берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде шағым жасалатын салық кезеңінің салықтық есепке алу саясатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

Салықтық нысандар салық есептілігін, салықтық өтінішті және салық тіркелімдерін қамтиды.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық нысандарды қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жасайды. Қағаз жеткізгіште жасалған салықтық нысандарға салық төлеуші (салық агенті) не оның өкілі қол қоюға, сондай-ақ олар салық төлеушінің (салық агентінің) не оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар өкілінің мөрімен куәландырылуға тиіс. Салық тіркелімдерін қоспағанда, электрондық жеткізгіште жасалған салықтық нысандар салық төлеушінің (салық агентінің) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуға тиіс. Салық төлеушіні, салық агентін – заңды тұлғаны қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылған тұлғаның салықтық нысандарын сақтау жөніндегі міндеттеме оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

Салық есептілігі – салық төлеушінің (салық агентінің) салық Кодексінде белгіленген тәртіпке сәйкес салық қызметі органдарына табыс етілетін, салық төлеуші туралы, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтерді қамтитын құжаты. Салық есептілігі салық төлеуші (салық агенті) салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша жасауға және табыс етуге жататын салық

декларацияларын, есеп-қисаптарды, оларға қосымшаларды, сондай-ақ мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг жөніндегі есептілікті қамтиды. Салық есептілігінің нысандарын және оларды жасау ережелерін уәкілетті орган бекітеді.

3.3. Салық есептілігі.

Салық есептілігі – салық төлеушінің Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес салық қызметі органдарына табыс етілетін, салық төлеуші туралы, салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтерді қамтитын құжаты.

Салық есептілігі мынадай түрлерге бөлінеді:

бастапқы есептілік – салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және олар бойынша осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңі үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

кезекті есептілік – салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және олар бойынша осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

қосымша есептілік – осы өзгерістер және толықтырулар жататын салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

хабарлама бойынша қосымша есептілік – салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықтаған салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;



тарату есептілігі – салық төлеуші қызметін тоқтатқан немесе бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде осы тұлға салық төлеуші болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, сондай-ақ тіркелу есебінен шығарылған кезде қосылған құн салығы бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: салық есебін жүргізу және ұйымдастыру тәртібін игеру барысында шаруашылық субъектіде дайындалатын салық саясаты туралы толық мәлімет алу, соның ішінде салық агенті әзірлеген салық тіркелімдерінің нысандары мен жасалу тәртібі туралы, Салық Кодексінде салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлері жүзеге асырылған жағдайда салық Кодексінің ережелерін сақтай отырып, бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі туралы, корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатына орай шығыстарды шегерімге жатқызудың, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке жатқызудың салық Кодексінде көзделген, салық төлеуші таңдап алған әдістері туралы. Сонымен қатар бастапқы салық есептілігін, кезекті салық есептілігін,


қосымша салық есептілігін, хабарлама бойынша тапсырылатын салық есептілігін, субъектінің таратылуына байланысты салық есептілігін игеру.

№ 1. Тапсырма: Көлік салығы, акциз салығы, қосымша құн салығы және мүлік салығы мысалында аталған салық түрлерінің мәнін ашып, топтастыру белгілерге сәйкес оларды тікелей (жанама) салық ретінде ажыратыңыз. Сурет бойынша қорытынды жасаңыз (Сурет 3.1).

	<p>Көлік салығы ??? салық</p>	<p>X</p>
	<p>X</p>	<p>Акциз салығы ??? салық</p>
	<p>Мүлік салығы ??? салық</p>	<p>X</p>
	<p>X</p>	<p>ҚҚС ??? салық</p>

Сурет 3.1 - Тікелей және жанама салықтардың түрлері

№ 2. Тапсырма: Салық есептілік олардың тапсыру мерзіміне байланысты және басқалай ерекшеліктеріне байланысты келесі түрлерге бөлінетіні белгілі: бастапқы, кезекті, қосымша, хабарлама және тарату есептіліктері. Осы есептілік түрлерін талдап, оларға анықтама беріңіздер (Сурет 3.2).



Сурет 3.2 - Салық есептілігінің түрлері

IV ТАРАУ. САЛЫҚ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

4.1. Бухгалтерлік есеп әдістері, соның ішінде салықтық есепте қолданылатын әдістер және салықтық есепке алу саясаты

Салық есебінің әдістері қаржылық есебінің әдістері сияқты диалектикалық материализмнің жалпы әдістемелік заңдарына және бухгалтерлік есепке тән арнайы әдістер мен тәсілдерге негізделген.

Бұл әдістер: құжаттау, түгендеу, шоттар, бухгалтерлік екі жақты жазу, баланс, бағалау, калькуляция, есеп беру.

Аталып өткен бухгалтерлік есеп әдістерінің ішінде еі жиі қолданылатын әдістерге тоқталып өтсек бұл: құжаттау, түгендеу, шоттар, бағалау, калькуляция, есеп беру.

Салық есебінің әдістері қаржылық есебінің әдістері сияқты диалектикалық материализмнің жалпы әдістемелік заңдарына және бухгалтерлік есепке тән арнайы әдістер мен тәсірлерге негізделген. Олар: құжаттау, түгендеу, шоттар, баланс, бағалау, калькуляция, есеп беру. Сонымен қатар, салықтық есептің тек қана өзіне тән әдістері мен тәсілдері бар: табыстар мен шығыстар есебі үшін есептеу әдісі; тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін ФИФО, орташа өлшенген құн және т.б. әдістері, салық салу объектілерін анықтау үшін тікелей және жанама әдістері және т.б. әдістері қолданылады.

Тікелей әдістер салық төлеушілердің нақты салықтық есебінің жүргізілуін және бюджетпен есеп айрысу бойынша нақты төлемдер жасалуын қарастырады.

Жанама әдістерге: мысалы, салықсалудан жасырылған табыстарды, т.б. айқындау үшін әдістер мен тәсілдер жатады. Ең жиі қолданылатын жанама тәсілдер: өкжаттардың қарама-қарсы және өзара тексеру, біртептік құжаттардың әр түрлі даналарын салыстыру, бақылау сатып алулар, сатып алушыларға сауалнама жүргізу және т.б.

Салық салу объектілерін анықтау әдістеріне барабарлық және бөлек есептеу әдістерін жатқызуға болады. Осындай әдістер ҚҚС салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған жағдайда қолданылады. Осы екі әдістің біреуін таңдау салық төлеушіге жүктелген және ұйымның есептік және салықтық есебінде кқрсетілуі тиіс.

Барабарлық әдіс бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығы салық салынатын айналымның жалпы айналым сомасындағы үлес салмағына қарай айқындалады.

Бөлек есептеу әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығын анықтау кезінде, қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсаттарында пайдалану үшін алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар мен қосылған құн салығының сомасы бойынша бөлек есеп жүргізеді.

Есепке жазу әдісі – есепке алу әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстар, төленген уақытына қарамастан, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды өткізу мақсатында тиеп жіберу және мүлікті кіріске алу кезінен бастап ескеріледі.

Салықтық есепке алу саясаты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес әзірленген есепке алу саясатына жеке бөлім түрінде енгізілуі мүмкін.

Есепке алу құжаттамасы:

- бухгалтерлік құжаттаманы;
- салықтық нысандарды;
- салықтық есепке алу саясатын;
- салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемесін есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды қамтиды.

Салықтық есепке алу саясатына қойылатын талаптар

Салықтық есепке алу саясатында мынадай ережелер белгіленуге тиіс:

салық төлеуші дербес әзірлеген салық тіркелімдерінің нысандары мен жасалу тәртібі;

стандарттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тізбесі;

салықтық есепке алу саясатының сақталуына жауапты адамдар лауазымдарының атауы;

Кодексте салық салудың әртүрлі шарттары көзделген қызмет түрлері жүзеге асырылған жағдайда белгіленген ережелерді сақтай отырып, бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырған жағдайда бөлек салықтық есепке алудың жүргізілу тәртібі;

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатына орай шығыстарды шегерімге жатқызудың, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке жатқызудың Кодексте көзделген, салық төлеуші тандап алған әдістері.

Салық төлеуші салықтық есепке алу мақсатында бұрын көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде салықтық есепке алу саясатында тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиіс:

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген жаңа салықтық есепке алу саясатын немесе есепке алу саясатының жаңа бөлімін бекіту;

қолданыстағы салықтық есепке алу саясатына немесе оның бөліміне өзгерістер және толықтырулар енгізу тәсілдерінің бірімен жүзеге асырады
Салықтық есепке алу саясатына келесі жағдайларда өзгерістер және толықтырулар енгізуге болмайды:

кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде –тексерілетін салық кезеңінің салықтық есепке алу саясатына;

шағым жасалатын салық кезеңінің салықтық есепке алу саясатына.

Салықтық есепке алу саясатының құрамы:

Жалпы ережелер:

есептің негіздерін құрайтын принцип

есептің мақсаты мен міндетті.

салық есебінің жүргізілуін реттейтін және негізін құрайтын нормативті құқықтық құжат.

Салық есебін жүргізудің әдістемесі - салық есебі кезеңінде ұйым мен пайдаланылатын негізгі әдістерді ашық көрсету.

Салық есебін ұйымдастыру. Салық есеп айырысуын рәсімдеу үшін қолданылатын есептік құжаттар саны, есептік ақпараттарды өңдеу техникасы мен тәртібін салық есебі мен басқа мәселелерді дұрыс жүргізуге ішкі бақылауды өткізудің тәртібін анықтайды.

Салық есебінің саясаты туралы ережеге салық тіркелімнің нысандарын қарастырылуы және бекітілуі керек. Бухгалтерлік есеп деректері кейбір жағдайда бюджетке аударуға тиісті салық сомасының есеп айырысуы үшін жеткілікті болмайды. Осындай жағдайларда арнайы әзірленген салықтың есептік тіркелімін пайдалану қажет. Оларды ұйымда өзі дербес дайындауға болады. Бухгалтерлік есептің алғашқы құжаттарында салықтар туралы алғашқы ақпаратта бухгалтерлік және салық есебінің тіркелімінде жинақталады және жүйеленеді.

Салықтық саясатында қол қою құқығы бар лауазымды тұлғалар тізімі салық есебінің элементі бойынша тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімі, салықтық төлемін төлеу мерзімі, салықтық күнтізбе бекітіледі.

Салық есебін жүргізу барысында келесі құжаттама тобына назар аударылуы керек:
бастапқы бухгалтерлік және салықтық құжаттар;

салықтық есептік регистрлер;

шоттар бойынша айналым кестесі;

бас кітап;
журнал ордерлер мен шоттар бойынша есеп карточкалар;
талдамалы есебінің регистрлері;
салықтық есеп-қисаптардың көрсеткіштерін дәлелдейтін құжатнама;
салықтық есеп-қисап.

4.2. Салықтық есебінде қолданылатын айырықша әдістер мен тәсілдер

Салықтық есептің тек қана өзіне тән әдістері мен тәсілдері бар:
салық салу объектілерін анықтау үшін тікелей және жанама әдістері және т.б. әдістері қолданылады.

табыстар мен шығыстар есебі үшін есептеу әдісі;
тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін ФИФО, орташа өлшенген құн, арнайы (жалпылама) ұқсастыру әдісі және т.б. әдістер.

Салық салу объектілерін анықтау әдістеріне құжаттарды қарама-қарсы және өзара тексеру, біртегіштік құжаттардың әр түрлі даналарын салыстыру, бақылау сатып алулар, сатып алушыларға сауалнама жүргізу және т.б.

Сонымен қатар, салық салу объектілерін анықтау әдістеріне барабарлық және бөлек есептеу әдістерінде жатқызады. Осындай әдістер ҚҚС салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған жағдайда қолданылады. Осы екі әдістің біреуін таңдау салық төлеушіге жүктелген және ұйымның есептік және салықтық есебінде көрсетілуі тиіс. Барабарлық әдіс бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығы салық салынатын айналымның жалпы айналым сомасындағы үлес салмағына қарай айқындалады.

Бөлек есептеу әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығын анықтау кезінде, қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсаттарында пайдалану үшін алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар мен қосылған құн салығының сомасы бойынша бөлек есеп жүргізеді.

Табыстар мен шығыстар есебі үшін есептеу әдістеріне есепке жазу – есепке алу және есептесу – есепке алу әдістері жатады.

Есепке жазу әдісі – есепке алу әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстар, төленген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды өткізу мақсатында тиіп жіберу және мүлікті кіріске алу кезінен бастап ескеріледі.

Есептесу – есепке алу әдісі ҚР қолданбайды.

Тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін халықаралық тәжірибеде ФИФО, ЛИФО, орташа өлшенген құн, арнайы (жалпылама) ұқсастыру әдісі және т.б. әдістер. Қазақстан Республикасында ЛИФО әдісі бүгінгі таңда қолданылмайды.


Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: салық есебінің әдістері мен тәсілдерін зерттеу барысында салық салу объектілерін анықтау үшін қолданылатын әдістерді, Табыстар мен шығыстар есебі үшін қолданылатын әдістерді, тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін қолданылатын әдістерді игеру. Салық салу объектілерін анықтау үшін қолданылатын әдістерін зерттеу барысында барабарлық әдісін, бөлек есептеу әдісін, құжаттарды қарама-қарсы және өзара тексеру әдісін, бақылау сатып алулар әдісін, сатып алушыларға сауалнама жүргізу әдісін меңгеру. Табыстар мен шығыстар есебі үшін қолданылатын әдістерді зерттеу барысында есепке жазу әдісі – есепке алу әдісін, есептесу – есепке алу әдісін игеру. Тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін қолданылатын әдістерді зерттеу барысында, орташа өлшенген құн әдісін, арнайы (жалпылама) ұқсастыру әдісін, ФИФО әдісін игеру.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап қажет.


1. Бухгалтерлік есеп әдістеріне, соның ішінде салықтық есепте қолданылатын әдістерге сипаттама беріңіз.
2. Салықтық есебінде қолданылатын айырықша әдістер мен тәсілдер деп нені түсінеміз?
3. Салық есебінде қолданылатын табыстар мен шығыстар есебі үшін есептеу әдістеріне сипаттама беріңіз.

№ 2. Тапсырма: Салық есебінің әдістері мен тәсілдері салық салу объектілерін анықтау үшін үшін қолданылатын әдістеріне, табыстар мен шығыстар есебі үшін қолданылатын әдістеріне және тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін қолданылатын әдістеріне бөлінеді. Осы әдістер тобын суретті негізге алып ашып беріңіз (Сурет 4.1).




Сурет 4.1 - Салық есебінің әдістері мен тәсілдері

№ 3. Тапсырма: Салық салу объектілерін анықтау үшін үшін қолданылатын әдістері өз кезегінде құжаттарды қарама-қарсы және өзара тексеру әдісіне, барабарлық әдісіне және бөлек есептеу әдісіне, басқадай да ерекше әдістерге бөлінеді. Осы әдістер тобын суретті негізге алып ашып беріңіз (Сурет 4.2).




Сурет 4.2 - Салық салу объектілерін анықтау үшін қолданылатын әдістері

№ 4. Тапсырма: Табыстар мен шығыстар есебі үшін қолданылатын әдістері өз кезегінде Есепке жазу әдісі – есепке алу әдісіне және есептесу – есепке алу әдістеріне бөлінеді. Осы әдістер тобын суретті негізге алып ашып беріңіз (Сурет 4.3).



Сурет 4.3 - Табыстар мен шығыстар есебі үшін қолданылатын әдістері

№ 5. Тапсырма: Тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін қолданылатын әдістері өз кезегінде орташа өлшенген құн әдісіне, арнайы (жалпылама) ұқсастыру әдісіне, ЛИФО (ҚР қолданылмайды) бөлінеді. Осы әдістер тобын суретті негізге алып ашып беріңіз (Сурет 4.4).



Сурет 4.4 - Тауарлы-материалдық қорлар есебі үшін қолданылатын әдістері

№ 6. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап қажет.

1. Барабарлық және бөлек есептеу әдістерәне сипаттама беріңіз.
2. ФИФО әдісін ашып беріңіз, мысал келтіріңіз.
3. Тек халықаралық тәжірибеде орын алатын ЛИФО әдісіне сипаттама беріңіз.
4. Орташа өлшенген құн әдісі деп нені түсінеміз? Мысал келтіріңіз.
5. Арнайы (жалпылама) ұқсастыру әдісі әдісі деп нені түсінеміз? Мысал келтіріңіз.
6. Тауарлы материалдық құндылықтарды босату барысында салық есебінде қолданылатын әдістерге сипаттама беріңіз.
7. Салық салу объектілерін анықтау әдістеріне не жатады?

V ТАРАУ. ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

5.1. Арнайы салық режимін қолдану үшін субъектілерге қойылатын басты талаптар

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 20 бөлімінде (76 тарау) арнайы салық режимі бойынша жалпы ережелер мен қойылатын талаптар келтірілген.

Бүгінгі таңда бұл режимнің келесі баламалары бар:

1) шағын бизнес субъектілері үшін мыналарды:

патент негізіндегі арнаулы салық режимі;


оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі;

тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимі.

2) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін мыналар:

шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін арнаулы салық режимі;

ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.



Сурет 5.1 - Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі

Аталмыш бөлімнің осындай әрбір режимі үшін белгіленген, оны қолдану шарттарына сәйкес болған кезде, арнаулы салық режимін таңдауды:

жеке тұлғалар – жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою үшін осы Кодекстің 79-бабына сәйкес жіберілетін хабарламада;

жаңадан құрылған заңды тұлғалар – тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуден кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына ұсынылатын, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада;

мыналарға:

салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен патент негізінде арнаулы салық режиміне ауысқан кезде – патент құнын есептеуде;

басқа да арнаулы салық режимдеріне ауысқан кезде – уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада жүзеге асырылады.

Егер жаңадан құрылған салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған тәртіппен арнаулы салық режимін таңдап алмаған жағдайда осындай салық төлеуші қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама бергенге дейін салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін таңдап алды деп танылады.

Жаңадан құрылғанын қоспағанда, салық төлеуші арнаулы салық режимін қолдану шарттарына сәйкес келген кезде:

1) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінен – патент негізінде;

2) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, патент негізіндегі арнаулы салық режимінен немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінен – оңайлатылған декларация негізінде;

3) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, шағын бизнес субъектілері үшін басқа да арнаулы салық режимдерінен, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерінен – тіркелген шегерім пайдаланылатын;

4) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе өзге де арнаулы салық режимінен – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін;

5) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе өзге де арнаулы салық режимінен – шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне ауысуға құқылы.

Кодекстің 703-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайда шаруа немесе фермер қожалықтары қолданылатын барлық салық салу режимі туралы хабарламада қолданылатын барлық салық режимдерін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін таңдалған арнаулы салық режимі, осындай салық салу режимі үшін осы бөлімде белгіленген арнаулы салық режимін қолдану шарттарына сәйкес келмеу жағдайларының туындауын қоспағанда, күнтізбелік жыл ішінде өзгертілуге жатпайды.

Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінен салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшкен (ауысқан) кезде шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режиміне кейіннен көшу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданудың күнтізбелік бір жылынан кейін мүмкін болады.

Арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін талаптар туындаған жағдайларда салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне немесе өзге де арнаулы салық режиміне көшу үшін осындай жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама беруге міндетті.

Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны салық төлеушілер тұрған жеріндегі салық органына қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынады.

Салық органы тиісті арнаулы салық режимін қолдану үшін осы бөлімде белгіленген шарттарға салық төлеушілердің сәйкес келмеуі фактісін анықтаған кезде салық төлеушілерді жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауыстырады.

Камералдық бақылау барысында осындай фактілер анықталған жағдайда салық органдары жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауыстырғанға дейін салық төлеушіге Кодекстің 114 және 115-баптарында белгіленген мерзімде және тәртіппен осы Кодекстің 10-тарауына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама немесе камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама жолдайды.

Таңдалған арнаулы салық режимін қолдануды бастау күні:

1) дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламада таңдалған арнаулы салық режимін көрсеткен жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлер үшін – салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою күні;

2) қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны осы бапта белгіленген мерзімде ұсынған жаңадан құрылған заңды тұлғалар үшін – тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу күні;

3) басқа жағдайларда – қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынылған айдан кейінгі айдың 1-күні болып табылады.

Осы баптың 8-тармағына сәйкес арнаулы салық режиміне көшкен кезде арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолдану – салық салудың қолданылатын режимі туралы тиісті хабарлама берілген айдың соңғы күнінен бастап тоқтатылады.

Арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған кезде салық төлеушіні арнаулы салық режимінен салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшіру (ауыстыру) кезінде салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданудың басталу күні осындай жағдайлар туындаған айдың 1-күні болып табылады.

Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін:

1) патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, жеке табыс салығын;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты, корпоративтік немесе жеке табыс салығын;

3) арнаулы салық режимін тіркелген шегерімді пайдалана отырып қолданған кезде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, жеке немесе корпоративтік табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті есептеу, төлеу және табыс ету жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен салық салынуға жататын кірістерден жеке табыс салығы бойынша осы салықты есептеу, ұстап қалу және оны аудару бойынша салық агентінің міндеттемелерін осы Кодекстің 38-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындайды.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен салық салынуға жататын кірістерден жеке табыс салығы бойынша салықтық есептілікті осы Кодекстің 38-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

681-бап. Патенттің немесе оңайлатылған декларацияның негізінде арнаулы салық режимдерін қолданған кезде кірістерді айқындау тәртібі

Салық төлеушінің патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық салу объектісі салықтық кезең үшін алынған кіріс болып табылады.

Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алуға жататын) кірістердің мынадай түрлері жеке кәсіпкердәі кірісі болып есетеледі:

1) тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістен, оның ішінде мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) тапсырудан түскен кірістен;

2) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кірістен;

3) талап ету құқықтарын беруден түсетін кірістен;

4) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түскен кірістен;

5) таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдардан, өсімпұлдан және басқа да санкция түрлерінен (егер салық төлеуші бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырған кезеңде бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұстап қалып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа);

6) шығындарды жабу үшін мемлекеттік бюджеттен алынған сомалардан;

7) түгендеу кезінде анықталған материалдық құндылықтардың артық шығуынан;

8) кәсіпкерлік мақсаттарда пайдалануға арналған өтеусіз алынған мүлік түріндегі кірістен (қайырымдылық көмегінен басқа);

9) жалға беруші дара кәсіпкердің жалға берілген мүлкін күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарын жалға алушының өтеуінен;

10) жалға алушының жалға алу шарты бойынша төлемақы есебіне есепке жатқызылатын, дара кәсіпкерден жалға алған мүлікті күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарынан тұрады.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің кірісі ретінде салық салу мақсатында:

1) осындай мүлікті беретін салық төлеуші үшін – өтеусіз берілген мүліктің құны;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мұқтаждықтар үшін сатып алынатын активтерді өткізу;

3) егер осындай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және осындай беру күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда, дара кәсіпкер өтеусіз алған, оған жарнамалау мақсатында (оның ішінде сыйға тарту түрінде) берілген тауардың құны;

4) дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға алушы жеке тұлғаның, егер көрсетілген шығыстар мыналарға:

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

" Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген коммуналдық көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге;

тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) жөндеуге жұмсалған жалға алу төлемақысына қосылмайтын болса, тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде шеккен шығыстары;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептен шығарылған өсімпұл мен айыппұлдардың сомасы қаралмайды.

Осы тараудың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістер:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміле шарттары өзгертілген;

3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;

4) баға шегерістері, сату шегерістері;

5) шарт талаптарын негізге ала отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;

б) заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмеген қызметті филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талапты есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оны тарату балансын бекіту күніне кредитор салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшада көзделген түзету талаптың туындағанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көрсетілген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жағдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жағына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда түзету бұрын кіріс түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда, көрсетілген кірістер кіріске бір рет қосылады.

Тауарларды өткізуден түсетін кіріс төменде санамаланған барлық талаптар қанағаттандырылған кезде:

1) дара кәсіпкер сатып алушыға тауарға меншік құқығымен байланысты елеулі тәуекелдер мен сыйақылар берсе;

2) дара кәсіпкер әдетте меншік құқығымен ұштасатын дәрежеде бұдан әрі басқаруға қатыспаса және сатылған тауарларды бақыламаса;

3) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенетін болса;

4) операциямен байланысты экономикалық пайданың дара кәсіпкерге түсу ықтималдығы болса;

5) операциямен байланысты шеккен немесе күтілетін шығындар сенімді түрде өлшенетін болса, кіріс деп танылады.

Жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кіріс орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын өзге де құжат негізінде танылады. Жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыс орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісіне немесе жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын өзге де құжатқа қол қойылған кезеңде танылады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске:

1) кредитордың салық төлеуші міндеттемелерін есептен шығаруы;

2) дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған кезде кредитор талап етпеген міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талап қою мерзімінің өтуіне байланысты міндеттемелерді есептен шығару;

4) соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша міндеттемелерді есептен шығару жатады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс сомасы:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда салық органына қызметін тоқтату туралы салықтық өтінішті ұсынған;

2) қалған жағдайларда есептен шығарылған күні дара кәсіпкердің бастапқы құжаттарына сәйкес төленуге жататын міндеттемелер сомасына (қосылған құн салығының сомасын қоспағанда) тең болады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда кредитор міндеттемені есептен шығарған;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған;

3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда талап қою мерзімі өткен;

4) осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда сот шешімі заңды күшіне енген есепті салықтық кезеңде танылады.

Түгендеу кезінде анықталған материалдық құндылықтардың артық шығуы түріндегі кіріс түгендеу аяқталған және осындай артық шығу фактісін көрсете отырып, түгендеу актісі жасалған салықтық кезеңде танылады. Дара кәсіпкер артық шығу құнын Қазақстан Республикасында қолданылатын бағалар мен тарифтер негізінде дербес айқындайды.

Айыппұлдар, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы және басқа да санкциялар түріндегі кіріс сот оларды өндіріп алу туралы шешім шығарған немесе оларды борышкер деп таныған салықтық кезеңде танылады.

Дара кәсіпкердің тауарлары, жұмыстары немесе қызмет көрсетуі басқа тұлғаның тауарларына, жұмыстарына немесе көрсетілетін қызметтеріне айырбасталатын операцияларды дара кәсіпкер жүзеге асырған кезде тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетуді қабылдап алу-тапсыру актісі жасалуға тиіс. Қабылдап алу-тапсыру актісінде берілген және алынған тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің құны көрсетілуге тиіс. Мұндай операциядан түсетін кіріс қабылдап алу-тапсыру актісінде көрсетілуге жататын алынған тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің құны мен тапсырылған тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің өзіндік құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

Салықтық кезең үшін алуға жататын (алынған) кіріс есепті салықтық кезеңдегі ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс болып танылады

Талап ету құқығын беруден түсетін кіріс:

1) талап ету құқығын иеленетін дара кәсіпкер үшін – негізгі борышты талап ету бойынша борышкерден алынуға жататын сома, оның ішінде талап ету құқығы берілген күнгі негізгі борыштан тыс сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма. Талап ету құқығын беруден түсетін мұндай кіріс сатып алынған талапты борышкер өтеген салықтық кезеңнің кірісі болып табылады;

2) талап ету құқығын берген дара кәсіпкер үшін – салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес беру жүргізілген талап ету құқығының құны мен талап ету құқығын беру күні борышкерден алынуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма болып табылады. Талап ету құқығын беруден түсетін мұндай кіріс беру жүргізілген салықтық кезеңнің кірісі болып табылады.

Дара кәсіпкер меншігіне өтеусіз алған мүлік құны, егер дара кәсіпкер мұндай мүлікті осы мүлік алынған салықтық кезеңде кәсіпкерлік мақсатта пайдаланса, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс болып табылады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік пен көлік құралдарын қоспағанда, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай мүлік алынған салықтық кезеңде танылады.

Кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған жылжымайтын мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай мүлікке меншік құқығын тіркеу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған көлік құралы (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай көлік құралын мемлекеттік тіркеу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен дара кәсіпкер арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған, осы мүлікке меншік құқығы туындаған күнгі осы мүліктің нарықтық құны дара кәсіпкер меншікке өтеусіз алған мүліктің құны болып табылады.

Жалға алушының жалға беруші дара кәсіпкердің жалға берілген мүлікті күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарын өтеуі түріндегі кіріс мұндай өтем алынған салықтық кезеңде танылады.

Жалға алу шарты бойынша төлем есебіне жатқызылатын, жалға алынған мүлікті күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған жалға алушының шығыстары түріндегі жалға беруші дара кәсіпкердің кірісі осындай есепке жатқызу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Арнаулы салық режимін қолданудың шарттары

Кодекстің мақсаттары үшін шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары шағын бизнес субъектілері деп танылады.

Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) арнаулы салық режимі үшін салықтық кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны:

оңайлатылған декларация негізінде – 30 адамнан;

тіркелген шегерімді пайдаланумен – 50 адамнан аспайтын;

2) арнаулы салық режимі үшін салықтық кезеңдегі кірісі:

патент негізінде – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 528 еселенген мөлшерінен;

оңайлатылған декларация негізінде – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 24 038 еселенген мөлшерінен;

тіркелген шегерімді пайдаланумен – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 144 184 еселенген мөлшерінен аспайтын.

Бұл ретте осы тармақшаның бірінші бөлігінің үшінші абзацында көрсетілген кіріске дара кәсіпкердің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 70 048 еселенген мөлшері шегіндегі, үш құрамдасты интеграцияланған жүйені міндетті түрде қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар арқылы алған кірістері қосылмайды.

3) мынадай қызмет түрлерін:

акцизделетін тауарлар өндіруді;

акцизделетін тауарларды сақтауды және көтерме саудада өткізуді;

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізуді;

лотереялар өткізуді;

жер қойнауын пайдалануды;

шыны ыдыстарды жинауды және қабылдауды;

Кесте 5.1 - Арнаулы салық режиміне байланысты жұмысшылардың санына және кіріс сомасы байланысты қолданылатын міндетті шарттар

№ р/с	Арнаулы салық режимінің атауы	Адам саны бойынша қойылатын талап	Кіріс сомасы бойынша қойылатын талап	АЕК (1.01.20)	Есеп мерзіміндегі кіріс, теңге	Есеп мезгілі, ай	Үлгі	Салық мөлшері
1	Патент негізіндегі АСР	1 адам	3 528	2 651	9 352 728	12	911	1%
2	Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР	30 адам	24 038	2 651	63 724 738	6	910	3%
3	Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР	50 адам	144 184	2 651	382 231 784	12	912 200 220	10%

түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді;
консультациялық қызметтер көрсетуді;

бухгалтерлік есеп немесе аудит саласындағы қызметті;

Кесте 5.2 - Арнаулы салық режиміне байланысты жұмыс жасауға шегерім бар қызмет түрлері

№ р/с	Қызмет түрлері
1	Акцизделетін тауарлар өндіруші субъектілер;
2	Акцизделетін тауарларды сақтайтын және көтерме саудада өткізетін субъектілер;
3	Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізетін субъектілер;
4	Лотереялар өткізетін субъектілер;
5	Жер қойнауын пайдаланатын субъектілер;
6	Шыны ыдыстарды жинайтын және қабылдайтын субъектілер ;
7	Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауытын (дайындайтын), сақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін субъектілер;
8	Консультациялық қызметтер көрсететін субъектілер;
9	Бухгалтерлік есеп немесе аудит саласындағы қызмет ететін ;
10	Сақтандыру брокерлік пен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметін және делдалдық қызметпен шұғылданатын субъектілер;
11	Құқық, әділет және сот төрелік саласындағы қызмет ететін субъектілер;
12	Қаржы лизингі шеңберінде қызмет ететін субъектілер
13	Агенттік шарттар (келісімдер) негізінде қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар
14	Филиал немесе басқалай өкілдіктері бар субъектілер

сақтандыру брокері мен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметін және делдалдық қызметін;

құқық, әділет және сот төрелігі саласындағы қызметті;

қаржы лизингі шеңберіндегі қызметті жүзеге асырмайтын салық төлеушілер қолдануға құқылы.

Агенттік шарттар (келісімдер) негізінде қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес.

Осы тармақтың мақсаттары үшін агенттік шарттар (келісімдер) деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (келісімдер) түсініледі, олар бойынша бір тарап (агент) сыйақы үшін екінші тараптың тапсырмасы бойынша өз атынан, бірақ екінші тараптың есебінен не екінші тараптың атынан және есебінен белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттенеді.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдануға:

- 1) құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар;
- 2) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;
- 3) әртүрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және (немесе) салық салу объектілері бар салық төлеушілер құқылы емес.

Арнаулы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі деп оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, тұрған жерінде стационарлық жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол стационарлық болып есептеледі.

Осы тармақшаның ережесі қызметін тек қана мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды;

- 4) басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлғалар;
- 5) құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде арнаулы салық режимін немесе салық салу ерекшеліктерін қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар;
- 6) коммерциялық емес ұйымдар;
- 7) ойын бизнесі салығын төлеушілер құқылы емес.

Патент негізінде немесе тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең жартыжылдық болып табылады.

5.2. Патент негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктері

Патент негізіндегі арнаулы салық режимі жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, қызметін жеке кәсіпкерлік нысанында жүзеге асыратын, мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін атқаратын жеке кәсіпкерлер қолдана алады:

сылақ жұмыстары;

ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстары;

еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстары;

бояу және шынылау жұмыстары;

такси қызметі; автомобиль көлігімен жүк тасымалдау;

сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару;

фотография саласындағы қызмет;

аударма (ауызша және жазбаша) ісі;

мүліктік жалдауға (жалға) беру;

көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беру;

ойын-сауық және спорттық керек-жарақтарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беру;

бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беру;

басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беруді және мүліктік жалдауға (жалға) беру;

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беру;

есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік

жалдауға (жалға) беру; спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызмет;

мәдениет саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтері;

басқа да білім беру саласында көрсетілетін қызметтер;

қосалқы білім беру қызметі;

өнер саласындағы қызмет;

компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеу;

коммуникациялық жабдықты жөндеу;

жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеу;

шаштараз қызметтері;

маникюрді және педикюрді жасау;

ветеринариялық көрсетілетін қызметтер;

жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтер;

базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтер;

музыкалық аспаптарды жасау және жөндеу;

үй жануарларын бағуды жүзеге асыру.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану үшін тұрған жеріндегі салық органына патент құнының есеп-қисабы (бұдан әрі осы тараудың мақсатында – есеп-қисап) ұсынылады.

Есеп-қисапты қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы:

1) жаңадан құрылған дара кәсіпкерлер – Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою үшін хабарлама берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнаулы салық режимінен ауысуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер – патент негізінде арнаулы салық режимі қолданылатын айдың 1-күніне дейін;

3) кезекті патентті алу үшін патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер – алдыңғы патенттің қолданылу мерзімі немесе салықтық есептілікті табыс етуді тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін ұсынады.

3. Есеп-қисап патенттің құнын есептеуге арналған салықтық есептілік болып табылады.

Патенттің құны осы Кодекстің 686-бабына сәйкес есептеледі.

Салық төлеуші патенттің құнын төлеуді есеп-қисап ұсынылғанға дейін жүргізеді.

Патент құны екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төленген жағдайда төлем құжатының деректемелеріне сұрау салуда көрсетілген кезде "электрондық үкіметтің" веб-порталында қалыптастырылатын "электрондық үкіметтің" төлем шлюзінің хабарламасы электрондық нысанда ұсынылатын есеп-қисапқа қоса беріледі.

Қағаз жеткізгіштегі есеп-қисаппен бір мезгілде патент құнының төленгенін растайтын құжаттар ұсынылады.

Электрондық нысанда, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы табыс етілген есеп-қисапта дара кәсіпкерлер патент құнына қосылатын салықтар және әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу бойынша төлем құжаттарының деректемелерін көрсетеді.

Дара кәсіпкерлер есеп-қисапты табыс еткеннен кейін салық органы есеп-қисап ұсынылған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде салық органының ақпараттық жүйесінде патент қалыптастыруды жүргізеді.

Патенттің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, патент негізіндегі арнаулы салық режимі бір салықтық кезең шегінде кемінде бір ай қолданылады.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін:

1) ағымдағы салықтық кезеңнің соңғы айында жаңадан тіркелген;

2) ағымдағы салықтық кезеңнің соңғы айында салықтық есептілікті табыс етудің тоқтатыла тұру мерзімі аяқталғанға дейін немесе аяқталғаннан кейін қызметін қайта бастаған дара кәсіпкерлер бір айдан кем мерзім ішінде қолданады.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру үшін Кодекстің 214-бабында айқындалған тәртіппен салықтық өтінішті тұрған жеріндегі салық органына ұсынады.

Патент құнына жеке табыс салығы (төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығынан басқа) мен әлеуметтік төлемдердің төлеуге жататын сомалары қосылады.

Патент құнына кіретін жеке табыс салығының сомасын есептеу салық салу объектісіне 1 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі. Патент құнына кіретін әлеуметтік төлемдерді есептеу "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Егер патенттің қолданылу мерзімі ішінде іс жүзінде алынған кіріс сомасы есеп-қисапта көрсетілген кіріс мөлшерінен асса, дара кәсіпкерлер бес жұмыс күні ішінде асқан сомаға қосымша салықтық есептілік түрінде есеп-қисапты ұсынуға және осы сомадан салықтар төлеуді жүргізуге міндетті.

іс жүзінде алынған кіріс сомасы осы Кодекстің 683-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген шекті кіріс мөлшерінен асқан жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

Көрсетілген есеп-қисаптың негізінде бұрын қалыптастырылған патенттің орнына жаңа патент қалыптастырылады.

Егер патенттің қолданылу мерзімі ішінде нақты алынған кіріс сомасы (оның мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайларын ескере отырып) есеп-қисапта көрсетілген кірістің мөлшерінен аз болса, дара кәсіпкерлер патент құнының азаю сомасына қосымша салықтық есептілік түрінде есеп-қисапты табыс етуге құқылы.

Көрсетілген жағдайда артық төленген салық сомаларын қайтару осы Кодекстің 11-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Іс жүзінде алынған кіріс сомасы осы Кодекстің 683-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген шекті кіріс сомасынан асқан жағдайда, осы Кодекстің 679-бабында белгіленген жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе өзге де арнаулы салық режимін қолдану басталған күннен бастап алынған дара кәсіпкердің кірісіне тиісінше жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен немесе арнаулы салық режимінде айқындалған тәртіппен салық салынады.

Дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайды қоспағанда, патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған кезде салықтың енгізілген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады, салық мөлшері кіріс сомасынан бір пайыз.

Жалпы «Патент құнын есептеу (911.00-нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және "Патент құнын есептеу"-ге арналған патент алу үшін салық есептілігі нысанын (есепті) жасау тәртібін айқындайды. Патент құнына жеке табыс салығы (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда) және әлеуметтік төлемдер кіреді. Есепті патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер жасайды.

Есеп есептің өзінен (911.00-нысан) және патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану үшін қажетті ақпаратты көрсетуге арналған қосымшадан (911.01-нысан) тұрады.

Есепті толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

Есепке қосымша есепте тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдар толтырылған кезде міндетті тәптіште жасалады

Есепке қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "-" – алу; "x" – көбейту.

Соманың теріс мәні есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Есепті жасау кезінде:

қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) есепті Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Есепті табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған

кезде) мен қойылған қолы және мөрдің бедері (штемпелі) белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесі салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Есепті толтыру бойынша түсіндірме (911.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН);

дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе атауы.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

салық есептілігі (есеп) табысетілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

Есеп түрі. Тиісті торкөздер Есептің Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша табыс етілген жағдайда белгіленеді;

салық төлеушінің бөлек санаттары. Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В, С немесе D торкөздерінде көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

А – Салық кодексінің 40 бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы;

В – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы;

С – "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Заңы) 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізеді;

D – "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізбейді;

Үш құрамдасты интеграцияланған жүйе.

Егер салық төлеуші Салық кодексінің 686- бабының 2-1 тармағына сәйкес салық органдарына деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасын немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйесін тіркеуге қойған жағдайда торкөз белгіленеді

А - Үш құрамдасты интеграцияланған жүйенің және иесінің атауы көрсетіледі;

В - Үш құрамдасты интеграцияланған жүйенің номері көрсетіледі;

С - Үш құрамдасты интеграцияланған жүйені тіркеуге қойылған күн көрсетіледі;

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

торкөз Есеп электронды түрде табыс етілген кезде белгіленеді;

табыс етілген қосымшалардың саны.

"Патент құнын есептеу" бөлімінде:

911.00.001 жолында Салық кодексінің көрсетілген бабының 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескеріле отырып, Салық кодексінің 681-бабына сәйкес айқындалған сауда саласында қызметті жүзеге асыруды қоспағанда, дара кәсіпкердің кірістері сомасы көрсетіледі;

911.00.002 жолында Салық кодексінің көрсетілген бабының 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескеріле отырып, Салық кодексінің 681-бабына сәйкес айқындалған сауда саласында қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкердің кірістері сомасы көрсетіледі:

А - қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен алынған кірістер;

В - қолма-қол ақшамен есеп айырысу жолымен алынған кірістер;

3) 911.00.003 жолында $((911.00.001 + 911.00.002 \text{ А}) \times 1 \%)$ формуласы бойынша айқындалатын, есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенуі тиіс: 50 және одан көп тиындағы сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан төмен сома есепке қабылданбайды;

911.00.004 жолында: $911.00.002 \text{ В} \times 2 \%$ формуласы бойынша айқындалатын, есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте есептелген салық сомасын 1 теңгеге дейін дөңгелектенуі тиіс: 50 және одан көп тиындағы сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан төмен сома Есепке қабылданбайды;

911.00.005 жолында Салық кодексінің 686- бабының 2-1 тармағына сәйкес күнтізбелік бір жылға жеке табыс салық сомасын төмендету (60 000 теңге сомасына, бірақ есептелген жеке табыс салық сомасының 50 пайызынан артық болмауы тиіс) көрсетіледі.

Салық органдарына деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасын немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйесін тіркеуге алғаш рет қойған кезеңде соңғы кезекті немесе қосымша патент құнының есептілігінде жеке табыс салығының сомасын есептеген кезде салықты төмендету жалпы толық салық кезеңі үшін бір мезетте жүзеге асырылады;

911.00.006 жолында $(911.00.003+911.00.004)$ - 911.00.005 формуласы бойынша айқындалатын, есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

911.00.007 жолында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

911.00.008 жолында Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мәлімделген табыс көрсетіледі;

9) 911.00.009 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

911.00.010 жолында "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарының сомасы көрсетіледі.

911.00.011 жолында дара кәсіпкердің орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН көрсетіледі.

Бұл ретте мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімдеген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігі жүзеге асырылатын орын дара кәсіпкердің орналасқан орны болып танылады.

14-1. "Қорлар бойынша деректер":

911.00.012 жолында қорлардың құны көрсетіледі:

А – жолында толық салық кезен басындағы қорлардың құны көрсетіледі;

В - жолында толық салық кезен соңындағы қорлардың құны көрсетіледі;

С - жолында толық алынған қорлар, жұмыстар, қызметтердің құны көрсетіледі;

Бұл жол тек үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданған жағдайда толтырылады.

Есеп электрондық түрде берілген кезде "Патент құнын төлеу туралы мәліметтер" бөлімінде 911.00.013 А, 911.00.013 В, 911.00.013 С, 911.00.013 D, 911.00.013 Е жолдарында Салық кодексінің 685-бабына сәйкес төленген жеке табыс салығы, әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға

жарналары бойынша мәліметтер (төлемнің атауы, БСК (бюджет сыныптамасының коды), төлем құжатының нөмірі, төленген күні, сомасы) көрсетіледі.

"Салық заңнамасы бұзылған жағдайда қызметін тоқтату туралы салық төлеушіге хабарлама" бөлімінде егер патенттің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде кезекті патент құнының Есеп-қисабын немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтінішін табыс етпегенде немесе қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан бастап, оның қызметі, дара кәсіпкер ретінде Салық кодексімен белгіленген оңайлатылған түрде тоқтатылатын болатындығымен таныстым және келісемін деген көрсетіледі.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

"Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

есептің мемлекеттік кірістер органына тапсырған күні;

орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды көрсетіледі.

Бұл ретте мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімдеген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігі жүзеге асырылатын орын дара кәсіпкердің орналасқан орны болып танылады;

тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтарды тіркеу туралы заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны жеке тұлғаның тұрғылықты жері болып танылады;

"Есепті қабылдаған лауазымды адамның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік кірістер органы қызметкерімен есептің қабылданған күні көрсетіледі;

мемлекеттік кірістер органы берген Есептің кіріс нөмірі көрсетіледі;

пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 5), 6), 7) және 8) тармақшаларын декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

911.01-нысанын толтыру бойынша түсіндірме

911.01 нысаны патент алу үшін қажетті ақпаратты көрсетуге арналған және дара кәсіпкермен міндетті тәртіпте толтыруы тиіс.

"Патент туралы мәліметтер" бөлімінде:

911.01.001 жолында патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын мерзімі көрсетіледі;

911.01.002 жолында жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлік қызметтің түрі көрсетіледі;

911.01.003 А, 911.01.003 В, 911.01.003 С, 911.01.003 D, 911.01.003 Е, 911.01.003 F жолдарында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны (облыс, қала немесе аудан, кент немесе ауыл, көшенің атауы, үй және пәтер нөмірі (болған жағдайда)) көрсетіледі.

01.003 G жолында коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің атауы, коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінде, сондай-ақ сауда объектілерінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде бөлімнің нөмірі немесе атауы көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметті автомобильмен жолаушылар және жүк тасымалдау саласында жүзеге асырған жағдайда 911.01.003 G жолында нөмірі мен жүру бағыты көрсетіледі;

мүлікті жалға беру бойынша қызметін әртүрлі елді мекендерде жүзеге асырған жағдайда қосымша мына жолдар толтырылады:

911.01.004 – жүзеге асырылатын қызмет түрі;

911.01.005 – дара кәсіпкер орналасқан (тіркеу) орнынан бөлек кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың өзге орны.

5.3. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктері

Салықтарды оңайлатылған декларация бойынша есептеуді салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салықтық кезең үшін 3 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Егер есепті кезеңнің қорытындылары бойынша жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің дара кәсіпкерлерде – кемінде 23 есе еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 29 есе еселенген мөлшерін құраса, осы баптың 1-тармағына сәйкес салықтық кезең үшін есептелген салық сомасы жұмыскерлердің орташа тізімдік саны негізге алына отырып, әрбір жұмыскер үшін салық сомасының 1,5 пайызы мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге жатады.

Салық төлеуші үш құрамдасты интеграцияланған жүйені орнатқан күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін оңайлатылған декларацияда есептелген жеке табыс салығының сомасы осы салық төлеушінің 60 000 теңге сомасына, бірақ осындай күнтізбелік жылдың екі жартыжылдығы үшін есептелген салық сомасының 50 пайызынан асырмай азайту жағына түзетуіне жатады.

Салық төлеуші осындай үш құрамдасты интеграцияланған жүйе орнатылған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін жеке табыс салығын есептеген және оңайлатылған декларацияны тапсырған кезде де осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесін қолданады.

Кодекстің 683-бабында белгіленген арнаулы салық режимін қолдану талаптарына сәйкес келмеу жағдайлары туындаған кезде, салық төлеушінің жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе өзге де арнаулы салық режимін қолдану басталған күннен бастап алынған кірісі тиісінше жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен немесе өзге де арнаулы салық режимінде белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

Оңайлатылған декларацияны тапсыру мен салықтарды төлеу мерзімдері

Оңайлатылған декларация салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Оңайлатылған декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпоративтік) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Бұл ретте жеке (корпоративтік) табыс салығы – оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде, әлеуметтік салық "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасын шегергендегі оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде төленуге жатады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең деп есептеледі.

Оңайлатылған декларацияда төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының және әлеуметтік төлемдердің бюджетке төленуге жататын сомалары көрсетіледі.

Жекелеген салық түрлері мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну

Оңайлатылған декларацияның негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының сомаларын есептеуді, төлеуді және әлеуметтік төлемдерді аударуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Бұл ретте төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының және әлеуметтік төлемдердің есептелген сомалары осы Кодекстің 688-бабында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде тапсырылатын оңайлатылған декларацияда көрсетіледі.

Жалпы «Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация (910.00-нысан)» салық есептігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және жеке (корпоративтік) табыс және әлеуметтік салығын, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) және әлеуметтік төлемдерін есептеуге арналған "Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация" салық есептілігі нысанын (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері жасайды.

Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "х" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының сол жақ бірінші торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларация жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады; электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады.

пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (910.00 – нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

салық төлеушінің (салық агентінің) жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі (бұдан әрі – ЖСН (БСН));

дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

салық төлеушінің бөлек санаттары.

Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В, С немесе D торкөздерінде көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

А – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы;

В – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы;

С – "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізеді;

D – "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізбейді;

С және D торкөздері жеке кәсіпкерлермен белгіленеді;
декларацияның түрі. Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді;

Үш құрамдасты интеграцияланған жүйе.

Егер салық төлеуші Салық кодексінің 686- бабының 2-1 тармағына сәйкес салық органдарына деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау – касса машинасын немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйесін тіркеуге қойған жағдайда торкөз белгіленеді

A - Үш құрамдасты интеграцияланған жүйенің және иесінің атауы көрсетіледі;

B – Тіркеу карточкасының номері көрсетіледі;

C - Үш құрамдасты интеграцияланған жүйені тіркеуге қойылған күн көрсетіледі;
хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

резиденттік белгісі.

A торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді.

B торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді.

"Салықтарды есептеу" деген бөлімде:

910.00.001 жолында Салық кодексінің осы бабының 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескеріле отырып, Салық кодексінің 681-бабының 6 -тармағына сәйкес айқындалған кіріс сомасы көрсетіледі.

A жолында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде алынған табыс көрсетіледі. Сонымен қоса, I жолында үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданғанда түскен табыс белгіленеді.

B жолында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде алынған табыс көрсетіледі. Сонымен қоса, I жолында үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданғанда түскен табыс белгіленеді;

910.00.002 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындалатын табыс көрсетіледі;

910.00.003 жолында:

$(A+B+C+D+E+F) / 6$ ай формуласы бойынша айқындалатын салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі, мұнда $A+B+C+D+E+F$ – салық кезеңінің әрбір айы үшін қызметкерлердің саны;

910.00.003 A жолында қызметкерлердің-зейнеткерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі, 910.00.003 B жолында қызметкерлердің-мүгедектердің орташа тізімдік саны көрсетіледі.

Егер қызметкерлердің тізімі бойынша орташа саны 0,5-тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

910.00.004 жолында салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақысы көрсетіледі;

910.00.005 жолында: $910.00.001 \times 3\%$ формуласы бойынша айқындалатын, Салық кодексінің 687-бабы 1-тармағында белгіленген мөлшерлемесі бойынша есептелген салықтардың сомасы көрсетіледі;

910.00.006 жолында $910.00.005$ (табыстан есептелген салықтардың сомасы $\times 910.00.003$ (қызметкерлердің орташа тізімдік саны) $\times 1,5\%$ (түзету пайызы) формуласы бойынша айқындалатын Салық кодексінің 687-бабының 2-тармағына сәйкес салықтардың түзетілген сомасы көрсетіледі.

Бұл жол егер салық кезеңінің қорытындысы бойынша бір қызметкердің орташа айлық есептік көрсеткіш Салық кодексінің 687-бабы 2-тармағына сәйкес дара кәсіпкерлерде кемінде 23 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 29 еселенген мөлшерін құраған жағдайда толтырылады;

910.00.007 жолында: 910.00.005 – 910.00.006 формуласы бойынша айқындалатын түзетуден кейінгі салықтардың сомасы көрсетіледі;

910.00.008 жолында: 910.00.007 x 0,5 Декларация бойынша есептелген салық сомасынан $\frac{1}{2}$ мөлшерінде бюджетке төленуге жататын жеке (корпоративтік) табыс салығының сомасы көрсетіледі;

910.00.009 жолында:

910.00.007 x 0,5) – 910.00.013 VII – 910.00.020 VII формуласы бойынша айқындалатын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі декларация бойынша есептелген салық сомасынан $\frac{1}{2}$ мөлшеріндегі бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде 910.00.009 жолда Салық кодексінің 688-бабының 2-тармағына сәйкес нөлге тең әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

910.00.010 жолында Салық кодексінің 687- бабының 2-1 тармағына сәйкес жеке кәсіпкермен ағымдағы күнтізбелік жылға жеке табыс салық сомасын төмендету (60 000 тенге сомасына, бірақ есептелген жеке табыс салық сомасының 50 пайызынан артық болмауы тиіс) көрсетіледі;

910.00.011 жолында 910.00.008 – 910.00.010 формуласымен анықталған бюджетке төлеуге жататын жеке (корпоративті) табыс салығы көрсетіледі.

"Дара кәсіпкерлер үшін әлеуметтік төлемдерді есептеу" бөлімінде:

910.00.012 I жолынан бастап 911.00.012 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кіріс көрсетіледі.

910.00.012 VII жолы 910.00.012 I жолынан бастап 910.00.012 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған кірістің жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

2) 910.00.013 I жолынан бастап 910.00.013 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелінген дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

910.00.013 VII жолы 910.00.013 I жолынан бастап 910.00.013 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

3) 910.00.014 I жолынан бастап 910.00.14 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналары есептелетін кіріс көрсетіледі.

910.00.014 VII жолы 910.00.014 I жолынан бастап 910.00.014 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған кірістің жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.015 I жолынан бастап 910.00.015 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

910.00.015 VII жолы 910.00.015 I жолынан бастап 910.00.015 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.016 I жолынан бастап 910.00.016 VI дейінгі жолдарда "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан

Республикасының Заңына (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңы) сәйкес есепті кезеңнің әрбір айына арналған дара кәсіпкер үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының сомасы көрсетіледі.

910.00.016 VII жолы 910.00.016 I жолынан бастап 910.00.016 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған дара кәсіпкер үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған.

910.00.016 I жолынан бастап 910.00.016 VII дейінгі жолдары Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап толтырылуға жатады;

Мысалы, 2019 жыл үшін жоғарыда көрсетілген жолдарды толтыру былайша жүргізіледі:

910.00.001 жолы бойынша дара кәсіпкердің салық кезеңі үшін табысы 55 000 000 теңгені құрады;

910.00.002 жолы бойынша Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес айқындалатын табыс жоқ;

910.00.003 жолы бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік саны 24 адамды құрады, ол былайша айқындалды:

$(25+25+25+25+22+22) / 6$ ай), мұнда 25 адам – салық кезеңінің бірінші айынан бастап төртінші айларындағы қызметкерлердің саны, 22 адам – салық кезеңінің бесінші және алтыншы айларындағы қызметкерлердің саны;

910.00.004 жолы бойынша салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 69 750 теңгені құрады, мұнда:

салық кезеңінің бірінші айы үшін қызметкерлерге есептелген еңбекақының барлық сомасы 1 743 750 теңге (323 750 теңге + 1 120 000 теңге + 300 000 теңге), оның ішінде:

бес адамның еңбекақысы 64 750 теңгеден 323 750 теңге (5 x 64 750 теңге) құрады;

он алты адамның еңбекақысы 70 000 теңгеден 1 120 000 теңге (16 x 70 000 теңге) құрады;

төрт адамның еңбекақысы 75 000 теңгеден 300 000 теңге (4 x 75 000 теңге) құрады.

Яғни, салық кезеңінің бірінші айы үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 64 750 теңге (1 743 750 / 25 адам) құрады.

Салық кезеңінің екінші айынан бастап алтыншы айлары үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы осыған ұқсас жолмен айқындалады.

Бір қызметкерге салық кезеңінің екінші айында орташа еңбекақы сомасы – 64 700, үшіншіде – 67 350, төртінші және бесінші айларында – 65 700 ден, алтыншы айда – 65 200 теңге құрады.

Онда, салық кезеңі үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы 66 400 теңгені (69 750 теңге + 64 700 теңге + 67 350 теңге + 65 700 теңге + 65 700 теңге + 65 200 теңге)/6 ай құрады.

Бұл мысалда, 2018 жылға арналған Республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіш 23 еселенген ең төменгі мөлшері 58 075 теңгені (23 x 2 525) құрады.

Салық кезеңінің қорытындысы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы айлық есептік көрсеткіш 23 еселенген мөлшерінен (69 750 теңге) асқандықтан, Салық кодексінің 687-бабы 2-тармағында көзделген қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып, салық кезеңіне есептелген салық сомасына түзету жүргізіледі;

910.00.005 жолы бойынша Салық кодексінің 687-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген салық сомасы 1 650 000 теңге (55 000 000 теңге x 3%) құрайды;

910.00.006 жолы бойынша Салық кодексінің 687-бабы 2-тармағына сәйкес салық сомасын түзету 594 000 теңгені құрады, $1\,650\,000\ \text{теңге} \times 24\ \text{адам} \times 1,5\% = 594\,000$,

мұндағы 1,5 % – қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып әрбір, қызметкер үшін салық сомасын түзету проценті;

910.00.007 жолы бойынша азайтуға жатқызылған түзетуден кейінгі салық сомасы 1 056 000 теңге құрайды (1 650 000 теңге – 594 000 теңге);

910.00.008 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жеке (корпоративтік) табыс салығы 528 000 теңгені құрайды (1 056 000 теңге x 0,5);

9) 910.00.009 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын, есептелген әлеуметтік салық сомасы әлеуметтік салығы (910.00.007 x 0,5) дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасына (910.00.013 VII) азайту қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы (910.00.021 VII) азайту кезінде 355 190 теңгені ((1 056 000 x 0,5) – 22 150 – 150 660) құрады;

10) 910.00.010 жолында Салық кодексінің 687-бабының 2-1-тармағына сәйкес жеке кәсіпкермен бюджетке төлеуге жататын күнтізбелік бір жылға жеке табыс салық сомасын төмендету (60 000 теңге сомасына, бірақ есептелген жеке табыс салық сомасының 50 пайызынан артық болмауы тиіс) көрсетіледі;

910.00.011 жолында салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жеке (корпоративті) табыс салығының сомасы 468 000 теңгені (528 000 теңге – 60 000 теңге) құрады. Егерде Салық кодексінің 687-бабының 2-1-тармағына сәйкес салық органдарына деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасын немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйесін тіркеуге қойғанда, жеке (корпоративті) табыс салығының сомасын есептеген кезде салықты төмендету (күнтізбелік жылдың екінші тоқсаны үшін) жүргізіледі;

910.00.012 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кірістің сомасы 1 785 000 теңгені құрады (297 500 теңге x 6 ай), мұнда 297 500 теңге – әлеуметтік аударымдар есептелетін айлық кірістің шекті сомасы;

910.00.013 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы 62 475 теңге (1 785 000 x 3,5%), мұнда 3,5% – 2019 жылғы әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі;

910.00.014 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін "Зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңы) сәйкес міндетті зейнетақы жарналарынан есептелген кірістің сомасы 255 000 теңгені құрады (42 500 теңге x 6 ай), мұнда 42 500 теңге – 2019 жылға арналған Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген ең төменгі еңбекақының мөлшері;

910.00.015 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 25 500 теңгені құрады (255 000 x 10%), мұнда 10% – міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі;

"Жеке тұлғалардың ЖТС және әлеуметтік төлемдерін есептеу" деген бөлімде:

910.00.017 I жолынан бастап 910.00.017 VI дейінгі жолдарында есепті кезеңнің әрбір айына арналған жеке тұлғаларға төленген, Қазақстан Республикасы азаматтарының табысынан есепке жатқызылған және бюджетке аударуға жататын ЖТС сомасы көрсетіледі.

910.00.017 VII жолы 910.00.017 I жолынан бастап 910.00.017 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған Қазақстан Республикасы азаматтарының табысынан есепке жатқызылған ЖТС жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.018 I жолынан бастап 910.00.018 VI дейінгі жолдарында есепті кезеңнің әрбір айына арналған жеке тұлғаларға төленген, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табысынан есепке жатқызылған және бюджетке аударуға жататын ЖТС сомасы көрсетіледі.

910.00.018 VII жолы 910.00.018 I жолынан бастап 910.00.018 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ

тұлғалардың табысынан есепке жатқызылған ЖТС жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.019 I жолынан бастап 910.00.019 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес салық кезеңі үшін табыстар түрінде жеке тұлғаларға төленетін жұмыс беруші шығыстарының сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте, әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамада белгіленген әлеуметтік аударымдар объектісінен есептелінген мөлшерде жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданған ай сайынғы табыс Республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі еңбек ақының он есе мөлшерінен артық болмауы керек.

Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы Заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының I қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болса, онда әлеуметтік аударымдар ең төменгі жалақы мөлшері негізге алына отырып есептеледі, аударылады.

910.00.019 VII жолы 910.00.019 I жолынан бастап 910.00.019 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданған жеке тұлғалар табысының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.020 I жолынан бастап 910.00.020 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

910.00.021 VII жолы 910.00.020 I жолынан бастап 910.00.020 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған әлеуметтік аударымдарының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.021 I жолынан бастап 910.00.021 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған міндетті зейнетақы жарнасы ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі.

910.00.021 VII жолы 910.00.021 I жолынан бастап 910.00.021 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған міндетті зейнетақы жарнасы ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың жиынтық сомасын көрсету үшін арналған.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 75 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

910.00.022 I жолынан бастап 910.00.022 VI дейінгі есепті кезеңнің әрбір айына арналған жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі.

910.00.022 VII жолы 910.00.022 I жолынан бастап 910.00.022 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған міндетті зейнетақы жарнасының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.023 I жолынан бастап 910.00.023 VI дейінгі есепті кезеңнің әрбір айына арналған Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі.

910.00.023 VII жолы 910.00.023 I жолынан бастап 910.00.023 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.024 I жолынан бастап 910.00.024 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі.

910.00.024 VII жолы 910.00.024 I жолынан бастап 910.00.024 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.025 I жолынан бастап 910.00.025 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын және аударымдарын есептеу үшін алынатын табыстарының сомасы көрсетіледі.

910.00.025 VII жолы 910.00.025 I жолынан бастап 910.00.025 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын және аударымдарын есептеу үшін алынатын табыстарының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

910.00.026 I жолынан бастап 910.00.026 VI дейінгі жолдарда есепті кезеңнің әрбір айына арналған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес жұмысшыларға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының және аударымдарының сомасы көрсетіледі.

910.00.026 VII жолы 910.00.026 I жолынан бастап 910.00.026 VI дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жарты жылдыққа арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары мен аударымдарының жиынтық сомасын көрсету үшін арналған;

"Запастар бойынша деректер":

910.00.027 жолында запастардың құны көрсетіледі:

А – жолында толық салық кезен басындағы запастардың құны көрсетіледі;

В - жолында толық салық кезен соңындағы запастардың құны көрсетіледі;

С - жолында толық алынған запастар, жұмыстар, қызметтердің құны көрсетіледі;

Бұл жол тек үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданған жағдайда толтырылады.

13. "Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН" деген бөлімде:

1) 910.00.028 жолында дара кәсіпкердің орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН көрсетіледі.

Бұл ретте, дара кәсіпкердің орналасқан жері мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігін жүзеге асыратын орны болып танылады.

"Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында құрылтай және жарлық құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның мемлекеттік кірістер органына тапсырылған күні;

салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды.

Бұл ретте, дара кәсіпкердің орналасқан жері мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігін жүзеге асыратын орны болып танылады.

Резидент заңды тұлғаның орналасқан жері құрылтай құжаттарында көрсетілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері болып танылады.

Филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның орналасқан жері мемлекеттік кірістер органында салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде мәлімделген Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын жері болып танылады;

4) жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды.

Бұл ретте, жеке тұлғаның тұрғылықты жері азаматтарды тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны болып танылады;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

Салық кодексінің 209-бабының 2-тармағына сәйкес лауазымды адам Декларацияны қабылдаған күн;

мемлекеттік кірістер органы беретін декларацияның кіріс нөмірі;

пошта немесе өзге байланыс ұйымымен қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 5), 6), 7) және 8) тармақшаларын декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

5.4. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимінің ерекшеліктері

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін салық салу объектісі осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулерді есепке алғандағы кіріс пен осы параграфта көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс болып табылады.

Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің кірісі осы тұлғалардың Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде салықтық кезең ішінде алынуға жататын (алынған) кірістерінен тұрады.

Осы параграфтың мақсатында кіріс ретінде мыналар:

1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны;

2) акционер алатын (алған), оның ішінде заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде мүлікті бөлгенде бұрын енгізілгеннің орнына алынатын (алынған) мүліктің мүлікті бөлу пропорционалды жүзеге асырылатын акциялар санына келетін төленген жарғылық капитал мөлшеріндегі құны;

3) қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде мүлікті бөлгенде, сондай-ақ қатысушыға, құрылтайшыға заңды тұлғадағы қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін қайтару кезінде бұрын енгізілгеннің орнына алынатын (алынған) мүліктің мүлікті бөлу пропорционалды жүзеге асырылатын қатысу үлесіне келетін төленген жарғылық капитал мөлшеріндегі, бірақ оны сатып алуға және (немесе) пайдасына мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысушы жүргізген жарғылық капиталға жарналарды төлеуге шеккен шығындар сомасынан аспайтын құны;

4) эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған мүліктің құны;

5) мүлікті беретін салық төлеуші үшін – өтеусіз негізде берілген мүліктің құны;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептен шығарылған өсімпұл мен айыппұлдар сомасы;

7) егер осындай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және осындай алу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, жарнамалық мақсатта өтеусіз (оның ішінде сыйға тарту түрінде) алынған тауардың құны;

8) Кодексте көзделген жағдайларда салықтық міндеттеменің мөлшерін азайту сомасы;

9) егер Кодекстің 7-бөлімінде өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы

заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте кіріс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнын өзгертуге байланысты туындайтын кіріс;

10) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданы ұлғайту;

11) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүзінде орындалуға жататын міндеттеменің мөлшері мен бухгалтерлік есепте танылған осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есептегі міндеттеменің танылуымен байланысты туындайтын кіріс;

12) мүліктің, оның ішінде осы Кодекстің 243-бабының 8-тармағына сәйкес алынған жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

13) оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

14) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс;

15) күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс;

16) дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға алушы жеке тұлғаның, егер көрсетілген шығыстар мыналарға:

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

" Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген коммуналдық көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге;

тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) жөндеуге жұмсалған жалға алу төлемақысына қосылмайтын болса, тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде шеккен шығыстары;

тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс қаралмайды.

Бұл ретте тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші тіркелген активтерді есепке алуды жүргізбейді.

Осы параграфтың мақсаттары үшін дара кәсіпкердің кірісі ретінде:

1) төлем көзінен мұндай салықтың ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған кезде бұрын төлем көзінен жеке табыс салығы салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар;

3) стипендиялар;

4) қайырымдылық көмек;

5) гуманитарлық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

6) мүліктік кіріс;

7) жұмыскердің кірісі;

8) материалдық залалды өтеудің сот шешімі бойынша тағайындалған сомасы түрінде өзі алған кірістер қаралмайды.

Кірістер

Салық төлеушінің кірісіне:

1) заңды тұлға үшін – осы Кодекстің 690-бабының 3-тармағында көрсетілгендерді;

2) дара кәсіпкер үшін – осы Кодекстің 690-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, барлық кіріс түрлері қосылады.

2. Кірісті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тану осы Кодекске сәйкес кірісті айқындау және тану тәртібінен өзгеше болған жағдайда, көрсетілген кіріс салық салу мақсаттары үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен есепке алынады.

3. Салық төлеушінің осы баптың 4-тармағына сәйкес кірістерді түзетуге құқығы бар. Бұл ретте жылдық жиынтық кіріс осы баптың 4-тармағына сәйкес түзетулерді ескере отырып, теріс мәнге ие болуы мүмкін.

4. Осы параграфтың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы жерде көрсетілген кірістер:

- 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;
- 2) мәміле шарттары өзгертілген;
- 3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;
- 4) баға шегерістері, сату шегерістері;
- 5) шарт талаптары негізге алына отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;
- 6) заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме құруға алып келмейтін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талапты есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оны тарату балансын бекіту күніне кредитор-салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшада көзделген түзету талаптың туындауын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көзделген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жағдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жағына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, түзету бұрын кіріс түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда олар кіріске бір рет қосылады.

Салық салу мақсаттары үшін кірісті тану күні осы параграфтың ережелеріне сәйкес айқындалады.

Шегерімге жатқызылатын шығыстарды айқындау тәртібі

1. Кодекстің 7-бөліміне сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық төлеушінің кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты осы бапта көзделген шығыстары салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатады.

2. Осы параграфтың мақсатында шығыстардың мынадай түрлері:

- 1) тауарларды сатып алуға;
- 2) Кодекстің 257-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жұмыскерлердің есептелген кірістері мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша;
- 3) Кодекстің 263-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс салық және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуге;

4) Кодекстің 244-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылардың сомалары шегерімге жатады.

Дара кәсіпкердің салық салынатын кірісті айқындау кезінде, егер ол оларды жеке тұлға ретінде, оның ішінде салық агентінде де қолданбаса, 342-бапта көзделген салықтық шегерімдерді қолдануға құқығы бар.

Кодексте көзделген жағдайларда шегерімге жатқызылатын шығыстардың мөлшері белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

Егер Кодекстің 693-бабында өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші осындай шығыстар оның кіріс алуға бағытталған қызметімен байланысты екенін растайтын құжаттар болған кезде шегерімдерді жүргізеді.

Бұл шығыстар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олардың іс жүзінде шеккен салықтық кезеңінде шегерімге жатады.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстары олардың жатқызылатын салықтық кезеңде шегерімге жатады.

Салық төлеушінің осы бапта көрсетілген шығыстары осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда түзетілуге жатады.

Бұл ретте бұрын шегерім болып танылған сома шегінде есепті салықтық кезеңнің шегерім мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезең шегерімінің мөлшерін азайту осы параграфтың мақсаттары үшін түзету деп танылады.

Қосымша тіркелген шегерім

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасына Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулерді ескере отырып айқындалған кіріс сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшердегі тіркелген шегерім сомасын қосуға құқылы.

Бұл ретте осы баптың бірінші бөлігінің ережелерін қолданған жағдайда тіркелген шегерімді қоса алғанда, шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулер ескеріле отырып, кіріс сомасының 70 пайызынан аспауға тиіс.

Салық салынатын кірісті азайту

Салық төлеушінің салық салынатын кірісті мүгедектердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың 2 еселенген мөлшеріне және мүгедектер жалақысынан және басқа да төлемдерден есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызына азайтуға құқығы бар.

Заңды тұлғаның салық салынатын кірісті мынадай шығыс түрлеріне:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құнын;

2) егер осы тармақтың 3) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, заңды тұлға шығарған акцияларды немесе заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістерді бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент-заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан аспайтынын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер

қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрауы талаптары орындалған кезде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшада көрсетілген салық төлеушінің акцияларға немесе қатысу үлестеріне иелік ету мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, акцияларды немесе қатысу үлестерін бұрынғы меншік иелерінің иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтығымен айқындалады.

Осы тармақшаның мақсатында жерасты суларын өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістерге азайтуға құқығы бар.

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші салық салынатын кірісті осы параграфқа сәйкес салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуға тиіс жұмыскердің кірістері бойынша жұмыс берушінің есепті салықтық кезеңде есепке жазылған шығыстарының 1 еселенген мөлшеріне азайтуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген азайтуды салық төлеуші, егер осындай салық төлеуші жұмыскерлерінің есепті салықтық кезең үшін орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 47 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда жүргізуге құқылы.

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі бойынша салықтарды есептеу

Таза кіріске салынатын корпоративтік табыс салығын және төлем көзінен ұстап қалатын корпоративтік табыс салығын қоспағанда, тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану кезінде төленуге жататын корпоративтік табыс салығы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

Кодекстің 313-бабының 1 немесе 2-тармақтарында белгіленген мөлшерлеменің және Кодекстің 690 және 691-баптарында көзделген кірістер мен Кодекстің 692 және 693-баптарында көзделген шығыстар арасындағы айырма түрінде айқындалған, Кодекстің 694-бабына сәйкес азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі,

алу

Кодекстің 303-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

Кодекстің 302-бабының 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен салық кезеңінде ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының Кодекстің 302-бабының 3-тармағына сәйкес өткен салықтық кезеңдерден ауыстырылған сомасы,

алу

салықтық кезеңде сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 302-бабының 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын сомасы.

Төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығын қоспағанда, тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану кезінде төленуге жататын жеке табыс салығы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеменің және осы Кодекстің 690 және 691-баптарында көзделген кірістер мен Кодекстің 692 және 693-баптарында көзделген шығыстар арасындағы айырма түрінде айқындалған, осы Кодекстің 694-бабына сәйкес азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі.

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде тапсырылады.

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу осы баптың 1-тармағында декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Жалпы «Тіркелген шегерім пайдаланыла отырып, арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін декларация» (912.00-нысан) салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және тіркелген шегерім пайдаланыла отырып арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін салық есептілігі нысанын (декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны резидент заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер жасайды.

Декларация декларацияның өзінен (912.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (912.01-ден 912.02-ге дейінгі нысандар) тұрады.

Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде толтырылады.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларацияны жасау кезінде:

Декларацияны жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің бедері (штемпелі) белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесі салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөліміндегі көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (912.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі (бұдан әрі – ЖСН (БСН));

салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы – құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің атауы Т.А.Ә. көрсетіледі;

салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

салық төлеушінің ұйымдық-құқықтық нысаны ;

декларация түрі.

тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні.

жолдар Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – 378 шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

тиісті торкөзде табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

"Жылдық жиынтық кіріс" деген бөлімде:

912.00.001 жолда Салық кодексінің 690 және 691-баптарына сәйкес айқындалатын, өткізуден түскен кіріс сомасы көрсетіледі;

912.00.002 жолда заңды тұлғалардың құн өсімінен түсетін кіріс сомасы көрсетіледі;

912.00.003 жолда Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін салық төлеушінің өзге де кірістері көрсетіледі;

912.00.004 жолда жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі. 912.00.001 + 912.00.002 + 912.00.003 ретінде айқындалады;

"Шегерімдер" деген бөлімде:

912.00.005 жолда Салық кодексінің 692-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын өткізілген (жұмсалған) тауарлардың өзіндік құны көрсетіледі. 912.00.005 I - 912.00.005 II + 912.00.005 III + 912.00.005 IV + 912.00.005 V – 912.00.005 VI– 912.00.005 VII ретінде айқындалады;

912.00.005 I жолда салық кезеңінің басына тауарлардың баланстық құны көрсетіледі. Аталған жол салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын табыс ететін салық төлеушіде салық кезеңінің басында тауарлар болмауы мүмкін;

912.00.005 II жол салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс еткен тарату декларациясында 912.00.005 II жолы тарату балансы деректерінің негізінде толтырылады;

912.00.005 III жолда салық төлеуші салық кезеңінің барысында келіп түскен, оның ішінде сатып алынған, бірігу жолымен қайта құру нәтижесінде жарғылық капиталға салым ретінде қайтарымсыз алынған, сондай-ақ өзге де негіздердер бойынша келіп түскен тауарлардың құны көрсетіледі;

912.00.005 IV жолда шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

912.00.005 V жолда өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

912.00.005 VI жолда алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс;

912.00.005 VII жолында шегерімдерге жатқылмайтын тауарларды сатып алу шығыстары көрсетіледі.

912.00.006 жолда Салық кодексінің 692-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылардың сомасы көрсетіледі;

912.00.007 жолда Салық кодексінің 692-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шегерім сомасы көрсетіледі;

912.00.008 жолда егер жеке тұлға ретінде, оның ішінде салық агентінде қолданбаса, Салық кодексінің 342-бабына сәйкес дара кәсіпкердің салық шегерімдері көрсетіледі;

912.00.008 I жолда Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салық шегерімі көрсетіледі;

912.00.008 II жолда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары бойынша салық шегерімі көрсетіледі;

912.00.008 III жолда Салық кодексінің 346-бабында көзделген стандартты салық шегерімдері көрсетіледі;

912.00.008 IV жолда көп балалы отбасыларға арналған салық шегерімдері көрсетіледі;

912.00.008 V жолда ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімі, оқытуға салық шегерімі, медицинаға салық шегерімі, сыйақылар бойынша салық шегерімін қамтитын өзге де салық шегерімдері көрсетіледі.

912.00.009 жолда тіркелген шегерімдерді есепке алмай, 912.00.005-ден 912.00.008-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

912.00.010 жолда $(912.00.009 / (912.00.004 + 912.00.014 I)) \times 100$ формуласы бойынша айқындалатын жылдық жиынтық кірістен шегерімдердің үлес салмағы (%) көрсетіледі;

912.00.011 жолда Салық кодексінің 693-бабында белгілінген шектегі тіркелген шегерімнің пайызы көрсетіледі;

912.00.012 жолда $((912.00.004 + 912.00.014 I) \times 912.00.011) / 100$ формуласы бойынша айқындалатын тіркелген шегерімнің сомасы көрсетіледі;

912.00.013 жолда тіркелген шегерімдерді есепке ала отырып, шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі $(912.00.09 + 912.00.012)$.

"Салық кодексіне сәйкес кірістер мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

912.00.014 жолда Салық кодексінің 691-бабына сәйкес айқындалатын, кірістер мен шегерімдердің түзету сомасы көрсетіледі. 912.00.014 I және 912.00.014 II $(912.00.014 I - 912.00.014 II)$ жолдарының айырмасы ретінде айқындалады:

912.00.014 I жолда Салық кодексінің 691-бабына сәйкес айқындалатын табыстардың түзету сомасы көрсетіледі;

912.00.014 II жолда Салық кодексінің 692-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын шегерімдердің түзету сомасы көрсетіледі.

"Салық салынатын кірісті есептеу" деген бөлімде:

912.00.015 жолда салық салынатын кіріс (залал) көрсетіледі. $912.00.004 - 912.00.013 + 912.00.014$ ретінде айқындалады;

912.00.016 жолда Салық кодексінің 694-бабына сәйкес салық салынатын кірісінің азайту сомасы көрсетіледі;

912.00.017 жолда Салық кодексінің 694-бабына сәйкес есептелген азайтуды есепке ала отырып, салық салынатын кіріс көрсетіледі. 912.00.015 және 912.00.016 (912.00.015 – 912.00.016) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 912.00.016 жолы 912.00.015 жолынан артық болса, 912.00.017 жолда нөл көрсетіледі;

"Заңды тұлғалар үшін салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

912.00.018 жолда Салық кодексінің 313-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының (бұдан әрі – КТС) мөлшерлемесі пайызда көрсетіледі. Егер салық төлеуші 20 және 10 пайыз мөлшерінде мөлшерлемелерді бір мезгілде пайдаланған жағдайда, 912.00.018 жолы толтырылмайды;

912.00.019 жолда салық салынатын кірістен КТС сомасы көрсетіледі. 912.00.017 және 912.00.018 (912.00.017 x 912.00.018) жолдарының туындысы ретінде айқындалады. Егер салық төлеуші 20 және 10 пайыз мөлшерінде мөлшерлемелерді бір мезгілде пайдаланған жағдайда, 912.00.019 жолда бөлек салық есебі деректерінің негізінде айқындалған КТС сомасы көрсетіледі;

912.00.020 жолда Салық кодексінің 695-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы көрсетіледі. 912.00.019, 912.00.020 I, 912.00.020 II, 912.00.020 III, 912.00.020 IV (912.00.019 – 912.00.020 I – 912.00.020 II – 912.00.020 III - 912.00.020 IV) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 912.00.020 жолда нөл көрсетіледі;

912.00.020 I жолда Салық кодексінің 303-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында КТС төлеу кезінде ескерілетін, резидент-салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алған кірістерінен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген кіріс немесе табыс салығының ұқсас түрлерінің сомасы көрсетіледі;

912.00.020 II жолда Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуге жататын КТС сомасына азайтылған, салық кезеңінде ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған КТС сомасы көрсетіледі;

912.00.020 III жолда Салық кодексінің 302-бабы 3-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған және ауыстырылған КТС сомасы көрсетіледі;

912.00.020 IV жолда Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуге жататын КТС сомасына азайтылған, салық кезеңінде сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған КТС сомасы көрсетіледі;

"Дара кәсіпкерлер үшін салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

912.00.021 жолда Салық кодексінің 320-бабына 1-тармағына сәйкес ЖТС мөлшерлемесі пайызда көрсетіледі.

912.00.022 жолда Салық кодексінің 696-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген ЖТС сомасы көрсетіледі. 912.00.017 және 912.00.021 (912.00.017 x 912.00.021) жолдарының туындысы ретінде айқындалады.

912.00.023 жолында дара кәсіпкердің орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН көрсетіледі.

Бұл ретте, дара кәсіпкердің орналасқан жері мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігін жүзеге асыратын орыны болып танылады.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолда салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның тапсырған күні – декларацияның мемлекеттік кірістер органына тапсырған күні;

мемлекеттік кірістер органының коды – салық төлеушінің тіркелген жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолда декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларын декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін зерттеу барысында патент негізіндегі арнаулы салық режимін, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін және тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимін талдап, аталған рсалық режимдердің ерекшеліктерін терең түсінуге. Соны ішінде, арнаулы салық режимді қолдану бойынша салық төлеушілердің алдына қойылатын талаптарды зерттеу. Патент бойынша атқарылуы мүмкін қызмет тобымен танысу, шаруашылық субъектіге адам саны бойынша, есептік мерзім арасында қабылданатын түсім сомасы бойынша қойылатын талаптарды жетік меңгеру


№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Арнайы салық режимі бойынша жалпы ережелер мен қойылатын талаптар ҚР Салық кодексінің қай бөлімінде және нешінші тарауда белгіленген?
2. Шағын бизнес субъектілері үшін қандай арнайы салық режимдері белгіленген?
3. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін қандай арнайы салық режимдері белгіленген?
4. Патент негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктерін ашып беріңіз.
5. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимінің ерекшеліктерін ашып беріңіз.
6. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимінің ерекшеліктерін ашып беріңіз.
7. Патент арқылы жұмыс жасайтын кәсіпкерлер не салық төлейді, салық басқармасына не есептеме тапсырады?
8. Оңайлатылған декларация негізіндегі жұмыс жасайтын кәсіпкерлер не салық төлейді, салық басқармасына не есептеме тапсырады?
9. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлер не салық төлейді, салық басқармасына не есептеме тапсырады?
10. Кәсіпкер қандай жағдайлар туындағанда арнаулы салық режимдерін қолдана алмайды?

№ 2. Тапсырма: Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі Қазақстан Республикасының Салық кодексінің ережелеріне сәйкес екі бөлек режидерді қамтиды: шағын бизнес субъектілері үшін арналған салық режимдерін және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер арналған салық режимдерін.

Шағын бизнес субъектілері үшін арналған салық режимдері патент беру арқылы, оңайлатылған декларация негізінде және тіркелген шегерім пайдаланылған арқылы

ұйымдастыралады.



Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер арналған салық режимдері шаруа немесе фермерлік қожалықтар пайдаланылатын АСР арқылы және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері пайдаланылатын АСР арқылы ұйымдастыралады. Осы АСР түрлеріне суретті негізге алып анықтама беріңіздер (Сурет5.2).

№ 3. Тапсырма: Арнаулы салық режиміне байланысты Қазақстан Республикасының Салық кодексінде жұмысшылардың санына және кіріс сомасы бойынша ойылатын шарттар бар. Осы шарттар мәнімен танысып, кестені талдап тұжырым жасаңыздар (Кесте 5.3).

Кесте 5.3 - Арнаулы салық режиміне байланысты жұмысшылардың санына және кіріс сомасы байланысты қолданылатын міндетті шарттар

№ р/с	Арнаулы салық режимінің атауы	Адам саны бойынша қойылатын талап	Кіріс сомасы бойынша қойылатын талап	АЕК (01.01.20)	Есеп мерзіміндегі кіріс, теңге	Есеп мезгілі, ай	Үлгі	Салық мөлшері
1	Патент негізіндегі АСР	1 адам	3 528	2 651	9 352 728	12	911	1%
2	Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР	30 адам	24 038	2 651	63 724 738	6	910	3%
3	Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР	50 адам	144 184	2 651	382 231 784	12	912 200 220	10%

№ 4. Тапсырма: Қазақстан Республикасының Салық кодексі ережелеріне сәйкес арнаулы салық режимін қолдану аясында шегерімдер бар. Шегерімдердің негізгі тобы

жұмыс түрлеріне байланысты. Кесте мазмұнымен танысып келесі сауалдарға жауап беріңіз (Кесте 5.4).

Кесте 5.4 - Арнаулы салық режиміне байланысты жұмыс жасауға шегерім бар қызмет түрлері

№ р/с	Жұмыс, қызмет түрі
1	Акцизделетін тауарлар өндіруші субъектілер;
2	Акцизделетін тауарларды сақтайтын және көтерме саудада өткізетін субъектілер;
3	Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізетін субъектілер;
4	Лотереялар өткізетін субъектілер;
5	Жер қойнауын пайдаланатын субъектілер;
6	Шыны ыдыстарды жинайтын және қабылдайтын субъектілер ;
7	Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауытын (дайындайтын), сақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін субъектілер;
8	Консультациялық қызметтер көрсететін субъектілер;
9	Бухгалтерлік есеп немесе аудит саласындағы қызмет ететін ;
10	Сақтандыру брокерлік пен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметін және делдалдық қызметпен шұғылданатын субъектілер;
11	Құқық, әділет және сот төрелік саласындағы қызмет ететін субъектілер;
12	Қаржы лизингі шеңберінде қызмет ететін субъектілер
13	Агенттік шарттар (келісімдер) негізінде қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар
14	Филиал немесе басқалай өкілдіктері бар субъектілер

Кесте 5.5 - Патент негізіндегі арнаулы салық режиміне сай қызмет түрлері

Қызмет түрлері
<p>Сылақ жұмыстары; Ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстары; Еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстары; Бояу және шынылау жұмыстары; Такси қызметі; Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау; Сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару; Фотография саласындағы қызмет; Аударма (ауызша және жазбаша) ісі; Мүліктік жалдауға (жалға) беру; Көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беру; Ойын-сауық және спорттық керек-жарақтарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беру; Бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беру; Басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беруді және мүліктік жалдауға (жалға) беру; Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беру; Есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беру; Спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызмет; Мәдениет саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтері; Басқа да білім беру саласында көрсетілетін қызметтер; Қосалқы білім беру қызметі; Өнер саласындағы қызмет; Компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеу; Коммуникациялық жабдықты жөндеу; Жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеу; Шаштараз қызметтері; Маникюрді және педикюрді жасау; Ветеринариялық көрсетілетін қызметтер; Жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер; Тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтер; Базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтер; Музыкалық аспаптарды жасау және жөндеу; Үй жануарларын бағуды жүзеге асыру.</p>

№ 5. Тапсырма: Қазақстан Республикасының Салық кодексі патент алып жұмыс жасаймын деуші кәсіпкерлерге патент аясы белгіленген (Кесте 5.5).

Кестені негізге алып келесі сауалдарға жауап беріңіздер
 кәсіпкер кеңес беру қызметімен айналысса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?
 кәсіпкер аяқ киім жөндеу қызметімен айналысса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?
 кәсіпкер сылақ қызметімен айналысса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?
 кәсіпкер лоторея тарату қызметімен айналысса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?
 кәсіпкер кеңес беру қызметімен айналысса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?

нысан 911.00 бет 01

ПАТЕНТ ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУ

«Патент құнын есептеу» салық есептілігін жасау Қағидаларын оқыңыз.
 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА ың КСЖ сивзы қаламыен немесе қалыңшыен баспаханаық БАС ӨРШТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН

2 Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы

3 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

4 Есептің түрі (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
 бастапқы кезекті қосымша хабарлама/хабарландыру бойынша қосымша

5 Хабарламаның/хабарландырудың нөмірі мен күні (хабарлама/хабарландыру бойынша қосымша есеп берілген жағдайда толтырылады):
A нөмірі **B** күні Салдармен күн, ай, жыл

6 Салық төлеушінің жекелеген санаттары (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
A Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы **C** «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді
B Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы **D** «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізбейді


7 Үш құрамдасты интеграцияланған жүйе (тіркеуге қойған жағдайда сәйкес торкөз белгіленеді):
A Үш құрамдасты интеграцияланған жүйенің атауы көрсетіледі:
B тіркеу карточкасының нөмірі
C тіркеуге қойылған күні

8 Валюта коды

9 Есепті электронды түрде табыс ету (тиісті торкөзде көрсетіңіз): 10 Қосымшалардың саны

Бөлім. Патент құнын есептеу

911.00.001	Сауда саласында қызметті жүзеге асыруды қоспағанда, дара кәсіпкердің табыстары	<input type="text"/>
911.00.002	Сауда саласында қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкердің табыстары	<input type="text"/>
	A Қолма-қол жасалмайтын есеп айырысу арқылы алынған кірістер	<input type="text"/>
	B Қолма-қол жасайтын есеп айырысу арқылы алынған кірістер	<input type="text"/>
911.00.003	Есептелген жеке табыс салығының сомасы (911.00.001 + 911.00.002 A) x 1 %	<input type="text"/>
911.00.004	Есептелген жеке табыс салығының сомасы (911.00.002 B x 2 %)	<input type="text"/>
911.00.005	Салық кодексінің 686- бабының 2-1 тармағына сәйкес күнтізбелік бір жылға жеке табыс салық сомасын төмендету (60 000 тенге сомасына, бірақ есептелген жеке табыс салық сомасының 50 пайызынан артық болмауы тиіс) көрсетіледі.	<input type="text"/>
911.00.006	Бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы (911.00.003 + 911.00.004) - 911.00.005	<input type="text"/>
911.00.007	Әлеуметтік аударымдар сомасы	<input type="text"/>
911.00.008	Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мәлімделген табыс	<input type="text"/>
911.00.009	Міндетті зейнетақы жарналарының сомасы	<input type="text"/>
911.00.010	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарының сомасы	<input type="text"/>

 2 424 11 00 0 10 00 4

Сурет 5.3 - Патент құнын есептеу, 911.00 нысаны, бірінші бет

кәсіпкер фитнес қызметімен айналыса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?
 кәсіпкер лоторея тарату қызметімен айналыса патент бойынша жұмыс жасай ала ма??
 кәсіпкер бухгалтерлік қызметпен айналыса патент бойынша жұмыс жасай ала ма?

нысан 911.00 бет 02

ЖСН

Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

911.00.011 Аудандық маңғы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН

Бөлім. Қорлар туралы мәліметтер

911.00.012 Қорлар:

A толық салық кезең басындағы қорлардың құны

B толық салық кезең соңындағы қорлардың құны

C толық алынған қорлар, жұмыстар, қызметтердің құны

Бөлім. Патент құнын төлеу туралы мәліметтер

911.00.013 Көрсетілген жол патент құнын есептеуді электронды түрде берген кезде толтырылады

A	Атауы	B	БЖК	C	Төлем құжатының нөмірі	D	Төлеу күні	E	Сума
	Жеке табыс салығы	1 0 1 2 0 2							
	Өлеуметтік аударымдар	9 0 2 1 0 1							
	Міндетті зейнетақы жарналары	9 0 1 1 0 1							
	Міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналары	9 0 4 1 0 1							

Бөлім. Салық заңнамасы бұзылған жағдайда қызметін тоқтату туралы салық төлеушіге хабарлама

Егер патенттің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде кезекті патент құнының Есеп-қисабын немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтінішін табыс етпегенде немесе қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан бастап, менің қызметім, дара кәсіпкер ретінде Салық кодексімен белгіленген оңайлатылған түрде тоқтатылатын болатындығымен таныстым және келісемін.

Бөлім. Салық төлеушінің жауаптылығы

Мен осы Есепте келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламын.

Шектеу сызығының нөмірі

Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) Қолы

Есепті тапсырған күні Салдармен күн, ай, жыл

Мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды

Мемлекеттік кірістер органының орналасқан орны бойынша коды

Шектеу сызығының нөмірі

Есепті қабылдаған дауыссыз адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) Қолы

Есептің қабылданған күні Салдармен күн, ай, жыл

Құжаттың кіріс нөмірі

Мөртабан орны

Пошта штемпелінің күні (Есеп поштамен тапсырылған жағдайда толтырылады) Салдармен күн, ай, жыл

7 0 9 1 1 0 0 0 2 0 0 0 0 1

Сурет 5.4 - Патент құнын есептеу, 911.00 нысаны, екінші бет

№ 6. Тапсырма: Ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстармен айналасамын деген кәсіпкер патент негізіндегі арнаулы салық режиміне сай қызмет жасау үшін жергілікті салық басқармасына өтініш толтыру керек делік.

Кәсіпкердің жоспары бойынша ол кәсіпті 2020 жылы 1-ші тамызы күні бастап осы жылдың 31 желтоқсанында аяқтау керек.

Қосымша мәліметтер:

Кәсіпкердің аты жөні: Абдулов Асқар Өтепұлы

ЖСН 622607400243

ПАТЕНТ ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУІНЕ ҚОСЫМША		нысан 911.01 бет 01
Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат		
1	ЖСН	<input type="text"/>
2	Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі:	жыл <input type="text"/>
Бөлім. Патент туралы мәліметтер		
911.01.001	Патенттің қолданыс мерзімі:	<input type="text"/> <small>Сигдартқан күн, ай, жыл</small> <input type="text"/> <small>Сигдартқан күн, ай, жыл</small>
911.01.002	Қызмет түрі:	<input type="text"/>
911.01.003	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны:	
A	Облыс	<input type="text"/>
B	Қала немесе аудан	<input type="text"/>
C	Кент немесе ауыл	<input type="text"/>
D	Көше	<input type="text"/>
E	Үй нөмірі	<input type="text"/>
F	Пәтер нөмірі	<input type="text"/>
G		<input type="text"/>
911.01.004	Қызмет түрі:	<input type="text"/>
911.01.005	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны:	
A	Облыс	<input type="text"/>
B	Қала немесе аудан	<input type="text"/>
C	Кент немесе ауыл	<input type="text"/>
D	Көше	<input type="text"/>
E	Үй нөмірі	<input type="text"/>
F	Пәтер нөмірі	<input type="text"/>
G		<input type="text"/>

Сурет 5.5 - Патент құнын есептеуіне қосымша, 911.01 нысаны

Тамыз айынындағ болжам жұмыс көлемі – 320 000 теңге;

Қыркүйек айынындағ болжам жұмыс көлемі – 350 000 теңге;

Қазан айынындағ болжам жұмыс көлемі – 370 000 теңге;

Қараша айынындағ болжам жұмыс көлемі – 280 000 теңге;

Желтоқсан айынындағ болжам жұмыс көлемі – 170 000 теңге.

Кәсіпкер патент құнын есептеу барысында оның бұл салықтық құжатты бірінші рет толтырып отырғанын көрсетіңдер.

Сонымен қатар, осы есептілікті толтыру барысында, кәсіпкер мемлекеттік бюджет алдында және әлеуметтік, зейнетақы қорларына 01 қазан күні төлеген сомаларында көрсетті:

нысан 910.00 бет 01

ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

«Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация» салық есептілігін жасау жасау Қағидаларын оқыңыз
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА ық КОК сияқты қаламмен немесе қаламшпен бастапалалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы

3 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жарты жылдық жыл

4 Салық төлеушінің жекелеген санаттары (тиісті торкөзде көрсетіңіз):

А Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы С «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізеді

В Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы D «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізбейді

5 Декларацияның түрі (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша қосымша тарту

6 Үш құрамдасты интеграцияланған жүйе (тіркеуге қойған жағдайда сәйкес торкөз белгіленеді):
 А Үш құрамдасты интеграцияланған жүйенің атауы көрсетіледі:
 B тіркеу карточкасының нөмірі
 C тіркеуге қойылған күні

7 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша есеп берілген жағдайда толтырылады):
 A нөмірі B күні

8 Валюта коды 9 Резиденттік белгісі (тиісті торкөзде көрсетіңіз): A Қазақстан Республикасының резиденті B Қазақстан Республикасының резиденті емесі

Бөлім. Салықтарды есептеу

Жеті кодты Көрсеткіштердің атауы

910.00.001 Табыс

A қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде алынған табыс

I сонымен қоса, үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданғанда

B қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде алынған табыс

I сонымен қоса, үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданғанда

910.00.002 оның ішінде Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес түзетуден түсетін табыс

910.00.003 Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, оның ішінде:

A зейнеткерлер

B мүгедектер

910.00.004 Бір қызметкерге орташа айлық еңбекақысы

910.00.005 Салықтардың есептелген сомасы (910.00.001 x 3%)

910.00.006 Салық кодексінің 687-бабы 2-тармағына сәйкес салықтардың сомасын түзету

910.00.007 Түзетуден кейінгі салықтардың сомасы (910.00.005 - 910.00.006)

910.00.008 Бюджетке төлеуге жататын жеке (корпоративтік) табыс салығының сомасы (910.00.007 x 0,5)

910.00.009 Бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы ((910.00.007 x 0,5) - 910.00.013VII - 910.00.020 VII)

910.00.010 Салық кодексінің 687- бабының 2-1 тармағына сәйкес күнтізбелік бір жылға жеке табыс салық сомасын төмендету (60 000 тенге сомасына, бірақ есептелген салық сомасының 50 пайызынан артық болмауы тиіс) көрсетіледі.

910.00.011 Бюджетке төлеуге жататын жеке (корпоративтік) табыс салығының сомасы 910.00.008 - 910.00.010

Сурет 5.6 - Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация, 910.00 нысаны, бірінші бет

жеке табыс салығын төлегенін № 26534 түбіртекпен дәлелдеді;
әлеуметті аударымдар жасағанын № 26535 түбіртекпен дәлелдеді;
міндетті зейнетақы жарналарын төлегенін № 26536 түбіртекпен дәлелдеді;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарын төлегенін № 26537 түбіртекпен дәлелдеді.

ЖСН (БСН) <input type="text"/>		нысан 910.00 бет 02	
Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі:		жарты жылдық <input type="checkbox"/>	жыл <input type="text"/>
Бөлім. Дара кәсіпкерлер үшін әлеуметтік төлемдерін есептеу			
910.00.012 Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін табыс			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.013 Төленуге жататын әлеуметтік аударымдарының сомасы			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.014 Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін табыс			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.015 Төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.016 Төленуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының сомасы			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
Бөлім. Жеке тұлғалардың жеке табыс салығын және әлеуметтік төлемдерін есептеу			
910.00.017 Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстарынан бюджетке аударуға жататын жеке табыс салығының сомасы			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.018 Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың табыстарынан бюджетке аударуға жататын жеке табыс салығының сомасы			
1 ай I	<input type="text"/>	4 ай IV	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
		Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>

Сурет 5.7 - Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация, 910.00 нысаны, екінші бет

Осы мәліметтерді қолданып толтыруға ұсынылған патент құнын есептеу құжатын және қосымша нысандарын толтырыңыз.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орыны, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

№ 7. Тапсырма: Оңайлатылған декларация негізіндегі жұмыс жасайтын кәсіпкер 2020 жылыдың бірінші жартысында 18 000 000 теңге көлемінде сауда жасады делік, оның 6 000 000 теңге көлемі қолма қол ақша есеп айырысу арқылы ұйымдастырылған, ал 12 000 000 теңге көлеміндегі қызмет екінші деңгейдегі банктер арқылы ұйымдастырылған.

ЖСН (БСН) <input type="text"/>		нысан 910.00 бет 03	
Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі:		жарты жылдық <input type="checkbox"/> жыл <input type="checkbox"/>	
Бөлім. Жеке тұлғалардың жеке табыс салығын және әлеуметтік төлемдерін есептеу			
910.00.019	Әлеуметтік аударымдар есептелетін жеке тұлғалардың табыстары	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 мес VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.020	Төлеуге әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.021	Міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) қызметкерлердің табыстары	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.022	Төлеуге міндетті зейнетақы жарналарының сомасы	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.023	Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкерлердің табыстары	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.024	Толенуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.025	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын және аударымдарын есептеу үшін алынатын табыстары	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>
910.00.026	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарының және аударымдарының сомасы	4 ай IV	<input type="text"/>
1 ай I	<input type="text"/>	5 ай V	<input type="text"/>
2 ай II	<input type="text"/>	6 ай VI	<input type="text"/>
3 ай III	<input type="text"/>	Жартыжылдық үшін жиыны VII	<input type="text"/>

Сурет 5.8 - Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация, 910.00 нысаны, үшінші бет

Кәсіпкер қарауында 4 адам жұмыс жасаған.


Алты ай ішінде оларға келесі еңбек ақы сомалары есептеліп жазылған:

2020 жылдың қаңтар айында – 350 000 теңге;

2020 жылдың ақпан айында – 380 000 теңге;

2020 жылдың наурыз айында – 31 0000 теңге;

2020 жылдың сәуір айында – 340 000 теңге;

ЖСН (БСН)	<input type="text"/>	нысан 910.00 бет 04
Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі:		жарты жылдық <input type="checkbox"/> жыл <input type="text"/>
Бөлім. Запастар туралы мәлімет		
Жол нөмірі	Көрсеткіштердің атауы	Мені Мән Тік
910.00.027	Запастар:	<input type="text"/>
A	толық салық кезең басындағы запастардың құны	<input type="text"/>
B	толық салық кезең соңындағы запастардың құны	<input type="text"/>
C	толық алынған запастар, жұмыстар, қызметтердің құны	<input type="text"/>
Бөлім. Тіркеген аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының бизнес - сәйкестендіру нөмірі		
910.00.028	Дара кәсіпкердің орналасқан орны бойынша тіркеген аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының бизнес - сәйкестендіру нөмірі	<input type="text"/>
Бөлім. Салық төлеушінің (салық агенті) жауапкершілігі		
Мен осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтеремін.		
Шектеу сымалымен шықпалық <input type="text"/>		
Салық төлеушінің (басыпшы) сөзі, аты, әкесінің аты (болған кезде) <input type="text"/> Қолы <input type="text"/>		
Декларация тапсырылған күні	<input type="text"/>	Күні, айы, жылы сандармен
Орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды	<input type="text"/>	Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды <input type="text"/>
Шектеу сымалымен шықпалық <input type="text"/>		
Декларацияны қабылдаған лауазымлы адамның сөзі, аты, әкесінің аты (болған кезде) <input type="text"/> Қолы <input type="text"/>		
Декларацияның кіріс нөмірі	<input type="text"/>	Пошта штемпелінің күні (Декларацияны поштамен тапсырған жағдайда толтырылады) <input type="text"/>
<input type="text"/>		
Морғабан орны		
		

Сурет 5.9 - Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация, 910.00 нысаны, төртінші бет

2020 жылдың мамыр айында – 400 000 теңге;
 2020 жылдың маусым айында – 500 000 теңге.
 Төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналар 2020 жылдың бірінші жартысында келесі сомалардан құралды:
 2020 жылдың қаңтар айында – 35 000 теңге;
 2020 жылдың ақпан айында – 38 000 теңге;
 2020 жылдың наурыз айында – 31 000 теңге;

ТІРКЕЛГЕН ШЕГЕРІМ ПАЙДАЛАНАТЫН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНАТЫН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ҮШІН ДЕКЛАРАЦИЯ

нысан 912.00 бет 01

«Бекітілген шегерімді пайдалана отырып, арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін декларация» салық есептілігін жасау Қағидаларын оқыңыз. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА ғы ЕОК сияқы қаламын немесе қаламынан басқанылық БАС СӨНІТЕРМЕН толтырыңыз!

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Т.А.Ә. немесе Салық төлеушінің атауы

3 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

4 Салық төлеушінің ұйымдық-құқықтық нысаны (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
 заңды тұлға дара кәсіпкер

5 Декларация түрі (тиісті торкөзде көрсетіңіз):
 бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша қосымша тарату

6 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша декларация табыс етілген жағдайда толтырыңыз):
 А нөмірі B күні


7 Валюта коды 8 Қосымшалар саны A 912.01 B 912.02

Бөлім. Жылдық жиынтық табыс

Жылдық код	Атауы	млн	күн
912.00.001	Өткізуден түскен табыс	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.002	Заңды тұлғалардың күн өсімінен табыс	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.003	Басқа табыстар	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.004	ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС (912.00.001+912.00.002+912.00.003)	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Бөлім. Шегерімдер

Жыл коды	Атауы	млн	күн
912.00.005	Өткізілген тауарлар бойынша шығыстар (912.00.005I - 912.00.005II + 912.00.005III + 912.00.005IV + 912.00.005 V - 912.00.005 VI - 912.00.005 VII)	<input type="text"/>	<input type="text"/>
I	Салық кезеңінің басындағы тауарлар, барлығы	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	Салық кезеңінің аяғындағы тауарлар, барлығы	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	Тауарлар сатып алынды	<input type="text"/>	<input type="text"/>
IV	Қызметкерлердің есептелген табыстары және жеке тұлғалардың өзге де төлемдер бойынша шығыстар	<input type="text"/>	<input type="text"/>
V	Алдағы салық кезеңдерінде болашақ кезеңдердің шығыстары болып табылған және есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылатын жұмыстардың, қызметтердің құны	<input type="text"/>	<input type="text"/>
VI	Болашақ кезеңдердің шығыстары болып табылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстардың, қызметтердің құны, ТМҚ өнімдік құны	<input type="text"/>	<input type="text"/>
VII	Шегерімдерге жатқызуға апарылмайтын тауарларды сатып алу шығыстары	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.006	Қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылардың сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.007	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	<input type="text"/>	<input type="text"/>
912.00.008	Дара кәсіпкер, Салық кодексінің 342-бапта көзделген салық шегерімдері	<input type="text"/>	<input type="text"/>
I	Міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салық шегерімі	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары бойынша салық шегерімі	<input type="text"/>	<input type="text"/>



Сурет 5.10 - Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР қолданатын салық төлеушілер үшін декларация, 912.00 нысаны, бірінші бет

2020 жылдың сәуір айында – 34 000 теңге;

2020 жылдың мамыр айында – 40 000 теңге;
2020 жылдың маусым айында – 50 000 теңге.

Төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар 2020 жылдың бірінші жартысында келесі сомалардан құралды:

2020 жылдың наурыз айында – 10 850 теңге;
2020 жылдың сәуір айында – 11 900 теңге;
2020 жылдың мамыр айында – 14 000 теңге;
2020 жылдың маусым айында – 17 500 теңге.

ЖСН (БСН) Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

нысан 912.00 бет 02

Бөлім. Шегерімдер

Жол нөмірі Атауы

III Стандартты салық шегерімдері

IV Көп балалы отбасыларға арналған салық шегерімдері

V Өзіге де салық шегерімдері

912.00.009 ТІРКЕЛГЕН ШЕГЕРІМДЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛМАҒАҢДА ШЕГЕРІМДЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ
(912.00.005 + 912.00.006 + 912.00.007 + 912.00.008)

912.00.010 Жылдық жиынтық табысынан шегерімдердің үлес салмағы (%)
((912.00.009 / (912.00.004 + 912.00.004 I)) x 100)

912.00.011 Тіркелген шегерім

912.00.012 Тіркелген шегерімнің сомасы
((912.00.004 + 912.00.014 I) x 912.00.011) / 100

912.00.013 ТІРКЕЛГЕН ШЕГЕРІМДЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП ШЕГЕРІМДЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ (912.00.09+912.00.012)

Бөлім. Салық кодексіне сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету

Жол нөмірі Атауы

912.00.014 Табыстар мен шегерімдерді түзету (912.00.014 I - 912.00.014 II)

I Табыстарды түзету

II Шегерімдерді түзету

Бөлім. Салық салынатын табысты есептеу

Жол нөмірі Атауы

912.00.015 САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС (ЗАЛАЛ) (912.00.004 - 912.00.013 + 912.00.014)

912.00.016 Салық кодексінің 694-бабына сәйкес салық салынатын табыстың кемітілуі

912.00.017 Кемітілуі ескеріле отырып, салық салынатын табыс (912.00.015 - 912.00.016)

Бөлім. Заңды тұлғалар үшін салық міндеттемесін есептеу

Жол нөмірі Атауы

912.00.018 КТС ставкасы (%)

912.00.019 Салық салынатын табыстан алынатын КТС (912.00.017 x 912.00.018)

912.00.020 КТС есептелген сомасы (912.00.019 - 912.00.020 I - 912.00.020 II - 912.00.020 III - 912.00.020 IV)

I Шетел салығын есепке жатқызу

II Ұтыс түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС

III Алдыңғы салық кезеңінен көшірілген сыйақы, дивидендтер түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС

IV Салық кезеңінен ұсталған сыйақы, дивидендтер түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС

Бөлім. Дара кәсіпкерлер үшін салық міндеттемесін есептеу

912.00.021 ЖТС ставкасы (%)

912.00.022 Салық салынатын табыстан алынатын ЖТС (912.00.017 x 912.00.021)

912.00.023 Ауылдық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН

Сурет 5.11 - Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР қолданатын салық төлеушілер үшін декларация, 912.00 нысаны, екінші бет

Төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары 2020 жылдың бірінші жартысында келесі сомалардан құралды:

- 2020 жылдың қаңтар айында – 7 000 теңге;
- 2020 жылдың ақпан айында – 7 600 теңге;
- 2020 жылдың наурыз айында – 6 200 теңге;
- 2020 жылдың сәуір айында – 6 800 теңге;
- 2020 жылдың мамыр айында – 8 000 теңге;
- 2020 жылдың маусым айында – 10 000 теңге.

Осы мәліметтерді қолданып толтыруға ұсынылған шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация құжатын толтырыңыз.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде кәсіпкердің толық аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

№ 8. Тапсырма: Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР бойынша жұмыс жасайтын кәсіпкер есептік мезгіл аралығында келесі операциялар жиынтығын ұйымдастырған (Кесте 5.6):

Кесте 5.6 : Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР бойынша жұмыс жасайтын кәсіпкер есептік мезгіл уақытында ұйымдастырған операциялар жиынтығын (Кәсіпкер ҚҚС төлеушілердің тізімінде тіркелмеген)

№ р/с	Операция мазмұны	Сомасы мың.тг	Дт	Кт
1	Жабдықтаушыдан азық түлік алынды	100 000	???	???
2	Жабдықтаушыдан өнеркәсіп тауарлары алынды	70 000	???	???
3	Азық түлік өзіндік құнымен сатуға босатылды	100 000	???	???
4	Өнеркәсіп тауарлары өзіндік құнымен сатуға босатылды	70 000	???	???
5	Азық түлік үшін тұтынушыға шот фактура қойылды	150 000	???	???
6	Өнеркәсіп тауарлары үшін тұтынушыға шот фактура қойылды	110 000	???	???
7	Сатылған азық түлік үшін тұтынушыдан ағымдағы есеп айырысу шотына ақша қаражаттар ұабылданды	150 000	???	???
8	Сатылған өнеркәсіп тауарлары үшін тұтынушыдан ағымдағы есеп айырысу шотына ақша қаражаттар	110 000	???	???
9	Жабдықтаушыларға азық түлік үшін кредиторлық берешек есеп айырысу шотынан төленді	100 000	???	???
10	Жабдықтаушыларға Өнеркәсіп тауарлары үшін кредиторлық берешек есеп айырысу шотынан төленді	70 000	???	???
11	Қызметкерлерге есеп мезгілінде еңбек ақы жазылды	10 000	???	???
12	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жаылды	400	???	???
13	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік аударымдар жаылды	350	???	???
14	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары жазылды	200	???	???
15	Қойманы жалға алған үшін жалгерден шо фактура қабылданды	2 000	???	???
16	Дүкенді жалға алған үшін жалгерден шо фактура қабылданды	3 000	???	???
17	Жалгерге қойма үшін жал ақысы есеп айырысу шотынан төленді	5 000	???	

Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдаланып тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР бойынша мысал ретінде алынған кәсіпкердің декларациясын толтырыңыз.

Мысалда келтіріліп отырған кәсіпкер кестеде көрсетілген шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі:

нысан 912.00 бет 03

ЖСН (БСН) Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтеремін.

Шектеу сызығымен шықшыңыз

Салық төлеушінің (Басшының) тегі, аты, әкесінің аты (бөтен кезде) _____ Қолы _____

Декларация тапсырылған күні Күн, ай, жылы сандармен Мемлекеттік кірістер органының коды

Шектеу сызығымен шықшыңыз


Декларацияны қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бөтен кезде) _____ Қолы _____

Декларация қабылдаған күні Күн, ай, жылы сандармен

Құжаттың табыс нөмірі Пошта штемпелінің күні Күн, ай, жылы сандармен

Ескерту. Декларация уәкілетті мемлекеттік орган ақпаратына тиісті қолмақалармен кәсіп беріледі.

Мертабан орны



2 40 91 200 933 00 11

Сурет 5.12 - Тіркелген шегерім пайдаланылатын АСР қолданатын салық төлеушілер үшін декларация, 912.00 нысаны, үшінші бет

Соның ішінде:

1. Коммуналдық шығындар

- А) электрқуат – 400 мың теңге;
- Ә) жылу - .700 мың теңге;
- Б) салқын су – 300 мың теңге;
- В) ыстық су – 500 мың теңге;
- Г) залалсыздандыру жұмыстары – 100 мың теңге.

Кәсіпкерде коммуналдық шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі:

Соның ішінде:

1. Тауарларды тасымалдау шығындары

- А) автокөлік арқылы тасымалдау шығындары – 1 200 мың теңге;
- Ә) темір жол арқылы тасымалдау шығындары – 800 мың теңге;
- Б) әуе жол арқылы тасымалдау шығындары – 1 700 мың теңге;
- В) су жолы арқылы тасымалдау шығындары – 200 мың теңге.

Кәсіпкерде тасымалдау шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі:

Соның ішінде:

2. Тауарларды өткізу шығындары

- А) азық түлік тауарларын өткізу шығындары мың – 700 мың теңге;
- Ә) өнеркәсіп тауарларын өткізу шығындары мың – 800 мың теңге;
- Б) маркетинг шығындары – 300 мың теңге.
- В) кеңес алу шығындары

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде кәсіпкердің толық аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

VI ТАРАУ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕР ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

6.1 Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимі жөнінде жалпы ережелер

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимі ҚР Салық кодексінің 78 тарауында көрсетілген.

Бұл режимді келесі ауыл шаруашылық саласында қызмет жасайтын шаруашылық субъектілерге арналған:

- өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілер;
- мал шаруашылығы өнімін өндірушілер;
- құс шаруашылығы өнімін өндірушілер;
- балара шаруашылығы өнімін өндірушілер.
- акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдері.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимі екі топ шаруашылық субъектілеріне арналған:

ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін;

фермер және шаруа қожалықтары үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимдері көзделген.

Кодексте белгіленген, оларды қолдану шарттарына сәйкес келген кезде осындай салық режимдері қолданылатын, қызметтері бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, ауыл шаруашылығы кооперативтері салық салудың мынадай режимдерінің біреуін:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін (бұдан әрі осы баптың және осы Кодекстің 698, 699 және 700-баптарының мақсаттарында – арнаулы салық режимі);

2) оңайлатылған декларация негізінде немесе тіркелген шегерімді пайдалана отырып, шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін;

3) жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы.

Кодекстің 702-бабының 3-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде шаруа немесе фермер қожалықтары осы баптың 3-тармағында көрсетілген салық режимдерінің біреуін немесе осы Кодекстің 702-бабында белгіленген оны қолданудың басқа талаптарына сәйкес келген кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін таңдауға құқылы.

Аталмыш баптың 3-тармағының 1) немесе 2) тармақшасында көрсетілген арнаулы салық режимін таңдау кезінде салық төлеушілер мұндай салық режимін оны қолдану шарттарына сәйкес келген кезде Кодекстің 679-бабының 5 және 7-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кемінде күнтізбелік бір жыл мерзім бойы қолданады.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер осындай салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда Кодекстің 703-бабының 4-тармағында өзгеше белгіленбесе, кірістер мен шығыстарды, мүліктерді бөлек есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ көрсетілген қызмет түрлері бойынша тиісті салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуді және төлеуді жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізуге міндетті.

Бұл ретте осы тармақта көзделген бөлек есепке алуды салық төлеушілер өздері бекіткен салықтық есепке алу саясатының ережелеріне сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимдерін қолдануға шетелдік заңды тұлғалар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар құқылы емес.

6.2 Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі

Арнаулы салық режимі төлем көзінен ұстап қалатын салықты, әлеуметтік салықты, мүлік салығын, көлік құралы салығын қоспағанда, корпоративтік табыс салығын немесе жеке табыс салығын есептеудің ерекше тәртібін көздейді.

Арнаулы салық режимі:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімін (акцизделетін өнімді қоспағанда) өндіру, өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметіне;

2) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің:

акцизделетін өнімді қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және оны өткізу; осындай кооператив мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін дайындау, сақтау және өткізу;

өзі өндірген және (немесе) осындай кооперативтің мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін (акцизделетін өнімді қоспағанда) қайта өңдеу, сондай-ақ осындай қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өткізу;

мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша осындай кооперативтің мүшелері үшін (олардың осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында) қосалқыларды қоса алғанда, жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету);

және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша тауарларды осындай кооперативтің мүшелеріне (олардың осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында) өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері нысанын уәкілетті орган белгілейтін салықтық тіркелімде осы тармақшада көзделген тауарлардың өткізілуін, сондай-ақ осындай тауарларды пайдалануға, сенімгерлік басқаруға, жалға беруге ұсынылуын көрсетуге міндетті.

Жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде салық төлеушілерге арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

Аталмыш тармақтың бірінші бөлігінің талабы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және балара шаруашылығы өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады. Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бюджетке төлеуге жататын мынадай салықтардың сомасын:

1) осы Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс бойынша – корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығының (төлем көзінен ұстап қалатын салықтардан басқа) сомасын;

2) Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырумен байланысты салық салу объектілері бойынша – әлеуметтік салық сомасын;

3) Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша – мүлік салығы, көлік құралы салығы сомасын **70 пайызға азайтуға құқылы.**

Осы бапта көзделген корпоративтік табыс салығының сомасын азайту:

1) осы Кодекстің 305-бабына сәйкес айқындалатын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын есептеу кезінде;

2) осы Кодекстің 313-бабының 2-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға берілген, бюджеттік субсидиялар түрінде алынған кірістерге де қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды есептеуді осы арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Кодекстің 700-бабының 1-тармағында көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу және олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6.3. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік және (немесе) жерді пайдалану (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) құқығында жер учаскелері бар, қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын шаруа немесе фермер қожалықтары қолдануға құқылы.

2. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану мақсатында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін:

1-аумақтық аймақ – 5 000 га;

2-аумақтық аймақ – 3 500 га;

3-аумақтық аймақ – 1 500 га;

4-аумақтық аймақ – 500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жер учаскелерін мынадай аймақтарға бөлу қолданылады:

1-аумақтық аймақ: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының, Алматы және Шымкент қалаларының топырақ-климаттық аймақтарындағы шөлді, жартылай шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлеріндегі жайылымдар;

2-аумақтық аймақ: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Нұр-Сұлтан қаласының, сондай-ақ 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, Ақтөбе облысының жерлері;

3-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Атырау, Маңғыстау облыстарының жерлері;

4-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Алматы қаласының жерлері.

Шаруа немесе фермер қожалықтарында әртүрлі аумақтық аймақтардағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелері болған жағдайда, осы тармақтың мақсаттары үшін мұндай учаскелердің жиынтық алаңы осындай аумақтық аймақтар үшін белгіленген жер учаскесінің неғұрлым ауқымды шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте әрбір аумақтық аймақтағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңы, мұндай аймақ үшін осы тармақта белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының мөлшерінен аспауға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда,

шаруа немесе фермер қожалықтарының ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін өткізу және қайта өңдеу, осындай қайта өңдеу өнімдерін өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, салықтық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдерін өткізуден алған кіріс салық салу объектісі болып табылады.

Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін айқындалатын кіріс Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде (осы баптың 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулерді ескере отырып) алынған (алуға жататын) кірістерден тұрады.

Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін айқындалатын кіріс:

- 1) міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кірісті;
- 2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметті пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмектен басқа) түріндегі кірісті де қамтиды.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістердің мөлшері шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдану кезінде осы Кодекстің 226 – 240-баптарына және осы баптың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес айқындалады.

Кодекстің 702-бабының 3-тармағына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерінен кірістерді алу кезінде салық төлеушілер тиісті салықтарды есептеуді, төлеуді және осы Кодексте белгіленген оларды қолдану шарттарына сәйкес келген кезде мынадай салық салу режимдерінің бірінде олар бойынша:

Кодексте белгіленген, салық салудың осындай режимдерін қолдану шарттарына сәйкес келген кезде – шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінде салықтық есептілікті ұсынуды жүргізеді.

Бұл ретте осындай режимдер үшін шекті кіріс мөлшері бойынша шектеулерді қолдану мақсаттары үшін кіріс мөлшеріне шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістер қосылмайды;

жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтық есептілікті ұсынуды жүргізеді.

Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің кірісі ретінде салық салу мақсатында:

өтеусіз берілген мүлікті беруші салық төлеуші үшін – осындай берілген мүліктің құны;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтаждығы үшін сатып алынатын активтерді өткізу қаралмайды.

Осы тараудың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістер:

тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

мәміле шарттары өзгертілген;

өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;

баға шегерістері, сату шегерістері;

шарт талаптары негізге алына отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;

заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме құруға алып келмейтін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талаптарды есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оның тарату балансын бекіту күніне кредитор салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшаның екінші бөлігінің үшінші абзацында көзделген түзету талаптың туындауын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көрсетілген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

бапта көзделген жағдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жағына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, түзету бұрын кірістің түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда көрсетілген кірістер кіріске бір рет қосылады.

Салық салу мақсаттары үшін кірісті тану күні осы тараудың ережелеріне сәйкес айқындалады.

Бірыңғай жер салығын есептеуді есепті салықтық кезең үшін салық салу объектісіне **0,5 пайыз мөлшеріндегі** мөлшерлемені қолдану арқылы салық төлеуші дербес жүргізеді.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін:

шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметінен түскен кірістерден, оның ішінде осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметпен байланысты шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар түріндегі кірістерден алынатын жеке табыс салығын;

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін қоспағанда, осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын және (немесе) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны;

Кодекстің 490-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген салық салу объектілері бойынша – көлік құралдары салығын;

Кодекстің 517-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық салу объектілері бойынша – мүлік салығын;

осы арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалығының қызметі бойынша – әлеуметтік салықты;

осы арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалығының қызметі бойынша – қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны төлеушілер болып табылмайды.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу, төлеу осындай салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсыну, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді төлеу (аудару) жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны төлеу мынадай тәртіппен:

салықтық кезеңнің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейін есептелген сомаларды төлеу – ағымдағы салықтық кезеңнің 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде;

салықтық кезеңнің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейін есептелген сомаларды төлеу – есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 10 сәуірінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын бюджетке төлеу жер учаскесі тұрған жер бойынша жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда бірыңғай жер салығының, төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының және әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация жер учаскесі тұрған жердегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 31 наурызынан кешіктірілмеуі тиіс.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (920.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;

салық төлеушінің атауы – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) және шаруа немесе фермер қожалығының атауы (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

декларация түрі. Тиісті торкөздер Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне декларацияны жатқызу ескеріле отырып, белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні. А немесе В торкөздері Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

Салық кодексінің 40 бабына сәйкес салық төлеушінің бөлек санаттары.

Торкөздер, егер салық төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді:

А – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы;

В – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы;

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

тиісті торкөзде табыс етілген қосымшалардың саны.

"БЖС есептеу" деген бөлімде:

920.00.001 жолында жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша салық кезеңі үшін акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, салықтық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдерін өткізуден алынған табыс көрсетіледі;

920.00.002 жолында жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша салық кезеңі үшін Салық кодексінің 703- бабы 6-тармағына сәйкес табыстың өлшеміне түзетулер көрсетіледі. Бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңінің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңінің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады;

920.00.003 жолында жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша 920.00.001 және 920.00.002 жолының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін түзетулерден кейінгі табыс көрсетіледі.

920.00.003 А жолында түзетулер есебімен табыстардың салықтық кезеннің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейін алынған табыстар көрсетіледі;

920.00.004 жолында бірыңғай жер салығының ставкасы (%) көрсетіледі;

920.00.005 жолында салық кезеңінде шаруа немесе фермер қожалықтарында бар егістік, жайылымдар, табиғи шабындықтар және басқа да жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бірыңғай жер салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

920.00.006 А жолында ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанға дейін салық кезеңі үшін және ағымдағы салық кезеңі үшін 10 қарашасынан кешіктірмей, жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын, Салық кодексінің 704-бабының 3-тармағына сәйкес түзету есепке алғанда, БЖС-ның есептелген сомасы көрсетіледі.

920.00.006 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін салық кезеңі үшін есептелген және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмейтін мерзімде жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын, Салық кодексінің 704- бабы 3-тармағына сәйкес түзету есепке алғанда, БЖС-ның сомасы көрсетіледі. 16. "Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Салық төлеушінің (басшысының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының Т.А.Ә. көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның тапсырылған күні - декларацияның мемлекеттік кірістер органына табыс етілген күні;

жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды; жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтарды тіркеу туралы заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны жеке тұлғаның тұрғылықты жері болып танылады;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабының 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 5), 6), 7), 8) тармақшаларын декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: ауыл шаруашылық саласында қызмет жасайтын шаруашылық субъектілер бойынша, соның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілерге, мал шаруашылығы өнімін өндірушілерге, құс шаруашылығы өнімін өндірушілерге, балара шаруашылығы өнімін өндірушілерге, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимін зерттеу барысында Салық кодексіне сәйкес қойылатын талаптармен танысу. Жеке меншіктегі және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда)

жер учаскелеріне қатысты құжаттардың мазмұнына назар аударып, мәнін талдау. Бірыңғай жер салығын есептеу тәртібін зерттеу.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру қажет.

1. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін шаруашылық субъект не талаптарға сай болуы қажет?
2. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші шаруашылық субъект алма, шие, тағы басқа жеміс жидектен шарап шығарса, бұл субъект арнаулы салық режимімен жұмыс жасай ала ма?
3. Аквасіру шаруашылығы деп не шаруашылық түрін айтады?
4. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимі екі шаруашылық тобына арналған. Бұл не шаруашылық топтар?
5. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері салық сомасын есептеу барысында оны неше пайзға азайталады?
6. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері есептелген корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығының (төлем көзінен ұстап қалатын салықтардан басқа) сомасын неше пайзға азайталады?
7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері есептелген әлеуметтік салық сомасын неше пайзға азайталады?
8. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері есептелген мүлік салығы, көлік құралы салығы сомасын неше пайзға азайталады?
9. Шаруа немесе фермер қожалықтары арнаулы салық режимін пайдалану барысында не салық түрін төлейді?
10. Шаруа немесе фермер қожалықтары арнаулы салық режимін пайдалану барысында бірыңғай жер салығын неше пайыз мөлшерлеменен төлейді?

№ 2. Тапсырма: Бірыңғай жер салығын төлеуші ауыл шаруашылық қожалығы есеп кезеңінде келесі кіріс сомаларын қаржылық есептелікте көрсеткен болатын:

өсімдік шаруашылығынан түскен табыс 20 000 000 теңге;

мал шаруашылығынан түскен табыс 8 000 000 теңге;

құс шаруашылығынан түскен табыс 12 000 000 теңге.

Сонымен қатар ауыл шаруашылық қожалығы есеп кезеңінде келесі шығыс сомаларын қаржылық есептелікте көрсеткен болатын:

өсімдік шаруашылығының шығындары 18 000 000 теңге;

мал шаруашылығының шығындары 6 000 000 теңге;

құс шаруашылығының шығындары 10 000 000 теңге;

әкімшілік шығындары 1 000 000 теңге;

банклік сыйақы шығындары 500 000 теңге.

Жоғарыда аталып өткен көрсеткіштерді негізге алып бірыңғай жер салығын есептеп шығарыңыз.

№ 3. Тапсырма: Бірыңғай жер салығын төлеуші ауыл шаруашылық қожалығы есеп кезеңінде келесі кіріс сомаларын қаржылық есептелікте көрсеткен болатын:

бидай өсіру шаруашылығынан түскен табыс 50 000 000 теңге;

көкөніс өсіру шаруашылығынан түскен табыс 18 000 000 теңге;

қой шаруашылығынан түскен табыс 12 000 000 теңге;

құс шаруашылығынан түскен табыс 15 000 000 теңге.

Сонымен қатар ауыл шаруашылық қожалығы есеп кезеңінде келесі шығыс сомаларын қаржылық есептелікте көрсеткен болатын:

БІРЫҢҒАЙ ЖЕР САЛЫҒЫН ТӨЛЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

Нысан 920.00 бет 01

«Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация» салық есептілігі және Қағаздармен орындалады. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАРА не КөК сирекі қалайымен немесе қалайымен басылған ақыл БАС ОРИПТЕРМЕН толтырылады.

Бөлім. Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық төлеушінің атауы

3 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

4 Декларацияның түрі (талғау төрелесі X көрсетіңіз):
 бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша қосымша тарту

5 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша декларация тапсырған жағдайда тексеріледі):
 A нөмірі B күні

6 Салық төлеушінің жекелеген санаттары (талғау төрелесі X көрсетіңіз):
 A Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы
 B Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы құрылтайшысы

7 Валюта коды

8 Қосымшалар саны A 920.01 B 920.02 C 920.03 D 920.04 E 920.05

Бөлім. Бірыңғай жер салығын есептеу

Жер коды Корсеткіштердің атауы М.001 М.002 М.003

920.00.001 Акциялардың тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, салықтық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдерін өткізуден алған табыс

920.00.002 Салық кодексінің 703- бабы 6-тармағына сәйкес табыстың өлшемін түзету

920.00.003 Түлетулер есебімен табыс (920.00.001 ± 920.00.002)
 A оның ішінде, салықтық кезеңнің ісқимынан бастап қазанына дейін алынған табыстар

920.00.004 Бірыңғай жер салығының ставкасы (%)

920.00.005 Бірыңғай жер салығы есептелген сомасы (920.00.003 x 920.00.004)

920.00.006 Салық кезеңі үшін төленетін бірыңғай жер салығының сомасы
 A 10 қараша мерзімі бойынша
 B 10 сәуір мерзімі бойынша

Бөлім. Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі

Мен осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боломын.

Шектен тыс салықпен айналысатын:

Салық төлеушінің (басқарушының) тұлғаты, өкілетті аты (болса болса) Қолы


Декларацияны тапсырған күні Жер учаскесінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды
 Мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды

Шектен тыс салықпен айналысатын:

Декларацияны қабылдаған күні

Декларацияның кіріс нөмірі Мәртiбап орын

Почта штемпелінің күні (Декларация қабылданған күнімен теңестіріледі және тексеріледі)



Сурет 6.1 - Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация, 920.00 нысаны

бидай өсіру шаруашылығының материалдық шығындары 17 000 000 теңге;
 көкөніс өсіру шаруашылығының материалдық шығындары 10 000 000 теңге;

қой шаруашылығының материалдық шығындары 5 000 000 теңге;
 құс шаруашылығының материалдық шығындары 9 000 000 теңге;
 әкімшілік шығындары 1 000 000 теңге;
 банкілік сыйақы шығындары 500 000 теңге.

Шаруашылық қожалығында аталып кеткен кіріс және шығыс операцияларынан басқа да бухгалтерлік операциялар орын алды.

Бұл операциялар келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 6.1 - Бірыңғай жер салығын төлеуші ауыл шаруашылық қожалығы бойынша орын алған операциялар

№ р/с	Операция мазмұны	Сомасы мың.тг	Дт	Кт
11	Қызметкерлерге есеп мезгілінде еңбек ақы жазылды	10 000	???	???
12	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жабылды	400	???	???
13	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік аударымдар жазылды	350	???	???
14	Қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары жазылды	200	???	???

Жоғарыда аталып өткен көрсеткіштерді негізге алып бірыңғай жер салығын есептеп шығарыңыз, ұсынған үлгіге сәйкес декларация тротырыңыз.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде кәсіпкердің толық аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

VII. ТАРАУ. ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

7.1. ҚҚС-ты салық жүйесіне енгізуде қойылатын мақсаттар

Жанама салықтардың, соның ішінде ҚҚС-тің, экономикалық мәнін ашудан бұрын олардың әртүрлі әдебиеттердегі қарастырылған анықтамаларын қарастырайық.

Салықтардың орысша-қазақша терминологиялық сөздігі бойынша “Жанама салықтар — бұл тауарлардан, операциялардан және көрсетпе тамашалардан алынатын салықтар. Жанама салықтар мемлекеттік кірістердің ең ежелгі көзі болып табылады”. Мысалы ретінде ҚҚС атаймыз.

Жанама салықтар — бұл тауарларға және көрсетілетін қызметтерге, олардың бағасына үстеме ретінде қосылатын салықтарды жатқызамыз, олар салық төлеушінің кірісі мен мүлкіне тікелей байланыссыз болады.

Жанама салықтардың қолайлы жақтары да сөзсіз, оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Жанама салықтарды дұрыс пайдалана білсе, мемлекетке үлкен қаржы түсімдерін түсіреді. Мысалы, ҚҚС қазіргі күні бюджеттік түсімдердің ең негізгі көзі болып отыр.

2. Жанама салықтар салық төлеушілерге көп салмақ салмайды, өйткені олар оны бөліп кіші бөліктермен төлеп отырады.

3. Жанама салықты төлеу, олар күнделікті тұрмысқа аса қажетті зат болмаса, тек төлеушіде ақша болған кезде ғана төленеді. Ал тікелей салықтар салық төлеушінің жағдайына қаратпай белгілі бір мерзімде төленуін талап етеді.

4. Жанама салықтар мемлекетке салық төлеушілердің одан іс тәжірибеде бас тарта алмайтындығымен пайдалы.

5. Жанама салықтарды жинау да тікелей салықтарды жинаумен салыстырғанда жеңіл, өйткені салықтардың көп бөлігі көтеріп жүруші болады, ал оны, әдетте, өндіруші немесе сатып алушы ғана төлейді.

Міне, жанама салықтардың осындай позитивті жақтары оны кеңінен қолдануға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде негативті нәтижелерді беруі де әбден мүмкін, сондықтан да жанама салықтар мен тікелей салықтар арасында тепе-теңдікті қамтамасыз ететін ұтымды шешім қабылдануы керек.

Атап айтқанда, жанама салықтармен тек тұрмысқа екінші ретте қажетті заттар ғана салынуы тиіс, өйткені жанама салықтар тауарлардың бағасының өсуіне әкеледі, ал мемлекет халықты кедейліктен, аштықтан, ауырудан сақтауы үшін бірінші реттік тұрмысқа қажетті өнімдердің бағасын төмен деңгейде ұстап тұруы тиіс. Сондықтан да бұл тауарларға салық салынбауы керек.

ҚҚС салық жүйесіне енгізуде мемлекет өз алдына келесі мақсаттарды қойған:

- бюджеттің кіріс бөлігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында салық салыну базасын кеңейту;
- салықтан түсетін түсімдерді инфляциялық құнсызданудан сақтау;
- тұрақсыз экономика жағдайында бюджеттің тұрақты кіріс көзін қалыптастыру;
- төлем қабілетінен артық сұранысты төмендету арқылы келесі екі мәселені шешу: тауар тапшылығын жою және инфляцияның қарқынды өсуін төмендету.

Алғашқы мақсат ҚҚС іс жүзінде бүкіл тауарлар мен қызметтерді қамтитындықтан және нарықтық экономиканың шарттарына жауап беретіндіктен іске асқан. Екінші мақсатқа жету ҚҚС бағаның ырықтануына сәйкес келеді, баға өскен сайын, толық түсімдері де өсе түседі, салық мөлшерлемесі тұрақты болып қана береді. Үшіншіден, мемлекетке заңды және жеке тұлғалардың табысының есебінен жүргізілгендіктен, тауарлар мен қызметтер есебін жүргізу жеңіл. Ал төртінші себеп, ҚҚС енгізілген кезеңде кеңестік ақша — рубль жалпы эквивалент қызметін тоқтатқан, оның натуралды айырбасы (бартер) жүре бастады. Қазақстан республикасында 28% мөлшерімен ҚҚС енгізу бір жағынан бағаның өсуіне, ал екінші

жағынан бағадан сатып алу қабілеттілігінің қалып қоюына әкелді. Соның нәтижесінде көптеген кәсіпорындар, соның ішінде ауылшаруашылық өндірістері өзін өзі қаржылардыру процесін және жәй ғана қайта өндіру процесін қамтамасыз ету қабілеті болмады. Бұл мемлекеттік бюджеттен қаржының көп бөлігін қажет етті, соның салдарынан оның тапшылығы өсті.

Күрелі салық түрлерінің бірі болып өзімен бірге тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіру мен айналыс процесіне қосылған, өткізу нәтижесінде салынатын айналым құнының бөлігі ретінде бюджетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды импорттау кезіндегі аударылатын қосылған құн салығы табылады.

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығы өткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге есептелген қосылған құн салығы мен сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төленуі тиіс. Қосылған құн салығы сомасының айырмасы ретінде анықталады.

Қосылған құн салығы қалыпты қызмет етуі үшін салық төлеушілерді салық салу объектісін, салық салынатын айналым мөлшерін, ставкаларды, қосылған құн салықтық еспке алу мен төлем мерзімдерін саралау керек.

Қосылған құн салығының объектісі болып салық салынатын айлым мен салық салынатын импорт табылады. Тауарларға қолданылатын салық салынатын айналым тауарды сату, тиеу, экспорттау; тауарларды қайтарымсыз беруі; жарғылық капиталға жарнаны; жұмыс берушінің жұмыскерге тауарды еңбек ақы есебінен бергенін; төлемдерді кейінге қалдыру шартында тауарларды жөнелтуді комиссиялық келісім шарттары бойынша тауарларды жөнелтуді; кепіл берушінің кепіл ұстаушыға кепілдік мүлігін беруді; бір құрылымдық бөлімшенің екіншісіне тауарды жөнелтуін білдіреді.

Жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымға мүлікті уақытша иелікке және мүлікті жалға келісім шарты бойынша қолдануға ұсыну, интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық беру, жалдамалы жұмысшыларға еңбекақы есебінен жұмыс берушінің қызмет көрсетуі, бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жұмыстарды орныдау, қызметтерді көрсету жатқызылады.

Өткізу бойынша айналымға жатпайтындар: жарнамалық мақсатта тауарды беру не сыйға тарту; дайын өнімді жасау және жинау, жөндеу үшін тапсырыс берушінің мердігерге қосылқы тауарларды жөнелту; қайтарылатын тарыны жөнелту, тауарды қайтару; көрме және басқа мәдени-спорттық шараларды өткізу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тауарларды шығару.

Тауарларға қатысты өткізу термині кепілді ұстаушының меншігіне кепілдікке берілетін тауарларды сатуды, қайтарымсыз беруді немесе беруді білдіреді.

Салық салынатын импорт болып қосылған құн салығын төлеуден босатылғандарды қоспағанда импортталған тауарлар табылады.

Қосылған құн салығын төлеушілер болып осы салық салынатын тауарларды өндіретін және өткізілетін заңды тұлғалар мен жекелеген кәсіпкерлер табылады.

Егерде тауарларды, қызметтер мен жұмыстарды өткізу бойынша айналым мөлшер төменгі шектен (минимум) артса, онда төлеуші қосылған құн салығы бойынша есепке тұруға міндетті. Есепке тұрмаған жағдайда салық органдары тұлғаның сұрауынсыз қосылған құн салығы бойынша есепке алуға құқылы. Өз кезегінде өткізу бойынша айналымның төменгі шегі кезеңнің соңғы айында белгіленген 30000 еселенген айлық есеп көрсеткіші шамасын құрайды ($30000 \times 2651 = 79\,530\,000$ тенге).

Егер төлеушіде соңғы он екі ай мерземінде салық салынатын айналым мөлшері төменгі шектен аспағанда және салық салынатын айналым мен қызметін тоқтатса, онда кезеңнен кейінгі, мезгілдің бірінші күнінде салық бойынша есептен шығарылады.

Салық салынатын айналым мөлшері тураптар қолданатын баға мен тариф мәмілесін қолдана отырып, одан қосылған құн салықты алып тастамай, өткізілетін тауарлар, қызметтер мен жұмыстар құны негізінде анықталынады.

Тауарлар қайтарымсыз негізінде берілгенде, салық салынатын айналым мөлшері баланстық құннан төмен емес өткізу бойынша айналым аяқталған күнде қалыптасқан баға деңгейімен анықталынады.

Кепіл берушінің кепілдік мүлікті беру кезінде салық салынатын айналым мөлшері кепілдік беруші ісі кепілге берілген мүлікке қосымша құн салығын қоспағанда алынған қарыздық қаражаттың сомасымен анықталынады.

Төлемді кейінге қалдыру шарттарында тауарды өткізу кезіндегі салық салынатын айналым келісім-шартта қарастырылған алынатын барлық төлемдер ескеріле отырып, анықталынады.

Үш тұлға үшін алдын-ала жасаумен байланысты қызмет көрсету кезінде салық салынатын айналым мөлшеріне комиссияндық сыйақы қосылады.

Салық салынатын айналым мөлшеріне акцизделетін тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша акциздер сомасы қосылады.

Қосымша құн салығы бойынша есепке алу қарастырылмаған тауарларды өткізу кезінде оларды сатып алуда салық салынатын айналым мөлшері тауарды өткізу құны мен баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде анықталады.

Салық салынатын импорт мөлшерін анықтау кезінде тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ Қазақстан республикасында импортталу кезінде төленуге жататын жинақтар, баждар, салықтар сомасы қосылады.

Жаңа заңда резиденттен тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді алған жағдайда, қазақстандық қайнар көзден алынған табыс алатын резидент еместерден салық алу туралы ереже сақталған.

Салық Кодексіне сәйкес, қосылған құн салығынан төмендегідей тауарларды, жұмыстар мен қызметтерлі өткізу бойынша айналым босатылады:

- пошта маркалары (коллекциялық маркалардан басқа);
- акциздік алымдар маркалары (акцизделетін тауарларды таңбалауға арналған есептік-бақылау);
- өкілетті органдар жүзеге асыратын, соларға байланысты мемлекет баж алатын қызметтерді;
- адвокаттық қызметті, нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі өткізетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер;
- мемлекеттік меншікті жекешелендіру тәртібімен өткізілетін мүлікті;
- Қазақстан республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелердің пайдасына өтеусіз негізгі құралдарды беру, сонымен қатар мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындар пайдасына өтеусіз негізгі құралдарды беруді;
- жарғылық капиталға жарналарды;
- жарғылық капиталға жарна ретінде алынған мүлікті қайтарып алуды;
- жерлеу бюроларынан, әдет-ғұрыптық қызмет көрсетулердің, зираттар мен криматорийлердің қызмет көрсетулерін;
- оларды өткізу жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда, лотереялық билеттерді өткізу бойынша айналымдар;

• банк карточкаларымен жасалынатын операциялар бойынша есеп-кисаптарға қатысушыларға жинау, өңдеу және таратып беру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоса

алғанда, есеп-қисаптарға қатысушылар арасында ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету қызметтерді өткізу бойынша айналымдар;

- жерге және тұрғын үй қорындағы ғимараттарға өткізумен байланысты айналымдар;
 - қаржылық қызметер, оларға жататындар: банк операциялары, бағалы қағаздармен операциялар, төлемдік карточкаларымен, чектермен, депозиттік сертификаттармен операциялар;
 - сақтандыру және қайта сақтандыру операциялары;
 - зейнетақы активтерін басқару бойынша қызмет көрстеулер, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері;
 - қаржылық лизингтегі мүлікті беру;
 - коммерциялық емес ұйымдардың көрсетін қызметтер мен жұмыстар;
 - геологиялық барлау және геологиялық іздеу жұмыстары;
 - білім беру, ғылым және мәдениет аяларындағы қызмет көрсетулер мен жұмыстар;
 - медициналық және мал дәрігерлік аядағы тауарлар мен қызметтер;
 - кәсіпорынның немесе кәсіпорынның дербес әрекет ететін бөлігін қосылған құн салығы бір төлеуші екінші салық төлеушіге өткізгенде

Салық заңдылығына сәйкес импорттың кейбір түрлері қосылған құн салығынан босатылады, оларға жататындар:

- шетелдік валютаның, ұлттық валютаның, сонымен қатар бағалы қағаздардың импорты;
- Қазақстан Республикасының Өкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінген тауарлар импорты;
- мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлар импорты, оның ішінде техникалық жәрдем көрсету;
- шет елдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдердің ресми пайдалану үшін, сондай-ақ солармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің, дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес тауарлар импорты;
- дәрі-дәрмектік заттардың, оның ішінде субстанция — дәрігер, протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (мал дәрігерлік) техниканы қоса алғанда медициналық (мал дәрігерлік) мақсаттағы бұйымдар, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (мал дәрігерлік) техниканы қоса алғанда, дәрі-дәрмек және диабет заттарын өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы заттар, медициналық (мал дәрігерлік) мақсаттағы бұйымдар импорты;
 - пошта маркаларының импорты;
 - ақша белгілерінің өндірісі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын шикізат импорты;
 - төлем карточкаларымен қызмет көрсетуге арналған құрал-жабдықтар импорты;
 - мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдарының желісі бойынша берілетін гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты.

Қара және түсті металл сынықтарын экспортын қоспағанда, экспорттық тауралар өткізу бойынша айналымға нөлдік ставка бойынша салық салынады. Бұл Қазақстан республикасы аумағында аталған нарықтардың дамуы үшін, отандық тауар өндірушілер пайдасы үшін, біздің елден бағалы металлдары шығаруды қиындату үшін жасалған.

Нөлдік ставка бойынша салық салу қосылған құнға есептелетін салық мөлшерінің нөлге теңдігін білдіреді.

Қазақстан республикасының кедендік аумағынан тауалар шығарылса, онда ол экспорт деп есептелінеді. Экспортты растайтын құжат болып экспортталатын тауарларды қою келісім-шарты, жүктерге берілетін кедендік декларация, тауарға ілеспе құжаттарының көшірмесі табылады.

Нөлдік ставкамен халықаралық тасымалдаумен байланысты жұмыстар мен қызметтерге де салық салынады, оларға жататындар:

- Қазақстан республикасының аумағынан экспортталатын тауарларды тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, жөнелту жұмыстар мен қызметтері, сонымен қатар Қазақстан республикасының аумағы бойынша тразит арқылы жіберілетін тауарлар;

- поштаны, жолаушыларды, жүкті тасымалдауға байланысты жұмыстар, қызмтер көрстеулер;

- халықаралық реестерге техникалық, коммерциялық, аэронавигациялық, әуежайлық қызмет көрсету.

Салықты алу механизмі кезінде нақты түскен тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша төлеуге жататын қосылған құн салығы есепке алудың негізделуі маңызды болып табылады.

- Қосылған құн салығы төмендегідей шарттар орындалса есепке алынады: тауарларды, жұмыстар мен қызмттерді алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылса;

- өнім беруші өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің шот-фактурасын ұсынса, егер өнім беруші қосылған құн салығының төлеушісі болып табылмаса, шот-фактура «Қосылған құн салығы жоқ деген белгімен жазылса.

Импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының бюджетіне кедендік құжат толтыру кезінде төленген қосылған құн салығы ғана есепке алынады.

Салық төлеуші есептеулер әдісін қолданған кездегі есепке алуға жататын қосылған құн салығының сомасы болып жүктердің кедендік декларацияларында, төлем құжаттарында, жолда жүру билеттерінде, коммуналдық қызметтер құжаттарында, тауарлар қалдығының инвентаризациялық тізімінде көрсетілген немесе қолма-қол айырысумен тауарларды сатып алғандағы қойылған шот-фактура бойынша төленуі тиіс салық сомасы болып табылады. Төмендегі шарттарды алумен байланысты салық алуға жататын салық есепке алынбайды:

- тұрғын үй ғимараттарын;
- негізгі құрал ретінде автокөлікті алу;
- жалға берілетін тұрғын үй қорын, ғимаратты жөндеуге қолданған тауарлар мен қызметтер, жалға беру келісім-шартына сәйкес жөндеуге кеткен шығындарды жалға беруші өтейтін болса, және жөндеуді жүзеге асырушы жалға берушінің салық салынатын айналымы болып табылған жағдайды қоспағанда;

- өтеусіз алынған мүлік (тауар, қызмет, жұмыс), Қазақстан республикасынан тыс жерлерден әкелінсе және осы мүлікті алушы қосылған құн салығын төлеген жағдайды қоспағанда.

Егер де салық төлеушіде салық салынатын және салық салынбайтын айналым болса, онда жалпы айналым сомасына салық салынатын айналымның үлес салмағымен анықталған салық сомасы қосылған құн салығы бойынша есепке алынады.

Қосылған құн салығы көрсетінген шот-фактура бойынша Қазақстан республикасы аумағында сатып алынғандықтан, салық төлеуші қосылған құн салығының сомасын есепке алуға құқығы бар.

Халыққа ұсынылатын коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері үшін алғашқы құжаттарды қолдану арқылы банктермен, жолушы тасымалдауда жолда жүру билеттерімен есеп айырысудан басқа халыққа тауарларды өткізу жағдайында бақылау-кассалық машина чегін қолдану, қосылған құн салығынан босатылатын тауарлар мен қызметтерді ұсынған кездердегі, қолма-қол ақшамен айырысуда қосылған құн салығы төлеушілердің барлығы үшін шот-фактура міндетті құжат болып табылады.

Салық төлеуші тауарды тиеген немесе жұмысты орындаған күні алушы тұлғаға қосылған құн салығы шот-фактурасын ұсынуға міндетті.

Салық төлеуші салық комитетіне декларация ұсыну үшін белгіленген күнге дейін немесе сол күні бюджетке төлем жасай алады.

Импортталатын тауарлар үшін салық Қазақстан Республикасының кедендік заңына сәйкес кедендік баж төлеу үшін анықталған күні төлейді.

Есептік кезеңде салық сомасынан есепке алуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы артық болғанда, алдағы уақыттағы қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне аударылады.

7.2. ҚҚС құрылу ерекшелігі мен есептеу тәртібі

Ұлттық салық салу жүйесінде қосылған құн салығының алатын орны ерекше. Мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігінің негізгі қайнар көзі ретінде өндірістің және тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің айналымының барлық кезеңдерінде қосылған құнның нақты бөлігін бюджетке алыну нысаны ретінде болып табылады.

Бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы өткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін есептелген ҚҚС сомалары мен сатып алынған тауарлар, көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыстар үшін төлнуге тиісті сомалар арасындағы айырмасы.

Қазақстан Республикасының 1995 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ҚҚС мөлшері азайтылуда, соның ішінде:

1991 жылдан бастап 1995 жылдың 1-ші шілдесіне дейін – 28 %

1995 жылдың 1-ші шілдесінен 2001 жылдың 1-ші шілдесіне дейін – 20 %

2001 жылдың 1-ші шілдесінен 2004 жылдың 1-ші қаңтарына дейін – 16 %

2004 жылдың 1-ші қаңтарынан 2007 жылдың 1-ші қаңтарына дейін – 15 %

2007 жылдың 1-ші қаңтарынан 2008 жылдың 1-ші қаңтарына дейін – 14 %

2008 жылдың 1-ші қаңтарынан 2009 жылдың 1-ші қаңтарына дейін – 13 %

2009 жылдың 1-ші қаңтарынан күні бүгінге дейін – 12 %.

Қазіргі күні бүкіл әлемде ең кең тараған жанама салықтың түрі — қосымша құн салығы. Қазақстанда қосымша құн салығы ТМД елдері мүшелерінің өкіметтері арасында келісілген салық саясатының қағидалары туралы келісім-шартқа сәйкес енгізілген.

1991 жылы ҚҚС енгізілген сәттен бастап салық жүйесіндегі бұл салық түрі көптеген өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады.

Алғашқыда салық 28% мөлшерінде белгіленген еді. Бірақ нарықтар тауар массасы жетіспеушілігінен, бағаның өсуінен, сол кездегі инфляцияның өсуі есебенен бұл ставка

жоғары болған. Соған байланысты салық мөлшері 20%-ке дейін төмендеді, ал тұтыну тауарларына — 10%-ке дейін төмендетілген еді.

Қазақстан Республикасының салық заңдылығына ҚҚС енгізумен бірге, бұл ҚҚС регрессивтілігі туралы пікірлер пайда бола бастаған, өйткені ҚҚС көп жағдайда орта бизнес пен жағдайлары төмендердің жағдайына әсер етеді. Бұл салықтың регрессивтілігі мынада көрінеді. Кіші табысы бар тауар тұтынушылары өз табысының көп бөлігін салыққа төлеген, ал көп табысты адамдар одан аз төлеп отырған. Сондықтан бұл салықтың регрессивті жағын төмендету үшін мемлекет келесі қадамды жасады – тұрмысқа ең керек тауарлардың салық мөлшерін төмендетті, оның қатарында азық-түлік өнімдері мен дәрі-дәрмектер бар.

ҚҚС енгізуде оны жинаудың тәртібі толық өңделмеген еді, соның нәтижесінде төлеушілердің ғана емес, қазыналық ұйымдардың да жұмысы күрделене түсті. Мысалы ретінде салық төлеушіні есепке алу тәртібін қарастырып көрелік.

Тауарлар мен өнімдерді алушының бюджет жарнасына жатқызылуға тиіс салық сомасын анықтау кезінде, негізгі құралдарды қоса алғанда, алынған тауарлар, қызметтер көрсетудер салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылса немесе пайдаланылатын болса, сондай-ақ, егер қосылған құн салығының төлеушісі болса және тауарлардың импорттары бойынша бюджетке төлеген болса, олар үшін төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызуға құқығы бар.

Бюджетке төленуге тиісті ҚҚС сомасын анықтауда әлемдік тәжірибеде екі кең тараған әдіс қолданылады:

1. *Тура* (бухгалтерлік) әдістің мәні ҚҚС-ті келесідей формула бойынша есептеуде:
ҚҚС=СхҚҚ; мұндағы С – салық ставкасы; ҚҚ - қосылған құн.

2. *Жанама* (барабарлық) әдісінде шот-фактура арқылы келесідей формуламен анықталады:

ҚҚС=СБ·СТ мұндағы С – салық ставкасы; Б - өткізу бағасы; Т - тұтылған тауарлардың құны.

Нәтижесінде, қабылданған ҚҚС-ті есептеудің оңайтылған тәртібі қосылған құн шамасын алдын-ала есептеуге негізделген қиын тәртіп нәтижелері бірдей десек саяды.

1995 жылдың шілдесіне дейін Қазақстанда кәсіпорын табыстарына тікелей байланысты ҚҚС-ті төлеу түрі қолданылған. Алынған ресурстар бойынша төленген салық сомасы өзіндік құн (шығындар) құрамында есептелінген, осыдан салық сомасының жинақталуы болған. Сондықтан да ҚҚС алу моделі кумулятивті сипатта болды. Салық салу саласындағы мамандар ҚҚС-ті есептеудің аталмыш әдісі жанама салықтар сияқты тұтынуға салынатын салық емес, табыстарға салынатын салық түріне ие болуда. Қазақстандық ҚҚС-тің бұндай үлеспеушілігі қазақстандық тауарлардың бәсеке жарамдылығын төмендетті және республикасына инвестициялардың ағымын бәсеңдетті.

Қазіргі кезде ҚР-нда ҚҚС-ті есептеудің барабарлық әдісі қолдануда (әлемдік тәжірибеде – салықтық несие әдісі). Осы әдістің мәні келесіде: өткізілген өнімге қатысты есептелінген салық сомасы бюджетке түгелдей емес, салықтардың “кіргізілген” шама мен “шығарылған” шамасының айырмасын төле қағидасы негізінде жатыр. Басқаша айтқанда, есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналымның жалпы айналым сомасындағы үлес салмағына қарай анықталынады.

Салық кодексіне енгізілген “тіркелу шегінің” ерекше мәні бар, осыған сәйкес ҚҚС төлеушілердің арасынан жылдық айналымы 30 000 еселінген ЕАК-тен аз болған кәсіпкерлер шығарылады. Бұндай шара салықтық әкімшіктендіруді ыңғайлата түседі және салықтық шот-фактуралардың қозғалысына кедергі жасамайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының салықтық заңдалағында ғ37 “ҚҚС есептеу және төлеу тәртібі туралы” нұсқаулықтан алынған өзгертулер толықтыруларды ескере отырып, салық салынатын айналым мөлшерін анықтау тәртібі әр салаға қатысты (тасымалдау, құрылыс, туризм және т.с.с.) бөлек-бөлек көрсетілген. ҚҚС есепке жатқызу тәртібі нақтыланған және экспорт бойынша “нөлдік ставкасын” қолдану реттелген, сонымен қатар импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС төлеу ерекшеліктері нақтыланған.

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналым бойынша есептелінген ҚҚС сомасы мен есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Салық салынатын импорт бойынша қосылған құн салығының ставкасы салық салынатын импорт мөлшерінің 15%. Жеке тұлғалар оңайтылған тәртіппен өткізетін тауарлар импорты кезінде ҚҚС жиынтық кедендік төлем құрамында төлей алады, оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдалақтарына сәйкес айқындалады.

Қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады. Егер алдыңғы тоқсан үшін бюджетке төленуге тиіс ҚҚС отраша айлық сомасы 10000 ЕАК кем болса, онда салық кезеңі тоқсан болып табылады. Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимінің күші қолданылатын қызметті жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі салық жала болып табылады.

ҚҚС төлеуші әрбір салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Декларациямен қоса салық кезеңі ішінде сатып алынған тауарлар бойынша шот-фактуралардың тізілімі табыс етіледі. Шот-фактуралар тізілімінің нысаны уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Салық органдары импортуалатын тауарлар өнеркәсіптік ұқсатуға арналған және су, газ, электр қуаты импортуалатын тауарлар болып табылған жағдайларда импортуалатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгертеді.

ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту өсімпұл есептелмей, кеден органы кедендік жүк декларациясын қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жасалады. Мерзімді өзгерту мына құжаттар негізінде жасалады: уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтініш; тауарларды беруге арналған шарттың (келісім-шарттың) көшірмесі. Төлеу мерзімін өзгертуге құқығын растау үшін салық органдары ҚҚС төлеушінің өндірістік қуаттарын және үй-жайларын тексеріп қарауға құқылы.

Уәкілетті мемлекеттік орган өнекәсіптік ұқсату үшін үнемі импорт бойынша тауарларды алып тұратын ҚҚС төлеушілерге, ҚҚС өзгертілген мерзімдер бойынша төлеткізе отырып, тауарларды кедендік рәсімдеуді жүзеге асыруы үшін күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын рұқсат береді.

Салық органдары импортуалатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы шешімді ҚҚС төлеушілен өтініш пен белгіленген растау құжаттарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

ҚҚС жабдықтың, ауылшаруашылық техникасының, автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамының, тікуушақтар мен ұшақтардың, теміржол локомотивтері мен вагондардың, өзінің өндірістік мұқтажы үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің импорты бойынша белгіленген тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төленеді.

ҚҚС төлеуші кеден органдарына ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін, сондай-ақ ҚҚС бойынша декларацияда тауарлардың импорты бойынша төленуге тиіс ҚҚС сомасын көрсету жөніндегі міндеттемені табыс етеді. Міндеттеме негізінде тауарларды еркін айналысқа шығару – белгіленген тәртіппен кеден төлемдерін, ал акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді де төлеген жағдайда, ҚҚС іс жүзінде төленбей жүргізіледі.

Нақты түскен тауарлар, соның ішінде импортуалатын тауарлар бойынша төленуге тиісті қосылған құн салығының есебіне жатқызылатындардың негізделуі өте маңызды болып табылуда.

Осыда жеткізілу құнында ҚҚС-тің барын растайтын құжаттарды тексеру қажет. Шетелден әкелінген импортуалатын тауарлар бойынша ҚР бюджетіне кедендік рәсімдеу кезінде төленген ҚҚС ғана есепке алынады.

ҚҚС төлеуден босатылған сатып алынған тауарлар бойынша қосылған құн салық сомалары есепке алынбайды. Бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығы салынатын

айналым мақсаттарыда пайдаланылмаған тауарлар, негізгі құралдарды қоса алғанда, тауарлар бүлінген, жоғалған жағдайда есептен шығарылып тасталуға тиіс.

Тауарлар бойынша күмәнді міндеттеме сомасын табысқа енгізген кезде осындай тауарлар бойынша бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы, ол есепке жатқызылған кезден бастап үш жыл өткен соң есептен шығарылып тасталуға тиіс.

Егер қосылған құн салығы шығарылып тасталғаннан кейін ҚҚС төлеуші тауарлар үшін ақы төлеген жағдайда, осы аталған тауарлар бойынша салық сомасы сол ақы төленген салық кезеңіндегі есепте қалпына келтіріледі.

Қосылған құн салығын өнім беруші-төлеуші банкрот деп танылған жағдайда, бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомаларын есептен шығарып тастау банкрот деп танылған ҚҚС өнім беруші-төлеушіні заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен алып тастау туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде жүргізіледі.

Салық салынбайтын айналымдар мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы есепке жатқызылмайды.

Салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған кезде ҚҚС төлеушінің таңдауы бойынша барабарлық немесе бөлек есептеу әдісімен анықталған қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызылады. Таңдап алынған ҚҚС есептеу әдісі күнтізбелік жыл ішінде өзгермеуі керек. Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы салық салынатын табысты анықтау кезінде Салық кодексінде белгіленген тәртіппен шегерімге жатқызылады.

Жалпы «Қосылған құн салығы бойынша декларация (300.00-нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 10-бөліміне сәйкес қосылған құн салығы сомасын есептеуге арналған "Қосылған құн салығы бойынша салық декларация" есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды.

Декларация декларацияның өзінен (300.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (300.01-ден 300.09-ге дейінгі нысандар) тұрады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалуы тиіс.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларацияны жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не болмаса электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған

кезде) мен қойылған қолы және мөрдiң (мөртабан) бедерi белгiсiмен салық төлеушiге (салық агентiне) қайтарылады;

пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткiзгiште – салық төлеушi (салық агентi) пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

электрондық нысанда ақпаратты компьютерлiк өңдеуге жол беретiн – салық төлеушi (салық агентi) мемлекеттiк кiрiстер органдарының салық есептiлiгiн қабылдау және өңдеу жүйесiнiң электрондық хабарламасын алады.

Қосымшалардың "ҚҚС төлеушi туралы жалпы ақпарат" деген бөлiмдерiнде декларацияның "ҚҚС төлеушi туралы жалпы ақпарат" деген бөлiмiнде көрсетiлген тиiстi деректер көрсетiледi.

Декларацияны толтыру бойынша түсiндiрме (300.00-нысаны)

"ҚҚС төлеушi туралы жалпы ақпарат" деген бөлiмiнде салық төлеушi мiндеттi түрде мынадай деректердi көрсетедi:

1) салық төлеушiнiң жеке сәйкестендiру нөмiрi (бизнес-сәйкестендiру нөмiрi) (бұдан әрi – ЖСН (БСН)). Салық мiндеттемесiн сенiмгерлiкпен басқарушы орындаған кезде жолда сенiмгерлiкпен басқарушының ЖСН (БСН) көрсетiледi;

2) ҚҚС төлеушiнiң тегi, аты, әкесiнiң аты (болған кезде) – немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы, дара кәсiпкердiң дара кәсiпкердi мемлекеттiк тiркеу туралы куәлiгiне сәйкес атауы немесе тегi, аты, әкесiнiң аты (болған кезде) көрсетiледi. Жол мiндеттi түрде толтыруға жатады.

Салық мiндеттемесiн сенiмгерлiкпен басқарушы орындаған кезде жолда сенiмгерлiкпен басқарушының атауы немесе тегi, аты, әкесiнiң аты (болған кезде) көрсетiледi;

3) салық есептiлiгi табыс етiлетiн салық кезеңi (тоқсан, жыл) – декларация тапсырылатын есептi салық кезеңi (араб цифрларымен көрсетiледi). Салық кодексiнiң 423-бабына сәйкес декларацияны тапсыру үшiн есептi кезең күнтiзбелiк тоқсан болып табылады. Жол мiндеттi толтырылуға жатады;

декларацияның түрi.

Салық кодексiнiң 206-бабына сәйкес салық есептiлiгiнiң түрiне байланысты тиiстi торкөздердiң бiрi мiндеттi түрде белгiленуге жатады.

ҚҚС бойынша тiркеу есебiнен алып тасталған кезде "тарату" түрiндегi декларацияны табыс ету мiндеттi болып табылады;

хабарламаның нөмiрi мен күнi.

Жолдар Салық кодексiнiң 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияның түрi табыс етiлген жағдайда толтырылады;

салық төлеушiнiң жекелеген санаттары.

Торкөздер, егер салық төлеушi А, В, С жолдарында көрсетiлген санаттардың бiрiне жатқан жағдайда;

А – Салық кодексiнiң 40-бабына сәйкес сенiмгерлiк басқарушы;

В – Салық кодексiнiң 40-бабына сәйкес сенiмгерлiкпен басқару құрылтайшысы;

С – Салық кодексiнiң 411-бабының ережелерiн қолданатын салық төлеушi;

"Салық кодексiнiң 411-бабының 1-тармағында көзделген қызмет бойынша" деген торкөз;

"өзге қызмет бойынша" деген торкөз белгiленедi.

Қандай қызмет бойынша декларацияның тапсырылуына байланысты торкөздердiң бiреуi мiндеттi түрде белгiленуi тиiс;

жол Салық кодексiнiң 722-бабында көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келiсiм (келiсiмшарт) шеңберiнде қызметiн жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушымен толтырылады.

Жол, егер салық төлеушi Салық кодексiнiң 722-бабы 1-тармағына сәйкес салық режимiнiң тұрақтылығы көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келiсiм (келiсiмшарт) шеңберiнде қызметiн жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы болып

табылған жағдайда толтырылады, бұл ретте 8 А және В торкөздерінде міндетті түрде келісім (келісімшарт) нөмірі мен жасалған күні (келісімшарт нөмірі, жасалған күні) көрсетіледі. Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келмейтін келісімшарттар бойынша бұл жол толтырылмайды.

Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағында белгіленген әрбір келісім (келісімшарт) бойынша бөлек декларация жасалады;

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі - КОК № 378 шешімімен) бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

ҚҚС есепке жатқызу әдісі. Тиісті торкөздердің бірі міндетті толтырылуға жатады.

Тиісті торкөз Салық кодексінің 407-бабында сәйкес ҚҚС есепке жатқызудың таңдалған әдісі негізінде толтырылады.

"Пропорционалды " торкөзі, егер салық төлеуші ҚҚС есепке жатқызудың пропорционалды әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Бөлек есепке алуды жүргізу арқылы" торкөзі, егер салық төлеуші ҚҚС есептеуге жатқызудың бөлек есепке алуды жүргізу арқылы әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Жеке айналымдар бойынша бөлек есеп жүргізу құқығы бар пропорционалды" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 407-бабына сәйкес бір мезгілде ҚҚС есептеуге жатқызудың пропорционалды және жеке айналым бойынша бөлек есеп жүргізу әдістерін қолданған жағдайда белгіленеді;

ҚҚС бойынша куәліктің сериясы мен нөмірі. ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Жол міндетті толтырылуға жатады;

табыс етілген қосымшалар. Табыс етілетін қосымшаларға сәйкес келетін торкөздер міндетті белгіленуге жатады.

шот-фактураны жазып беру тәсілі. Шот-фактураны жазып беру тәсіліне байланысты (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) тиісті торкөзі белгіленеді. Егер салық кезеңінде шот-фактуралар қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жазып берілген жағдайда, екі торкөз белгіленеді.

шот-фактураны алу тәсілі. Шот-фактураны алу тәсіліне байланысты (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) тиісті торкөзі белгіленеді. Егер салық кезеңінде шот-фактуралар қағаз жеткізгіште және электрондық түрде алынған жағдайда, екі торкөз белгіленеді.

"ҚҚС есептеу" деген бөлімде:

300.00.001 А жолында Салық кодексіне сәйкес нөлдік мөлшерлеме бойынша ҚҚС салынатын айналымды қоспағанда, ҚҚС салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың сомасы көрсетіледі;

300.00.001 В жолында 300.00.001 А жолында айналымдар бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағында белгіленген келісім (келісімшарт) бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар тиісті жолдарға келісімге (келісімшартқа) сәйкес салық мөлшерлемесін қолданады;

300.00.001 I А жолында шот-фактура жазып берілген, ҚҚС салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың сомасы көрсетіледі;

300.00.001 I В жолында 300.00.001 I А жолында көрсетілген айналымдар бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.001 II А жолында Салық кодексіне сәйкес шот-фактураларды жазып беру талап етілмейтін, ҚҚС салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың сомасы көрсетіледі;

300.00.001 II В жолында 300.00.001 II А жолында көрсетілген айналымдар бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.002 жолында нөлдік мөлшерлеме бойынша ҚҚС салынатын есепті салық кезеңі үшін өткізу бойынша айналым көрсетіледі. Бұл жолға 300.06 қосымшаның 300.06.005 А жолы ескеріле отырып, 300.01-қосымшаның 300.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.003 А жолында Салық кодексінің 383 және 384-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.06.004 А жолында көрсетілген сома көшіріледі. Бұл жолдың оң да, теріс те мәні болуы мүмкін;

300.00.003 В жолында Салық кодексінің 383 және 384-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін түзетілген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.06.004 В жолында көрсетілген сома көшіріледі. Бұл жолдың оң да, теріс те мәні болуы мүмкін;

300.00.004 А жолында Салық кодексінің 378 және 441-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын, салық кезеңі ішінде ҚҚС төлеуші жүзеге асырған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі;

300.00.005 А жолында ҚҚС босатылған тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Сондай-ақ бұл жолда Салық кодексінің 404 және 405-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін босатылған айналым мөлшерін түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.02.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер есепті салық кезеңінде босатылған айналым мөлшеріне түзету жүргізілген жағдайда, бұл жолда 300.06.006 А жолында көрсетілген жүргізілген түзету ескерілген сома көрсетіледі;

300.00.006 жолында өзіне салық салынатын және босатылған айналым мөлшерін түзету сомасын да қамтитын салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А, 300.00.004, 300.00.005, жолдарының сомасы ретінде айқындалады ($300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А + 300.00.004 + 300.00.005$);

300.00.006 І жолында салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымдардың сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А, ($300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А$) жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

300.00.007 жолында 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А жолдары сомаларының 300.00.006 жолына пайыздық қатынасы ($300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А / 300.00.006 \times 100\%$) ретінде айқындалатын жалпы өткізу айналымдағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Салық салынатын және салық салынбайтын өткізу бойынша айналымдар болмаған жағдайда, 300.00.007 жол толтырылмайды;

300.00.008 жолында 300.00.002 жолының 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А жолдары сомаларына пайыздық қатынасы ($300.00.002 / (300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А) \times 100\%$) ретінде айқындалатын жалпы салық салынатын айналымдағы нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Бұл жол 300.00.002 жолының шамасы теріс мәнде болған кезде толтырылмайды;

салық төлеуші дербес айқындайтын 300.00.009 жолында Салық кодексінің 407, 408 және 409-баптарына сәйкес салық төлеуші бір мезгілде пропорционалды және жеке айналым бойынша бөлек есеп жүргізу құқығымен әдістерін қолданған жағдайда жалпы өткізу айналымдағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Бұл ретте сатып алған кезде есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар жалпы айналым сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағын айқындау кезінде ескерілмейді;

300.00.010 жолында салық кезеңі ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.011 жолында 300.00.010 жолында көрсетілген ҚҚС сомасын қоспағанда, салық кезеңінің ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және Салық кодексінің 427 және 428-баптарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 300.00.012 жолында 300.00.001 В, 300.00.003 В, 300.00.010, 300.00.011 (300.00.001 В + 300.00.003 В + 300.00.010 + 300.00.011) жолдарының сомасы ретінде анықталатын есепті салық кезеңі үшін есептелген ҚҚС жалпы сомасы көрсетіледі.

"Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" деген бөлімде 300.00.013 В-дан 300.00.022 В-ға дейінгі (300.00.015 жолынан басқа) жолдарды толтыру кезінде бөлек есепке алуды жүргізу арқылы есепке жатқызу әдісін қолданатын ҚҚС төлеушілер салық салынатын мақсатта пайдаланатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша ҚҚС сомаларын көрсетеді.

"Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

300.00.013 А жолында 300.00.015 жолында көрсетілген сомаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында ҚҚС сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.013 В жолында 300.00.015 жолында көрсетілген сомаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында ҚҚС сатып алынған тауарлар жұмыстар, қызметтер бойынша ҚҚС жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.013 I А жолында шот-фактура жазып берілген, Қазақстан Республикасында ҚҚС сатып алынған тауарлар жұмыстар, қызметтер бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.013 I В жолында 300.00.013 I А жолында көрсетілген айналым бойынша ҚҚС жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.013 II А жолында шот-фактураны қоспағанда, жазып берілген құжаттар бойынша Қазақстан Республикасында ҚҚС сатып алынған тауарлар жұмыстар, қызметтер бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.013 II В жолында 300.00.013 II А жолында көрсетілген айналым бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.014 А жолында Салық кодексінің 378 және 441-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, бейрезиденттен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.05.G000001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.014 В жолында 300.00.014 А жолында көрсетілген айналым бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі; 300.00.014 В жолына 300.05.M000001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.015 жолында ҚҚС сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналым сомасы, сондай-ақ ҚҚС сатып алынған, бірақ Салық кодексінің 402 және 403-баптарына сәйкес ҚҚС есепке жатқызылмайтын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жолда ҚҚС есепке алмай сатып алу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

10) 300.00.016 I А жолында 300.00.017, 300.00.020А, 300.00.029А жолдарында көрсетілетіндерді қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі. Салық салынатын импорт мөлшері Салық кодексінің 385-бабына сәйкес анықталады. Осы жол тауарларға арналған декларацияда (декларацияларда) көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады;

11) 300.00.016 I В жолында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден әкелінген тауарлар бойынша төленген импортқа ҚҚС сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданған жағдайда аталған жолда тауарларға арналған декларацияға (декларацияларға) сәйкес импортталатын тауарлар бойынша төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Жеке дара есепке алуды жүргізу

арқылы есепке жатқызу әдісін қолданған кезде аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданылатын, импортталатын тауарлар бойынша төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.016 II A жолында 300.00.017, 300.00.020A, 300.00.029A жолдарында көрсетілетіндерді қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорт мөлшері көрсетіледі. Салық салынатын импорт мөлшері Салық кодексінің 444-бабына сәйкес анықталады. Аталған жол тиісті салық кезеңі (кезеңдері) ішінде ұсынылған 328.00-нысанының тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке (өтініштерге) көрсетілген, Салық кодексінің 456-бабының 6-тармағына сәйкес анықталған, импортқа ҚҚС осы салық кезеңде есепке алуға жататын, Салық кодексінің 401-бабының 2-тармағына сәйкес анықталған (анықталатын) мәліметтер негізінде толтырылады;

300.00.016 II B жолында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінген тауарлар бойынша импортқа төленген және тиісті салық кезеңі үшін ұсынылған 328.00-нысанының тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініште (өтініштерде) Салық кодексінің 456-бабының 6-тармағына сәйкес, импортқа қосылған құн салығы осы салық кезеңде есепке алуға жатады Салық кодексінің 401-бабының 2-тармағына сәйкес анықталған (анықталатын) көрсетілген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолданған кезде аталған жолда импортталатын тауарлар бойынша төленген ҚҚС сомасы және 328.00-нысанының тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішке (өтініштерге) сәйкес көрсетіледі. Бөлек есепке алу арқылы есепке жатқызу әдісін қолдану кезінде бұл жолда салық салынатын айналымның мақсаттары пайдаланылатын импортталатын тауарларға төленген ҚҚС сомасын көрсетеді;

300.00.017 Салық кодексінің 399 және 451-баптарына сәйкес немесе халықаралық шарттарға сәйкес ҚҚС босатылған импортталатын тауарлар құны көрсетіледі. Аталған жолға 300.02.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.018 жолында Салық кодексінің 49-бабының 9 және 10-тармақтарына сәйкес кеден органына ұсынылған ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға декларацияның негізінде ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.019 жолында Салық кодексінің 49-бабының 9 және 10-тармақтарына сәйкес ҚҚС төлеу мерзімдері өзгерген импортталатын тауарлар бойынша салық кезеңінде нақты төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.020 A жолында ҚҚС жер қойнауын пайдалану келісімшартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі;

18) 300.00.020 B жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес тауарлардың импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.021 жолында 300.00.013 A, 300.00.014 A, 300.00.015, 300.00.016 I A, 300.00.016 II A, 300.00.017, 300.00.020 A және 300.00.029 A жолдарының айқындалатын (300.00.013 A + 300.00.014 A + 300.00.015 + 300.00.016 I A + 300.00.016 II A + 300.00.017 + 300.00.020 A + 300.00.029 A) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі;

300.00.022 жолында Салық кодексінің 404 және 405-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету көрсетіледі. Бұл жолдың теріс мәні болуы мүмкін. Аталған жолға 300.06.010 B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.023 жолында 300.00.024 жолында көрсетілгенді қоспағанда, салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын ҚҚС жалпы сомасы көрсетіледі. 300.00.013 B, 300.00.014 B, 300.00.016 I B + 300.00.016 II B, 300.00.019, 300.00.020 B, 300.00.022 жолдарының сомасы (300.00.013 B + 300.00.014 B + 300.00.016 I B + 300.00.016 II B + 300.00.019 + 300.00.020 B – 300.00.022) ретінде айқындалады. Бұл жолды 300.00.024 жолын толтыратын ҚҚС есепке

жатқызудың пропорционалды және бөлек есептеу әдісін қолданатын салық төлеуші толтырмайды;

салық төлеушімен дербес айқындалатын 300.00.024 жолында салық төлеуші жеке айналым бойынша бөлек есебін жүргізу құқығымен пропорционалды әдісін қолданған жағдайда, салық кезеңіне есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы көрсетіледі, атап айтқанда:

Салық кодексінің 407-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жеке айналым бойынша бөлек есебін жүргізу құқығымен ҚҚС сомаларын есепке жатқызудың пропорционалды әдісін пайдаланған жағдайда Салық кодексінің 396-бабының 1-тармағына сәйкес ҚҚС босатылған айналымдары болған кезде салық төлеушілер салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын көрсетеді. Аталған жол 300.00.024 I, 300.00.024 II, 300.00.024 III жолдарынан тұрады;

300.00.024 I жолында жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен пропорционалды есепке жатқызу әдісін қолданған кезінде пропорционалды әдісі бойынша есепке жатқызылған ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.024 II жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен пропорционалды әдісін қолданған кезінде бөлек есепке алуды жүргізу арқылы есепке жатқызу әдісі бойынша есепке жатқызылған ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.024 III жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданған кезінде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсатында бір мезгілде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.025 жолында Салық кодексінің ережелеріне сәйкес салық кезеңі үшін ҚҚС рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Жол 300.00.025 I, 300.00.025 II, 300.00.025 III және 300.00.025 IV жолдарынан тұрады, қолданатын ҚҚС есепке жатқызу әдісіне байланысты 300.00.025 I, 300.00.025 II, 300.00.025 III жолдардың бірі толтыруға жатады, сондай-ақ 300.00.025 IV жол қосымша толтырылуы мүмкін;

300.00.025 I B жолында мынадай формула бойынша $(300.00.023 \times 300.00.007)$ айқындалған, есепке жатқызудың пропорционалды әдісі қолданылған кезде ҚҚС рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Егер салық кезеңі ішінде өткізу бойынша айналым болмаса, онда рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы 300.00.023 жолдан көшіріледі;

28) 300.00.025 II B жолында, бөлек есепке алуды жүргізу арқылы есепке жатқызу әдісін қолдану кезінде ҚҚС рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы түзетуді ескере отырып, салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын, алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есепке жатқызылған ҚҚС мөлшерінде айқындалады. Аталған жолға 300.00.023 жолындағы сома көшіріледі;

300.00.025 III B жолында $((300.00.024 I \times 300.00.09) + 300.00.024 III \times 300.00.007) + 300.00.024 II$ формуласы бойынша айқындалатын, жеке айналымдар бойынша бөлек есептеу құқығы бар пропорционалды әдістері қолданылған кезде ҚҚС рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

300.00.025 IV B жолында $(300.00.012 - 300.00.025 I - 300.00.027 I - 300.00.029 B) \times 70\%$ немесе $(300.00.012 - 300.00.025 II - 300.00.027 I - 300.00.029 B) \times 70\%$ немесе $(300.00.012 - 300.00.025 III - 300.00.027 I - 300.00.029 B) \times 70\%$ формуласы бойынша айқындалатын және есепке жатқызылған ҚҚС бойынша есепке жатқызудың қосымша сомасы көрсетіледі. Аталған жолды Салық кодексінің 411-бабында көрсетілген салық төлеушілер ғана толтырады;

300.00.026 жолында Салық кодексінің ережелеріне сәйкес есептелген ҚҚС есепке жатқызуға рұқсат етілмеген сомасы көрсетіледі. Жол 300.00.026 I, 300.00.026 II, 300.00.026 III жолдарынан тұрады, ҚҚС есепке жатқызу әдісінің қолданылуына байланысты жолдардың бірі толтырылады;

300.00.026 I жолында (300.00.023 – 300.00.025 I) формуласы бойынша айқындалатын, пропорционалды әдістері қолданылған кезде ҚҚС рұқсат етілмеген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

300.00.026 II жолында бөлек есепке алуды жүргізу арқылы есепке жатқызу әдісі қолданылған кезде ҚҚС сомасын есепке жатқызуға рұқсат етілмеген сомасы көрсетіледі;

300.00.026 III жолында (300.00.024 – 300.00.025 III) формуласы бойынша айқындалатын жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданған кезде есепке жатқызуға рұқсат етілмеген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.027 жолында Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасының салық кезеңі үшін есепке жазылған салық сомасынан асып кету сомасы көрсетіледі. Жол 300.00.027 I және 300.00.007 II жолдарынан тұрады;

300.00.027 I жолында өсу қортындысымен салық кезеңінің басында қалыптасқан есептелген салық сомасынан, есепке жатқызылған, асып кеткен ҚҚС сомасы көрсетіледі. Жолды Салық кодексінің 411-бабында көзделген салық төлеушілер толтырады;

300.00.027 II жолында есепті салық кезеңінің соңында өсу қортындысымен декларация бойынша қалыптасқан есептелген салық сомасынан, есепке жатқызылған, асып кеткен ҚҚС сомасы көрсетіледі;

300.00.028 жолында нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым мақсаты үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі. Жолды Салық кодексінің 429-бабының 2-тармағында көзделген шарттарды орындайтын ҚҚС төлеушілер толтырмайды. Бұл жолға 300.01.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.029 A жолында 300.00.020 A жолында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша құнды қоспағанда, Салық кодексінің 427 және 428-баптарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен ҚҚС төленген импортталатын тауарлар құны көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

300.00.029 B жолында 300.00.020 B жолында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС қоспағанда, Салық кодексінің 427 және 428-баптарына сәйкес салықтық есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 B жолында көрсетілген сома көшіріледі.

"Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" деген бөлімде:

300.00.030 жолында 300.00.030 I және 300.00.030 II жолдарынан тұратын есепті салық кезеңі үшін есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі:

300.00.030 I жолында салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс салық сомасы көрсетіледі. Аталған жол:

есепке жатқызудың пропорционалды әдісі кезінде 300.00.012, 300.00.025 I, 300.00.029 B және 300.00.025 IV (300.00.012 – 300.00.025 I – 300.00.029 B – 300.00.025 IV) жолдарының айырмасы ретінде;

бөлек есепке алуды жүргізу арқылы есепке жатқызу әдісі кезінде 300.00.012, 300.00.025 II, 300.00.029 B және 300.00.025 IV (300.00.012 – 300.00.025 II – 300.00.029 B – 300.00.025 IV) жолдарының айырмасы ретінде;

жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданған кезде 300.00.012, 300.00.025 III, 300.00.029 B және 300.00.025 IV (300.00.012 – 300.00.025 III – 300.00.029 B – 300.00.025 IV) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

300.00.030 II жолында есепке жатқызылатын ҚҚС сомасының есепті салық кезеңі үшін есептелген салықтан асып кету сомасы көрсетіледі.

Аталған жол:

есепке жатқызудың пропорционалды әдісі кезінде (300.00.025 I + 300.00.029 B – 300.00.012) формуласы бойынша;

есепке жатқызудың бөлек есепке алуды жүргізу әдісі кезінде (300.00.025 II + 300.00.029 B – 300.00.012) формуласы бойынша;

жеке айналым бойынша бөлек есепке алуды жүргізу құқығымен есепке жатқызудың пропорционалды әдісін қолданған кезде (300.00.025 III + 300.00.029 B – 300.00.012) формуласы бойынша айқындалады;

3) 300.00.031 жолында Салық кодексінің 369-бабының 1-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін қалыптасқан ҚҚС сомасын азайту көрсетіледі. Аталған жол Салық кодексінің 429-бабының 9-тармағына сәйкес асып кеткен ҚҚС есептен шығарған жағдайда толтырылады.

"ҚҚС асып кеткен сомасын қайтару туралы талап" деген бөлімде:

300.00.032 жолында Салық кодексінің 429-бабына сәйкес есепке жатқызылатын ҚҚС есептелген салық сомасынан асып кетуін қайтару туралы талап көрсетіледі. Бұл жол егер "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 4-жолында "қосымша", "хабарлама бойынша қосымша" декларация түрі белгіленген жағдайда, сондай-ақ егер салық төлеуші Салық кодексінің 431-бабы 3-тармағында көрсетілген санаттардың біріне жатқызылған жағдайда толтырылмайды;

300.00.032 I жолындағы торкөз Салық кодексінің 433-бабына сәйкес ҚҚС бақылау шотын пайдаланатын салық төлеушімен белгіленеді;

300.00.032 II жолындағы торкөз егер салық төлеушіде Салық кодексінің 434-бабына сәйкес оңайлатылған тәртіпте қайтаруға жататын ҚҚС асып кетуі болған жағдайда белгіленеді;

300.00.032 III жолында ҚҚС төлеуші осы ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талапты беретін салық кезеңі көрсетіледі. Егер 300.00.032 жолы толтырылса, осы жол міндетті түрде толтырылуға жатады.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны дара кәсіпкер табыс етсе, оның дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

декларация тапсырылған күні – мемлекеттік кірістер органына декларация табыс етілген күн;

мемлекеттік кірістер органының коды – салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабының 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күні;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

Пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшалары декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

7.3. ҚҚС шаруашылық субъектілердің экономикалы әрекетіне әсері

ҚҚС-ғы іскерлік белсенділікке әсер етпейді және өндіріс шығындарын арттырмайды деген кең тараған пікірдің негізінде нарық шартында бағаның шексіз өсуі туралы теріс мәлімет жатыр. Өндірістің құлдырауы, кәсіпорынның және халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі сұранысқа қатаң шектеулер қояды. Бағаны өсіру мүмкінділігі болмағандықтан

өндіруші ҚҚС өз пайдасынан төлеуге мәжбүр, ал бұл өндірісті тоқырауға әкелетін қосымша фактор болып табылады.

Бұл жағдайда мемлекетте, ҚҚС салынатын тауарларды өндіруші кәсіпорында өз табысын кемітеді: керісінше, қандайда бір өнімнің ҚҚС төмендету нәтижесінде арзандуы, әдетте, тұтынуды күшейтеді. Міне соның нәтижесінде, ҚҚС жоғары ставкасы тұтынудың қысқаруына және кәсіпорындардың шығындар болуына әкеледі, ал бұл біздің экономикамыз үшін теріс әсер етеді.

Жанама салықтар жүйесін құрауда елдің экономикалық даму ерекшеліктермен салық жүйесінің ерекшелігін еске алу қажет, атап айтқанда келесілер:

- өнеркәсіпке салынатын салымдардың өтелу мерзімінен өндірістің циклдің ұзаққа созылуына саяси және инфляциялық факторлар көз қарасынан алғанда үлкен қатер тудырады. Соның нәтижесінде бос ақша қаражаттары бар қаржы және сауда құрылымдарының өндіріске ақша салғысы келмейді және өнеркәсіптегі қаржының сауда-қаржы саласына құйылады;
- өнеркәсіптік салаға бос қаржы ресурстарының жетіспеушілігі кәсіпорындардың өзара төлемсіздік күйреуіне әкеледі;
- өнеркәсіп орындардың кірісі төмен деңгейде болғандықтан жалақысы да төмен болып мамандандырылған кадрлердің жұмыстан кетуіне әкеледі.

Қазіргі кезде қосымша құн салығын есептеу механизмі кәсіпкерлердің шаруашалық қызметіне әсер етуі мүмкін. Өнімнің немесе тауардың тауар өндіруші мен сатушылар арқылы өтуде оның қосылған құны да өсіп отырады, ал бұл өндіріс цикілінің әр-бір мүшесін салық төлеуге мәжбүрлейді. ҚҚС өтеу механизмі айналым қаражаттарының айналымының жалдамдығына тиімді қызмет ете бастайды, сондықтан қосылған құнға төленген салыққа кеткен қаражаттың қайтымын қамтамасыз етеді.

Дегенмен, кәсіпкерлердің қызмет етіп отырған қалыптасқан шарттарды аталған айналым принципін толық мүмкіндігін қолдануға мүмкіндік бермей отыр. Сондықтан ҚҚС басқа әдістерін қолдану жиі кездеседі. Кәсіпорынның қаржы шаруашылық қызметінің басқа да негізгі көрсеткіштері мен ҚҚС өзара әрекеттесуінің бірнеше жай мысалдарын қарастырып өтелік.

Қосылған құн салығы тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге белгіленетін жанама салықтар түрлерінің бірі болып табылады. Салық базасы болып тауардың өндірісі мен өткізудің әрбір кезеңінде қосылған құн табылады. Қосылған құн өзіне есептелінген еңбек ақыны, амортизацияны, несие үшін пайда пайызын, пайданы, жарнама шығындарды, транспортты және т.б. қосады. Бағаға тауардың тұтынушыларға қарай жылжу кезінде барлық кезеңдерінде кәсіпкерлермен енгізілген қосылған құн салығының жалпы сомасы енгізіледі. Сонымен тұтынушы осы салықтың жалғыз да, соңғы төлеушісі болып табылады.

Бюджетке үнемі түсудің нәтижесінде және қосылған құн салықтың универсалдығы бірден бір тиімді фискалдық аспап ретінде қатысады.

Сонымен қатар қосылған құн салығы елдің экономикасын реттеумен экономикалық интеграция құралы ретінде пайдаланылады. Мемлекет қосылған құн салығын алу мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылып, қызуғышылықты тұғызады.

Нарықтық қатынастарға өту салық заңдылығында радикалды өзгерістер мен мемлекеттік бюджетке төленетін салықтар және басқа міндетті төлемдерді дұрыс анықтауға толық және уақытылы нақты бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін салық жүйесі үлгісін құруды талап етті. Оны ұйымдастырудың принциптері болып біртұтастылық, жергілікті билік органдарна тәуелсіздік пен қатаң орталықтандыру жатады. Қазақстанның салық органдары қызметінің құқықтық негізі болып Қазақстан Республикасы Конституциясы, Жоғары билік органдары шығаған нормативті құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылықтары мен ұйғарымдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

қаулылары мен ұйымдары және т.б. салық салу мен салық органдары жұмысын ұйымдастыруға байланысты заңды актілер табылады.

Жаңа Салық кодексі қабылдаумен байланысты қосылған құн салығын төлеушілерге қойылым арқылы салықтық бақылау жүргізу, оларды жекелеген есепке алу салық бақылауының өте маңызды нысаны болып табылады. Қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу бойынша маңызды ереже болып тауарларды өткізумен байланысты айналым мөлшерін енгізу болып табылады.

Салық кодексіне сәйкес қосылған құн салығын төлеушілердің қатарынан тауарларды өткізу жылдық тауар айналымы салық салынатын айналымнан бекітілген төменгі шегі 30000 АЕК-ке жетпейтін кәсіпкерлер шығарылып тасталады.

Ең алдымен осы норма тауарларды өткізетін кәсіпкерлерге қатысты.

Сонымен қатар, көрсетілген кәсіпкерлерде қосылған құн салығы бойынша есепке ерікті түру құқығы сақталады.

Сонымен қосылған құн салығы бойынша есепке алу тауарларды өткізу бойынша айналым мөлшері нәтижесінде салық салынатын төменгі шектен артқан кез келген кезең аяқталған күннен кейін 15 күнтізбелік күннен кешіктермей жүзеге асырылады.

Осыған байланысты көрсетілген салық төлеушілерге қатаң есеп беру бланкісі болап табылатын қосылған құн салығы бойынша куәлік, яғни қосылған құн салығы бойынша төлеушіні есепке алуды білдіретін құжат беріледі.

Қосылған құн салығын төлеушіні тіркеу мен есепке алу орталықтандырылған тәртіппен жүргізіліп, қосылған құн салығын төлеушілердің ел бойынша ортақ мәліметтер базасы жасалады. Мәліметтер базасын жасау жалған шот-фактура бойынша мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің бабына сәйкес жалған шот-фактура болып қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмайтын салық төлеушімен толтырылған қосылған құн салығын қосатын шот-фактура табылады.

Салық бақылауын жүзеге асыру салық қызметі органдарына қосылған құн салығын төлеушілердің мәліметтері базасы арқылы осындай төлеушілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қосылған құн салығы бойынша есепке тұрмаған төлеушіні анықтаған жағдайда салық қызметі органдары анықталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде салық заңдарын бұзғанын жою туралы ескертпе жібереді. Сонымен қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмаған төлеуші салық қызметі органынан ескертпе алғаннан кейін тауардың осы түрі бойынша есепке түру жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Салық қызметі органы көрсетілген төлеушіге салықтық тексеріс жататын салықтық бақылаудың басқа да шараларын қолданады.

ҚР Салық кодексінің іске қосылуымен байланысты салық жүйесін жетілдірумен салық әкімшілігін жақсартуға бағытталған перспективалар ерекшелінеді.

Негізгі бағыттарының бірі болып қосылған құн салығы бойынша салық төлеушілердің тіркелу, қосылған құн салығымен толтырылған шот-фактураларды қабылдау мен тізімін қайта өңдеу жүйелерін мәліметтер базасын құру табылады. Бұл жүйе қосылған құн салығы бойынша әкімшіледіруді елөуір жақсартады, яғни әлде қайда тиімді салық бақылауына жағдай жасайды. әрбір шот-фактура бойынша сатып алушының аты-жөні, оның салық төлеушінің нөмері, өнім түрі, қосылған құн салығын салудың есептеуден кейінгі өткізу көлемі анықталынады. Барлық реестр электронды және қағаздық нұсқаларда қабылданады. Шот-фактура реестрлі компьютерге енгізіліп электрондық қайта өңдеу жүргізіліп сәйкес кемеушіліктерді анықтайды. Мысалы, бір салық төлеушінің өнімнің белгіленген түрлерінің өткізу көлемі салық төлеушінің тіркеу нөмері шот-фактурада көрсетілген басқа салық төлеушінің осы өнімді сатып алу көлемінен ерекшелінеді.

Сондықтан шот-фактуралар реестрлерін қабылдау және өңдеу жүйесі қосылған құн салығын экспорттаушы кәсіпорындарға өтеу бақылауын жеңілдетеді.

Салық қызметі органдары қосылған құн салығының дұрыс есептелуіне бақылау жүргізе отырып салық төлеуші қосылған құн салығын тіркеуші түрінде тіркелгенін және оған салық төлеушінің тіркеу нөмері берілгенін анықтауы қажет.

Филиалдары бар кәсіпорындары үшін салық салатын айналымды анықтағанда, осы айналым филиалдары да ескеріледі. Тексеріс кезінде тауарларды тиеу жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуді жүзеге асыраушы салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша есепке алынғанын ескерту қажет.

Сондай-ақ салық төлеуші есепке қай жұмысы арқылы жұмыс жасайтынын анықтау керек.

Өткізулерді есепке алу әдісімен есепке алған кезде тиелген тауарлардың орындалған жұмыстар мен көрстелген қызметтердің өткізілу құнынан анықталады. Кассалық әдіс кезінде өткізу тиелген тауарлар мен орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер құнынан анықталады.

Салық салынатын айналым мөлшерін дұрыс анықтауға айырықша көңіл бөлу қажет. Қазақстан Республикасы шекарасында тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналым салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт болып танылады.

Тауарларға қатысты “өткізу” термині салық ұстаушының меншігіне кепілдендірілген тауарларды сату, айырбастау, қайтарымсыз беру немесе беруді, жеке мақсатта тауарларды қолдану, жоғалту жұмыс мен қызметті өткізу білдіреді.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді айырбастау немесе оларды қайтарымсыз беру, сондай-ақ сатып алу құнынан төмендетіп сату кезіндегі салық салынатын айналым айырбастау немесе беру сәтінде қалыптасқан, бірақ нақты қалыптасқан шығындардан төмен емес баға деңгейімен анықталады. Акцизделетін тауарларға салық салынатын айналым мөлшеріне акциз сомасы қосылатынын ұмытпау керек.

Тауарлар, жұмыстар немесе қызметтерге қоюшы қосылған құн салығын төлегенде есепке алуға жатқызудың негізділігін тексеру келесі кезең болып табылады. Сонымен салық төлеушіде әрбір қоюға шот-фактура немесе қойылым құнында қосылған құн салығының бар болуын расстайтын басқа құжаттың бар немесе жоқтығына тексеріс жасау керек.

Алыс шетелден шығарылған импорттық тауарлар бойынша тек кедендік құжат толтыру екізінде Қазақстан Республикасы бюджетіне төленген қосылған құн салығы ғана есепке алынады.

Қосылған құн салығын төлеуден босатылған қызметтер бойынша, ғимараттар мен жеңіл автокөліктерін сатып алу, кәсіпкерлік қызметке емес басқа мақсатқа алынған тауарлар қосылған құн салығы бойынша есепке алынбайды.

Салық кодексіне сәйкес, тауарлар бүлінген немесе жоғалған кезде осы тауарлар бойынша есепке алынған қосылған құн салығы бюджетке қайтаруға жатқызылады.

Егер де салық төлеушілерде салық салынатын және салық салынбайтын айналым болса, онда қосылған құн салығы бойынша есепке айналымның жалпы сомасынан салық салынатын айналымның үлес салмағымен анықталған салық сомасы қабылданады.

Есепке алуға жатқызылған есеп сомасы есптік кезеңде есептелген сомада артқан жағдайда салық органдары қосылған құн салығы бойынша дебеттік сальдоны немен байланысты туындағанына мұқият талдау жасаған жөн. Егер де ол нөлдік ставканы қолданумен байланысты болса, онда барлық растаушы құжаттардың (алыс шетелдің шекарасын өткендігін растайтын жүктердің кеденді декларациясы бір реттік халықаралық тасымалдау құжаттары және т.б. құжаттар) бар болуы міндетті түрде тексеріледі.

Бюджетке аударылатын қосылған құн салығы сомасының толықтық және уақытылы аударылуына тексеріс жасауда салық және оның мөлшері бойынша ағымдық төлемдер жарнасы мезгілінің сақталуына аса көңіл аудару қажет. Салық төлеушіге салықты төлеу бойынша мерзімін кейінге қалдыру өтеулердің уақыттылығы мен өсім ақының төлемі ұсыналады, әлде жоқ па соны тексеру керек. Осы кезде Салық кодексі бойынша ұсынылған мерзімді кейінге қалдыруды ескере отырып өсімшені есептеуге, өтеудің уақыттылығына тексерім жасау керек. Салық кодексі бойынша ұсынылған кейінге қалдыруды ескеру қажет.

Салық кодексімен ұсынылған бюджеттік мекемелер үшін кейінге қалдыруларға өсімше есептелінбейді.

Қосылған құн салығы бойынша декларацияларда көрсетілген мәліметтердің шынайлығына, сондай-ақ салық органына дер кезінде ұсынылуына дер кезінде тексеріс жасау керек. Сондай-ақ салықтардың толық келіп түспеулерді жою керек. Қосылған құн салығының дұрыс есептелуімен уақытылы төлену тәртібін қарастырып, салықтық бақылау салықтарды толық және дұрыс төлеуді бақылау емес екенін атап өту керек. Салықтық бақылаудың кең мәні — бұл мемлекеттің маңызды қызметтерінің біріне жатқызылған салық заңдарының орындалуын бақылау. Оның маңыздылығы осы бақылау мемлекеттің мүлдіктік табысы болып табылатын алымдар мен салықтарды қамтамасыз етуші құрал ретінде қатысуында.

Нәтижесінде, әдетте, салықтық бақылау мемлекеттік бақылаудың жақсы ұйымдастырылған түрлерінің бірі. Салықтық бақылаудың барлығын қамтыған мемлекеттің материалдық мүддесі салық төленбеген жағдайда экономикалық және әлеуметтік тәртіпте мәселе тұғызады. Салықтық бақылаудың мамандырылуы оның материалдылығымен анықталады. Ол салық қызметі органдарының оның шегінен шығуына қақысыз екендігінен көрінеді. Бұл жағдай Салық кодексінде салық төлеушінің құқығы түрінде “салық салуға қатысы жоқ ақпараттар мен құжаттарды ұсынбауы керек” деген тұжырым жазылған. Салықтық бақылаудың қызметтілігінің объектісі ретінде меншік нысанына ұйымдық құқықтық нысанына және қызмет түріне тәуелсіз заңды және жеке тұлғалардың салықтық міндеттемелері қатысады.

Біздің елімізде салықтық бақылау сәйкесінше билік құзырлығымен қамтылған, “билік пен бағыну” үлгісіндегі салықтық қатынастарда бақылаушы субъектісі болып табылатын мемлекеттік органмен жүзеге асырылады. Сондықтан не бір азамат, не бір еңбек ұжымы, не бір кәсіподақ салықтық бақылау субъектісі ретінде қатыса алмайды. Осы себептерге байланысты кең таралғанымен де аудиторлық тексерістер салықтық тексеруші бола алмайды. Бақылаудың мәні “тексеру”, тексеру мақсатындағы “барлауды” білдіреді. Бақылаудың мақсатымен міндеттің толықтығы, уақыттылығы және тиімділігі, сондай-ақ операция әрекеттің және салық төлеушінің жауапкершілікке тартудың, заңдылығы мәліметтерінің шынайлығы белгіленеді. Сондықтан бақылау салық төлеушілердің салық заңдарын сақталуына бағытталған. Салықтық тексерістерді жүргізудің тиімділігіне қол жеткізу үшін салықтық қызмет органдары атқарушы билік органдарымен құқық қорғау, қаржы және басқада бақылаушы органдармен өзара әрекет етіп, біріккен бақылауды жүргізудің шараларын қабылдап, сәйкесінше, салық қызметінің, өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған ақпараттардың құпиялығын сақтай отырып, ақпараттардың өзара айырбасын қамтамасыз етеді.

Салық кодексі мемлекеттік органдарының міндеттерін белгілеп, Қазақстан Республикасы салық заңдарының орындалуына бақылау бойынша міндеттерді, сондай-ақ салықтық тәртіп бұзушылықпен күресте міндеттерді орындауына әсер етеді.

Қазіргі уақытта барлық әлемде салық жүйесін жеңілдету тенденциясы байқалады. Салық жүйесі қарапайым болса, экономикалық нәтиже оңай анықталады. Салық органдарында жұмыс істейтіндер санын азайтуға мүмкіндік береді.

Осындай тенденция кейбір елдерде тек жалғыз қосылған құн салығының бар болуымен бекітіледі.

Біздің елімізде салық жүйесі өте күрделі құрылымды иеленеді. Онда бір-бірінен мәні жағынан еш айырмашылығы жоқ әртүрлі салықтар, аударымдар, акциздер және алымдар бар. Осындай төлемдердің көптігі кәсіпорындар бухгалтериясында үнемі қателіктерге әкелсе, нәтижесінде кәсіпорын салықты уақытында төлемділігі үшін өсім төленуіне тура келеді. Салықтардан өсім алу үшін салық жүйесін арнайы қиындықтан дегенде ой келеді.

Сонымен бірге, салық ставкалары мен олар төленетін табыстар өте қажетті салық элементтерінде әрқелкі көрсетіледі. Сондықтан Заң шыққан соң біраз айлар өткеннен кейін

нұсқаулар шығарыла бастайды. Біздің еліміздің салық жүйесінің тағы бір кемшілігі — оның тұрақсыздығы болып табылады.

Салықтар енгізілген соң бір жылда қызмет етпей алынып тасталады.

Салықтар төңірегіндегі осындай жағдайлар біздің экономикамыздың тұрақсыздылығына әкеледі. Сондықтан, дағдарыс жағдайынан шығу үшін салық жүйесін жөнге келтіру, кәсіпорындарға қалыпты жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жоғарында айтылғанды талдай келе мәселелер қазіргі жағдайда төмендегі әдейі проблемалық сұрақтарды бөлуге болады:

1. салықтарды есептеу мен жинаудың, салық төлеушілерді есепке алудың, бақылау жұмысының және салық тәртібін бұзушылықпен күрестің тиімді жүйесін құру, тиімсіз салықтарды жүйеден алып тастау арқылы салық жүйесін жеңілдетіп салық ауыртпалығын азайту, өзін ақтамайтын салықтық жеңілдіктерді алып тастау арқылы салық бағасын кеңейту, салық ауыртпалығын аудару;
2. аудандар деңгейінде жаңа ұйымдық-қызметтік құрылымды енгізу;
3. салық органдары қызметтерін жүзеге асыру үшін жаңа технология мен процедураны өңдеу мен енгізу;
4. салық заңының тиімділігін арттыру үшін ақпараттық-аналитикалық жұмыстар мен ғылым болжамдар әдістері мен нысандарын қолдану;
5. құжаттық тексерістер мен оларды өткізу үшін салық төлеушілерді іріктеу мен әдістемені өңдеу мен қолдану;
6. халықаралық және мемлекеттік стандарттарды салық органдарын ақпараттандыру үшін қолдану;
7. салықты есептеу мен алудың “дербес есептеу” жүйесін іске қосу;
8. салық органдары мен салық төлеушілердің өзара әрекеттестігінің “мейірбандық” жүйесін қалыптастыру мен ұйымдастыру;
9. салық органдарында құжат айналысын оңтайландыру.

Осы тақырыптың өзектілігін отандық тауар өндірушілерге салық салудың тиімді концепциясын жасау жолымен салық ауыртпалығының азаюынан көруге болады.

Экономикалық өсуге қол жеткізу азаматтардың өмір сүру деңгейін өркениетке жеткізу тиімді жұмыс істеуші салық жүйесін құру болып табылады. Соңғы жылдары осы жүйенің экономикалық және әлеуметтік шарттарына сәйкес қосымша өңдеуді қажет ететін контуры анықталады.

Салық жүйесін жетілдіру сұрақтарын қарастыра отырып салықтардың жиналымдалығын арттыратын механизмді іздеуге аса көңіл бөлу керек.

Қазіргі уақытта салық жүйесін жетілдіруді төмендегідей бағыттарда жүргізу керек:

1. бюджетке қаржы ресурстарының түсуінің толықтығын қамтамасыз етуге кедергі кемшіліктерді жою;
2. салықтар жүйесін санды есептік-бақылау аспектісінде жеңілдету;
3. әрбір өндірушінің шаруашылық қызметінің мақсатын, стратегиясын таңдау әдісі мен құралын қалыптастырушы тұтас және белсенді әрекет етуші экономиканы реттеу жүйесін құру;
4. салықтық қатынастарды реттеудегі заңның рөлін арттыру есебінен құқықтық нысанды жақсарту.

Салықтарды тиімді қолданудың маңызды бағыттары болып шағын кәсіпкерлікті ынталандырудағы оның рөлін арттыру болып табылады. Нақ осы бәсекелестік аяны қалыптастырып, қосымша жұмыс орынын ұсынып, озық жетістіктерді жедел енгізеді, сұраныс пен ұсынысқа байланысты өндірісті бейімдей алады, жоғарлатылған алғашқы шығындарды талап етпейді.

Шағын кәсіпорындардың санын өсіру, олардың тиімділігін арттыру мақсатын, өзі емес нарықтық ортаның қалыптасуының, экономикалық өсу шарттарын қамтамасыз етудің шынайы қадамы, соның негізінде біздің азаматтарымыздың тұрмыс тіршілігін арттырады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту механизмнің бірден-бір шешуші буыны болып салық жүйесі табылады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі шағын кәсіпкерлікті нығайту мен қолдауға бағытталған салық жүйесін құрудың мақсаты бағытталған бағдарламасын құрудың қажеттігіне куәлік етеді.

Салық саясаты салық базасын кеңейтуге бағытталған болу керек. Салық базасын кеңейту салық ауыртпалығын күшейтпей-ақ, бюджетке тапсырыстардың шынайы түсуін арттырады.

Осы проблеманы шешпей экономикалық өсудің, қаржылық базасын қамтамасыз ету мүмкін емес. Салық салатын базаны кеңейтудегі шынайы қадам болып шағын кәсіпкерліктің дамуын барынша ынталандыру болып табылады.

Салық жүйесі нарықтық экономиканың бірден-бір басты элементтерінің бірі болып табылады. Шаруашылықты дамытуға экономикалық және әлеуметтік дамудың басымдылығын анықтағанда салық жүйесі мемлекеттің әсер етуінің басты аспабы болып қатысады. Осыған байланысты Қазақстанның салық жүйесі жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделіп, әлемдік тәжірибеге сәйкес болуы керек.

Біздің салықтардың тұрақсыздылығы ставкалардың жеңілділігінің үнемі қайта қаралуын Қазақстанның нарықтық қатынастарға өту кезеңінде теріс рөлді иеленіп отандық және шетелдік инвестицияларға кедергі болды. Салық жүйесінің тұрақсыздығы бүгінгі күндегі салық салудың басты проблемасы. Өмір салық жүйесінің таза қазыналық қызметіне жасалған басымдылығының оң нәтижесін бермеді.

Салық саласындағы реформаторлық қайта құрудың талдауы негізінен тартылған ұсыныстар салық жүйесінің элементтеріне ғана екенін көрсетті (ең алдымен ставка мөлшері, ұсынылатын жеңілдіктер, салу объектісі).

Бірақ бүгінгі уақытта нарықтық қатынастардың қазіргі кезеңіне сәйкес келетін салық жүйесі қажет.

Бүгінгі күні Батыс елдерінде салық алу мен оны қолданудың жалпыланған теориясы мен ойластырылған тәжірибесі бар. Бірақ олардың тәжірибесіне бейімделу қиын, себебі өзінің ұлттық шаруашылығын қайта құрудың жарқын жолдарын іздеуші бүгінгі Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси шарттарының ерекшеліктеріне бірінші дәрежелі көңіл бөлмеу мүлдем мүмкін емес.

Салық салу аясындағы проблемалардың көп қалыптасқандығы сондай, оларды жекелеген жарлықтар мен түзетулер арқылы шешу мүмкін емес. Біздің салық жүйеміз өзіне жүктелген қызметтерді жүзеге асыруға қабілетсіз. Ол өз кезегінде елдің экономикалық дамуына кедергі келтіреді.

Осы қайшылықтарды жоюдың ойластырылмаған амалдарды көптеген түзетулер өз кезегінде одан әрі қайшылықтар мен тұрақсыздыққа әкеледі. Ставкалар мен жеңілдіктерді үнемі қарастыру біздің салық органдарының тұрақсыздығы нарықтық қатынастардың қалыптасуында жағымды рөлді иеленген жоқ.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: қосылған құн салығы мемлекеттік бюджеттің ауқымды бөлігін құрайтынын ескеріп, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде жазылған нұсқауларды талдап, есептелетін қосылған құн салығының, өндірілетін қосылған құн салығының, төленетін қосылған құн салығының айырмасын түсіну. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою, қосылған құн салығы бойынша есептілік дайындап салық орындарына тапсыру және қосылған құн салығы есебінен алып тастау ережелерін меңгеру. Қосылған құн салығы бойынша салықтық мөлшерді есепте пайдалану.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет.

1. Тікелей салық дегеніміз не, ҚҚС тікелей салық болып есептеле ме?
2. Жанама салық дегеніміз не, ҚҚС жанама салық болып есептеле ме?
3. Жанама салығының қолайлы жақтарын тізіп беріңіз.
4. ҚҚС салығының салық негізі не болып есептеледі?
5. ҚҚС салығының аясына не айналым түрлері жатпайды?
6. ҚҚС салығы бойынша не салықтық декларация толтырылады?
7. ҚҚС салықтық мөлшері Қазақстан Республикасы тарихында қалай өзгерді?
8. Жабдықтаушыдан сатып алған тауар үшін, ҚҚСын қоса шот фактура алынды.

Жалпы шот бойынша кәсіпорын 540 000 теңге төлеп, борышын жапты. Төленеген сомада неше теңге ҚҚС отыр?

9. Тұтынушыға сатып алған тауарлар үшін, ҚҚСын қоса шот фактура берілді. Жалпы шот бойынша тұтынушы 540 000 теңге төлеп, борышын жапты. Қабылданған сомада неше теңге ҚҚС отыр?

10. Кәсіпорынның 3130 шотында бірінші тоқсан аяғында 1 000 000 теңге сальдосы бар, ал 1420 шотында 700 000 теңге сальдо болыпты. Кәсіпорын мемлекеттік бюджетке бірінші тоқсан қорытындысымен неше теңге ҚҚС салығын төлеу керек?

№ 2. Тапсырма: Шаруашылық субъект бір айдың ішінде жабдықтаушылардан келесі тауарлар тобын сатып алды делік:

- Күріш – 3000 кг – 900 000 теңгеге;
- Қант – 900 кг – 360 000 теңгеге;
- Ұн - 2400 кг – 240 000 теңгеге;
- Сыыр еті – 3600 кг – 7 200 000 теңгеге;
- Жылқы еті – 5100 кг – 10 710 000 теңгеге.

Кестені соңына дейін толтырып шығыңыз.

Кесте 7.1 - ҚҚС айналымы бойынша көрсеткіштер

№ р/р	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағамы, ҚҚС қосқандаі	Барлығы	соның ішінде ҚҚС. 12%
Жабдықтаушыдан сатып алынған тауарлар						
1	Күріш	кг	3000	300	900 000	96 429
2	Қант	кг	900	400	360 000	38 571
3	Ұн	кг	2400	100	240 000	25 714
4	Сыыр еті	кг	3600	2000	7 200 000	771 429
5	Жылқы еті	кг	5100	2100	10 710 000	1 147 500
	Барлығы	X	X	X	19 410 000	2 079 643
Тұтынушыларға сатылған тауарлар						
1	Күріш	кг	2500	350	???	???
2	Қант	кг	500	450	???	???
3	Ұн	кг	2000	120	???	???
4	Сыыр еті	кг	3000	2200	???	???
5	Жылқы еті	кг	5000	2500	???	???
	Барлығы	X	X	X	???	???

Аталған тауарлар сатылды, соның ішінде:

- Күріш – 2500 кг – 350 теңгеден;
- Қант – 500 кг – 450 теңгеден;

Үн - 2000 кг – 120 теңгеден;
 Сияр еті – 3000 кг – 2200 теңгеден;

**ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША
ДЕКЛАРАЦИЯ**

Нысан: 300.00 бет 01

«Жылқыны құр қалпын бойынша декларациялау» салық есептеуін және тіркеуін қамтамасыз ететін құжат. ҚАЗАҚ АУДАРЫМДЫҚ ҚАЗІРІ АҚТӨК ЗАМАНАУИ ЖЕТІЛІС АКАДЕМИЯСЫ, ТАСТА ДИПЛОММЕН ПАТЕНТТІК

Бөлім. ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 ҚҚС төлеушінің түсі, яғни, қосымша немесе қосымша емес (басқаша атау)

3 Салық есептеуін табыс сұлбасы салық көлемі: төңкеріс және

4 Декларация түрі (түсінік төрөінде көрсетіледі):
 басшысы бекетті қосымша жабықлама бойынша тәртібі

5 Хабарландыруды күні мен номері (қосымша берілген декларация табыс сұлбасы жағында толықтырылады):
 А номері
 В күні

6 Салық төлеушінің жеке тұлғаның сипаттары (түсінік төрөінде көрсетіледі):
 А Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқару
 В Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқару құрылтайшысы
 С Салық кодексінің 411-бабымен ережелерін қолданатын салық төлеуші: Салық кодексінің 411-бабының 1-тармағымен жоспарланған қызмет бойынша өзіне қызмет бойынша

7 Жалпы Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын дайындау арналған иелікшілерге иеліктеріне қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар топтары:
 А келісімшарты № Б жасалған күні

8 Валюта коды

9 ҚҚС есепке жатқызуға әкелі (түсінік төрөінде көрсетіледі): барабар бөлек

10 ҚҚС бойынша ауыспалы номері мен сәйкес барабар және бөлек

11 Табыс аталған кестілер

12 шет-фактуралды жаппай беру тәсілі (түсінік төрөінде көрсетіледі): сәйкес жеткізілетін электрондық түрде

13 шет-фактураларды алу тәсілі (түсінік төрөінде көрсетіледі): қалып жеткізілетін электрондық түрде

Бөлім. ҚҚС есептеу

Шығатын Атыру:	А ҚҚС-пен өткізу бойынша айналған сомма				В ҚҚС сомма			
	0001	0002	0003	0004	0001	0002	0003	0004
300.00.001 ҚҚС сипатында өткізу бойынша айналған, салық иелігі: I нем-фактуралық жаппай беру II нем-фактуралық жаппай беру								
300.00.002 Нем-фактуралық өткізу бойынша айналған (300.01.004+300.06.005 А)								
300.00.003 Салық сипатында (төңкерісмен) шығатын түсі (300.06.004 А, 300.06.004 Б)								
300.00.004 Төңкерісмен ҚР бұйым табыстық декларация, жарналарға, қосымшаларға өткізу объектісі аталған								
300.00.005 ҚҚС салықтан босатылған айналандыру (300.02.009+300.06.006 А)								
300.00.006 Жалпы айналған (300.00.001 А+300.00.002+300.00.003 А+300.00.004+300.00.005), салық иелігі: I Айналандыру салығы (300.00.001 А+300.00.002 А+300.00.003 А+300.00.004 А)								
300.00.007 Жалпы айналған салық сипатында айналған түсі (300.00.001 А+300.00.002+300.00.003 А+300.00.004+300.00.005)								

Сурет 7.1 - Қосылған құн салығы бойынша декларация, 300.00 нысаны, бірінші бет

Жылқы еті – 5000 кг – 2500 теңгеден.

Келтіріліп отырған мысалда үш жақта (аталмыш субъект, жабдықтаушы, тұтынушы) қосымша құн салығын төлеуші болып тіркелген.

Осы деректерді және кестеде келтірілген көрсеткіштерді пайдаланып келесі сауалға жауап беріңіз: шаруашылық субъект операциялар қорытындысымен салық есептілігін тапсырса қанша ҚҚС төлеу міндетті? (Кесте 1).

ЖСН (БСТ): нысаны 300.00 бет 02

Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: ТОҚСАН 2011

Бөлім. ҚҚС есептеу

Жалпы сом	Атыры	А	B
		ҚҚС-сыз өткізу бойынша айналым сомасы	ҚҚС сомасы
300.00.001	Жалпы айқындалмағандықпен текше ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі (300.00.002)х300.00.001Д+300.00.002+300.00.003Дх100		
300.00.009	Бір мезгілде есепке жатқызылған барыбар және бөлек едістерін қолданған жағдайда көрсетілген есепке жатқызылған бөлек едіс қолданған айналымдар есепке алынбай есептелген салық салынатын айналымның жалпы айқындалмағандық үлесі		
300.00.010	Жер көйнеумен пайдалануға арналған объектілердің орташа бағасын сәйкес тауарлармен өткізуге кезінде есепке жатқызу үшін есептелген ҚҚС		
300.00.011	300.00.010 (300.01.001 В) желімен көрсетілген өткізуге есепке жатқызу үшін есептелген ҚҚС		
300.00.012	Жалпы есептелген ҚҚС (300.00.010В+300.00.003В+300.00.010+300.00.011)		

Бөлім. Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы

Жалпы сом	Атыры	А			B		
		001	002	003	001	002	003
300.00.013	ҚР-да ҚҚС-мен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер, соның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> I мен-фактуралар бойынша II акциздер арқылы өткізілген 						
300.00.014	Резидент еместен алынған жұмыстар, қызметтер (300.05.0000001, 300.05.0000001)						
300.00.015	ҚҚС-сыз алынған және есепке жатқызуға рұқсат берілмеген тауарлар, жұмыстар, қызметтер						
300.00.016	ҚҚС өлшеген өткізуге (тауарлар декларациясы және 328.00 және нөмірісі) соның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> I Еуропалық экономикалық одағына мүше мемлекеттерімен мемлекеттердің өткізуге II Еуропалық экономикалық одағына мүше мемлекеттерден өткізуге 						
300.00.017	Босатылған тауарлар өткізуге (300.02.014)						
300.00.018	ҚҚС төлеу міндеттері өтелгеннен тауарлар алынғаны стандарттар дәлсіздігінен кеткенде						
300.00.019	Төлеу міндеттері өтелгеннен тауарлар өткізуге бойынша бақылауға бағытталған ҚҚС (300.00 нысанының Е бақылаушылары 00000001 жөнделген декларациялар сомасы)						
300.00.020	Жер көйнеумен пайдалануға арналған объектілердің пайдалануға өткізуге ҚҚС есепке жатқызу үшін есептелген тауарлар өткізуге						
300.00.021	Жалпы айқындалмағандықпен текше ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі (300.00.002)х300.00.012Д+300.00.002+300.00.003Дх100						
300.00.022	Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету (300.00.010 В)						
300.00.023	300.00.024 жөнінде көрсетілген есепке жатқызылатын жалпы ҚҚС сомасы (300.00.010В+300.00.014В+300.00.016В+300.00.017В+300.00.018В+300.00.019В+300.00.021В+300.00.022В)						
300.00.024	Есепке жатқызылатын жалпы ҚҚС сомасы барыбар және бөлек едістерін қолданған кезде, соның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> I есепке жатқызуға прокураторлардың дәл қолданатын тауарлар, жұмыстар, қорсетілген қызметтер бойынша II бөлек едістерін алуға жүргізу арқылы өткізуге қолданылатын тауарлар, жұмыстар, қорсетілген қызметтер бойынша III бір мезгілде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың өткізуге үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қорсетілген қызметтер бойынша 						
300.00.025	Есепке жатқызуға рұқсат етілген ҚҚС сомасы <ul style="list-style-type: none"> I барыбар едістерді қолданған кезде (300.00.023х300.00.007) немесе (300.00.023) II бөлек едістерді қолданған кезде (300.00.023) III барыбар және бөлек едістерді қолданған кезде ((300.00.024х300.00.009)+(300.00.024Нх300.00.007)+300.00.024Н) 						

Сурет 7.2 - Қосылған құн салығы бойынша декларация, 300.00 нысаны, екінші бет

№ 3. Тапсырма: Шаруашылық субъект бір айдың ішінде жабдықтаушылардан келесі тауарлар тобын сатып алды делік:

Күріш – 5000 кг – 900 000 теңгеге;

Қант – 1000 кг – 360 000 теңгеге;

The image shows a tax declaration form for 300.00.030, titled "Бөлім. Есептеме жатқызылатын ҚҚС сомасы" (Section. VAT to be declared). The form is divided into several sections:

- Section 1: VAT to be declared (300.00.025).** It includes items IV, I, II, and III, detailing the calculation of VAT based on the 411-paragraph of the Tax Code and the VAT rate (70%).
- Section 2: VAT to be declared (300.00.027).** It includes items I and II, detailing the calculation of VAT based on the 411-paragraph of the Tax Code and the VAT rate (70%), including the calculation of VAT on the value added.
- Section 3: VAT to be declared (300.00.029).** It includes item I, detailing the calculation of VAT based on the 411-paragraph of the Tax Code and the VAT rate (70%), including the calculation of VAT on the value added.
- Section 4: VAT to be declared (300.00.030).** It includes items I, II, and III, detailing the calculation of VAT based on the 411-paragraph of the Tax Code and the VAT rate (70%), including the calculation of VAT on the value added.
- Section 5: VAT to be declared (300.00.031).** It includes item I, detailing the calculation of VAT based on the 411-paragraph of the Tax Code and the VAT rate (70%), including the calculation of VAT on the value added.

The form also includes a section for "Бөлім. ҚҚС алып кеткен сомасын қайтару туралы мәлімет" (Section. Information on the return of the amount of VAT paid) and a section for "Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі" (Section. Liability of the taxpayer). The form includes fields for the taxpayer's name, address, and contact information, as well as a barcode and a QR code.

Сурет 7.3 - Қосылған құн салығы бойынша декларация, 300.00 нысаны, үшінші бет

Ұн - 3400 кг – 240 000 теңгеге;

Сиыр еті – 4000 кг – 7 200 000 теңгеге;

Жылқы еті – 6000 кг – 10 710 000 теңгеге.

Аталған тауарлар сатылды, соның ішінде:

Күріш – 400 кг – 350 теңгеден;
Қант – 800 кг – 450 теңгеден;
Ұн - 3000 кг – 120 теңгеден;
Сиыр еті – 2000 кг – 2200 теңгеден;
Жылқы еті – 6000 кг – 2500 теңгеден.

Келтіріліп отырған мысалда үш жақта (аталмыш субъект, жабдықтаушы, тұтынушы) қосымша құн салығын төлеуші болып тіркелген.

Келтірілген деректерді пайдаланып суретте келтірілген үлгі бойынша декларацияны толтырыңыз.

Аталмыш компания өзінің жұмысын атқару барысында басқа да жабдықтаушылардың қызметін алып, олардан шот фактуралар қабылдады.

Соның ішінде коммуналдық шығындар бойынша:

- А) электрқуат – 400 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- Ә) жылу - .700 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- Б) салқын су – 300 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- В) ыстық су – 500 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- Г) залалсыздандыру жұмыстары – 100 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;

Кәсіпкерде коммуналдық шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі:

Соның ішінде:

1. Тауарларды тасымалдау шығындары

- А) автокөлік арқылы тасымалдау шығындары – 600 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- Ә) темір жол арқылы тасымалдау шығындары – 400 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- Б) әуе жол арқылы тасымалдау шығындары – 300 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда;
- В) су жолы арқылы тасымалдау шығындары – 200 мың теңге, ҚҚС ын қосқанда.

Жоғарыда аталып өткен көрсеткіштерді негізге алып қосымша құн салығын есептеп шығарыңыз, ұсынған үлгіге сәйкес декларация тротырыңыз.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде кәсіпкердің толық аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

VIII ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

8.1. Жылдық жиынтық табыс

Корпоративтік табыс салығының төлеушілері:

мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар алатын резидент емес заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылады.

оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар Салық Кодекстің 61-тарауына сәйкес, көрсетілген режим шеңберінде салық салынатын табыстар бойынша корпоративтік табыс салығын есептейді және төлейді.

ойын бизнесі салығын, тіркелген салықты төлеушілер салық Кодекстің 411, 420-баптарында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін табыстар бойынша корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылмайды.

Корпоративтік табыс салығын салу объектілері мыналар болып табылады:

салық салынатын табыс;

төлем көзінен салық салынатын табыс;

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы.

Салық салынатын табыс түзетулерді ескере отырып жылдық жиынтық табыс пен осы бөлімде көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Резидент заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы осы тұлғаның Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде салық кезеңінің ішінде алуына жататын (алынған) табыстарынан тұрады.

Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы Кодекстің 198-бабында көрсетілген табыстардан тұрады.

Резидент заңды тұлғаның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынатын табыстары осы бөлімде және Кодекстің 27-тарауында белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады.

Мыналар салық мақсатына орай табыс ретінде қарастырылмайды:

жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны;

эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған ақша сомасы;

егер Кодексте өзгеше көзделмесе, мүлікті өтеусіз негізде беретін салық төлеуші үшін өтеусіз берілген мүліктің құны. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады;

Кодексте көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы;

егер Кодексте өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнын өзгертуге байланысты туындайтын табыс;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданы арттыру.

Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші табыстарының барлық түрлері:

өткізуден түсетін табыс;

құн өсімінен түсетін табыс;

туынды қаржы құралдары бойынша табыс;

- міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;
- күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;
- банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;

Кесте 8.1 - Жылдық жиынтық табысқа кіріс сомаларының қатынасы

Салық мақсатына орай табыс ретінде қарастырылатын кірістер	Салық мақсатына орай табыс ретінде қарастырылмайтын кірістер
<ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> өткізуден түсетін табыс; <input type="checkbox"/> құн өсімінен түсетін табыс; <input type="checkbox"/> туынды қаржы құралдары бойынша табыс; <input type="checkbox"/> міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> күмәнді міндеттемелер бойынша табыс; <input type="checkbox"/> банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс; <input type="checkbox"/> кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс; <input type="checkbox"/> тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс; <input type="checkbox"/> кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс; <input type="checkbox"/> бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері; <input type="checkbox"/> бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар; <input type="checkbox"/> өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс; <input type="checkbox"/> дивидендтер; <input type="checkbox"/> депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар; <input type="checkbox"/> оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі; <input type="checkbox"/> ұтыстар; <input type="checkbox"/> әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс; <input type="checkbox"/> кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс; <input type="checkbox"/> сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс; <input type="checkbox"/> басқа да табыстар енгізіледі. 	<ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны; <input type="checkbox"/> эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған ақша сомасы; <input type="checkbox"/> егер Кодексте өзгеше көзделмесе, мүлікті өтеусіз негізде беретін салық төлеуші үшін өтеусіз берілген мүліктің құны. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты шеккен шығыстар мөлшерінде айқындалады; <input type="checkbox"/> Кодексте көзделген жағдайларда салық міндеттемесінің мөлшерін азайту сомасы; <input type="checkbox"/> егер Кодексте өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнын өзгертуге байланысты туындайтын табыс; <input type="checkbox"/> халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданы арттыру.

- сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;
- талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;
- кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;
- тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;

табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;

кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;

бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

дивидендтер;

депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар;

оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

ұтыстар;

әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

басқа да табыстар енгізіледі.

Өткізуден түсетін табыс

Егер Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, Кодекстің 87 – 98-баптарына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін табыстардан басқа, өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны өткізуден түсетін табыс болып табылады.

Өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнына қосылған құн салығының және акциздің сомасы енгізілмейді.

Қызметтер көрсетуден түсетін табысқа осы бөлімнің мақсатында, сондай-ақ:

кредит (қарыз, микрокредит) бойынша, репо операциялары бойынша сыйақылар түріндегі табыс;

мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша сыйақылар түріндегі табыс;

роялти;

мүлікті жалға беруден түсетін табыс жатады.

Құн өсімінен түсетін табыс

Құн өсімінен түсетін табыс, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу кезінде құралады.

Амортизацияға жатпайтын активтерге:

жер учаскелері;

аяқталмаған құрылыс объектілері;

орнатылмаған жабдық;

табыс алуға бағытталған қызметте пайдаланылмайтын, бір жылдан астам қызмет мерзімі бар активтер;

бағалы қағаздар;

қатысу үлесі;

құны Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген, құны толығымен шегерімге жатқызылған активтер;

Кодекстің баптарына сәйкес әлеуметтік сала объектілеріне жатқызылған мүлік жатады.

Өсім, амортизацияға жатпайтын активтердің өткізілу құны мен олардың бастапқы құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бағалы қағаздарды және қатысу үлесін өткізу кезінде:

борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар, қатысу үлесі бойынша – өткізілу құны мен бастапқы құн (салым) арасындағы оң айырма;

борыштық бағалы қағаздар бойынша – дисконттың амортизациясын және (немесе) өткізілген күнгі сыйлықақыны ескере отырып, өткізілу құны мен бастапқы құн арасындағы, купон ескерілмеген оң айырма құн өсімі болып табылады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс

Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табысқа:

салық төлеушінің міндеттемелерін оның кредиторының есептен шығаруы;

салық төлеуші таратылған кезде тарату балансы бекітілген кезде кредитор талап етпеген міндеттемелер;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талап қою мерзімінің өтуіне байланысты міндеттемелерді есептен шығару;

соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша міндеттемелерді есептен шығару жатады. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс сомасы салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес есептен шығару кезінде төленуге жататын міндеттемелердің сомасына тең болады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табысқа міндеттемелердің кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша берілуіне байланысты олардың мөлшерін азайту жатпайды.

Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыс

Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша, сондай-ақ қызметкерлердің есебіне жазылған табыстар мен Кодекстің бабына сәйкес айқындалатын басқа да төлемдер бойынша туындаған және туындаған күнінен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер күмәнді деп танылады.

Көрсетілген міндеттемелер міндеттемелердің туындауы күніне қабылданған ставка бойынша бюджетпен өзара есеп айырысуда осы міндеттемелердің бұрын шегерімге жатқызылған сомасына бара-бар түрде қалпына келтірілуге жататын қосылған құн салығын қоспағанда, осы міндеттемелердің бұрын шегерімге жатқызылған сомасы шегінде салық төлеушінің жылдық жиынтық табысына енгізілуге жатады.

Мыналар:

талап ету құқығын алатын салық төлеуші үшін – негізгі борышты талап ету бойынша борышкерден алынуға жататын сома, оның ішінде талап ету құқығын басқаға берген күнгі негізгі борыштан тыс сома мен талап ету құқығын алу құны арасындағы оң айырма;

талап ету құқығын басқаға беретін салық төлеуші үшін – салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес басқаға беру жүргізілген талап ету құқығының құны мен борышкерден талап ету құқығын басқаға беру күні алынуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс болып табылады.

Өтеусіз алынған мүлік

Салық төлеуші өтеусіз алған кез келген мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны оның табысы болып табылады.

Өтеусіз алынған мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны ХҚЕС және ҚР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс (залал)

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша өткізілу құны мен берілетін активтердің өткізген күнгі бухгалтерлік есеп деректері бойынша берілетін міндеттемелердің баланстық құнына азайтылған баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан шегетін залал кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша өткізілу құны мен берілетін активтердің өткізген күнгі бухгалтерлік есеп деректері бойынша берілетін міндеттемелердің баланстық құнына азайтылған баланстық құны арасындағы теріс айырма ретінде айқындалады.

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан шегетін залалды ауыстыру Кодекстің 137-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жылдық жиынтық табысты түзету

Салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан:

тәуекелдік инвестициялаудың жабық пайлық инвестициялық қорлары мен тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтінді қоспағанда, дивидендтер;

жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алған банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым мен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры өздерінің өтелген депозиттер және төленген кепілдікті және өтемақылық төлемдер бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына бағытталған инвестициялық табыстар;

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық табыстар;

Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес пайлық және акционерлік инвестициялық қорлар кастодиандардағы шоттарға алған және соларда болатын инвестициялық табыстар;

Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру мәмілесі бойынша арнайы қаржы компаниясы алған, борышты талап ету құқығын басқаға беруден алынған табыс;

мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры мақта өңдеу ұйымдарынан алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қабылдау кәсіпорындарының алатын жыл сайынғы міндетті жарналардың сомасы;

мақта (астық) қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алатын ақша сомасы алып тасталуға жатады.

Тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың салық төлеуші осының алдындағы салық кезеңінде қолданған әдісінен өзге әдіске ауысқан кезде салық төлеушінің жылдық жиынтық табысы бағалаудың жаңа әдісін қолдану нәтижесінде түзілген оң айырма сомасына ұлғайтылуға және теріс айырма сомасына азайтылуға жатады.

Салық төлеуші тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың өзге әдісіне ауысуды салық кезеңінің басынан бастап жүргізеді.

8.2. Жиынтық жылдық табысы бойынша шегерімдер

Өнiмдi (жұмыс, қызметтi) өндiруге кеткен шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес келесi элементтер бойынша топтастырылады: материалдық шығындар; еңбек ақыға шығындар; сақтандыруға аударымдар; құралдардың тозуы; басқа да шығындар.

Материалдарды өнiмдi, жұмысты, қызметтi өндiруге қолданғанда бағалау келесi әдiстердiң бiреуiмен жүргiзiледi:

- орташа салмақтандырылған құн (орташа баға);
- арнайы сәйкестендiру;
- бiрiншi сатып алулар құны бойынша (ФИФО).

Жиынтық жылдық табысты (ЖЖТ) алумен байланысты салық төлеушiнiң шығындары салық салынатын табысты аңқтағанда шегерiлуi тиiс.

Салық төлеушiлер салық салу объектiлерiн есептеу әдiсi бойынша және Салық Кодексiмен бекiтiлген шарттар мен тәртiптерде анықтайды.

Салықтық мақсаттағы қорлар есебi бухгалтерлiк есеп бойынша ережелерге сәйкес жүргiзiледi.

Қорлар – бұл өндiрiсте немесе жұмыстар мен қызметтердi орындағанда қолдану үшiн арналған шикiзат, материалдар, ыдыстар мен ыдыстық материалдар, өзге де материалдар, сонымен қатар субъектi әрекетi барысында сату үшiн арналған дайын өнiм, тауарлар, оның iшiнде жолдағы тауарлар.

Кәсiпорындардағы қорлардың есебi және есеп берудi жасау «Қорлар» ҚЕХС-на сәйкес ұйымдастырылады.

Оның мақсаты қорлар есебiнiң тәртiбiн, яғни қорлардың жiктелуi мен бағалауын, өндiрiспен байланысты және қорлардың өндiрiстiк өзiндiк құнын қалыптастыратын шығындар есебiн анықтау.

Қорлар өзiндiк құн мен өткiзудiң таза құнының ең аз мәнi бойынша бағаланады. Таза өткiзу құны – тауарды сатуға дайындау мен оны сату бойынша шығындарды шегерiлген, тауарды өткiзудiң болжамды бағасы.

Таза өткiзу құны егер тауардың өзiндiк құны келесi себептер бойынша қалпына келмесе қолданылады:

- берiлген қорлар бүлiнсе;
- қорлар толық немесе жартылай ескiрсе;
- қорлардың нарықтық бағасы төмендесе.

Таза өткiзу құнын анықтау үшiн келесi әдiстер қолданылады:

- баптық әдiс;
- негiзгi тауарлық топтар әдiсi;
- қорлардың жалпы деңгейi әдiсi.

«Қорлар» ҚЕХС-на сәйкес қорлар сатып алынғанда сатып алу немесе өндiрудiң нақты өзiндiк құны бойынша көрсетiледi.

Қорлардың өзiндiк құнына жататындар: сатып алуға шығындар, оларды кәсiпорынға жеткiзу мен қажеттi жағдайға келтiрумен байланысты КДШ (көлiктiк-дайындау шығындар), өнiмдi (жұмыс, қызметтi) қайта өңдеуге шығындар.

Өнiмдi (жұмыс, қызметтi) өндiруге кеткен шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес келесi элементтер бойынша топтастырылады:

- материалдық шығындар;
- еңбек ақыға шығындар;
- сақтандыруға аударымдар;
- құралдардың тозуы;
- басқа да шығындар.

Материалдарды өнімді, жұмысты, қызметті өндіруге қолданғанда бағалау келесі әдістердің біреуімен жүргізіледі:

- орташа салмақтандырылған құн (орташа баға);
- арнайы сәйкестендіру;
- бірінші сатып алулар құны бойынша (ФИФО).

Шаруашылық субъект қорлардың есебі үшін есептің кезеңдік немесе үздіксіз жүйесін қолдануға құқылы. Есептің кезеңдік жүйесін қолданғанда жыл бойынша қорлардың бөлшектеп есептелуі жүргізілмейді.

Қорлардың нақты бар болуы кезекті түрде өтіп отыратын түгендеу нәтижесі бойынша анықталады. Ал нақты өткізілген қорлардың өзіндік құны келесі формула бойынша анықталады: $\Theta/қ = Қ\bar{b} + K - Қc$

Қорлардың үздіксіз есебінің жүйесін қолданғанда «Қорлар» ҚЕХС-на сәйкес қорларды есепке алу бойынша шоттарда олардың келіп түсулері мен шығулары дәйекті түрде жүргізіледі.

Салық төлеушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық салынатын табысты айқындау кезінде шегерімге жатады.

Сонымен **шегерімдер құрамы** келесі:

- материалдық шығындар;
- еңбек ақыға шығындар;
- сақтандыруға аударымдар;
- құралдардың тозуы;
- басқа да шығындар.

Шегерімдерді салық төлеуші өзінің табыс алуға бағытталған қызметіне байланысты шығыстарды растайтын құжаттары болған кезде жүргізеді.

Бұл шығыстар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олар іс жүзінде жүргізілген салық кезеңінде шегерімге жатады.

Болашақтағы кезеңдердің шығыстары олар қатысты болатын салық кезеңінде шегерімге жатады. Егер шығыстардың бір және сол түрі шығыстардың бірнеше баптарында көзделсе, онда көрсетілген шығыстар салық салынатын табыстың есеп-қисабы кезінде бір-ақ рет шегеріледі.

Сонымен қатар шегерімдерге:

- таңылған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары шегерімге жатады.

- құрылысқа алынған, құрылыс кезеңінде есепке жазылған кредиттер (қарыздар) үшін сыйақылар құрылыс объектісінің құнына енгізіледі.

- әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде шеккен шығыстар шегерімге жатқызылуға жатады.

- Кодекстің бабына сәйкес қосылған құн салығы жөніндегі декларацияның деректері бойынша есепке жатқызылуға жатпайтын қосылған құн салығы шегерімге жатқызылуға жатады.

Шегерім қосылған құн салығы жөніндегі декларация табыс етілген қосылған құн салығы бойынша салық кезеңін қамтитын салық кезеңінде жүргізіледі.

Қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар сомасының шегерімі

Қызметтік іссапарлар кезінде шегерімге жататын өтемақыларға:

жол жүру мен броньға (оның ішінде құнының төлену фактісін растайтын құжат болған кезде электрондық билетке) жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, іссапарға баратын жерге жетуге және кері қайтуға іс жүзінде жүргізілген шығыстар;

тұрғын үй-жайды жалдауға және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын

құжаттардың негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, тұрғын үй-жайды жалдауға іс жүзінде жүргізілген шығыстар;

□ қызметкерге іссапарда болған уақытта салық төлеушінің шешімі бойынша белгіленген мөлшерде төленетін тәулікақы жатады. Іссапарда болу уақыты: жұмыс берушінің қызметкерді іссапарға жіберу туралы жазбаша өкімі; жол жүруді растайтын құжаттарда көрсетілген, іссапар орнына кету күні мен кері қайтып келу күнін негізге ала отырып іссапар күндерінің саны негізінде айқындалады. Мұндай құжаттар болмаған кезде іссапар күндерінің саны салық төлеушінің салықтық есепке алу саясатында көзделген, іссапар орнына кету күні мен кері қайтып келу күнін растайтын басқа да құжаттар негізге алына отырып айқындалады;

□ салық төлеуші келу визасын ресімдеген кезде жүргізген шығыстар (визаның, консулдық қызметтердің, міндетті медициналық сақтандырудың құны) келу визасын ресімдеуге арналған шығыстарды (визаның, консулдық қызметтердің, міндетті медициналық сақтандырудың құнын) растайтын құжаттар негізінде айқындалады.

Өкілдік шығыстарға мынадай шығыстар жатады:

□ өзара ынтымақтастықты орнату немесе қолдау мақсатында орын алған шығындар;

□ салық төлеушінің атқарушы органдарынан басқа, директорлар кеңесінің, өзге басқару органының отырыстарын ұйымдастыру және өткізу мақсатында, көрсетілген іс-шаралардың өткізілу орнына қарамай жүргізілетін, тұлғаларды, оның ішінде салық төлеушінің штатында тұрмайтын жеке тұлғаларды қабылдау және оларға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар жатады.

Өкілдік шығыстарға аталған тұлғаларды көлікпен қамтамасыз етуге, келіссөздер уақытында амаққа, ұйымның штатында тұрмайтын аудармашылар көрсететін қызметтерге ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар да жатады.

Бос уақытты, көңіл көтеруді немесе демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар өкілдік шығыстарға жатпайды және олар шегерімге жатпайды.

Өкілдік шығыстар Кодекстің 163-бабына сәйкес айқындалатын еңбекке ақы төлеу түріндегі шығыстар сомасының 1 процентінен аспайтын мөлшерде, өкілдік шығыстардың сомасы ескерілмей, шегерімге жатқызылады.

Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерім

Егер салықтөлеуші бұрын табыс деп танылған күмәнді міндеттемелерді кредит берушіге төлесе, онда жүргізілген төлемнің шамасында шегерім жасауға жол беріледі. Мұндай шегерім төлем жасалған салық кезеңінде бұрын табысқа жатқызылған шама шегінде жүргізіледі.

Күмәнді талаптар деп заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге, сондай-ақ тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларға тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету нәтижесінде туындаған және туындаған кезден бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар танылады. Сондай-ақ, өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша туындаған және салық төлеуші-дебиторды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған талаптар да күмәнді талаптар болып танылады.

Салық төлеушінің күмәнді талаптарды шегерімге жатқызуы бір мезгілде мынадай талаптар сақталған кезде жүргізіледі:

□ талаптар туындауын растайтын құжаттардың болуы;

□ шегерімдерге жатқызу кезіне бухгалтерлік есепте талаптардың көрсетілуі не осындай талаптарды алдыңғы кезеңдердегі бухгалтерлік есептегі шығыстарға (есептен шығаруға) жатқызу.

Теріс бағамдық айырманың сомасы оң бағамдық айырманың сомасынан асып кеткен жағдайда асып кету шамасы шегерімге жатады.

Бағамдық айырманың сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді шегеру

Мыналардан:

- жылдық жиынтық табыс айқындалғанға дейін алып тасталатын салықтан;
- Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағында төленген корпоративтік табыс салығынан және заңды тұлғалардың табыстарына салынатын салықтан;
- жеңілдікті салық салынатын елдерде төленген салықтан;
- үстеме пайда салығынан басқа, салық төлеушінің салық салу объектілері бойынша Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің бюджетіне төленген салықтар есептелген және есепке жазылған шекте шегерімге жатады.

Алдыңғы салық кезеңдері үшін есепке жазылып, есептеліп, ағымдағы салық кезеңінде төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ағымдағы салық кезеңінде шегерімге жатады.

Шегерімге жатпайтын шығындар мыналар:

- табыс алуға бағытталған қызметке байланысты емес шығындар;
- соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялар бойынша сот белгілеген қылмыстық қызмет басталған күннен бастап жүргізілген шығыстар;
- Кодекстің бабында айқындалған тәртіппен әрекетсіз деп танылған салық төлеушімен уәкілетті органның ресми сайтында деректер жарияланған кезден бастап жасалған операциялар бойынша шығыстар;
- сот жеке кәсіпкерлік субъектісі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жасады деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша шығыстар;
- мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптарын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қоспағанда, бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);
- Кодексте шегерімге жатқызу нормалары белгіленген шығыстардың көрсетілген нормаларды қолдана отырып есептелген шегерімнің шекті сомасынан асып кету сомасы;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерден тыс есептелген (есепке жазылған) және төленген, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы.

Тіркелген активтерге жатады:

- түскен кезде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде ескерілген және табыс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер;
- концессия шартының шеңберінде концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқық мирасқоры немесе заңды тұлға) жүргізген және (немесе) алған, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;
- Кодекстің 97-бабының 3-тармағында көрсетілген әлеуметтік сала объектілері болып табылатын, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;
- табыс алуға бағытталған қызметте бір жылдан астам уақыт бойы пайдалануға арналған, сенімгерлікпен басқарушының сенімгерлікпен басқару шарты бойынша немесе мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы өзге акті бойынша сенімгерлікпен басқаруға алған, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер.

Мыналар тіркелген активтерге жатпайды:

- жер;
- мұражай құндылықтары;
- сәулет және өнер ескерткіштері;

ортақ пайдаланымдағы құрылыстар: автомобиль жолдары, тротуарлар, бульварлар, гүлзарлар;

аяқталмаған күрделі құрылыс,

фильмқорына жататын объектілер;

Қазақстан Республикасы шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары;

бұрын құны толығымен Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес шегерімдерге жатқызылған негізгі құралдар;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдалы қызмет мерзімі белгісіз деп танылған және салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін, пайдалы қызмет мерзімі белгісіз материалдық емес активтер;

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген активтер.

Кіші топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің басындағы құндық балансы: кіші топтың (I топтың), топтың алдыңғы салық кезеңінің аяғындағы құндық балансы алу алдыңғы салық кезеңінде есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы, қосу немесе алу салық Кодекстің бабына сәйкес жүргізілетін түзетулер ретінде айқындалады.

Кіші топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің басындағы құндық балансының мәні теріс болмауға тиіс.

Кіші топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің аяғындағы құндық балансы: кіші топтың (I топтың), топтың салық кезеңінің басындағы құндық балансы қосу салық кезеңінде түскен тіркелген активтер алу салық кезеңінде шығып қалған тіркелген активтер қосу немесе алу Салық Кодекстің бабына сәйкес жүргізілген түзетулер ретінде айқындалады.

Тіркелген активтердің құны Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда амортизациялық аударымдарды есептеу жолымен шегерімге жатады.

Әрбір кіші топ, топ бойынша амортизациялық аударымдар амортизация нормаларын қолдану жолымен, бірақ салық кезеңінің соңында кіші топтың, топтың құндық балансына шекті нормалардан жоғары болмайтындай етіп анықтала

Кесте 8.2 – Корпоративтік табысқа салық сомасын есептеуде тіркелген активтердің тозупұлы бойынша шегерімдердің шекті мөлшемелері

Топ №	Тіркелген активтердің атауы	Амортизацияның шекті нормасы (%)
I	Мұнай, газ ұңғымаларын және беру қондырғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылыстар	10
II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық	25
III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтар	40
IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, соның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру қондырғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтары	15

Өтеусіз беруді қоспағанда, кіші топтың (I топ бойынша) тіркелген активтері шығып қалғаннан кейін кіші топтың салық кезеңі соңындағы құндық балансы мөлшеріндегі сома I топтың тіркелген активтерінің шығып қалуынан болған залал деп танылады.

Осы кіші топтың құндық балансы нөлге теңестіріледі және шегерімге жатқызылмайды.

Топтың (II, III және IV топтар бойынша) барлық тіркелген активтері шығып қалғаннан кейін тиісті кіші топтың немесе топтың салық кезеңі соңындағы құндық балансы, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, шегерімге жатқызылады.

Кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) барлық тіркелген активтерін өтеусіз берген кезде тиісті кіші топтың немесе топтың құндық балансы салық кезеңінің соңында нөлге теңестіріледі және шегерімге жатқызылмайды.

Салық төлеуші кіші топтың (топтың) салық кезеңі соңындағы құндық балансының республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінен кем соманы құрайтын шамасын шегерімге жатады.

8.3. КТС бойынша салығы бойынша есеп айырысудер

Салық төлеуші корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептемеуге және төлемеуге келесі жағдайларда құқылы:

1) алдындағы салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңдегі түзетулерді ескере отырып, жиынтық жылдық табыс алдындағы қаржылық жылдың алдындағы қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіштің 325000-еселік мөлшеріне тең сомадан аспаса;

2) жаңа қалыптасқан салық төлеушілер – заң органында мемлекеттік (есептік) тіпкеу жүзеге асқан салықтық кезеңде, сонымен қатар келесі салықтық кезеңде;

3) Салық төлеуші ретінде салықтық органдарда жаңадан тіркелген, Қазақстан Республикасында өз әрекетін филиал, өкілодік ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын заңды тұлға-резидент еместер – салықтық органдарда тіркеу жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сонымен қатар келесі салықтық кезеңде.

Корпоративтік табысқа салынатын салықтық ставка 20% тең.

Жер өндірісінің негізгі құралы болып табылатын салық төлеушінің салық салынатын табысы түзетулер ескеріле отырып, 10% ставкасы бойынша салық салынуға тиіс.

Корпоративтік табысқа салынатын салықтық ставка 15% болуы мүмкін екені, немесн тіпті салық салынбайтын жағдайларда ҚР Салық кодексінің баптарында қарастырылған. Салықтық кезең ішінде салық төлеуші КТС-ты ай сайын ағымдағы айдың 25-і күнінен кешіктірмей аванстық төлемдерді енгізу жолымен төлейді. Соңғы есеп айырысуды салық төлеуші салықтық кезең қорытындысы бойынша декларация тапсыру үшін бекітілген мерзімнен кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.

Салық төлеушімен төленуге тиісті аванстық төлемдер сомалары тең бөліктермен салықтық кезең ішінде төленеді.

Корпоративтік табыс салығы үшін салықтық кезең болып 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл табылады.

Салық төлеушілер КТС бойынша декларацияны салықтық органдарға есептік салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсыру керек. КТС бойынша декларациямен қатар салық төлеуші салықтық органға жылдық қаржылық есеп беруді тапсырады.

Бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы бұл салықты төлем көзінен ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде төлем көзінен ұтыс, сыйақы түріндегі табыстан ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына азайтылады.

Аванстық төлемдер сомасы ағымдағы салық кезеңі ішінде тең үлестермен төленеді.

Өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткенге дейінгі кезең ішінде төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабы есепті салық кезеңінің бірінші тоқсаны үшін есепті салық кезеңінің 20 қаңтарынан кешіктірілмей, салық төлеуші орналасқан жердегі салық органына табыс етіледі.

Өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткенге дейінгі кезең ішінде төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есеп-

қисабында есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасының төрттен бірі мөлшерінде есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының қосымша есеп-қисаптарында көрсетілген түзетулер ескеріле отырып, өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткеннен кейінгі кезең үшін төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының теріс мәні болмауы керек.

Өткен салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткеннен кейінгі кезең үшін төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының қосымша есеп-қисабы салық кезеңінің 20 желтоқсанынан кешіктірілмей табыс етілуі мүмкін.

Салық төлеушілер корпоративтік табыс салығын төлеуді орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеуді тұрақты мекеме орналасқан жері бойынша жүргізеді.

Салық төлеуші салық кезеңінің қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша төлемді декларация табыс ету үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Салық салынатын табыс (зиян) – салықтық заңдылыққа сәйекс анықталатын есептік кезеңнің табыс (зиян) сомасы. Кәсіпорындар салық салынатын табысты (зиянды) жиынтық жылдық табыстан шегерімдер есебінен анықтайды. Табыстар мен шегерімдер тізімі Салықтық Кодекспен анықталады.

Бухгалтерлік табыс (зиян) – бұл корпоративтік табыс салығын шегергенге дейін немесе зиянмен байланысты есептелген салықты азайту сомасын қосуға дейін пайдалар мен зияндар туралы есеп беруде көрсетілген төтенше баптарды қоса, есептік кезеңге пайдалар мен зияндардың жиынтық сомасы.

Салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыс арасында белгілі бір баптар бір есептеулерге қосылатындықтан, екіншілері алып тасталатындықтан айырмашылықтар пайда болады. Айырмашылықтар тұрақты немесе уақыттық болуы мүмкін.

Тұрақты айырмашылықтар – бұл ағымдағы есептік кезеңде пайда болатын және келесі есептік кезеңдерде жойылмайтын салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыс арасындағы айырмашылық. Оларға бюджетке енгізілуге тиісті айыптық санкциялар, кәсіпкерлік әрекетпен байланысты емес шығындар, жинақтық және қайтарымдық сипаттағы сақтандыру төлемдері бойынша шығындар, бекітілген нормативтерден жоғары әлеуметтік саланы қамтамасыз етуге байланысты шығындар және т.б.

Уақыттық айырмашылықтар – салық салынатын табысқа жататын кейбір табыстар мен шығындар бойынша баптар бухгалтерлік табысқа жатаын кезеңдегі баптармен сәйкес келмейтін салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыстың арасындағы айырмашылық. Уақыттық айырмашылықтар бір кезеңде пайда болады және бірнеше келесі кезеңдердің біреуінде жойылады.

Пайдаға салынатын салықтар есебіндегі басты сұрақ ағымдағы және болашақ салықтық салдарды қалай есептеу керектігінен тұрады:

а) компания балансында танылатын активтердің (міндеттемелердің) баланстық құнын болашақ орнын толтыру; және

ә) компанияның қаржылық есеп беруінде танылатын ағымдағы кезеңнің мәмілелері мен басқа оқиғалары.

Пайдаға салынатын салыққа барлық ұлттық және шетел салықтары мен төлем көзінен ұсталатын салықтар сияқты салықтар жатады.

Корпоративтің табыс салығы бойынша есеп жүргізу барысына келсек ол жерде орын алатын операциялар кестеде айқын көрсетілген

Кесте 8.3 - Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есебін ұйымдастыру барысында орын алатын операциялар

№ р/р	Операция мазмұны	Сом, мың теңге	Дт	Кт
1	Компания есеп айырысу шотынан КТС бойынша аванстық төлем аударды	2 000	1410	1030
2	Жыл қорытындысымен негізгі қызметтен түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді	80 000	6010	5710
3	Жыл қорытындысымен активтерді сатудан түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді	20 000	6210	5710
4	Жыл қорытындысымен негізгі қызмет шығыстары қорытынды залал ретінде есептелді	60 000	5710	7010
5	Жыл қорытындысымен өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді	3 000	5710	7110
6	Жыл қорытындысымен әкімшілік шығындар қорытынды залал ретінде есептелді	5 000	5710	7210
7	Жыл қорытындысымен банкшілік сыйақылар бойынша шығындар қорытынды залал ретінде есептелді	2 000	5710	7310
8	Жыл қорытындысымен активтерді өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді	15 000	5710	7410
9	КТС есептелді (80 000+20 000-60 000 -3 000 -5 000- 2000-15 000)*20%= 3 000	3 000	7710	3110
10	Аванстық төлем ақыры есептесу барысында ескерілді	2 000	3110	1410
11	КТС есеп айырысу шотынан төленді	1 000	3110	1030

Есептік пайда – салықтар бойынша шығындар шегерілгенге дейін кезеңдегі таза пайда немесе зиян).

Салық салынатын пайда (салықтық зиян) – пайдаға салынтын салық төленетін (орны толтырылатын) салықтық органдарымен бекітілген ережелерге сәйкес анықталатын кезеңдегі пайда (зиян) сомасы.

Шаруашылық субъект келесілерді анықтайды:

- 1) ағымдағы салықтар (ССП * салық ставкасы);
- 2) кейінге қалдырылған салықтық талаптар (+УА * салық ставкасы);
- 3) кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер (-УА * салық ставкасы).

БЕ: Есептік пайда = Табыстар – Шығындар (1)

СЕ: Салық салынатын пайда (зиян) = Жиынтық жылдық табыс – шегерімдер

Жалпы «Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация (100.00-нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленді және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған "Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация" салық есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны:

мемлекеттік органдар;

орта білім берудің мемлекеттік мектептері;

110.00 немесе 150.00-нысандар бойынша декларацияны толтыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын резидент-заңды тұлғалар, бейрезидент - заңды тұлғалар жасайды.

Декларация декларацияның өзінен (100.00-нысан) және салықтық міндеттемені есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (100.01-ден 100.11-ге дейінгі нысандар) тұрады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде жасалады.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "х" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларацияны жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Декларация Салық кодексінің 204-бабы 2-тармағына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) қағаз және (немесе) электронды жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, куәландырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен).

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады.

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Декларацияға қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Осы нысан 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (100.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

салық төлеушінің атауы – құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салықтық міндеттемені сенімгерлік басқарушы орындаған кезде жолда құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлік басқарушы - заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

декларация түрі:

тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні:

жолдар Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жекелеген санаттары:

торкөз, егер салық төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді:

А – сенімгерлік басқару;

В – сенімгерлік басқару құрылтайшысы;

"Астана халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі - Конституциялық заң) сәйкес "Астана" халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі - АХҚО) қатысушысы;

осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес валюта коды;

табыс етілген қосымшалар:

салық төлеуші декларацияға табыс еткен қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент-салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының бейрезидент-салық төлеушісі белгілейді;

резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

егер декларацияны Қазақстан Республикасының бейрезидент-салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолда осы Қағидалардың 52-тармағына сәйкес бейрезиденттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолда бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

12) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

"Жалпы жылдық табыс" деген бөлімде:

1) 100.00.001-жолда Салық кодексінің 227-бабына сәйкес айқындалған сатудан түскен кірістердің сомасы, оның ішінде:

100.00.001-жолда несие (займ, микрокредит), репо операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс көрсетіледі;

100.00.001 II-жолда мүлікті қаржы лизингіне бергені үшін сыйақы түріндегі кіріс көрсетіледі;

100.00.001 III-жолда роялти түріндегі кіріс көрсетіледі;

100.00.001 IV-жолда мүлікті жалға беруден түскен кіріс көрсетіледі;

100.00.002-жолда Салық кодексінің 300-бабының ережелерін ескере отырып, Салық кодексінің 228-бабына сәйкес айқындалған құн өсімінен түскен кірістердің сомасы көрсетіледі;

100.00.003-жолда Салық кодексінің 229-бабына сәйкес айқындалған міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кірістердің сомасы көрсетіледі;

100.00.004-жолда Салық кодексінің 230-бабына сәйкес айқындалатын күмәнді міндеттемелер бойынша кірістердің сомасы көрсетіледі;

100.00.005-жолда Салық кодексінің 231-бабына сәйкес айқындалатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымынан алынған кіріс көрсетіледі;

100.00.006-жолда Салық кодексінің 232-бабына сәйкес айқындалатын құрылған провизиялар (резервтер) мөлшерлерінің кемуінен кірістің сомасы көрсетіледі. Бұл жол 100.00.006 I-жолын қамтиды:

100.00.006 I-жолда Салық кодексінің 232-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалған провизиялардың (резервтердің) кемуінен кірістің сомасы көрсетіледі;

100.00.007-жолда 100.00.007 I және 100.00.007 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 233-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен кіріс көрсетіледі;

100.00.007 I-жолда сатып алынған талап ету құқығы бойынша талап ету құқығын беруден түскен кіріс көрсетіледі;

100.00.007 II-жолда берілген талап ету құқығы бойынша талап ету құқығын беруден түскен кіріс көрсетіледі;

100.00.008-жолда Салық кодексінің 234-бабына сәйкес айқындалған негізгі құралдарды сатудан түскен кіріс көрсетіледі;

100.00.009-жолда Салық кодексінің 237-бабына сәйкес айқындалған бұрын жасалған шегерімдер бойынша алынған өтемақы көрсетіледі;

100.00.010-жолда Салық кодексінің 238-бабына сәйкес айқындалған алынған өтеусіз мүлік түріндегі кіріс көрсетіледі;

100.00.011-жолда Салық кодексінің 239-бабына сәйкес айқындалған әлеуметтік объектілерді пайдаланудан алынған кіріс көрсетіледі;

100.00.012-жолда Салық кодексінің 240-бабына сәйкес айқындалған кәсіпорынның мүліктік кешен ретінде сатудан түскен кірісі (шығыны) көрсетіледі;

13) 100.00.013-жолда Салық кодексінің 289-бабы 2-тармағында көрсетілген коммерциялық емес ұйымның кірістері көрсетіледі;

100.00.014-жолда Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық табыске енгізілген салық төлеушінің өзге де кірістерінің сомасы көрсетіледі;

100.00.015-жолда 100.00.001-ден 100.00.014-ке дейінгі жолдарды қосу жолымен айқындалатын жылдық жылдық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі.

"Жалпы жылдық табысты түзету" деген бөлімде:

100.00.016-жолда Салық кодексінің 241-бабы 1-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі, оның ішінде:

100.00.016-жолда, егер Салық кодексінің 241-бабы 2-тармағында өзгеше көзделмесе, дивидендтер көрсетіледі;

100.00.016 II-жолда Салық кодексінің 241-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының шарттарымен, тәуекелді инвестицияларды акционерлік инвестициялық қорлары төлеген дивидендтер көрсетіледі;

100.00.016 III-жолда міндетті жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алған, банктердің күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

100.00.016 IV-жолда кепілдік жағдайларын реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегінде Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры алған кепілдік жарналардың сомасы көрсетіледі;

100.00.016 V-жолда Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы көрсетіледі;

100.00.016 VI -жолда жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қайтарылған депозиттерге және жасалған кепілдіктер мен өтемдік төлемдерге қатысты талаптарын қанағаттандыру мақсатында алған ақшасының сомасы көрсетіледі;

100.00.016 VII-жолда тұрғын үй (тұрғын үй ғимараты) құрылысы аяқталуы бойынша төлемдер жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібінде Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорынан түскен ақшаның сомасы көрсетіледі;

100.00.016 VIII-жолда "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық кіріс көрсетіледі;

100.00.016 IX-жолда "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық кірістер көрсетіледі;

100.00.016 X-жолда "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Заң) сәйкес алынған және әлеуметтік

медициналық сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық кірістер көрсетіледі;

100.00.016 XI жолда "Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы Заң) сәйкес инвестициялық қызметтен акционерлік инвестициялық қорлар алған және акционерлік инвестициялық қордың кастодианы есепке алған инвестициялық кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XII жолда "Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес арнайы қаржы компаниясы секьюритилендіру мәмілесі үшін алған қарызды талап ету құқығын беруден түскен кірістер көрсетіледі;

100.00.016 XIII-жолда сенімгерлік басқару құрылтайшысы алған (оның алуына жататын), мүлікті сенімгерлік басқарудан түсетін таза кіріс көрсетіледі;

100.00.016 XIV-жолда мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры мақта өңдеу ұйымдарынан алған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

100.00.016 XV-жолда астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қабылдау кәсіпорындарынан алған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

100.00.016 XVI-жолда мақта (астық) қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры жүзеге асырылған кепілдік төлемдері жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы көрсетіледі;

100.00.016 XVII-мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының б) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікті және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін мүліктік жалға тапсырудан (жалға беруден) және (немесе) өткізу кезінде алған кіріс көрсетіледі;

100.00.016 XVIII-жолда ислам банкі инвестициялық депозиттер түріндегі ақшаны басқару процесінде алған, осы депозиттерге салымшылар жіберген және ұстап отырған кірістер көрсетіледі. Мұндай кірістер ислам банкінің пайыздарын қамтымайды;

100.00.016 XIX-жолда "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес құрылған исламның арнайы қаржы компаниясы алған қарызды талап ету құқығынан түскен кірістер көрсетіледі;

100.00.016 XX-жолда Салық кодексінің 241-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XXI-жолда бюджеттен тек трансұлттық корпорациялардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру үшін, сондай-ақ шетелдік инвестициялық қорларға үлестік қатысу үшін ғана нысаналы есептеу түрінде алынған, "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 10 маусымдағы № 207-V Заңымен айқындалған автономдық кластерлік қордың кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XXII-жолда "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 7 сәуірдегі Заңына сәйкес кепілдік жағдайларын реттеуге арналған резервті ұлғайтуға бағытталған қаражаттар шегінде Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының инвестициялық кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XXIII-жолда Салық кодексінің 289-бабы 2-тармағында көзделген коммерциялық емес ұйымның кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XXIV-жолда білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкілінің (агентінің) бюджет қаражатының шығыстарын өтеу жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік білім беру кредиттері мен мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты ұйғарылған тұрақсыздық айыбы түріндегі кірістері көрсетіледі;

100.00.016 XXV-жолда Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы Заңға сәйкес құрылған және Салық кодексінің 293-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғаларға өтеусіз беруге арналған венчурлік қордан өтеусіз алынған мүліктің құны көрсетіледі;

2) 100.00.017-жолда Салық кодексінің 241-бабының 3-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзету көрсетіледі;

100.00.018-жолда түзетулерді ескере отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі (100.00.015-100.00.016 + немесе - 100.00.017).

"Шегерімдер" деген бөлімде:

Салық кодексінің 242-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын өткізілген (қолданылған) тауарлардың, сатып алынған жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құны көрсетіледі. 100.00.019 I – 100.00.019 II + 100.00.019 III + 100.00.019 IV + 100.00.019 V – 100.00.019 VI – 100.00.019 VII – 100.00.019 VIII – 100.00.019 IX ретінде айқындалады;

100.00.019 I-жолда қорлардың салық кезеңінің басына баланстық құны көрсетіледі. Аталған жол салық кезеңінің басына жасалған бухгалтерлік баланс бойынша айқындалатын ақпаратқа сәйкес толтырылады. Бастапқы декларацияны тапсырып отырған салық төлеушіде салық кезеңінің басына қорлар болмауы мүмкін.

100.00.019 II-жол салық кезеңінің соңына жасалған бухгалтерлік баланс бойынша айқындалатын ақпаратқа сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің барысында тарату декларациясын тапсырып отырған салық төлеушіде 100.00.019 II-жол тарату балансының деректерінің негізінде толтырылады.

100.00.019 III-жолда:

салық кезеңінің ішінде келіп түскен қорларды, оның ішінде сатып, тегін, бірігу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған, жарғылық капиталға салым ретінде алынған, сондай-ақ өзге де негіздемемен келіп түскен;

тарапты ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, жеке тұлғалар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі.

100.00.019 III A бастап 100.00.019 III H дейінгі (100.00.019 III A + 100.00.019 III B + 100.00.019 III C + 100.00.019 III D + 100.00.019 III E + 100.00.019 III F + 100.00.019 III G + 100.00.019 III H) жолдарының мәндерін қосуды айқындалады:

100.00.019 III A-жолда жолда салық төлеушінің есепті салық кезеңі ішінде сатып алған, өтеусіз алған қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.019 III B-жолда қаржылық қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III C-жолда жарнамалық қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III D-жолда консультация қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III E-жолда маркетинг қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III F-жолда дизайнерлік қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III G-жолда инжиниринг қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.019 III H-жолда жолда есепті салық кезеңі ішінде сатып алған өзге де жұмыстар мен қызметтер құны көрсетіледі. Бұл жол декларацияның 100.00.010 – 100.00.019-жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша шығыстардың сомаларын қоспайды;

100.00.019 IV-жолда шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген кірістері мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

100.00.019 V-жолда өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.019 VI-жолда тіркелген активтер, жалға алынған негізгі құралдар, преференция объектілері бойынша кейінгі шығыстар болып танылған жұмыстар мен қызметтердің құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.019 VII-жолда тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын, активтердің бастапқы құнына енетін, жұмыстар мен қызметтердің құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.019 VIII-жолда 100.00.019 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 264-бабы 1) – 20) тармақшаларының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің құны, қорлардың өзіндік құны, оның ішінде қорлардың табиғи кемуі бойынша шығыстардың сомасы Салық кодексінің 242-бабы 5-тармағына сәйкес шегерімдерге жатқызуға жатпайтын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұдан басқа, осы жол бойынша декларацияның 100.00.019 – 100.00.027-жолдары бойынша шегерімдерге жатқызылуы тиіс қорлардың өзіндік құны көрсетіледі.

100.00.019 IX-жолда алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын жұмыстар мен қызметтердің құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс;

100.00.020-жолда Салық кодексінің 243-бабы 7-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын тұрақсыздық айыптар (айыппұлдар, өсімпұлдар) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

100.00.021-жолда Салық кодексінің 243-бабы 9-тармағымен белгіленген негіздер бойынша шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

100.00.022-жолда Салық кодексінің 243-бабы 12-тармағына сәйкес шегерімге жататын, "Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заңына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (әрі қарай – ЖМЗЖ) аударылған, төленген сомасы, Салық кодексінің 243-бабы 11-тармағына сәйкес шегерімдерге жатқызылған, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шегерімнің сомасы көрсетіледі;

100.00.023-жолда Салық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалған сыйақылар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі;

100.00.024-жолда Салық кодексінің 245-бабына сәйкес айқындалған өкілдік шығыстардың шегерім сомасы көрсетіледі;

100.00.025-жолда Салық кодексінің 248-бабына сәйкес айқындалған күмәнді талаптар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі.

100.00.026-жолда Салық кодексінің 265, 266, 267, 268, 269, 270, 271, 272 және 273-баптарына сәйкес айқындалған тіркелген активтер мен негізгі құралдар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.02.011 және 100.02.012-жолдарының сомасы көшіріледі;

100.00.027-жолда:

Салық кодексінің 274, 275 және 276-баптарына сәйкес айқындалған;

тіркелген активтердің инвестициялық жобасы шеңберінде пайдалануға енгізілген құнының бір бөлігі түрінде 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен жасасқан келісімшарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

100.00.028-жолда Салық кодексінің 250-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы көрсетіледі, оның ішінде:

100.00.028 I-жолда басқа банктерде орналастырылған, корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоса алғанда, депозиттер көрсетіледі;

100.00.028 II-жолда басқа банктер мен клиенттерге берілген кредиттерге (қаржы лизингін қоспағанда) көрсетіледі;

100.00.028 III-жолда құжаттық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек көрсетіледі;

100.00.028 IV-жолда жабылмаған аккредитивтерге, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелер көрсетіледі;

100.00.029-жолда Салық кодексінің 249-бабына сәйкес сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының шегерімдері көрсетіледі;

100.00.030-жолда Салық кодексінің 251-бабына сәйкес Қайта сақтандыру активтерін азайту бойынша шегерім көрсетіледі;

100.00.031-3жолда Салық кодексінің 253-бабына сәйкес қалдықтарды орналастыру полигондарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдар сомасының шегерімдері көрсетіледі;

100.00.032-жолда Салық кодексінің 254-бабына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-техникалық жұмыстарға арналған және зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды сатып алуға арналған шығыстар бойынша шегерім көрсетіледі;

100.00.033-жолда Салық кодексінің 256-бабына сәйкес кепілдік беру жүйелеріне қатысушылардың сақтандыру сыйлықақылары мен жарналары бойынша шығыстарды шегеру көрсетіледі;

100.00.034 жолында Салық кодексінің 243-бабының 10-тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүшелік жарналары шегерімі көрсетіледі;

100.00.035-жолда Салық кодексінің 262-бабына сәйкес теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін шегеру көрсетіледі;

18) 100.00.036-жолда Салық кодексінің 263-бабына сәйкес салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің шегерімі көрсетіледі;

19) 100.00.037-жолда салық төлеушінің басқару органы мүшелерінің қызметтік іссапарлары және сапарлары кезіндегі өтемақылар сомасының шегерімі көрсетіледі, оның ішінде:

100.00.037 I-жолда Салық кодексінің 244-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар көрсетіледі;

100.00.037 II-жолда Салық кодексінің 244-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің директорлар кеңесі мүшелерінің немесе жоғары басқару органы болып табылмайтын, өзге басқару органы мүшелерінің сапарлары кезінде, өздеріне жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты шеккен өтемақылар жөніндегі шығыстар бойынша шегерім көрсетіледі.

100.00.038-жолда Салық кодексінің 247-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді талаптар көрсетіледі;

100.00.039-жолда Салық кодексіне сәйкес шегерімдерге жатқызылатын басқа да шығындар сомасы көрсетіледі;

100.00.040-жолда шегерімдердің қорытынды сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.00.040 I жолының немесе 100.00.040 II, немесе 100.00.040 III, немесе 100.00.040 IV жолының мәні көшіріледі. Егер 100.00.040 II жол толтырылса, 100.00.038 II жолдың мәні көшіріледі. Егер 11-жол белгіленсе, 100.00.038 III жолдың мәні көшіріледі. Өзге жағдайларда 100.00.040 I жолы көшіріледі:

100.00.040 I-жолда 100.00.018 бастап 100.00.039 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

Коммерциялық емес ұйымдар бөлек салықтық есепке алуды жүргізетін 100.00.019 – 100.00.039-жолдарда жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын кірістер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.00.040 II-жолда коммерциялық емес ұйымдардың Салық кодексінің 289-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.10.026-жолы көшіріледі;

100.00.040 III-жолда Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты мекеме(-лері)сі бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстардың сомасы

көрсетіледі. 100.00.040 I жолының және 100.05-нысанның К бағанының қорытынды мәнінің айырмасы ретінде айқындалады;

100.00.040 IV-жолда АХҚО қатысушылары шегерімге жатқызуға тиіс барлық шығындар көрсетіледі.

"Салық кодексіне сәйкес кірістер мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

100.00.041-жолда Салық кодексінің 286 және 287-баптарына сәйкес айқындалатын, кірістер мен шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі. 100.00.041 I және 100.00.041 II (100.00.041 I – 100.00.041 II) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады:

100.00.041 I жолда Салық кодексінің 286 және 287-баптарына сәйкес айқындалатын кірістерді түзетудің сомасы көрсетіледі;

100.00.041 II жолда Салық кодексінің 286 және 287-баптарына сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

"Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес кірістер мен шегерімдерді түзету":

100.00.042-жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын кірістерді түзетудің сомасы көрсетіледі;

100.00.043-жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

"Салық салынатын кірісті есептеу" деген бөлімде:

100.00.044-жолда салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі. 100.00.018 – 100.00.040 + 100.00.041 + 100.00.042 – 100.00.043) ретінде айқындалады;

100.00.045-жолда резидент-салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі көздерден алған кірістерінің сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.05-нысанының F бағанының қорытынды мәні көшіріледі. 100.00.045-жол анықтамалық сипатқа ие;

100.00.046-жолда салық салудан босатылуы тиіс кіріс сомасы көрсетіледі, оның ішінде:

100.00.046 I-жолда Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағына сәйкес халықаралық келісімшарттарға сәйкес салық салудан босатылатын кіріс көрсетіледі;

100.00.046 II-жолда "АХҚО туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес салық салудан босатылатын кіріс (100.12.013) көрсетіледі;

100.00.047-жолда халықаралық салық салу ерекшелігін ескере отырып, салық салынатын кіріс (шығын) сомасы көрсетіледі. 100.00.047-жол 100.00.044 – 100.00.046 айқындалады;

100.00.048-жолда Бақыланатын шетелдік компаниялардың (бұдан әрі – БШК) және бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің (бұдан әрі – БШК ТМ) Салық кодексінің 297-бабына сәйкес айқындалған жиынтық пайдасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.09-нысанының L бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.049-жолда БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасын ескере отырып, салық салынатын кіріс (шығын) сомасы көрсетіледі. 100.00.049-жол 100.00.047 және 100.00.048-жолдардың сомасы ретінде айқындалады (100.00.047+100.00.048);

100.00.050-жолда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, аяқталмаған құрылыс объектілерін, орнатылмаған жабдықты өткізуден шығын көрсетіледі;

100.00.051-жолда Салық кодексінің 300-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс шығын көрсетіледі. Егер 100.00.049-жолда теріс мән болса, 100.00.051-жол 100.00.049, 100.00.050-жолдарының және 100.02.008 I жолының модулінің сомасы ретінде айқындалады. Егер 100.00.049-жолда оң мән болса, 100.00.051-жолына 100.00.050 және 100.02.008 I жолдарының сомасы көшіріледі;

100.00.052-жолда Салық кодексінің 288-бабына сәйкес салық салу кірісін азайту сомасы көрсетіледі. 100.00.052-жолы 100.00.052 I және 100.00.052 II жолдарын қамтиды:

100.00.052 I-жолда Салық кодексінің 288-бабы 1-тармағына сәйкес салық салынатын кірісті шығыстар түрлеріне азайту көрсетіледі, оның ішінде:

100.00.052 I А-жолда салық төлеуші салық салынатын кірісті Салық кодексінің 288-бабы 1-тармағаның 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстар түрлеріне азайту көрсетіледі;

100.00.052 I В-жолда салық төлеуші салық салынатын кірісті Салық кодексінің 288-бабының 1 тармағаның 4) тармақшсында көрсетілген шығыстар түрлеріне азайту көрсетіледі;

100.00.052 II-жолда салық төлеуші Салық кодексінің 288-бабының 2-тармағына сәйкес кіріс түрлеріне салық салынатын кірісті азайту көрсетіледі;

100.00.053-жолда Салық кодексінің 288-бабына сәйкес есептелген азайтуды ескере отырып салық салынатын кіріс көрсетіледі. 100.00.049 және 100.00.052-жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.00.049 – 100.00.052). Егер 100.00.052-жол 100.00.049-жолдан артық болса, 100.00.053-жолда нөл көрсетіледі;

100.00.054-жолда алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген шығындар көрсетіледі;

100.00.055-жолда алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдарды есепке ала отырып салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 100.00.053-жолда оң мән көрсетілген жағдайда, толтырылады. 100.00.053 және 100.00.054-жолдарының айырмасы ретінде айқындалады (100.00.053 – 100.00.054). Егер 100.00.054-жол 100.00.053-жолдан артық болса, 100.00.055-жолда нөл көрсетіледі.

"Салықтық міндеттеменің есебі" деген бөлімде:

100.00.056-жолда Салық кодексінің 313-бабына сәйкес КТС мөлшерлемесі пайызда көрсетіледі. Егер салық төлеуші 20 және 10 % мөлшеріндегі ставкаларды бір мезгілде қолданатын болса, онда 100.00.056-жол толтырылмайды;

100.00.057-жолда салық салынатын кірістің КТС сомасы көрсетіледі. 100.00.055 және 100.00.056-жолдарының (100.00.055 x 100.00.056) туындысы ретінде айқындалады. Егер салық төлеуші 20 және 10 % мөлшеріндегі ставкаларды бір мезгілде қолданатын болса, онда 100.00.058-жолда бөлек салық есебі деректерінің негізінде айқындалған КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.058-жолда Салық кодексінің 302-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңі ішінде есептелген КТС сомасы көрсетіледі. 100.00.057, 100.00.058 I, 100.00.058 II, 100.00.058 III, 100.00.058 IV, 100.00.058 V, 100.00.058 VI, 100.00.058 VII (100.00.057 – 100.00.058 I – 100.00.058 II – 100.00.058 III – 100.00.058 IV – 100.00.058 V – 100.00.058 VI – 100.00.058 VII) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 100.00.058-жолда нөл көрсетіледі.

100.00.058 I-жолда Салық кодексінің 303-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында КТС төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген кіріске салықтардың немесе резидент-салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алған кірістерге соған ұқсас кіріс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.05-нысанының I бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.058 II-жолда Салық кодексінің 303-бабы 4-тармағына сәйкес есептелген БШК-ың немесе БШК ТМ-нің қаржылық пайдасынан шетелдік кіріс салығын есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.09-нысанының O бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.058 III-жолда Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс КТС сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.058 IV-жолда алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 302-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.058 V-жолда бюджетке төленуі тиіс КТС сомасына кемітілетін, Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес сыйақы түріндегі кірістен салық кезеңінде төлем көзінен ұсталған КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.058 VI-жолда Салық кодексінің 653-бабына сәйкес кірістің төлем көзінен ұсталған КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.058 VII-жолда Салық кодексінің 302-бабы 1-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларына сәйкес салық кезеңінде кірісінен Қазақстан Республикасының төлем көзінен ұсталған КТС немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден БШК-ның салық салынатын кірісінен төленген КТС сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 100.09-нысанының Q бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.059-жолда азайтуды есепке ала отырып, салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы көрсетіледі. 100.00.058 – 100.00.059 I ретінде айқындалады.

100.00.059I-жолда Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін КТС азайту сомасы көрсетіледі;

100.00.060-жолда Салық кодексінің 652-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен бейрезидент-заңды тұлғаның таза кірісі көрсетіледі. 100.00.055 және 100.00.057-жолдарының (100.00.055 – 100.00.057) айырмасы ретінде айқындалады;

100.00.061-жолда таза кіріске КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.061 I-жолда Салық кодексінің 302-бабы 2 және 3-тармақтарына және Салық кодексінің 303-бабына сәйкес КТС есебіне жатқызу жүзеге асырылатын сомасын қоспағанда, Салық кодексінің 652-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген таза кіріске КТС сомасы көрсетіледі;

100.00.061 II-жолда халықаралық шартта көзделген мөлшерлеме бойынша Салық кодексінің 670-бабына сәйкес есептелген таза кіріске КТС сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза кіріске КТС қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза кіріске КТС ставкасы көрсетіледі;

100.00.061 III-жол егер 100.00.061 II жолы толтырылған жағдайда, толтырылады. Аталған жолға осы Қағидалардың 52-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

100.00.061 IV-жол егер 100.00.062 II жолы толтырылған жағдайда, толтырылады. Аталған жолға халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

7) 100.00.062-жолда есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 100.00.059 + 100.00.061 I немесе 100.00.062 II жолдары ретінде айқындалады.

23. Салық есебін бөлек жүргізуге міндетті салық төлеуші Салық кодексінде көзделген жағдайларда жалпы бөлек салықтық есеп деректері негізінде қызметтің барлық түрлері бойынша декларацияны (100.00-нысан) және оған қосымшаларды (100.06-нысаннан басқа, 100.01 – 100.11-нысандар) толтырады, егер мұндай формулалар осы декларацияда көрсетуге жататын мәндерін бұрмалауға әкеп соғатын болса, онда декларацияда (100.00-нысан) көзделген формуланы қолданбайды.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.001-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.005-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.001 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.001-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.002-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.006-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.003-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.007-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.004-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.008-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.005-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.021-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.024 VI жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.039 VI жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.024 VII жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.039 VII жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.025-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.040-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.025 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.041 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.026-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.041-жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.027 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.042 I жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.027 II жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.042 II жолда көрсетіледі.

100.06-нысанды толтырған жағдайда, 100-нысанның 100.00.042 III, 100.00.042 IV жолы толтырылмайды.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.028-жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.043-жолда көрсетіледі.

Бұл ретте 100.06-нысанда қайталанатын 100.00-нысанның басқа жолдары, қызметтің барлық түрлері бойынша салық төлеуші жалпы толтыруы тиіс.

Салық кодексінің 194-бабына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын есептеу, төлеу немесе ұстау, сондай-ақ мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін салықтық нысандарды жасау және табыс ету жөніндегі салықтық міндеттемесі жүктелген жағдайда, және салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер бойынша салық есебін бөлек жүргізуді жүзеге асыратын, өз қызметін және қызметін мүлікті сенімгерлік басқару шарты шеңберінде жүзеге асыратын сенімгерлік басқарушы – салық төлеуші декларацияны (100.00-нысан), бөлек салық есебі деректерінің негізінде және егер осындай формулаларды қолдану осы декларацияда көрсетуге жататын мәндерін бұрмалауға әкеп соғатын болса, декларацияда (100.00-нысан) көзделген формулалар мәні қолданбайды.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашықжолда басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның тапсырылған күні – декларацияның мемлекеттік кірістер органына тапсырған күні;

мемлекеттік кірістер органының коды – салық төлеушінің тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашықжолда декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақтары қағаз жеткізгіште декларацияны қабылдаған, мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: жылдық жиынтық табыстар құрамын зерттеу барысында өткізуден түсетін табыстардың, құн өсімінен түсетін табыстардың, міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстардың, күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстардың, кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыстардың мәнін игеру. Сонымен қатар шаруашылық субъектінің корпоративтік табысқа салынатын салық мақсатына орай табыс ретінде қарастырылмайтын кірістер тобын зерттеу, салық салынатын табыс бойынша түзетулермен танысу, салық салынатын табыс бойынша шегерімдерді талдау, корпоративтік салық салынатын табыс пен шегерімдер айырмасын есептен шығару, корпоративтік табыс салығының мөлшерін іс жүзінде пайдалана білу, жиынтық жылдық табыс бойынша төленетін корпоративтік табыс салығының есептілігін жасау.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет.

1. ЖЖТ аббревиатурасын шешіп беріңіз.
2. Жиынтық жылдық табысқа салық сомасын есептеу барысында шегерімдердің бірі қорлардың босатылуы болып есептеледі. Осы қорлардың өзіндік құнын не құрайды?
3. Өнімді (жұмыс, қызметті) өндіруге кеткен шығындарды олардың экономикалық мазмұнына сәйкес қай эле енттері бойынша топтастырады?
4. ҚДШ аббревиатурасы шешіп беріңіз.
5. Жиынтық жылдық табыстан қорларды босату сомаларын шегеру барысында орташа салмақтандырылған құн әдісі орын табады. Бұл не әдіс, әдістің мәнін ашып беріңіздер.
6. Жиынтық жылдық табыстан қорларды босату сомаларын шегеру барысында арнайы сәйкестендіру әдісі орын табады. Бұл не әдіс, әдістің мәнін ашып беріңіздер.
7. Жиынтық жылдық табыстан қорларды босату сомаларын шегеру барысында ФИФО әдісі орын табады. Бұл не әдіс, әдістің мәнін ашып беріңіздер.
8. ҚР Салық кодексіне сәйкес корпоративтік табыс салығын төлеушілер кім?
9. Корпоративтік табыс салығын салатын табыс деп не табыс сомасын түсінесіз: айқындап, осы ұғымның мәнін ашып беріңіз.
10. Корпоративтік табыс салығының көзі болып не кіріс сомалары есептелмейді?

№ 2. Тапсырма: Жылдық жиынтық табысқа кіріс сомаларының қатынасы олардың салық мақсатына орай табыс ретінде қарастырылатыны немесе қарастырылмайтыны Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде белгіленген.

Салық Кодексі ережелеріне сүйеніп келесі сауалдарға жауап беріңіздер:

1. Шаруашылық субъект өзінің меншігіндегі негізгі құралдарын сатып, табыс алса, бұл кіріс жиынтық табысқа салық салу нысаны болып есептеле ме?
2. Шаруашылық субъект өзінің меншігіндегі шикізатты сатып, табыс алса, бұл кіріс жиынтық табысқа салық салу нысаны болып есептеле ме?
3. Шаруашылық субъект өзінің меншігіндегі материалдық емес активтерді сатып, табыс алса, бұл кіріс жиынтық табысқа салық салу нысаны болып есептеле ме?
4. Егер шаруашылық субъектінің құрылтайшылары компанияның жарғылық капиталын өсіру үшін оның есеп айырысу шотына ақша қаражат салса, бұл кіріс жиынтық табысқа салық салу нысаны болып есептеле ме?

№ 3. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап қажет:

1. Жиынтық жылдық табысы бойынша салықты есептеу барысында қолданылатын шегерімдер дененіміз не, шегерімдерге не жатады?

2. Қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар сомасының шегерімдері деп не шығын сомаларын білеміз? Аталған шығын сомаларын дәлелдейтін бастапқы құжаттарды атаңыз.

3. Шаруашылық субъектісінің өкілдік шығыстары деп не шығыс сомаларын айтамыз?

4. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер деп не шығыс сомаларын айтамыз?

5. Салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шегерілетін сомалар деп не шығыстарды айтамыз ?

6. ҚР Салық кодексі бойынша тіркелген активтерге не активтерді жатқызады?

7. ҚР Салық кодексі бойынша тікелген активтерге не активтерді жатқызбайды?

8. Корпоративтік пайдаға салық сомасын есептеуде тіркелген активтердің тозупұлы бойынша шегерімдердің шекті мөлшемелеріне сәйкес бірінші топтағы активтер бойынша тозупұл мөлшерлемесі неше пайыздан аспайды ?

9. Корпоративтік пайдаға салық сомасын есептеуде тіркелген активтердің тозупұлы бойынша шегерімдердің шекті мөлшемелеріне сәйкес екінші топтағы активтер бойынша тозупұл мөлшерлемесі неше пайыздан аспайды ?

10. Корпоративтік пайдаға салық сомасын есептеуде тіркелген активтердің тозупұлы бойынша шегерімдердің шекті мөлшемелеріне сәйкес үшінші және төртінші топтардағы активтер бойынша тозупұл мөлшерлемесі неше пайыздан аспайды ?

№ 4. Тапсырма: Шаруашылық субъект қаржылық есеп жүргізу барысында негізгі құралдардың тозупұл есебіне байланысты келесі операцияларды есептілікте көрсетті:

- әкімшілік ғимараты бойынша құнын бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдаланып есептік жыл ішінде 750 000 теңге амортизация көрсетілді,

- өндірістік жабдықтар бойынша құнын бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдаланып есептік жыл ішінде 4 000 000 теңге амортизация көрсетілді,

- ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер бойынша құнын бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдаланып есептік жыл ішінде 540 000 теңге амортизация көрсетілді,

- жиғаз бойынша құнын бірқалыпты есептен шығару әдісін пайдаланып есептік жыл ішінде 144 000 теңге амортизация көрсетілді.

Негізгі құралдардың тозупұл есебі кестеде анықталған (Кесте 1).

Кесте мәліметтеріне сүйесек, есептілік жыл қорытындысымен қаржылық есепте нақты амортизация мөлшері келесі:

- әкімшілік ғимараты бойынша 5% амортизация орын алды;

- өндірістік жабдықтар бойынша 33% амортизация орын алды;

- ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер бойынша 50% амортизация орын алды;

- жиғаз бойынша 20 % амортизация орын алды.

Ал салық кодексіне сәйкес жиынтық жылдық табыстан тозупұл сомасына шегерімдер бар. Аталған шегерімдер кестеде көрсетілген (Кесте 2).

Бұл кестедегі мәліметтеріне сәйкес жылдық амортизация келесі мөлшер пайыздардан аспауы тиіс:

- әкімшілік ғимараты бойынша 10% ға дейін амортизация ЖЖТан шегерім ретінде қабылданады;

- өндірістік жабдықтар бойынша 25% ға дейін амортизация ЖЖТан шегерім ретінде қабылданады;

- ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер бойынша 40% ға дейін амортизация ЖЖТан шегерім ретінде қабылданады;
- жиғаз бойынша 15 % ға дейін амортизация ЖЖТан шегерім ретінде қабылданады.

Кесте 8.3 – Шаруашылық субъект бойынша ЖЖТан алынатын тозупұл шегерімін есептеу

№ р/р	Негізгі құралдардың атауы	Бастапқы құны, теңге	Қолдану мерзімі, жыл	Қаржылық есепте есептелген тозупұл, теңге	Қаржылық есепте қолданылған тозупұл пайыз мөлшері, %	Салық есебінде қабылданған тозупұл шегерімі. Ең көп мөлшер, %	Салық Есебіне сәйкес ЖЖТ алынатын шегеімі, теңге
1	Әкімшілік ғимарат	15 000 000	20	750 000	5	???	???
2	Өндірістік жабдықтар	12 000 000	3	4 000 000	33	???	???
3	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер	1 080 000	2	540 000	50	???	???
4	Жиғаз	720 000	5	144 000	20	???	???
	Барлығы	28 800 000	X	5 434 000	X	X	???

Кесте 8.4 - Корпоративтік пайдаға салық сомасын есептеуде тіркелген активтердің тозупұлы бойынша шегерімдердің шекті мөлшемелері

Топ №	Тіркелген активтердің атауы	Мортизацияны шекті нормасы (%)
I	Мұнай, газ ұңғымаларын және беру қондырғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылыстар	10
II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық	25
III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтар	40
IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, соның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру қондырғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтары	15

Жоғарыда берілген мәліметтерді қолданып бірінші кестені соңына дейін толтырыңыз.

№ 5 Тапсырма: тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап қажет

1. «Компания есеп айырысу шотынан КТС бойынша аванстық төлем аударды». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?
2. «Жыл қорытындысымен негізгі қызметтен түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?
3. «Жыл қорытындысымен активтерді сатудан түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?
4. «Жыл қорытындысымен негізгі қызмет шығыстары қорытынды залал ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?
5. «Жыл қорытындысымен өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?
6. «Жыл қорытындысымен әкімшілік шығындар қорытынды залал ретінде

есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?

7. «Жыл қорытындысымен банкілік сыйақылар бойынша шығындар қорытынды залал ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?

8. «Жыл қорытындысымен активтерді өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?

9. «КТС есептелді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?

10. «КТС есеп айырысу шотынан төленді». Аталған операция типтік шоттар жоспарының қай шоттарында көрсетіледі?

№ 6 Тапсырма: Шаруашылық субъект алдын ала тапсырған есептілікке байланысты қаңтар айынан бастап, желтоқсан айын қосқанда 100 000 теңгеден төлеп, жыл ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша 1 200 000 теңге аванс төлеп шықты.

Кесте 8.5 - Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есебін ұйымдастыру барысында орын алатын операциялар

№ р/с	Операция мазмұны	Сомасы, мың теге	Дт	Кт
1	Компания есеп айырысу шотынан КТС бойынша аванстық төлем аударды	1200	1410	1030
2	Жыл қорытындысымен негізгі қызметтен түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді	80 000	6010	5710
3	Жыл қорытындысымен активтерді сатудан түскен табыс қорытынды пайда ретінде есептелді	20 000	6210	5710
4	Жыл қорытындысымен негізгі қызмет шығыстары қорытынды залал ретінде есептелді	60 000	5710	7010
5	Жыл қорытындысымен өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді	3 000	5710	7110
6	Жыл қорытындысымен әкімшілік шығындар қорытынды залал ретінде есептелді	5 000	5710	7210
7	Жыл қорытындысымен банкілік сыйақылар бойынша шығындар қорытынды залал ретінде есептелді	2 000	5710	7310
8	Жыл қорытындысымен активтерді өткізу шығындары қорытынды залал ретінде есептелді	15 000	5710	410
9	КТС есептелді (80 000+20 000-60 000 -3 000 -5 000- 2000-15 000)*20%	???	7710	3110
10	Аванстық төлем ақыры есептесу барысында ескерілді	???	3110	1410
11	КТС есеп айырысу шотынан төленді	???	3110	1030

Компанияның жыл ішінде қабылдаған кіріс сомалары мен Салық Кодексіне сәйкес орыналған шегерім сомалары кестеде көрсетілген. (Кесте 8.5).

Жоғарыда берілген мәліметтерді қолданып, КТС бойынша аванстық төлемдерді ескеріп, осы кестені соңына дейін толтырыңыз.

№ 7. Тапсырма: «ААА» ЖШС-гі 2020 жылдың бірінші қаңтарында тауарлардың келесі түрлері бойынша қалдықтарын көрсетті:

«А» тауары 20 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 10 000 теңге;

«Ә» тауары 12 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 7 000 теңге;

«Б» тауары 10 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 5 000 теңге;

«В» тауары 17 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 9 000 теңге;
 «Г» тауары 23 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 12 000 теңге.

100.00 нысаны 01 бет

**КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША
ДЕКЛАРАЦИЯ**

«Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация» салық есептеуін және Қыздардың өсірілуі
 НАЗАР АУДАРЫҒЫҒА ҚАРА ҒА ЖОҚ осыжа қаламын және қаламымен бақылаушы БАС ОРШЕРМЕН ұстағымыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 БСН

2 Салық есептеуі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

3 Салық төлеушінің атауы

4 Декларация түрі (тиісті торақда көрсетіңіз):
 бастапқы жекелі қосымша лабирлама бойынша қосымша тарту

5 Хабарламаының нөмірі мен күні (сабақтама бойынша қаламыда декларация табыс өлшемі жөнінде ұстағымыз):
 А нөмірі В күні

6 Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жекелеген санаттары (тиісті торақда көрсетіңіз):
 А сенімгерлік басқару В сенімгерлік басқару құрылтайшысы

7 «АХҚО туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңға сәйкес АХҚ-ның қатысушысы

8 Валюта нөмірі

9 Берілген қосымшалар (тиісті торақда көрсетіңіз):


10 Резиденттік белгісі (тиісті торақда көрсетіңіз): А КР резиденті В КР резиденті емес

11 Резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі (егер 10В тораққа белгіленсе):
 А резиденттік елінің коды
 В салықтық тіркеу нөмірі

12 Резиденттің Қазақстан Республикасынан шегінен тыс жерлерде тұрасты мекемесінің барын көрсетіңіз

Бөлім. Жылдық жылдық табыс

Жылдың коды	Атауы	1000	10000	100000	1000000
100.00.001	Өткізумен түсетін табыс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
I	кредит (қарыз, микрокредит) бойынша сыйақы түріндегі табыс, репо операциялары бойынша	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	мүлкті қаржы лизингіне беру бойынша сыйақы түріндегі табыс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	роялти	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
IV	мүлкті жалға беруден табыс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
100.00.002	Құн өсімінен түсетін кіріс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
100.00.003	Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
100.00.004	Күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
100.00.005	Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірісі	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
100.00.006	Құрылған провинциялардың (резеритердің) мөлшерлерін қайтудан түсетін табыс, соның ішінде	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
I	Салық кодексінің 232 бабының 1 тармағына сәйкес	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>



Сурет 8.1 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, бірінші бет

2020 жыл ішінде «ААА» компаниясы аталып кеткен тауарларды жабдыөтаушыдан сатып алып, олармен толық есептесті.

Сатып алған тауарлардың саны мен сатып алу бағамы келесі болғаны белгілі:

«А» тауары 40 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 10 000 теңге;
 «Ә» тауары 24 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 7 000 теңге;
 «Б» тауары 20 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 5 000 теңге;

«В» тауары 34 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 9 000 теңге;
 «Г» тауары 46 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 12 000 теңге.

100.00 нысаны 02 бет

БСН

Салық есепшілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Жылдық жиынтық табыс

Жылдың нысаны	Аты	2019	2018	2017	2016
100.00.007	Талап ету құқығын басқара беруден түсетін кіріс:				
I	сатып алынған талап ету құқығы бойынша				
II	басқара берілген талап ету құқығы бойынша				
100.00.008	Тірелген акциялардың шығын калуынан түсетін кіріс				
100.00.009	Бұрын жүргізілген істеріміздер бойынша алынған өтемақалар				
100.00.010	Өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріс				
100.00.011	Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кіріс				
100.00.012	Кәсіпорынды мүлкілік кешен ретінде сатудан түсетін кіріс (шағын)				
100.00.013	Коммерциялық емес ұйымның Салық кодексінің 286 бабының 2 тармағымен қарастырылған кірісі				
100.00.014	Басқа да кірістер				
100.00.015	ЖЫЛДЫҚ ЖЫНТЫҚ ТАБЫС (100.00.001 бастан 100.00.014 дейінгі жиынтық)				

Бөлім. Жылдық жиынтық табысты түзету

100.00.016	Салық кодексінің 241 бабының 1 тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзету, соғ есепте:				
I	дивидендтер				
II	Салық кодексінің 241 бабының 1 тармағының 2) тармағымен алынған бір негізде орысдалған кезде түркілік инвестициялардың акционерлік инвестициялық қорлары меншікті дивидендтер				
III	жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асырған үшін алынған банктік міндетті құнсыздық, қосымша және төтенше жерлердің сыйақы				
IV	Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры кепілдігі жағдайларда реттеу үшін резерві құлайтуға бағытталған қаржы шегінде алынған кепілдікті жерлер сыйақы				
V	Сакандары ұсымдарына кепілдік беру қоры алынған сакандары ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жерлерінің сыйақы				
VI	жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асырған үшін мен Сакандары төлемдеріне кепілдік беру жері олардың өтелген депозиттер мен жүзеге асырылған кепілдікті және итемалы үлкендері бойынша талаптарын қамтамасыз етуге тәртібімен алынған ақша сыйақы				
VII	Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры тұрғын үйлердің (тұрғын үй ғимараттарының) құрылысы аяқталғаннан кейін төлемдер бойынша талаптарды қамтамасыз етуге тәртібімен алынған ақша сыйақы				
VIII	«Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық кірістер				
IX	«Міндетті әлеуметтік сакандары туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сакандары қорының акцияларын құлайтуға бағытталған инвестициялық кірістер				
X	«Міндетті әлеуметтік сакандары туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі Заңының 10-тармағымен Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған және Мемлекеттік сакандары қорының акцияларын құлайтуға бағытталған инвестициялық кірістер				
XI	«Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына сәйкес инвестициялық қызметтен алынған және акционерлік инвестициялық қордың қызметіне қатысты инвестициялық кірістер				

2#010000#020005

Сурет 8.2 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, екінші бет

2020 жыл ішінде «ААА» компаниясы сауда жұмысын ұйымдастырып аталып кеткен тауарларды сатты. Сату көлемі және сату бағамы (ҚҚС-ыз):

«А» тауары 55 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 15 000 теңге;
 «Ә» тауары 30 000 дана, әр дананың сатып алу бағамы 10 000 теңге;

компанияның қызметкерлерінің еңбек ақы қорына есептеліп әлеуметтік салық жазылды, сомасы 800 000 теңге;

компанияның қызметкерлерінің еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік аударымдар жазылды 700 000 теңге;

100.00 нысаны 04 бет

БСН

Салық есептелігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Шегерімдер

Жаз нөмірі	Атауы	ТМҚ	МАҚ	МҚ	МАҚ
100.00.019	Өсітілетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар (100.00.019I - 100.00.019II - 100.00.019III - 100.00.019IV + 100.00.019V - 100.00.019VI - 100.00.019VII - 100.00.019VIII - 100.00.019IX)				
I	қорлар салық кезеңінің басына, барлығы				
II	қорлар салық кезеңінің соңына, барлығы				
III	Қорлар, жұмыстар және қызметтер барлығы аясында, сол есепте:				
A	қорлар				
B	көрнекілік қызметтер				
C	жарнамалық қызметтер				
D	кеңестік қызметтер				
E	маркетингтік қызметтер				
F	дизайнерлік қызметтер				
G	инженерлік қызметтер				
H	басқа да қызметтер, жұмыстар				
IV	Қызметкерлердің есептелген табыстары және жеке тұлғалардың өзге де төлемдер бойынша шығыстар				
V	Алдыңғы салық кезеңдерінде болып кеткендердің шығыстары болып танылған және есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылатын жұмыстардың, қызметтердің құны				
VI	Кейінгі шығыстар болып есептелетін жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
VII	Тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енгізілетін, жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
VIII	Салық кодексінің 264-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстардың, қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
IX	Болып кеткендердің шығыстары болып танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстардың, қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
100.00.020	Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары				
100.00.021	Салық кодексінің 243-бабының 9-тармағымен белгіленген негіздер бойынша шегерімге жататын қосылған құн салығының сомасы				
100.00.022	МӘСК-на, ӘСМК-на, ЖБМЗЖ аударымдар				
100.00.023	Сыйым бойынша шегерімдер				
100.00.024	Өкілдік шығыстар сомасы				
100.00.025	Құманді талаштар				

Сурет 8.4 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, төртінші бет

қызметкерлер еңбек ақы қорына есептеліп міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары жазылды 400 000 теңге;
бірінші қойманы жалға алған үшін жалға берушіден шот фактура қабылданып,

кредиторлық берешек жыл ішінде ағымдағы есеп айырысу шотынан төленді (ҚҚСын қосқанда) – 12 000 000 теңге;

екінші қойманы жалға алған үшін жалға берушіден шот фактура қабылданып, кредиторлық берешек жыл ішінде ағымдағы есеп айырысу шотынан төленді (ҚҚСын қосқанда) – 18 000 000 теңге;

БСН

Салық есепшілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

100.00 нысан 05 бет

Бөлім. Шегерімдер

Жыл нөмірі	Аты	01.01	01.02	01.03	01.04
100.00.026	Тірелген активтер бойынша шегерімдер (100.02.011+100.02.012)				
100.00.027	Инвестициялық салықтық преференциялар бойынша шегерімдер				
100.00.028	Салық кодексінің 250-бабына сәйкес резервтік қорларға ауларындар бойынша шегерімдер, сол есепте:				
	I басқа банктерде орналастырылған, корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоспағанда, депозиттерге				
	II басқа банктер мен клиенттерге берілген кредиттерге (қаржы лизингін қоспағанда)				
	III құжаттық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекке				
	IV жабылмаған аккредитивтерге, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелерге				
100.00.029	Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының шегерімдері				
100.00.030	Қайта сақтандыру активтерін азайту бойынша шегерім				
100.00.031	Қалдықтарды орналастыру позицияларын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және қалдықтарды орналастыру позицияларын жою қарына ауларындар сомасының шегерімдері				
100.00.032	Гүлдену-жүзету жұмыстарына, гүлдену-төлшеушілік жұмыстарына арналған және зиянгерлік зияншілік объектілеріне өмірлікке құрақтарды салып алуға арналған шығыстар бойынша шегерім				
100.00.033	Кепілдік беру жүйесіне қатысушылардың сақтандыру сыйлықақылары мен жарналары бойынша шығыстары шегеру				
	I Жинақталған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, сақтандыру шарттары бойынша сақтанушының төлеуіне жататын немесе ол төлеуге сақтандыру сыйлықақылары				
	II Жекке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушыда біндеті жекке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беруге байланысты ауларындар міндетті құнсыздық, қосымша және тікелей жарналардың сомасы				
	III Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруге байланысты ауларындар міндетті, төтенше және қосымша жарналардың сомасы				
	IV Мақта қолжаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушыда - мақта өндіту ұйымында мақта қолжаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беруге байланысты ауларындар жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы				
	V Астық қолжаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушыда - астық қаблдау кәсіпорында астық қолжаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беруге байланысты ауларындар жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы				
100.00.034	Салық кодексінің 243-бабының 10-тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүлік жарналары шегерім				
100.00.035	Теріс бағамдық айырма сомасынан оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін шегеру				
100.00.036	Салықтардың және біндетіне төленетін төлемдердің шегерімі				
100.00.037	Салық төлеушінің басқару органы мүшелерінің қызметтік же сапарлары және сапарлары кезіндегі отсымақтар сомасының шегерімі				
	I Салық кодексінің 244-бабының 1-тармағына сәйкес				
	II Салық кодексінің 244-бабының 3-тармағына сәйкес				
100.00.038	Төленген мүлкі міндеттемелері бойынша шегерім				
100.00.039	Басқа да шегерімдер				

10100000000000000000

Сурет 8.5 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, бесінші бет

бірінші дүкенді жалға алған үшін жалға берушіден шот фактура қабылданып, кредиторлық берешек жыл ішінде ағымдағы есеп айырысу шотынан төленді (ҚҚСын қосқанда) – 20 000 000 теңге;

екінші дүкенді жалға алған үшін жалға берушіден шот фактура қабылданып,

кредиторлық берешек жыл ішінде ағымдағы есеп айырысу шотынан төленді (ҚҚСын қосқанда) – 22 000 000 теңге;

100.00 нысаны 06 бет

БСН

Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Шегерімдер

Жыл коды	Атыры	1000	10000	100000	1000000
100.00.040	БАРЛЫҚ ШЕГЕРІМДЕР (немесе 100.00.040 I, немесе 100.00.040 II, немесе 100.00.040 III, немесе 100.00.040 IV)				
I	Шегерімдер (100.00.019-ден бастап 100.00.039 бойынша сомалар)				
II	Коммерциялық емес ұйым шегерімдерге жатқызуға тиіс барлық шығыстар (100.10.026)				
III	ҚР тыс жерлерде тұрақты мекемелері бар резиденттің шегерімдерге жатқызуға тиіс барлық шығыстар (100.00.02II - 100.05 нысанын I бағаныдағы белгілердің жиынтық мәні)				
IV	АХҚО қатысушылары шегерімдерге жатқызуға тиіс барлық шығыстар				

Бөлім. Салық көлемсіне сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету

100.00.041	Табыстар мен шегерімдерді түзету (100.00.041 I - 100.00.042 II)				
I	Табыстарды түзету				
II	Шегерімдерді түзету				

Бөлім. Трансферттік баға белгілеу туралы зияға сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету

100.00.042	Табыстарды түзету				
100.00.043	Шегерімдерді түзету				

Бөлім. Салық салынатын табысты есептеу

100.00.044	САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС (ЗАЛАЛ) (100.00.018 - 100.00.040 + 100.00.041 + 100.00.042 + 100.00.043)				
100.00.045	Шетелдік көздерден табыстар (100.05-нысанын F бағанының жиынтық мәні)				
100.00.046	Салық салудан босатылатын табыс, сол есепте				
I	Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын табыс (100.04 нысанының E бағанының жиынтық мәні)				
II	«АХҚО туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес салық салудан босатылатын табыс (100.12.013)				
100.00.047	САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫСТЫҢ (ЗАЛАЛДЫҢ) БАРЛЫҒЫ (100.00.044 - 100.00.046)				
100.00.048	БШК-ның және БШК ТМ-нің жиынтық пайдасы (100.09-нысанын I бағанының жиынтық мәні)				
100.00.049	САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫСТЫҢ (ЗАЛАЛДЫҢ) БАРЛЫҒЫ (100.00.047 + 100.00.48)				
100.00.050	Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мүшесі үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, ақпараттық құрылым объектілерін, орналастырған жұмысты оқуға арналған негізгі залалдар				
100.00.051	Қоңірете жататын залал (100.00.049 + 100.00.050 + 100.02.008I)				
100.00.052	Салық көлемсінің 288-бабына сәйкес салық салынатын табыстың азайтылуы, сол себепте				
I	Салық салынатын кірісті шығыстар түрлеріне азайту, сол есепте:				
A	Салық көлемсінің 288-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақтарына сәйкес салық салынатын кірісті азайту				
B	Салық көлемсінің 288-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық салынатын кірісті азайту				
II	Салық салынатын кірісті кіріс түрлеріне азайту				
100.00.053	Азайту есебімен салық салынатын кіріс (100.00.049 - 100.00.052)				
100.00.054	Өзген салық кезеңдерінен көшірілген залалдар				
100.00.055	КӨШІРІЛГЕН ЗАЛАЛДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС (100.00.053 - 100.00.054)				

100.00.055

Сурет 8.6 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, алтынші бет

кеңсенің жалға алған үшін жалға берушіден шот фактура қабылданып, кредиторлық берешек жыл ішінде ағымдағы есеп айырысу шотынан төленді (ҚҚСын

қосқанда) – 7 000 000 теңге.

Мысалда келтіріліп «ААА» ЖШС-ік жоғарыда көрсетілген шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі (ҚҚС-ыз):

Соның іінде:

100.00 нысан 07 бет

БСН

Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Салық міндеттемесін есептеу

Жос қолдауы	Атауы	100.00	100.00	100.00	100.00
100.00.056	КТС ставкасы (%)				
100.00.057	Салық салыптан табыстан алынатын КТС (100.00.055x100.00.056)				
100.00.058	КТС есептелген сомасы (100.00.057 - 100.00.058 I - 100.00.058 II - 100.00.058 III - 100.00.058 IV - 100.00.058 V - 100.00.058 VI - 100.00.058 VII)				
I	Шетел салығын есепке жатқызу (100.05-нысанның I бағананың жаңытық мәні)				
II	БШК-ның немесе БШК ТМ-нің қоржылық пайдасынан шетелдік салықты есепке алу (100.09-нысанның О бағананың жаңытық мәні)				
III	Үгіс түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС				
IV	Алдыңғы салық кезеңінен көшірілген сыйақы түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС				
V	Салық кезеңінен ұсталған сыйақы түріндегі табыстың төлем көзінен ұсталған КТС				
VI	Салық кодекстің 653-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған КТС				
VII	ҚР-да төлем көзінен БШК-ның кірісінен немесе салық салыптан кірісінен ҚР-ның төлем көзінен ұсталған КТС (100.09-нысанның О бағананың жаңытық мәні)				
100.00.059	Аяйту есебімен есептелген КТС сомасы (100.00.058 - 100.00.59 I)				
I	Салық міндеттемесін сәйкес КТС аяйту				
100.00.060	Таза пайда (100.00.055 - 100.00.057)				
100.00.061	Таза табысқа есептелген КТС				
I	Таза табысқа 15% ставкасы бойынша КТС				
II	Халықаралық шартқа көзделген <input type="text"/> % ставка бойынша				
III	халықаралық келісім-шарт жасасқан елдің коды				
IV	халықаралық келісім-шарттың оты				
100.00.062	КТС БАРЛЫҒЫ (100.00.059 + 100.00.061I немесе 100.00.061 II)				

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтеремін.

Шетел салық міндеттемесі /

Заңнамаға негіз, негіз, негізнен анық (Бөлім: кіріс) Құны

Мер орны (және елді мекенінің субъектілеріне жіктелген анықталған қалалары көрсетілгенді)

Декларация тапсырылған күні Мемлекеттік кірістер орталық қоры

Күн, ай, жыл сандары

Шетел салық міндеттемесі /

Декларацияны қабылдаған күні, айы, негізнен анық (Бөлім: кіріс) Құны

Құжаттың табыс нөмірі

Декларация қабылдаған күні

Күн, ай, жыл сандары

Панель бетімен күні

Күн, ай, жыл сандары

Мерзімдік орны

141 00 00 00 00 00 00

Сурет 8.7 – Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация, 100.00 нысаны, жетінші бет

1. Коммуналдық шығындар

А) электрқуат шығындары – .700 мың теңге;

Ә) жылу шығындары - .1100 мың теңге;

- Б) салқын су шығындары – 500 мың теңге;
- В) ыстық су шығындары – 800 мың теңге;
- Г) залалсыздандыру жұмыс шығындары – 700 мың теңге.

«ААА» ЖШС –те коммуналдық шығындарынан басқа да шығыс операцияларды есепке алғаны белгілі:

Соның ішінде:

1. Тауарларды тасымалдау шығындары

- А) автокөлік арқылы тасымалдау шығындары – 7 300 мың теңге;
- Ә) темір жол арқылы тасымалдау шығындары – 3 200 мың теңге;
- Б) әуе жол арқылы тасымалдау шығындары – 700 мың теңге;
- В) су жолы арқылы тасымалдау шығындары – 400 мың теңге.

«ААА» ЖШС –де негізгі құралдар мен материалдық емес активтерінде бар. Аталған активтер бойынша есептелген тозупұл сомалары келесі:

Негізгі құралдар бойынша есептелген тозупұл сомалары:

- 2020 жылдың бірінші тоқсанында 600 000 теңге;
- 2020 жылдың екінші тоқсанында 600 000 теңге;
- 2020 жылдың үшінші тоқсанында 600 000 теңге;
- 2020 жылдың төртінші тоқсанында 600 000 теңге.

Материалдық емес активтер бойынша есептелген тозупұл сомалары:

- 2020 жылдың бірінші тоқсанында 180 000 теңге;
- 2020 жылдың екінші тоқсанында 180 000 теңге;
- 2020 жылдың үшінші тоқсанында 180 000 теңге;
- 2020 жылдың төртінші тоқсанында 180 000 теңге.

«ААА» ЖШС –де қолданылған амортизациялық мөлшер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде орын алған мөлшер шегерімдерінен аспайды.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде ЖШС-ің ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

IX ТАРАУ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ БОЙЫНША САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

9.1. Жеке табыс салығының әлеуметтік – экономикалық мәні

Жеке табыс салығы - бұл ең танымал және кең тараған салық түрі.

Ең алғаш рет Англияда 1798 пайда болған бұл салық түрі Наполеонға қарсы соғыста қаржыландыру мақсатында енгізіліп, 1842 жылдан бастап ағылшынның салық жүйесінде тұрақты түрде орын алды. 1965 жылға дейін табыс салығын заңды және жеке тұлғалардың барлығы төледі. Корпорация пайдасына салынатын салық енгізілгеннен кейін, табыс салығын тек жеке тұлғалар ғана төлейтін болды.

Салық реформалары жеке табыс салығының төменгі ставкасын 20 пайызға дейін төмендету болды. Жеке табыс салығы көптеген елдердің мемлекеттік бюджеттерінде қомақты үлесі бар, ол дегеніміз барлық салықтан алынған табыстың 12 пайызын (Франция) 41 пайызы (Канада) дейін. Бұл ең танымал және көп тараған салықтың түрі. Ол кез-келген мемлекеттің тұрғындарының көп бөлігін қамтиды. Дамыған елдердегі салықтан түсетін табыстар оның қомақты үлесінің негізгі себебі бұл елдердегі халықтың табыс деңгейінің өсіу болып табылады. Жеке табыс салығының дамыған елдердегі рөлі мен даму тенденциясына әр түрлі теориялық мектептер ұстанымдары үлкен әсер етеді.

Осы салықтың өндіріс және де әлеуметтік құралына әсеріне келгенде теоретикалық мектептердің көз қарастыры әр түрлі. Мысалға, экономикалық іс-әрекеттің маңызды ынталандырушы ретіндегі төлем мүмкіндігі бар сұраныстың ұлғаюын қарастыратын кейсіяндықтар жеке табысқа прогрессивті шкала бойынша салық салу қажет дейді. Себебі төменгі табыс бірдестен тұтынуға кетіп, тұтынушылық сұранысты ұлғайта отырып, өндірістің өсуін ынталандырады.

Ал табыстың жоғары болуы, оның көп бөлігін жинақтауға айналдырады, сонымен қатар бұл құбылыс өндірісті аса қатты ынталандырмайды. Сондықтанда жеке табысқа салынатын салықты жоғарылату өндірістің өсіуін ынталандыруға еш кедергі әкелмейді.

Осылайша кейсіяндықтар байларға прогрессивті салық салу мен қатар аз қамтылған халық бөлігін салықтан босату тұжырымдамаларын қорғай отырып, бұл шаралардың рөлінің тек ынталандырушы ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік — әділдік сипатында негіздейді.

Монетаристер мен «Ұсыныс экономикасы» теориясының жақтаушылығының ұстанымдары мен көз-қарастары басқа. Олардың айтуынша, жоғарғы табыстан құралатын жинақтау инвестицияның көбеюі.

Соған сәйкес өндіріс үшін қаржы ресурстарын қалаптастырады. Осыған байланысты өндірістің өсуіне әкелетін төмен және пропорционалды табыс салығын ұсынып отыр.

Монитарстер мен «Ұсыныс экономикасы» теоретиктері бай таптарға жеке табыс салығын төмендетуін әлеуметтік әділдік пен бай таптардың ынталандырушы сипатына жүгіне отырып өз пікірлерін негіздейді. Өз шараларының әлеуметтік әділдігін олар қоғамда маңыздырақ, соған сәйкес жоғарғы табысты қызмет атқара алатын мүмкіндігі бар адамдарға жоғары жеке табыс салығын салу арқылы жазалауға болмайды деп түсіндіреді.

Сонымен, бүгінде теоретикалық мектептер жеке табыс салығын реформалау кезінде аз қамтылған халық мүддесін қорғау үшін ғана емес, сонымен қатар осыған қарама-қарсы бай таптарын да қорғау үшін әлеуметтік-әділдікке жүгінеді.

Жоғарыда көрсетілген теоретика мектептерінің пікірлері жеке табыс салығын салу тәжірбиесінде көптеген дамыған елдерде қолданыс тапты. «Ұсыныс экономикасы» теоретиктер пікірлерінің әсерінен көптеген елдерде жеке табыс салығының ставкалары төмендетілді. Мысалыға Америка Құрама Штатында ең үлкен ставка 70 пайыздан 30 пайызға дейін төмендетілді. Егер жеке табыс салығы ставкасының төмендеуі жоғарғы табыс алатын халық бөлігіне тиімді болса, осы уақыттағы дамыған елдердегі аз қамтылған халық бөлігіне

салықтан толықтай немесе бөліктеп босату тәжірбиесі соңғысының жағдайын біршама жақсартты.

Негізінен жеке табыс салығы дамыған елдерде прогрессивті шкаламен есептелінеді. Шкала саны екеуден (Ұлыбритания және Америка Құрама Штатты) он төртке (Франция). Ал ең төменгі салық ставкасының мөлшері 10-25 пайызға дейін, ең үлкен ставка мөлшері 33 пайыздан (Америка Құрама Штатты) 60 пайызыға (Ұлыбритания) дейін.

Дамыған елдердегі жеке табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу тәжірбиесі макроэкономикалық жоспарда мемлекеттегі табыстардың теңсіздігін теңдестірумен де байланысты. Бұл жағдай американдық танымал Лоренц қисығына келетін болсақ, жеке табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу салық төленгенге дейінгі мемлекеттегі табыстың бөлу сызығын бірқалыпты бөлу сызығына жақындатады.

Жеке табыс салығының экономикалық рөлін бағалай келе, Батыс сараптаушылары оны «енгізілген автоматикалық ынталандырушы» ретіндегі рөлі мен қызметін айқындайды. Себебі. Шаруашылық конъюктураның жағымсыз жағдайлары болғанда, салық салғанға дейінге қарағанда салық салғаннан кейін жеке табыс азырық қысқару керек.

Жеке табыс салық жүйесі соққының белгілі бөлігін өзіне ала тұрып амортизациялық рөлді атқаруы мүмкін. Сонымен, талдауданкөріп отырғанымыздай, жеке табыс салығы бүкіл экономикаға және де жеке азаматтар үшін де үлкен мағынаға ие. Басқа елдерде 19 ғасырдың аяғы 20 ғасырдың басында осы салық түрі енгізілді. Ресейде жеке табыс салығы 1916 жылдың 6 сәуірінде енгізілді.

Ал ең алғаш рет Қазақстан Республикасында жеке табыс салығының заңдылығы 1991 жылдың 24-і желтоқсанында енгізілді.

Жеке табыс салығы басқа да салықтар сияқты көптеген сипаттамасы бар:

- Мемлекеттен басқа, салықты еш кім алалмайды. Салықты енгізуде мемлекет саяси орган ретіндегі субъектісі. Салықты бекіту Парламентке жүктелген.

- Салық – ол ақшалай төлем, мемлекет алдындағы борышы. Жеке табыс салығы басқа салықтардан қарағанда айырмашылығы, мемлекеттің ерікті зайымдары, яғни салық төлеуші ақшасын мемлекетке беруі.

- Жеке табыс салығы эквивалентсіз төлем болып табылады. Экономикалық тілмен айтқанда, салық ақшалай түрдегі форма, бірақ қарама-қарсы тауарлы фолмасы жоқ айналыс.

- Салық-Е.В.Пороховтың айтуы бойынша “салық тек құқықтық форма түрінде”- дейді, яғни салықты қабылдау үшін мемлекет заң шығару арқылы құқықтық актіні қабылдауы.

Салық – ол заңмен бекітілген төлем: Қазақстан Республикасының конституциясына сәйкес; ”Заңмен бекітілген салық төлемдері және де бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер әр кімнің мемлекет алдындағы міндеті”.

Салық салудың альтернативті және перспективті даму бағытын талдай отырып, мынаны анықтау қажет:

-салық жүйесімен мемлекеттің ұлттық табысын құрудағы қағидалар арасында байланыс (тікелей және кері) бар ма?

-салықтар адам өмірі сүру жағдайының деңгейіне қалай әсер етеді?

-Ұлттық табыс пен әр субъектінің қажетті тұтыну көлемі арасында байланыс бар ма?

Осы тұрғыда Дж.М.Кейнстің тұжырымдамаларында көрсетілген салық салу теориясы бар.

Жеке табыс салығы мемлекеттік бюджеттің кірістерінің басты көздерінің бірі және де басқа салықтарға қарағанда халықтың өміріне тікелей әсер ететін салықтың бір түрі болып табылады.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық Кодексі бойынша жеке табыс салығын төлеушілер болып салық салу объектілірі бар жеке тұлғалар

жеке табыс салығын төлеушілер (бұдан әрі салық төлеушілер) болып табылады. Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар. Әрбір салық төлеушілер табыс салығын өздері тұрған жері бойынша төлеуді жүзеге асырады.

Салық Кодексі бойынша салық салу объектілері болып ондағы көрсетілген табыстарды қоспағанда, жеке табыс салығы салынатын объектілері мыналар:

- төлем көзінен салық салынатын табыстар;
- төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.

Салық Кодексіне сәйкес салық салынуға жатпайтын табыстарға мыналар жатады:

— (еңбекақы төлеуге байланысты төлемдерді қоспағанда, — алып тасталды) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемдер;

— балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

— жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеу (жоғалтқан жалақысына қатысты өтеуден басқа);

— жеке тұлғалардың қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиялары бар банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

— мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигациялармен жасалған операциялардан түскен табыстар;

— әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының, қылмыстық – атқару жүйесі органдары мен мекемелерін және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі.

— тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер;

— гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

— тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызмет бабындағы сапарлармен байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер;

— экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер;

— 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I-ші және II-ші топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің салық жылы ішіндегі айлық есептік көрсеткіштің 480 еселенген шегіндегі табыстары;

— III-ші топтағы мүгедектердің бір жыл ішіндегі – айлық есептік көрсеткіштің 240 еселенген шегіндегі табысы;

— өткізілер күні қор биржасының “А” және “В” ресми тізімінде тұратын акциялар мен облигацияларды өткізу кезіндегі құн өсімінен алынатын табысы;

— мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

— салық жылы ішінде медициналық қызмет көрсетулердің (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақысын төлеу үшін, бала туған кезде, жерлеу үшін берілетін, құжатпен расталған, айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген шегіндегі төлемдер;

— қызметтік іс-сапарлар кезінде Салық Кодексінде белгіленген мөлшерде төленетін өтемдер;

- қызметкер ұйымымен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кездегі жол жүру, мүлкін көшіру, үй-жай жалдауы бойынша құжатпен расталған шығындардың өтемдері;
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;
- шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген шетелдік жеке тұлғалардың сол елде салынуға тиіс ресми табыстары;
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінде қызметте жүрген жеке тұлғалардың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;
- Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақы төлемдері;
- жұмыс берушінің жылдық жиынтық табысты алуға байланысты емес және шегерімдерге жатқызылмайтын, нақты жеке тұлғалардың табысы болып табылмайтын шығыстары;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде дала жағдайында геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстары мен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасындағы салымдық сыйақылар;
- Жұмыс берушілер қызметкерлерін мамандық бойынша оқуға және біліктіліген артыруға бағытталған шығындар;
- Жұмыс беруші вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға демалыс беру, тұрғын үй жалдауына, тәулікақы шегенде тамақтануға арналған шығыстары және қызметкерлерді жұмыс орындарына жеткізу шаралары;
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;
- Жүкті немесе босанған әйелдерге, ұл немесе қыз баланы асырап алған адамдарға берілетін әлеуметтік жәрдемақылар;
- Білім беру ұйымдарында оқитындарға заңға сәйкес берілетін степендиялар;
- Берілген арнаулы киімдер, аяқкиімдер, алғашқы медициналық көмек құралдары, сүт немесе құндылығы оған тең басқа да емдеу-профилактикаға арналған азық-түлік өнімдерінің құны;
- Адвокаттар мен жеке нотариустардың- заңдық көмек, нотариалдық іс-әрекеттер ақысын қоса алғанда. Адвокаттық және нотариалдық қызметті жүзеге асырудан түскен табыстарының барлық түрлері, сондай-ақ қорғау мен өкілдікке байланысты шығыстардың орнын толтырудан алынған табысы;
- Ізгілік, қайырымдылық көмек түрінде алынған мүліктің құны;
- Он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагеріне жолдамалардың құны;
- Заңға сәйкес қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру ;
- Еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өміріне зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері;
- Шартың қолданылуы кезеңіндегі сақтандырудың кез-келген түрінде, өз қызметкерлерін міндетті сақтандыру шарттары бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтандыру сыйақыларының сомалары;
- Төлем көзінен салық ұсталғандығын растайтын құжат болған жағдайда, бұрын төлем көзінен салық ұсталған дивиденттер, сыйақылар, ұтыстар сомалары;
- Материялдық нұсқаның орнын толтырудың сот шешімі бойынша тағайындалған сомалары;
- Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру жөнінде сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы

жинағының сомалары тәрізді табыстарына салық салынбайды, сондай-ақ заңда көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына бағытталған, зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша сатып алу сомалары:

— Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

Дивиденттер, сыйақылар мен түрінде табыстарға 15 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Басқалай табыс көздері, соның ішінде адвокаттардың және нотариустардың табыстарына 10 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Жеке табыс салығы бойынша салық салу объектісі болып, төлем көзінен салық салынатын табыстарға мыналарды жатқызуымызға болады;

— қызметердің табысы қызметкердің жұмыс беруші есептеген салық шегерімдері сомасына азайтылған табыстары төлем көзінен салық салынатын

органына салық жылынан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етіледі.

9.2. Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығының жетілдірілуі, салық декларациясын тапсыру

Қазіргі экономикалық жағдайда жеке табыс салығы және оның прогрессиясының қойылымының өсіруіне бағытталуы ақталмайды. Салық салу жүйесіндегі болжамдалып жатқан өзгерістерге сүйенсек жеке табыс салығы 40%-ке дейін төмендетіледі. Соның өзінде тағыда өзіндік салыну механизмі енгізіледі және бұл рационалды, себебі инфляцияның қарқынды даму процессінде нақты жалақы номиналды жалақыдан айырмасы бірдестен өседі, сондықтан да қойылымның өсуі халықтың абсалютті көпшілігінің жағдайын қиындатады. Салық қойылымының өсіп отыратын жағдайында табыс табуды көбейтудің мағынасы жоғалады, адамдар салық төлеуден жалтара бастайды және өз табыстарының көлемін жасырады. Осылайша квалификациясын көтеруге, жұмыс уақыт диапазонының көбейуіне, өзін-өзі жетілдіруде қызығушылық жоғалады.

Салық ставкасының жоғары болуы салық төленгеннен кейінгі еңбек ақысын елеулі түрде төмендетеді. Жоғарғы маргиналды салықта табыстың өсімшесіне салынатын салықтар жеке табыс тұрғыдан қосымша еңбек ету және нормадан тыс жұмыс істеу пайдасыз жағдайды тудырады.

Әсіресе жоғарғы табыс кейбір әлеуметтік жәрдем ақылардан айырады. Сонымен материалдық ынталандырушыға қарағанда (ақшалай сый ақы, жалақы айырмасы т.б.) жоғарғы маргеналды салық, жалпы өндіріспен еңбек ынталандыруына жағымсыз салдар тудыруы мүмкін.

Салықты реттеудің теориясы мен тәжірбесі көрсеткендей белгілі – бір жағдайлардағы салық ставкасының төмендеуі өндірістің ұлғаюына, пайданың өсуіне және оның салдары болатын бюджеттің салық түсімінің көбеюіне әкеледі.

Салық ставкасының төмендетілуі көленкелі экономикамен күресудің өзіндік — бір шарасы болып табылады. Керісінше ставканың өсуі, көленкелі бизнестің дамуына әкеледі.

Мемлекеттің бюджетті ұлғайту жобаларын салық есебіне қаржыландыру және салықты төмендету ұсыныстары күтіліп жатқан жағымды әсермен жанама шығындарды қоса алғандағы шығындарды салыстыруға негізделуі керек. Олай болмаса

жеке салымдармен сый ақылар арасындағы байланыс үзіледі, ал жалпы шаруашылық жүйе тиімділігі азайып, нарықтық механизм сыр бере бастайды.

Халықтың жеке табыстарына салық салу мәселесін шешу қиыншылығы оппоненттердің теориялық көз-қарастарымен анықталатын әр түрлі әдістерде көрініс табуда.

Жоғарыда көрсетілгендей экономикалық іс-әрекеттің маңызы ынталандырушы ретіндегі төлеуге қабілтті сұранысты ұлғайтуды қарастыратын кейсияндық модель жеке

табысқа прогрессивті салық салуды қолдаушылардың теориялық базасы болып саналады. Мұны былай түсіндіруге болады: төмен табыс бірден тұтынуға кетеді де, тұтыну сұранысын

нысаны 220.00 - бет 01

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ

«Жеке табыс салығы бойынша декларацияны салық есептілігінің жаңа куәсіз тарап өкілі»
НАЛАР АУДАРЫҒЫҒА ҚАРА ПЕ КӨК СІМҚА ҚАЛЫМДЫ ҚІЗМЕТ АЛАМДЫҒАН БАҚА ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АС ҚИПТЕРМЕМІЗ

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

3 Салық төлеушінің тегі, ата-әжесінің аты (болған кезде)

4 Декларация түрі (тілсіз торқодала көрсетілді):
бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша тәртіп

5 Хабарланбаған нөмірі мен күні (аборт бойынша қосымша декларация табыс өлшемі аяқталған соңғы күні)
A нөмірі **B** күні

6 Салық кодексіндегі 40-бабына сәйкес салық төлеушінің әкелген санаттары (көрсетілді):
A сенімгерлік басқару **B** сенімгерлік басқару құрылтайшысы

7 Валюта коды

8 Бөлінген қосымшалар (тілсіз торқодала көрсетілді): 01 02 03 04 05

9 Резиденттік белгісі (тілсіз торқодала көрсетілді): **A** ҚР резиденті **B** ҚР резиденті емес

10 Резиденттік елдің коды және салықтық тіркеу нөмірі (егер 9-B торқодала белгіленсе):
A резиденттік елдің коды
B салықтық тіркеу нөмірі

11 Резиденттік Қазақстан Республикасының иелігінде тұратын жерлерде тұрақты мекенінің барыны (көрсетілді)

Бөлім. Салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысы

Жыл коды	Атауы	2008	2009	2010	2011
220.00.001	Өткізуден түсетін табыс				
220.00.002	Құн өсімінен алынған табыс				
220.00.003	Басқа табыстар				
220.00.004	Салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысы (220.00.001ден - 220.00.003ты қоспаса)				
220.00.005	Салық кодексіндегі 243-бабы 3-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысын түзету				
220.00.006	Салық кодексіндегі 241-бабы 2-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысын түзету				
220.00.007	Салық кодексіндегі 287-бабына сәйкес кірістер мен шегерімдерді түзету (220.00.007I-220.00.007II) I Кірістерді түзету II Шегерімдерді түзету				
220.00.008	Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес кірістерді түзету				
220.00.009	Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес шығыстарды түзету				
220.00.010	Жеке кәсіпкердің салық салынған кірістері, түзетулер мен шегерімдерді есепте ала отырып, салық кезеңі ишінде ұсынылған түлде алған (220.00.004-22.00.005+немесе-220.00.006-220.00.021+220.00.007+220.00.008-220.00.009)				

Бөлім. Шегерімдер

Жыл коды	Атауы	2008	2009	2010	2011
220.00.011	Өткізуден түсетін табыс (аспақтар, бақыметер) бойынша шығыстар (220.00.001I - 220.00.011II - 220.00.011III - 220.00.011IV - 220.00.011V - 220.00.011VI - 220.00.011VII - 220.00.011IX) 1 Салық кезеңінің бастапқы ТМК, барлығы				

14020002010103

Сурет 9.1 – Жеке табыс салығы бойынша декларация, 220.00 нысаны, 1-ші бет

ұлғайтады және өндірістің өсуін ынталандырады. Жоғарғы табыс болса көбінесе жинақтауға жұмсалады, сондықтан бұл табыс жоғары салық салу өндірісінің өсу ынталандырушысына кері әсер етпейді. «Ұсыныс экономикасы» теориясын қолданушылар және монетаристер қарама-қарсы шараларды ұсынады. Олардың ойынша, жоғарғы табысты жинақтау инвестицияны көбейтуді және өндіріс үшін сәйкес қаржы ресурстарын қалптастырады.

Сондықтанда бұл теорины қолданушылар салық салу практикасында пропорционалды төмендеу (немесе ең болмаса аз прогресивті шкала бойынша алынатын) жеке табыс салығы қажет деп санайды.

нөмір 220.00 бет 02

ЖСН
Салық есептелігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл

Бөлім Шегерімдер

Жеке табыс	Атауы	2019	2018	2017	2016
II	Салық кезеңінің аяғына ТМҚ барлығы				
III	ТМҚ жұмыстар және қызмет сатып алынды барлығы, соның ішінде:				
A	тауарлық материалдық қорлар				
B	қаржылық қызметтер				
C	жарнамалық қызметтер				
D	консультациялық қызметтер				
E	маркетингтік қызметтер				
F	дизайнерлік қызметтер				
G	инжинирингтік қызметтер				
H	басқа да жұмыстар мен қызметтер				
IV	Қызметкерлердің есептелген және жеке тұрғыларға төленетін өзге де түсімдер бойынша шығыстар				
V	Кесілетін немелді салық кезеңдерінде болмаған кезеңдердің шығыстары деп танылған және өсетін салық несиелік кәсіпорнге жіктелмеген жұмыстардың, қызметтердің құны				
VI	Кесілетін шығыстар деп танылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
VII	Тіркілетін акционердің, профсоюздық объектілерінің, әмбебапқа жатпайтын акционердің бостандық құнына сәйкесін жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
VIII	Салық кезеңінің 264-бабы негізінде шегерімдерге жатқызылмағаны жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
IX	Болмаған кезеңдердің шығыстары ретінде танылған және кесілетін салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылмағаны жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны				
220.00.012	Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрғылықтық айыптары				
220.00.013	Салық нәсілетінің 243-бабы 9-тармағында белгіленген негіздер бойынша шегерімге жататын қосылған құн салығының сомасы				
220.00.014	МДСК және МӨМҚ-нің түсірімдер				
220.00.015	Сыйақы бойынша шығыстар				
220.00.016	Өкідік шығыстар сомасы				
220.00.017	Құқық міндеттемелер				
220.00.018	Салық және бюджетке тиесілі босқа да міндетсіз түсімдер				
220.00.019	Тіркілетін иәткер бойынша иәткерлер (220.04.011 + 220.04.012)				
220.00.020	Басқа иәткерлер				
220.00.021	Жалпы иәткерлер (220.00.011 - 220.00.021 бойынша сомалары)				

Бөлім Салықтық шегерімдер

Жеке табыс	Атауы	2019	2018	2017	2016
220.00.022	Міндетті зейнетақы жарналары тұрғылықтық шегерімі				
220.00.023	Зейнетақы түсімдері мен айналымды сақтандыру шарты бойынша салымдық шегерімі				
220.00.024	Стандартты салық шегерімдері				
220.00.025	Өзге де салық шегерімдері:				
I	ерісті зейнетақы жарналары бойынша				
II	медицинасына				
III	сыйақылар бойынша				
220.00.026	САЛЫҚ ШЕГЕРІМДЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫ (220.00.022+220.00.025)				

Сурет 9.2 – Жеке табыс салығы бойынша декларация, 220.00 нысаны, 2 -ші бет

Жеке табыс салығына қатысты салық жүйесінің тиімді және әсерлі қызмет етуі үшін тікелей салық органдарының жұмысына тиімді әсер ететін мәселелерді шешу қажет. Себебі салық салу аясы мемлекеттегі экономикалық қатынастардың кең көлемін алып отыр.

Қазақстандағы жеке кәсіпкерлерден салық алу жағынан салық әкімшілігін күшейту қажет, бұл дегеніміз салық ставкаларының көбеюін білдірмейді, бұл жоғардағы төлеушілердің салық ауыртпашылығын төмендету болып табылады.

Республикамыздағы салық жүйесін одан әрі жетілдірудің маңызды мәселесі болып заңды тұлғаларға салық салуды этаппен әлсірету, салық ауыртпашылығын жеке тұлғаларға бір қалыпты ауыстыру болып саналады.

нысан 220.00 бет 04

ЖСН

Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім, Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы Декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламын.

Шәхесі салықтың қабылдаушысы

Салық төлеушінің тұл. ата. жерінің ата (балаға арнап) Қала

Декларацияны тапсырған күні Күн, ай, жыл, сағаттар

Мемлекеттік кірістер органының коды


Шәхесі салықтың қабылдаушысы

Декларацияны қабылдаған адамның жерінің тұл. ата. жерінің ата (балаға арнап) Қала

Декларацияны қабылдаған күні Күн, ай, жыл, сағаттар

Құжаттың кіріс нөмірі

Мәтіндік сөзі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҒАШЫ АУЫЛ ШЕЖІРЕСІ

Сурет 9.4 - Жеке табыс салығы бойынша декларация, 220.00 нысаны, 4-ші бет

Халықтың көп бөлігінің жалпы деңгейінің төмендеуіне қарамастан салық ауыртпашылығының қомақты бөлігін көтеретін жеке тұлғалар көбейуде. Бірақта, жеке тұлғаларға негізгі салық ауыртпашылығын аудару қазіргі кезде мемлекеттің салық саясатының переспективті мақсаты ретінде қарастырылуы тиіс және бұл жеке тұлғалардың көп бөлігіндегі табыстың өсумен ғана жасалынуы қажет.

Дамыған елдер арасындағы ең жоғарғы жеке табыс салығын Скандинавия елдерінде – бұл салықтың жоғарғы деңгейі 60-69%-ке тең, бірақ мұнда өмір сүру деңгейі де ең жоғарғы, айырмашылықтар реттеледі, ең жоғарғы табыс орташадан бес еседен жоғары асады. Скандинав елдерінде халықты әлеуметтік қорғау дәрежесі ең жоғарғы, бұл дегеніміз балаларға, бала тәрбиелеп жүрген аналарға дотациялар, жұмыссыздарға арналған жәрдем ақы, тұрмыс жағдайы төмендерге және аз қамтамасыз етілгендерге жәрдем ақының жоғарғы деңгейімен түсіндіріледі, яғни жеке табыс салығының жоғарғы қойылымдарын төлеудің орын толтыратын өзіндік бір рөл атқарады. Бірақ бұл елдердің өзінде 1993 жылы жеке табыс салығының қойылымдары төмендетілді, себебі табыс табуда және еңбекке деген қызығушылық төмендей түсті.

Біздің тәжірбиеде үкімет халықты әлеуметтік қорғауда жоғары деңгеймен қамтамасыз ете алмайды, себебі халықтың шамамен 60%-тейі төмен немесе болмаған жағдайда минималды өмір сүру деңгейінде болып табылуда.

Біріккен Ұлттар Ұйымының анықтамасы бойынша минималды өмір сүру деңгейі адамның өз еңбек ақысына барлық керекті деңгейі бұл — азық-түлігіне, киім-кешегіне, отбасыны қамтамасыз етуіне, өз күшін қайтару мүмкіншілігіне, тағы басқа өмір сүру жағдайы қажеттіліктерін өтеуі. Ал біздің табыстың минималды өмір сүру деңгейі бұл талаптарға сай келмейді.

Сондықтан да қазір біздің экономикамыздың тығырықшық жағдайында автоматикалық, басқаша айтатын балсақ жеке табыс салығын жинауды банктік қызмет көрсету арқылы мәжбүрлеп алуды енгізу өте маңызды.

Өтпелі кезеңдегі жағдайында жеке табыс салықты жалдамалы еңбекті пайдаланатын кәсіпорындар, ұйымдар және тағыда басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге жеке тұлғалардан ауыстыру мақсатқа сай болып саналады. Сондағасы осы жеке табыс салықты қазіргідей тұтыну қоры үлесінен емес, төлем соммасынан аудару керек. Бұл жағдайда қажет емес тәуелділік қалыптасады, ол былай көрінеді: азаматтың номинарды табысы өскен сайын мұның көп бөлігі объективті түрде мемлекетке, аз бөлігі- азаматқа түседі. Егер де жеке табыс салығының төлем сомасынан төленетін болса, онда азаматқа қолма-қол төленетін сома мөлшері көбейсе, осы жалақыға салықта жоғарылайды, яғни кәсіпорын өз жұмыскерлеріне жалақыны көбірек төлесе мемлекет қызығушылық танытады.

Ал жеке тұлғалардың өздері жеке табыс салығынан босатылатын еді. Салықты кәсіпорын төлейді, және де бұл шығындар өзіндік құнға жататын еді. Жеке табыс салығын алу механизімін жоғарыда айтып кеткендей автоматты түрде, банктік операциялар арқасында болу керек. Жұмысшылардың жалақысы түскеннен кейін кәсіпорын өз меншігінің қаражатынан бюджетке белгілі бір пайызын аударып отырады (немесе банк автоматты түрде шоттан алып отырады). Егер кәсіпорында керекті сома болмаса, онда банк бұл қаражатты кәсіпорынға бермейді.

Бұл жағдайда әлеуметтік сақтандыру салығы жойылады, себебі ол осы сомма ішіне кіріп кетеді.

Бұл салық қызметкерлерінің өздерінің жұмысын жеңілдетеді. Мемлекет жалақыны төлеу деңгейі төмендемей, керсінше өсу тенденциясы болу үшін қатаң бақылау жүргізуге қызығушылық танытады. Сол уақытта кәсіпорындардың өздері де, өндірістік еңбектің өсуі мен өндіріс көлемінің артуында объективті қызығушылықтары болады. Себебі өз жұмысшыларына олардың жоғары жалақыларын өтеуге мүмкіншілік береді.

Қазақстандағы халық табысының қалыптасқан жағдайда коммерциялық аясында әрекет ететін халық бөлігі басқаларға қарағанда табыстары айтарлықтай жоғары. Бұл өз кезегінде қоғамда белгілі әлеуметтік теңсіздікті тудырады. Бұған қарсы шара ретінде

мемлекет қысқа мерзімге оларға бөлек, жоғарылау прогрессивті салық қойылым шкаласын бекіту қажет. Бірақ бұл шара қысқа мерзімге қолданылуы керек.

Қазірдің өзінде декларация толтыру механизімі өзін-өзі ақтамай жатыр. Бұған объективті және субъективті факторлар әсер етеді. Объективтіге — декларацияның шынайлығын тексерудегі тиісті техникалық базасының болмауы. Ал субъективтіге — азаматтардың сана-сезімі, олардың менталитеті жатады.

Салықтық салада бақылау іс-шараларының нәтижелілігі ұйымдастырушылық әдістемелік факторларға тура тәуелді болады. Салықтық бақылау алдында тұрған мәселелерді шешуін қамтамасыз ету үшін оын ұйымдастырудың негізін қалаушы қағидалардың орындалуы қажет, бірінші – құқықтылық. Салықтық органдарбақылау әрекеттерін өкілеттіліктерінің шеңберінде жүзеге асыруы қажет әне заңмен бекітілген компетенция деңгейіне сәйкес болуы қажет. Екінші маңызды ұйымдастырушылық қағида – ол бақылаудың жалпылық толықтылығын қамтамасыз ету. Барлық салықтар(республикалық және жергілікті), сонымен қатар, барлық салық төлеушілер бақылау жүйесіне бағынуы керек және ол сәйкес салық бюджеттерінің түсім көлеміне байланыссыз болуы керек. Үшінші қағида – салық төлеушіге қысым көрсетпеу. Салықтық бақылау салық жүйесінің фискалды және экономикалық бағыттармен оптималды өзара әрекетін қамтамасыз ету мүмкіндігі есебінен жүзеге асырылуы қажет. Төртінші қағида ретінде ескерту қағидасын айтуға болады. Салықтық органдар салықтық құқық бұзушылықтың пайда болу мүмкіндігін ескертетін профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Мұнда маңызды орынды бесінші қағида алады – салық органдарының бақылау әрекеттері мен жұмыстарының үйлесімділігі.

Бақылау, салықтық органдарының басты мазмұны ретінде, олардың кез – келген қызмет бағытын қарастырады, ол салықтық бақылау мақсаттары мен міндеттерін көптілігін анықтайды, яғни:

1. Салық заңдарын сақтау;
2. Салықтар мен басқа міндетті төлемдердің дұрыс есптелуін тексеру;
3. Салық салу объектісінің бухгалтерлік есеп жүргізуі мен оның сапасын тексеру;
4. Төлемге қатысты салықтар сомасын бюджетке өз уақытылы және толық еңгізілуін қамтамасыз ету;
5. Салықтық құқық бұзушылықтар профилактикасы.

Бұл мемлекеттік салық органдарының бақылау іс – шараларын жүзеге асыру мүмкіндіктері мен құқықтарының кең түрде ұйымдастырылатынын көрсетуі.

Бақылаудың теориясы мен тәжірибесі бақылау кезінде күрделі тексерулердің ережелері мен нормаларын қолданудың негізгі 7 саласын атайды:

- Тауарлар, жұмыс және қызмет өткізу;
- Айналым саласы мен баға құру;
- Есепті – төлемдік тәртіп;
- Мүлікті пайдалану, негізгі құралдар амортизациясы, материалды емес активтер, азқұнды заттар амортизациясы және неізгі құралдар жағдайы;
- Еңбекақы төлеуді құру және материалдық ынталандыру;
- Салық салынатын табысты анықтау.

Салықтық бақылаудың негізгі мақсаттырның бірі – салықтан кетуге кедергі болу. Салықтық теория мен тәжірибесі бойынша салықты төлеудің 4 түрлі себебі бар:

- Моралжды;
- Саяси;
- Экономикалық;
- Техникалық.

Көптеген азаматтардың түсінігінше қазынадан ұрлау – ұрлауға жатпайды. Сонымен қатар, кез – келген мемлекетте жоғарғы билік органдарында коррупция роын алады,

мемлекеттік қаражатты өз қажетіне жарату. Сондықтан салық төлеушілер салық төлемеуде моралды жауапкершілікті сезінбейді. өтпелі уақытта экономикалық формация ауысуы кезінде заңдар ресми түрде қабылданады, ал салық заңдары тіпті.

Салық төлемеудің саяси себептері де бар. Мемлекетте экономикалық саясат бағыттарын анықтауда шығындардың тенденциясы тұрақты болғанда, салық төлеуші өз міндеті деп санайды. Егер мемлекеттік саясат жүргізуде жеке топтар көзқарасы басқа экономикалық себепсіз көзқарастарға қойылса, онда салық төлеуші салық мөлшерін төмендетудің әр түрлерін іздеуге тырысады.

Бірақ жеке төлеушілердің тек экономикалық жағдайы ғана салықтық жабу түсінігін таратуға әсер етпейді. Оған сонымен қатар, жалпы экономикалық конъюктура да әсер етеді. Бұл ең алдымен, белгілі бір дәрежеде тұтынуға деген салықты қоюды жеңілдетеді. Сәйкесінше, бұл жағдайларда салық төлеуден кету қажеттілігі қысқарады.

Экономикалық құлдырау кезеңінде, үкімет рынокты реттеуге мәжбүр болуы кезінде, салықтан қашу күшейеді. Бұл реттелетін рыноктың құрылуының параллельді, заңсыз және басқарылмайтын рынокпен жүреді. Ондағы келісім – шарттар әрине салықтан қашады. Қалай шешу керек? Салықтан кету процессінің басқаруда оның мөлшерін анықтауға болады. Салықты төлемеуді қысқарту ықтималдылығын салықтық бремяларды азайту есебінен, отандық бәсекеқабілетті тауар өндірушілер үшін салықтық преференциялар құру.

Салықтан кетудің техникалық жағдайы ұлттық салық заңдарының күрделілігі мен қарама – қайшылығы жатады. Салық салудың техникалық күрделілігі салық төлеушінің заң бұзбай төлемнен қашуына мүмкіндік береді. Бұл салықтық бақылау тәжірибесін де қиындатады. Оның нәтижелері салық салу әдістемесінің анықтылығына, салықтық тексерулердің техникалық жабдықталуына, бухгалтерлік есептің анықтылығына тура тәуелді болады.

Салық салу базасын кеңейту әрі технологияларды пайдалана отырып, салықтық және кедендік әкімшілік жасау сапасын көтеру жолымен мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту, сондай-ақ өндірістің дамуын және инвестициялардың өсуін ынталандыру үшін салық және кеден заңнамасын жетілдіру болып, салық саясатын құру болып табылады.

Жалпы, «Жеке табыс салығы бойынша декларация (220.00-нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленді және Жеке табыс салығын есептеуге арналған «Жеке табыс салығы бойынша декларация» салық есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны Салық кодексінің 337-бабы 1-тармағына, 358, 366-баптарына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар – дара кәсіпкерлер және Салық кодексінің 700-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Салық кодексінің 337-бабы 1-тармағына, 358, 366-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалықтары, сондай-ақ Салық кодексінің 30-тарауына сәйкес бейрезидент жеке тұлғалар жасайды.

Декларация декларацияның өзінен (220-нысан) және салықтық міндеттеменің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (220.01-ден 220.05-ке дейінгі нысандар) тұрады.

Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларацияны жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) мен қойылған қолы және мөр (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады.

пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (220.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді:

салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН/БСН);

салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңін – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңін (араб сандарымен көрсетіледі);

салық төлеушінің атауын – жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Салықтық міндеттемені сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

4) декларацияның түрін көрсетеді.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жекелеген санаттары.

Торкөз, егер салық төлеуші А немесе В жолында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді:

А – сенімгерлік басқару;

В – сенімгерлік басқару құрылтайшысы;

валюта коды – осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

табыс етілген қосымшалар.

Салық төлеуші табыс еткен декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының бейрезидент салық төлеушісі белгілейді; резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі.

Егер декларацияны Қазақстан Республикасының бейрезидент салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес бейрезиденттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі; Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің болуы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

"Дара кәсіпкердің салық салынатын кірісінің есебі" деген бөлімде:

220.00.001-жолда Салық кодексінің 227-бабына сәйкес айқындалатын өткізуден түскен кіріс сомасы көрсетіледі;

220.00.002-жолда Салық кодексінің 228-бабына сәйкес айқындалатын күн өсімінен түскен кіріс сомасы көрсетіледі;

220.00.003-жолда салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысына кіретін салық төлеушінің өзге де кірістері көрсетіледі;

220.00.004-жолда 220.00.001-ден 220.00.003-ке дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер кірісінің жалпы сомасы көрсетіледі;

220.00.005-жолда Салық кодексінің 241-бабы 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер кірісін түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.006-жолда Салық кодексінің 241-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер кірісін түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.007-жолда Салық кодексінің 287-бабына сәйкес айқындалатын кірістер мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.00.007I және 220.00.007II (220.00.007I – 220.00.007II) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

220.00.007 I жолында Салық кодексінің 287-бабына сәйкес айқындалатын кірістерді түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.007 II жолында Салық кодексінің 287-бабына сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.008-жолда "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы заңы) сәйкес айқындалатын кірістерді түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.009-жолда Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.010-жолда Салық кодексінің 366-бабы 2-тармағына сәйкес түзетулер мен шегерімдерді есепке ала отырып дара кәсіпкердің салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған салық салынатын кірісі көрсетіледі. $220.00.004 - 220.00.005 + \text{немесе} - 220.00.006 - 220.00.021 + 220.00.007 + 220.00.008 - 220.00.009$ ретінде айқындалады.

"Шегерімдер" деген бөлімде:

220.00.011-жолда Салық кодексінің 242-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын өткізілген (пайдаланылған) тауарлардың өзіндік құны, сатып алынған жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. $220.00.011 I - 220.00.011 II + 220.00.011 III + 220.00.011 IV + 220.00.011 V - 220.00.011 VI - 220.00.011 VII - 220.00.011 VIII - 220.00.011 IX$ ретінде айқындалады;

220.00.011 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (оның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және басқалар) (бұдан әрі – қорлар) теңгерімдік құны көрсетіледі. Бастапқы декларацияда аталған жол

салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын табыс ететін салық төлеушіде салық кезеңінің басында қорлар болмауы мүмкін;

220.00.011 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс ететін тарату декларациясында 220.00.009 II жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

220.00.011 III жолында:

салық кезеңінің ішінде келіп түскен, оның ішінде сатып алынған, өтеусіз алынған, бірігу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған, жарғылық капиталға салым ретінде алынған, сондай-ақ өзге де негіздер бойынша келіп түскен қорлар;

тараптас ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, кәсіби медиаторлар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III A жолдан 220.00.011 III B жолға дейінгі жолдар мәндерінің қосындысымен (220.00.011 III A + 220.00.011 III B + 220.00.011 III C + 220.00.011 III D + 220.00.011 III E + 220.00.011 III F + 220.00.011 III G + 220.00.011 III H) айқындалады:

220.00.011 III A жолында салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде сатып алған, өтеусіз алған қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.011 III B жолында қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III C жолында жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III D жолында консультациялық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III E жолында маркетингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III F жолында дизайнерлік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III G жолында инжинирингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.011 III H жолында салық кезеңі ішінде сатып алынған өзге де жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. Бұл жолға декларацияның 220.00.012-ден 220.00.020-ға дейінгі жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын сатып алынған жұмыстар, қызметтер көрсетулер бойынша шығыстардың сомасы қосылмайды;

220.00.011 IV жолында шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген кірістері мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстары көрсетіледі;

220.00.011 V жолында алдыңғы салық кезеңдерінде алдағы кезеңдердің шығыстары деп танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылатын жұмыстар мен қызмет көрсету құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.011 VI жолында тіркелген активтер, жалға алынған негізгі құралдар, преференция объектілері бойынша кейінгі шығыстар деп танылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.011 VII жолында тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.011 VIII жолында 220.00.011 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 264-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, қорлардың өзіндік құны, сондай-ақ Салық кодексінің 242-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылмайтын қорлардың табиғи кему сомасы көрсетіледі. Бұдан басқа, аталған жол бойынша декларацияның 220.00.012-ден 220.00.020-ға дейінгі жолдары бойынша шегерімге жататын қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.011 IX жолында есепті салық кезеңінде алдағы кезеңдердің шығыстары деп танылған және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімге жатқызылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны, қорлардың өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.012-жолда Салық кодексінің 243-бабы 7-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

220.00.013-жолда Салық кодексінің 243-бабы 9-тармағында белгіленген негіздер бойынша шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сомасы көрсетіледі;

220.00.014-жолда Салық кодексінің 243-бабы 11-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

220.00.015-жолда Салық кодексінің 246-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылар бойынша шегерімдер сомасы көрсетіледі;

220.00.016-жолда Салық кодексінің 245-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

220.00.017-жолда Салық кодексінің 248-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

220.00.018-жолда Салық кодексінің 263-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі;

220.00.019-жолда Салық кодексінің 265, 266, 267, 268, 269 – 273-баптарына сәйкес айқындалатын, тіркелген активтер мен жалға берілген негізгі құралдар бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.04.011 және 220.04.012-жолдарының сомасы көшіріледі;

220.00.020-жолда корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында шегерімдерге жатқызылатын өзге шығыстардың сомасы көрсетіледі;

220.00.021-жолда 220.00.011 – 220.00.020-жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шегерімдердің қорытынды сомасы көрсетіледі;

"Салықтық шегерімдер" деген бөлімде:

220.00.022-жолда "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналарының түріндегі салықтық шегерімнің сомасы көрсетіледі;

220.00.023-жолда Салық кодексінің 345-бабында белгіленген тәртіпте айқындалатын зейнетақы төлемдері және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салықтық шегерімнің сомасы көрсетіледі;

220.00.024-жолда Салық кодексінің 346-бабында белгіленген тәртіпте айқындалатын стандартты салықтық шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

220.00.025-жолда Салық кодексінің 347, 348, 349-баптарында белгіленген тәртіпте айқындалатын өзге салықтық шегерімдердің сомасы көрсетіледі. Бұл ретте:

220.00.025 I жолында ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімдер сомасы көрсетіледі;

220.00.025 II жолында медицинасына салықтық шегерімдер сомасы көрсетіледі;

220.00.025 III жолында сыйақылар бойынша шегерімдер сомасы көрсетіледі;

220.00.026-жолда 220.00.022-ден 220.00.025-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын салықтық шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

"Дара кәсіпкердің салық салынатын кірісінің есебі" деген бөлімде:

220.00.027-жолда Салық кодексінің 322-338-баптарына сәйкес айқындалатын есепті салық кезеңіндегі шетелдік көздерден алған немесе алуға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.03-нысаны F бағанының қорытынды мәні көшіріледі. 220.00.027-жол анықтамалық сипатқа ие;

220.00.028-жолда Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс кіріс сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.02-нысаны E бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.029-жолда халықаралық салық салу ерекшелігі ескеріле отырып, дара кәсіпкердің салық салынатын кірісінің (залалының) сомасы көрсетіледі. Бұл ретте 220.00.030 I жолында көрсетілген сома дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне

қосылуға жатады, ал салық салынатын кіріс болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы резидентінің шығыны азайтылады. 220.00.029-жол 220.00.010 және 220.00.028-жолдардың айырмасы (220.00.010 – 220.00.028) ретінде айқындалады;

220.00.030-жолда бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің (бұдан әрі – БШК-ның ТМ) Салық кодексінің 297-бабына және 340-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған жиынтық пайдасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.05-нысаны J бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.031-жолда салық салынатын кірістің (залалдың) қорытындысы көрсетіледі. 220.00.031-жол 220.00.029 және 220.00.030-жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

220.00.032-жолда Салық кодексінің 300-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс шығын көрсетіледі. Егер 220.00.031-жолдың теріс мәні болса, 220.00.032-жол 220.00.031 және 220.04.008 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады. Егер 220.00.031-жол оң мәнге ие болса, 220.00.032-жолға 220.04.008 I жолы көшіріледі;

220.00.033-жолда Салық кодексінің 288-бабына сәйкес дара кәсіпкердің салық салынатын кірісін кеміту сомасы көрсетіледі. 220.00.033-жол 220.00.033 I және 220.00.033 II жолдарын қамтиды:

220.00.033 I жолында салық төлеуші Салық кодексінің 288-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық салынатын кірісті кемітуге құқығы бар шығыстар көрсетіледі;

220.00.033 II жолында салық төлеуші Салық кодексінің 288-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес салық салынатын кірісті кемітуге құқығы бар шығыстар көрсетіледі;

220.00.034-жолда Салық кодексінің 288-бабына сәйкес есептелген азайтуды ескере отырып, дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі көрсетіледі. 220.00.031 және 220.00.033-жолдардың айырмасы (220.00.031 – 220.00.033) ретінде айқындалады. Егер 220.00.033-жол 220.00.031-жолдан артық болса, 220.00.034-жолда нөл көрсетіледі;

220.00.035-жолда алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген шығындар көрсетіледі;

220.00.036-жолда көшірілген шығындарды ескере отырып, дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі көрсетіледі. Егер 220.00.034-жолда оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады. 220.00.034 және 220.00.035-жолдардың айырмасы (220.00.034 – 220.00.035) ретінде айқындалады. Егер 220.00.035-жол 220.00.034-жолдан артық болса, 220.00.036-жолда нөл көрсетіледі;

220.00.037-жолда Салық кодексінің 357-бабы 2-тармағына сәйкес тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісінің сомасы көрсетіледі;

20.00.038-жолда Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында көзделген кірісті түзету сомасы көрсетіледі;

220.00.039-жолда дара кәсіпкердің салынатын кіріс сомасының қорытындысы көрсетіледі. 220.00.036-220.00.037-220.00.038-220.00.026 ретінде айқындалады.

"Салықтық міндеттеменің есебі" деген бөлімде:

20.00.040-жолда Салық кодексінің 320-бабына сәйкес ЖТС-тың мөлшерлемесі пайызда көрсетіледі;

220.00.041-жолда дара кәсіпкердің салық салынатын кірісінен алынатын ЖТС сомасы көрсетіледі. 220.00.043 және 220.00.044-жолдардың туындысы (220.00.043 x 220.00.044) ретінде айқындалады;

220.00.042-жолда Салық кодексінің 302-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. 220.00.041, 220.00.042 I, 220.00.042 II, 220.00.042 III, 220.00.042 IV және 220.00.042V жолдарының айырмасы (220.00.041 – 220.00.042 I – 220.00.042 II – 220.00.042 III – 220.00.042 IV – 220.00.042V) ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 220.00.042-жолда нөл көрсетіледі;

220.00.042 I жолында Салық кодексінің 359-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында ЖТС төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде кіріске төленген салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан

Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығы түрлерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.03-нысаны G бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.042 II жолында Салық кодексінің 359-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген БШК-ның немесе БШК ТМ-ның қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығын есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.05-нысаны K бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.042 III жолында Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен салық кезеңінде ұстап қалған ЖТС-тың сомасы көрсетіледі;

220.00.042 IV жолында сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен ұстап қалған және Салық кодексінің 302-бабының 3-тармағына сәйкес өткен салықтық кезеңдерден ауыстырылған ЖТС-ның сомасы көрсетіледі;

220.00.042 V жолында Салық кодексінің 302-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс жеке табыс салығының сомасына кемітілетін сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен салық кезеңінде ұстап қалған ЖТС-тың сомасы көрсетіледі;

220.00.042 VI жолында Салық кодексінің 358-бабы 6-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларына сәйкес салық кезеңінде БШК Қазақстан Республикасындағы төлем көздерден алынған кірісінен ұсталған КТС немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден салық салынатын кірісінен төленген КТС сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.05-нысаны M бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

220.00.043-жолда салық заңнамасына сәйкес ЖТС-тың азаюы көрсетіледі;

220.00.044-жолда Салық кодексінің 101-бабына сәйкес жеке табыс салығын төлеу есебінде есепке жатқызу жүзеге асырылатын соманы қоса алғанда төлеуге жататын ЖТС-тың сомасы көрсетіледі. Жеке табыс салығын төлеу Салық кодексінің 362-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалады. 220.00.044-жол 220.00.042 және 220.00.043-жолдардың айырмасы (220.00.042 – 220.00.043) ретінде айқындалады;

220.00.045-жолда аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдері аппаратының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі;

Бұл ретте, мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген, дара кәсіпкер қызметін басымдықпен жүзеге асыратын орын – дара кәсіпкердің орналасқан жері болып танылады.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашықжолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның тапсырылған күні – декларация мемлекеттік кірістер органына табыс етілген күн;

мемлекеттік кірістер органының коды – салық төлеушінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген жолда декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны табыс ету күні;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларын декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

9.3. Әлеуметтік салықтың экономикалық мәні

Әлеуметтік салықтар – нысаналы мақсаттағы тікелей салық түрі.

Әлеуметтік салықтар әлеуметтік мақсаттағы бюджеттен тыс нысаналы қорлардың, зейнетақы қорларының, әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамту қорларының негізгі көзі болып табылады.

Салық салу нысаны – еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлемнің алуан түрлері. Әлеуметтік салықтар азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуымен байланысты дүниеге келді.

Заңды және жеке тұлғалар төлейтін әлеуметтік салықтар мөлшерлемесінің ара қатынасы нақты бір елдегі қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты.

Мысалы, АҚШ-та жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлер Зейнетақы қорына бірдей мөлшерде – 9%-дан төлейді, ал Қазақстанда 10%-дан аударды.

Әлеуметтік салықты төлеушілер – елдің резидент-заңды тұлғалары, сондай-ақ елде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар.

Резидент-заңды тұлғалар мен бейрезиденттер үшін белгіленген төлемді қоспағанда, жұмыс берушінің қызметкерлерге белгіленетін кірістер түрінде төлейтін шығыны, ал жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар үшін төлеушілердің өздерін қоса алғанда, қызметкерлер саны салық төлеу объектісі болып табылады.

Әлеуметтік салық Қазақстан Республикасының Салық жүйесінде 1999 жылы пайда болғаннан бері елеулі өзгерістер әкелді. Оның ставкалары да және қолданылатын тәсілі де өзгеріске көп ұшырады.

Әлеуметтік салықты енгізген кезеннен бастап, оны басқару салық органдарының қолына өтті. Төлем төлеу жұмыс берушілердің 3 мемлекеттік бюджеттен тысқары фондысы қосылып, бір әлеуметтік салыққа айналуы мемлекеттік бақылаушылардың, санын азайтып, жұмыс берушілердің осыған байланысты төлемді есептеу және төлеу құжаттары кеміді.

Әлеуметтік салық өзінің қарапайымды болғанымен осы салықты есептеу кезінде көптеген қиыншылықтарға кез боламыз. Осы қиыншылықтар әлеуметтік салық салу объектісін анықтаған кезде бухгалтерлер әр тоқсан сайын қай жерден болмасын қателіктерге ұшырайды. Іс жүзінде әр түрлі пікірге тап боламыз, яғни салық кодексіндегі әлеуметтік салық салу объектітері ережесінің негізінде әлеуметтік салық салу объектісіне жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін шығындары жатады.

Бүгін Қазақстан Республикасы нарық жолында жүргенде, салықтың мәні өте зор. Салық төлемдерінің бюджетке толық көлемде түсуінің алуан әдістерін қолданып, қадағаланбайынша енді - енді құқықтық мемлекет болуға бағдар ұстап отырған еліміздің бұл бағытта табысты қадамын қамтамасыз ету мүмкін емес. Демек, әлеуметтік - экономикалық дамуға әр кез дем беріп, қан жүгіртіп отыратын бюджеттің тізілімінде ірілі – кішілігіне қарамастан, барлық салық төлеушілердің мән - маңызы мен рөлі өте үлкен.

Қазақстан Республикасының, Салық Кодексі: Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы, осы Кодекс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндеттері төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеуші арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастары реттейді. Сонымен салық, дегеніміз ол - мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгіленген белгілі бір мөлшерде жүргізілетін қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Әлеуметтік салық өзінің қарапайымды болғанымен осы салықты есептеу кезінде көптеген қиыншылықтарға кез боламыз. Осы қиыншылықтар әлеуметтік салық салу объектісін анықтаған кезде іс жүзінде әр түрлі пікірге тап боламыз, яғни салық кодексіндегі әлеуметтік салық салу объектілері ережесінің негізінде әлеуметтік салық салу объектісіне жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін шығындары жатады.

Осы ереженің негізінде әлеуметтік салық салу объектісіне жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін шығындары жатады. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңға сәйкес "қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс атқаратын жеке тұлға". Демек, жұмыс берушінің шығындарына әлеуметтік салық салуға арналған біріші белгі - олар сонымен еңбек қатынастарында тұрған және жеке еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын жеке тұлғаға, яғни қызметкерге төленуге, ал төлемдер қызметкер болып табылмайтын, осы салықты салу объектісіне жатпайтын жеке тұлғаларға төленуге тиіс. Бұл орайда жұмыс берушінің қызметкерге жұмсалған кез келген шығындары "қызметкердің табысы" болып табылады: есептелген жалақы, әлеуметтік немесе материалдық игіліктер беру, материалдық пайда түрінде алынған сомалар, яғни қызметкер үшін тікелей немесе жанама еңбекке ақы төлеу түріндегі табыстар болып табылатын жұмыс берушінің барлық шығындары. Мұндай төлемдер немесе шығындар үшін негіз - салық агент - жұмыс беруші мен жеке тұлғаның, қызметкердің арасындағы еңбек шартының болуы.

Жеке еңбек шарты - бұл қызметкер мен жұмыс берушінің, арасында жазбаша түрде жасалатын екіжақты келісім, ол бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша жұмысты орындауға, ал жұмыс беруші жалақыны және заңнама мен талаптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді дер кезінде және толық, көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдарда және ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Еңбек келісімі нысанындағы жеке еңбек шарты еңбек келісімі бойынша төлемдер де "қызметкердің табысына" жататынын дәлелдейді.

Әлеуметтік салық, салу объектісін айқындаған кезде "қызметкердің табысы" және «Жеке тұлғалардың табысы» деген ұғымдардағы өзгеше-ліктерді есте сақтау қажет. "Жеке тұлғаның табысы" жеке тұлғаның әртүрлі көздерден алатын барлық табыстарының жалпы атауын айқындайды. Ал оның бер жағында "Қызметкердің табысы" - бұл жұмыс берушінің төлемдері түріндегі жеке тұлға табысының нақты түрі, жұмыс беруші үшін ол қызметкер болып табылады.

Демек, "біржолғы төлемдерден алынатын табыс" және т.б. "қызметкердің табысына" жата алмайды, өйткені бұл жеке тұлға табыстарының әртүрлі нысандары.

Сөйтіп, жеке тұлғаның табыстарын әлеуметтік салық салу объектісіне жатқызудың екінші белгісі анықталды: біржолғы төлемдер немесе табыстардың басқа түрлері емес, "қызметкердің табысы" ғана салық салу объектісі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер, шетелдік заңды тұлғалардың, филиалдары мен өкілдіктері, қызметтің жекелеген түрлері үшін арнаулы салық режимінен басқа арнаулы салық режимінен қолданатындарды қоспағанда жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар әлеуметтік салық, төлеушілер болып табылады.

Әлеуметтік салық төлеушілер салық төлеуді өздерінің тұрған жері бойынша жүзеге асырады. Заңды тұлғалар өздерінің филиалдары, өкілдіктері мен өзге де ерекшеленген құрылымдық бөлімшелері үшін әлеуметтік салық төлеуді олардың, орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге немесе облыстық бюджеттерге белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

9.4. Әлеуметтік салықты есептеу, салық декларациясын тапсыру

Әлеуметтік салық 1999 жылдан бұған дейін қолданылып келген әлеуметтік қорларға: зейнетақы, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру, халықты жұмыспен қамту қорларына аударылатын сақтық жарналары аударымдарының орнына енгізілген.

Аударымдардың жиынтық мөлшерлемесі еңбекке ақы төлеу қорының 28% мөлшерінде белгіленді, ал төленетін жарналардың сомасы өндіріс шығындарына жатқызылды.

Әлеуметтік салықтан түсетін түсімдер мемлекеттік бюджетте 6,2%-ды (2008 ж.) құрады. Салық жұмыс істеген жылдары оның мөлшерлемелері өзгеріп отырды, әр түрлі салық төлеушілер үшін 26%-дан 6,5%-ға дейін сараланды, онан кейін оның мөлшерлемесі 21%-ға дейін төмендетілді; 2008 жылдан салық салу объектінің мөлшеріне қарай 13%-дан 5%-ға дейін жаңа салық мөлшерлемелері белгіленді.

Дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар, Қазақстан Республикасының заңи тұлға-резиденттері, сондай-ақ Қазақстанда қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Заңи тұлға-резиденттің шешімі бойынша оның құрылымдық белімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Әлеуметтік салық бойынша салықтық есептемені есептеуді, төлеуді және табыс етуді: ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңи тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін;

оңайлатылған мағлұмдама негізінде шағын бизнес субъектілері үшін;

патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін;

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін салық заңнамасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып арнаулы салық режімдерін қолданатын төлеушілер жүргізеді.

Жұмыс берушінің материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыскер-резиденттерге берген табыстарды қоса алғайда, жұмыс беруші төлейтін ақшалай немесе заттай нысандағы кез келген табыстар түріндегі оның, жұмыскер-бейрезиденттерге төлейтін шығыстары, сонымен бірге шетелдік персоналдың табыстары аталған төлеушілер үшін әлеуметтік салық салу объекті болып табылады.

Егер жұмыскерге күнтізбелік ай үшін есептелген табысының жалпы сомасы Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай күнтізбелік айдың соңғы күні қолданыста болған жалақының ең төмен мөлшерінен төмен әлеуметтік салық салу объекті жалақының ең төменгі мөлшері негізінде анықталады.

Мыналар:

Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіпкерлік оқуға байланысты бюджет және (немесе) гранттар қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын төлемдер;

Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер; білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасы заңнамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар; қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;

он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерлеріне жолдамалардың құны; жұмыс беруші өз жұмыскерлеріне міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру келісім-шарттары бойынша төлейтін сақтық сыйақылары;

әскери службаның міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге берілетін, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, қылмыстық-атқару жүйесінің және мемлекеттік өртке қарсы қызмасының органдары мен мекемелерінің белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлері қызмалық міндеттерін атқаруына байланысты алатын төлемақылардың барлық түрлері; экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан за- рдап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес төленетін төлемақылар; бюджеттік қаражаттар есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

өз жұмыскерлеріне міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру келісімшарттары бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтық сыйлықақылары;

Жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті және кәсіби зейнетақы жарналары және т.б. табыстар, сондай-

ақ: мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер; Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік

**ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ БОЙЫНША
ДЕКЛАРАЦИЯ**

нысаны 200.00 бет 01

«Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны салық есептеуші және қолданушы өзінен НАЗАР АУДАРЫҒАН КАРҒА ЖЕ ҰУЫҚАНЫ ҚОЛҚОМАС ДЕСКЕС ҚАЛҒАНДЫҚ БІТКЕНДІ АҚ ОҢШЕРМЕСІ ҚОЛҚОМАС»

Бөлім. Салық төлеуші (салық агенті, әлеуметтік төлем агенті немесе төлеуші) туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есепшілігі табыс етілетін салық кезеңі: тоқсан жыл

3 Салық төлеушінің (салық агентінің, әлеуметтік төлем агентінің немесе төлеушінің) атауы/салымшының (төлеушінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

4 Декларацияның түрі (тіпсті торақда көрсетіңіз):
 бастапқы келесті қосымша кеберлемә бойынша қосымша тарату

5 Хабарламаық нөмірі мен күні (қабаттан байқап қолданып отырған болса, он үшін көрсетіңіз)
 А нөмір
 В күні

6 Салық төлеушінің (салық агентінің, әлеуметтік төлем агентінің немесе төлеушінің) жасқалған саяаттары (тіпсті торақда көрсетіңіз):
 А Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы
 B Салық кодексінің 355-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өндірушілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші
 C Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқару құрылтайшысы
 D Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші
 E Тіркелген шегерімді пайдалана отырып, арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші

7 Ресиденттік белгілері (тіпсті торақда көрсетіңіз):
 A резидент B бейрезидент

8 Қызметкерлердің жалпы (адамдардың) саны: 1 ай 2 ай 3 ай
 оның ішінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың 1 ай 2 ай 3 ай

9 Құрылымдық бөлімшелердің бар-жоғы (тіпсті торақда көрсетіңіз): бар жоқ

10 Табыс етілген қосымшалар (тіпсті торақда көрсетіңіз): 01 02 03 04 05

11 200.03 қосымшалардың саны 12 200.04 қосымшалардың саны

Бөлім. Есептік көрсеткіштер

Жыл коды Атауы

200.00.001 Бюджетке төленуге тиіс жеке табыс салығының сомасы

1 ай I Есептік тоқсан үшін жыны IV

2 ай II

3 ай III

200.00.002 Аударылудағы тиіс міндетті зейнетақы жарналарының сомасы

1 ай I Есептік тоқсан үшін жыны IV

2 ай II

3 ай III

2 020000010005

Сурет 9.5 – Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация, 200.00 нысаны, бірінші бет

сыйлықақылар, стипендиялар; спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда жүлделі орындар үшін берілетін ақшалай марапаттар;

Есептелген әлеуметті салықтың 3,5 пайызы міндетті сақтандыру аударым ретінді, 2,0 пайызы міндетті медициналық сақтандыру жарнасы ретінде аталған қорларға аударылады.

Арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар, өзі үшін Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төленетін күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінде және әрбір жұмыскер үшін айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінде, ал тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қаблетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар 4,5 пайыз мөлшерлеме бойынша әлеуметтік салық төлейді.

Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін патент немесе оңайлатылған мағлұмдама негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін салық заңнамасында әлеуметтік салық мөлшерлемелері белгіленген.

Әлеуметтік салықты төлеу, егер Салық кодексінде өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің орналасқан жері бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25- інен кешіктірілмей жүргізіледі. Құрлымдық бөлімшелері бар әлеуметтік салық төлеушілер әлеуметтік салық төлеуді осы құрлымдық бөлімше жұмыскерлерінің табыстары бойынша есептелген әлеуметтік салықты негізге ала отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердің есепті айға есептелген әлеуметтік салық сомасы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша төленген әлеуметтік жәрдемақы сомасына азайтылады. Есепті айда жоғарыда аталған әлеуметтік жәрдемақының төленген сомасы есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып түскен жағдайда асып түскен сома келесі айға ауыстырылады.

Жалпы, «Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00–нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексіне және 2003 жылғы 25 сәуірдегі «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», 2013 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген.

Қағидалар жеке табыс салығын, әлеуметтік салықтарды есептеуге, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын есептеуге, ұстауға (қоса есептеуге) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналардың сомаларын есептеуге және аударуға арналған "Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация" салық есептілігі нысанын (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны Салық кодексінің 8-бөлімі 35 және 36-тарауларына, 19-бөлімінің 74-тарауына, 19-бөлімге сәйкес жеке тұлғаларға оңайлатылған декларация негізінде шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, салық агенттері, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттері, Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес әлеуметтік аударымдарды төлеушілер, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес әлеуметтік аударымдарды төлеушілер, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру заңдарында белгіленген мөлшерлерде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, МӘМС жарналар бойынша оңайлатылған декларация және патент негізіндегі салық төлеушілер (салық агенттері, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке практикамен аналысатын жеке тұлғалар жасайды.

Салық кодексінің 482-бабы 3-тармағына сәйкес заңды тұлғаның шешімімен дербес әлеуметтік салық төлеушілер болып танылған құрылымдық бөлімшелер жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

Салық кодексінің 697, 698, 699, 700 және 701-баптарына сәйкес қызметін арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асыратын және салық салынуы жалпыға бірдей тәртіпте қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші декларацияны Салық кодексінің 207-бабы 1-тармағына сәйкес әрбір қызмет түрі бойынша бөлек табыс етуді жүргізеді.

Декларация декларацияның өзінен (200.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпараттарды егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (200.01-ден 200.05-ке дейінгі нысандар) тұрады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті декларацияның торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларация жолдарын толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

Декларацияға қосымшаларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда олар жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, декларацияға қосымшалардың осындай тағы парағы толтырылады.

Осы Қағидадаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады; электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

11. Салық төлеуші агенті) декларацияны Салық кодексінің 204-бабы 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Қосымшалардың "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" деген бөліміндегі көрсетілген тиісті деректерді көрсетеді.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (200.00-нысан)

«Салық төлеуші (салық агенті, агент немесе әлеуметтік төлемдерді төлеуші) туралы жалпы ақпарат» деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді:

салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірін (бизнес-сәйкетендіру нөмірі) (бұдан әрі – ЖСН (БСН)).

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушыны ЖСН (БСН);

салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – есепті салық кезеңдері кіретін есепті тоқсан (араб цифрымен көрсетіледі);

салық төлеушінің (салық агенті, агент немесе әлеуметтік төлемдерді төлеуші) салымшының (төлеушінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы.

Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы;

декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияны табыс еткен жағдайда белгіленеді;

салық төлеушінің (салық агентінің немесе әлеуметтік төлемдерді төлеушінің) жекелеген санаттары көрсетіледі.

Егер салық төлеуші А, В, С, D және Е жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда мынадай торкөздер белгіленеді:

А – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқару;

В – Салық кодексінің 355-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші;

С – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқару құрылтайшысы;

D – Салық кодексінің 355-бабына сәйкес патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші;

Е – Салық кодексінің 355-бабына сәйкес тіркелген шегерімді пайдалана отырып, арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші көрсетіледі.

Егер 6 В бағанын белгілеген салық төлеуші бір мезгілде 6 А, 6 С немесе 6 D бағанына жатқан жағдайда, онда тиісінше 6 В мен 6 А, 6 В мен 6 С немесе 6 D бағандарының екеуін де белгілейді;

резиденттік белгісін.

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент-салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының бейрезидент-салық төлеушісі белгілейді;

қызметкерлердің жалпы (адамдардың) саны – есепті тоқсанда табыстар есептелген қызметкерлердің, оның ішінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың саны көрсетіледі. Қосымша декларация тапсырылған кезде бұрын тапсырылған кезекті декларациядағы көрсетілген санмен және салық кезеңіндегі нақтылай санның арасындағы айырма көрсетіледі;

резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша ЖТС бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық бөлімшелерінің бар-жоғын.

Резидент заңды тұлғада ЖТС бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда тиісті торкөз белгіленеді. Торкөздердің бірі міндетті түрде толтырылуы тиіс;

табыс етілген қосымшаларды.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

200.03 қосымшаларының санын.

Резидент заңды тұлғаның ЖТС бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық бөлімшелерінің санына сәйкес келетін 200.03 қосымшаларының саны көрсетіледі;

Салық кодексінде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан келісімшарттар санына сәйкес келетін 200.04 қосымшаларының саны көрсетіледі.

"Есептік көрсеткіштер" деген бөлімде:

200.00.001 I, 200.00.001 II және 200.00.001 III жолдары осы нысанға 200.03-қосымшада көрсетуге тиіс ЖТС бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің табыстары бойынша бюджетке төлеуге жататын ЖТС-ның сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айында бюджетке аударылуға жататын ЖТС-ның сомасын көрсетуге арналған.

200.00.001 IV жолы 200.00.001 I, 200.00.001 II және 200.00.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

200.00.002 I, 200.00.002 II және 200.00.002 III жолдары осы нысанға 200.03-қосымшада көрсетілуге тиіс салық агенттерімен дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналары сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыскерлер мен жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айында БЖЗҚ аударылуға жататын міндетті зейнетақы жарналары сомасын көрсетуге арналған.

200.00.002 IV жолы 200.00.002 I, 200.00.002 II және 200.00.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

200.00.003 I, 200.00.003 II және 200.00.003 III жолдары осы нысанға 200.03-қосымшада көрсетуге тиіс салық агенттерімен дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын қоспағанда, салық агентімен (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айында қызметкерлерге есептелген табыстардан есептелетін және БЖЗҚ аударылуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын көрсетуге арналған.

200.00.003 IV жолы 200.00.003 I, 200.00.003 II және 200.00.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

200.00.004 I, 200.00.004 II және 200.00.004 III жолдары осы нысанға 200.03-қосымшада көрсетуге тиіс салық агенттерімен дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын қоспағанда, салық агентімен (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айында қызметкерлерге есептелген табыстардан есептелетін және БЖЗҚ аударылуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын көрсетуге арналған.

200.00.004 IV жолы 200.00.004 I, 200.00.004 II және 200.00.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсанда міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған;

200.00.005 I, 200.00.005 II және 200.00.005 III жолдары дара кәсіпкерлер (шаруа немесе фермер қожалықтарына үшін, патент негізінде арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын тұлғалар есепті тоқсанның әрбір айы үшін БЖЗҚ өз пайдасына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын көрсетуге арналған.

200.00.005 IV жолы 200.00.005 I, 200.00.005 II және 200.00.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсанда міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған;

200.00.006 I, 200.00.006 II және 200.00.006 III жолдары осы нысанға 200.03-қосымшада көрсетуге тиіс ЖТС бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) Салық кодексінің 485-бабы 1-тармағына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айы үшін есептелген және Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасына азайтылған әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

Бұл ретте 200.00.006 I, 200.00.006 II, 200.00.006 III және 200.00.006 IV жолдарының сомасы тиісінше 200.03.005 I, 200.03.005 II, 200.03.005 III және 200.03.005 IV жолдарына енгізілмейді.

Бұл жолдарды ауыл шаруашылығы өнімдерін, өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер толтырмайды.

Төлеуге тиіс әлеуметтік салықтың есептелуі әрбір жұмысшы бойынша жүргізіледі.

200.00.006 IV жолы 200.00.006 I, 200.00.006 II және 200.00.006 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

декларацияны ауыл шаруашылығы өнімдерін, өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер табыс етілген жағдайда бюджетке аударылуға жататын әлеуметтік салықтың сомасы Салық кодексінің 700-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, 200.00.007 жолында көрсетіледі (6 В торкөзін толтырған жағдайда).

200.00.007 I, 200.00.007 II және 200.00.007 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.007 IV жолы 200.00.007 I, 200.00.007 II және 200.00.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

200.00.008 I, 200.00.008 II және 200.00.008 III жолдары салық төлеуші есепті тоқсанның әрбір айында өзі үшін және есепті тоқсанның әрбір айында әрбір үшін төленетін, Салық кодексінің 485-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген, бюджетке төлеуге тиіс әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.008 IV жолы 200.00.008 I, 200.00.008 II және 200.00.008 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

200.00.009 I, 200.00.009 II және 200.00.009 III жолдары осы нысанға 200.03 қосымшада көрсетуге тиіс жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 353-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) тоқсанның әрбір айы үшін есептелген және Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.009 IV жолы 200.00.009 I, 200.00.009 II және 200.00.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;10) 200.00.010 I, 200.00.010 II және 200.00.010 III жолдары дара кәсіпкерлердің (шаруа немесе фермер қожалықтары үшін патент негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке практикамен айналысатын тұлғалар

есепті тоқсанның әрбір айы үшін өз пайдасына әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуіне арналған.

200.00.010 IV жолы 200.00.010 I, 200.00.010 II және 200.00.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған; 11) 200.00.011 I, 200.00.011 II және 200.00.011 III жолдары Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңына сәйкес МӘМС аударымдарының сомасын көрсетуіне арналған.

200.00.011 I, 200.00.011 II, 200.00.011 III, 200.00.011 IV жолдары 12) 200.00.012 I, 200.00.012 II және 200.00.012 III жолдары Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес МӘМС жарнасының сомасын көрсету үшін, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша табыс алатын жеке тұлғаның, осындай жарна бойынша есептеуді (ұстауды) және аударуды, осындай шарт жасасқан салық агенті жүзеге асыратын жарна сомасын көрсету үшін арналған.

200.00.012 IV жолы 200.00.012 I, 200.00.012 II және 200.00.012 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

"Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)/Салымшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының/жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес салымшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Егер декларацияны дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын тұлға табыс еткен болса, жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес оның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның тапсырылған күні – декларацияның мемлекеттік кірістер органына табыс етілген ағымдағы күні;

ЖТС және әлеуметтік салық бенефициар – мемлекеттік кірістер органының коды - салық агентінің тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар – мемлекеттік кірістер органының коды – салық агентінің, салымшының (төлеушінің) орналасқан орны (тұрғылықты жері) бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашық жолда – декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) және оның қолы;

декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні;

7) құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы беретін декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 5), 6) 7) және 8) тармақшалары декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: жеке табысқа салығы және әлеуметтік салық бойынша аталмыш салықтардың экономикалық негізін түсіну, жеке табыс салығының салық салу базаларын игеру, салық салынбайтын табыстардың көздерін айыра білу. Әлеуметтік

салық бойынша салық салу базаларын игеру, әлеуметтік салық салық салынбайтын табыстардың көздерін айыра білу. Жеке табыс салығы бойынша кәсіпкерлердің салық органдарына тапсыратын салықтық декларация үлгісімен таныс, декларацияны толтырып көру. Әлеуметтік салық бойынша кәсіпкерлердің салық органдарына тапсыратын салықтық декларация үлгісімен таныс, декларацияны толтырып көру.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап керек.

1. Жеке табыс салығының экономикалық мәні не?
2. Жеке табыс салығының салық салу базасы не?
3. Жеке табыс салығы бойынша салықтық мөлшерлемелерді айтып беріңіз.
4. Жеке табысқа салынбайтын табыс көздерін айтып беріңіз.
5. Жеке табыс салығы бойынша мәліметтер не декларацияларда көруге болады?

№ 2 Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап керек.

1. Әлеуметтік салықтың экономикалық мәні не?
2. Әлеуметтік салықтың салық салу базасы не?
3. Әлеуметтік салықтың бойынша салықтық мөлшерлемелерді айтып беріңіз.
4. Әлеуметтік салықтың салынбайтын табыс көздерін айтып беріңіз.
5. Әлеуметтік салықтың бойынша мәліметтер не декларацияда көруге болады?

№ 3 Тапсырма: «ААА» ЖШС-де келесі адамдар жұмыс жасайды делік:

Абдулов Асқар, басшы, айлық ақысы 500 000 теңге, 25 күн жұмыс жасады;
Ескараев Ерлан, заңгер, айлық ақысы 300 000 теңге, 25 күн жұмыс жасады;
Ишанғалиев Айдын, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 23 күн жұмыс жасады;
Бисекенов Талғат, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 22 күн жұмыс жасады;
Султанғалиев Арон, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 20 күн жұмыс жасады;
Жанғазиев Рафхат, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 20 күн жұмыс жасады;
Сыйхов Марат, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 21 күн жұмыс жасады;
Қаде Қамбар, қызметкер, айлық ақысы 200 000 теңге, 25 күн жұмыс жасады;
Умарғалиев Асылбек, айлық ақысы 200 000 теңге, 23 күн жұмыс жасады;

Егер, 2020 жылының қаңтар айында жұмыс күні 25 күн болса:

- 1) «ААА» ЖШС-гі қаңтар айына қанша ЖТСын еңбек ақы сомаларынан шегеріп, мемлекеттік бюджетке салық ретінде аударады?
- 2) «ААА» ЖШС-гі қаңтар айына әлеуметтік салық есептеп, мемлекеттік бюджетке салық ретінде аударады?

Х ТАРАУ. АКЦИЗ САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

10.1. Акциз салығын салудың экономикалық қажеттілігі

Акциздер латынның «accidere» кесу деген сөзінен шыққан, тұтынуға арналған тауарлардың бір бөлігін кесіп алу деген ұғымды білдіреді. Акциздер тұз және басқа халық жаппай тұтынатын тауарлар бағасынан Ежелгі Римде алына бастаған. Акциздер Европалық мемлекеттердің салық жүйесінің дамуына ерекше орын алады. XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. басында Европа елдерінде тікелей және жанама салықтан тұратын салық жүйесі қалыптасты. Акциз салығын бұрыннан бері көптеген мемлекеттер, бекітілген белгілі бір тауарлар түрлеріне салу арқылы қолданып келді. Негізінен мұндай тауарларға халықтың пайдалануына арналған, өтімділігі жоғары және адамның немесе бүкіл қоғамның денсаулығына қауіп төндіретін тауарлар және мемлекеттің монополиясы болып табылатын екінші дәрежелі қажеттіліктегі тауарлар жатады.

Қазіргі кезде акциздер ұғымы тар және кең мағынада сипатталады. Тар мағынада алғанда бұл ұғымды жекелеген тауарлар түрлеріне тасылынған акциздер немесе жеке акциздер деп ұғынған жөн. Кең мағынада акциз ұғымы жеке және әмбебап акцизді біріктіреді. Оларды бөлу акциздерді алу тәсіліне қарай, олардың іс қимыл аясына байланысты. Тарихи тұрғыдан алғанда, жеке акциз бұрын пайда болып, сауданың өркендеген кезінде өмірге келген.

Әдетте жеке акциз жекеленген тауарлардан алынады. Мұндай акцизді салудың объектілері әр елде тауардың түріне қарай әр алуан. Ал әмбебап акциз кең ауқымды болып табылады. Әмбебап акциз кәсіпорынның өткізу бойынша жалпы айналымнан алынады.

Салық теориясында ғалымдар мен зерттеушілердің жанама салықтар туралы пікірі әр түрлі. Жанама салықтар соның ішінде акциздердің жетіспеушілігі ретінде, олардың тұтынушылардың салық ауыртпалығын күшейтетіні, олардың төлем қабілетін азайтатындығы, бұл салықты салудың белгілі бір шығындарды қажет ететіні көрсетілді. Ал акциздердің тікелей салықтардан артықшылығы олардың фискалдық ролі деген тұжырымдама туындаған.

Акциз салығының теориясын зерттеуші экономистер мен ғалымдардың пікірлерін сараптай келе, біз акциз салығы мемлекет бюджетінің кіріс көзін құраушы ретінде қолданылады және акцизделетін тауарларды сатып алушының, осы тауарларды сатып алса, яғни оның өзінің бұл тілегін, қажеттілігін қанағаттандыру үшін қаражаты бар екендігін көрсетеді. Ал, олай болса адам мемлекеттің пайдасына темекі акцизі түрінде табыс әкелуі керек. Теориялық жағынан темекіге, алкоголь өнімдеріне және т.б. өнімдерінен салынатын акциз мөлшері салық төлеуші осы тауарларды немесе қызметтерді тұтыну салдарынан әкелген әлеуметтік және табиғи шығындарға шамамен тең болуы қажет.

Сонымен қатар акциздерді өтімділігі жоғары тауарларда оны өндірушілер тапқан жоғарғы пайдасының бір бөлігін мемлекеттік бюджетке алу мақсатында салынады деп айтуға болмайды, өйткені акциз салығы тек тауарларға ғана емес, қызметтерге де салынады және бүгінгі күні акцизделген тауарларға барлық жоғары рентабельдік тауарлар жатқызылмаған.

Акциздер жанама салықтың негізгі түрінде 1920-1930 жж. Кеңес Одағының мемлекеттік бюджетінің негізгі кіріс көздерінің бірі болып келді. 1922-1923 жж. акциздер Қазақстанда мынандай тауарлардан алынды: қант, шай, темекі, сыра, бал, сіріңке, шарап, спирт және мұнай өнімдері. Осы кездегі мемлекет бюджетінің кіріс көзінде акциздердің үлесі жалпы бюджет кірісінің 11-20 пайызын құраған.

Қазақстан Республикасында 1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сауда сатып алу бағаларын қолдануға

және мемлекеттік реттеп отыруға бағытталған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде тұңғыш салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құру қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгіленген алғашқы құжат еді.

Осы Заңға сәйкес 1992 жылы 1 қаңтарынан бастап елімізде 43 салық түрі енгізілді.

Акциз салығы осы 43 салықтың ішіне еніп, 1992 жылдан бастап қызмет ете бастады. Бұл кезде акциз салығы спиртке, араққа, шарапқа, коньякқа, тағыда басқа алкоголь өнімдеріне, шоколадқа, бекіре және басқа да балықтардың уылдырығына, кілем және кілем өнімдеріне, былғарыдан жасалған киімдерге және тағы басқа тауарларға салынды.

Акциздер мемлекеттік қазынаны толтыратын маңызды әрі тиімді, тетіктердің бірі болып табылады. Яғни мұнда оның фискалдық функциясы сипатталады.

Бүгінгі күнде көптеген нарықтық елдерде акциз мемлекеттің маңызды кірісі болып табылады. Бұдан басқа акциз тағыда төмендегідей функция атқарады:

реттеуші – қоғамға зиян келтіретін кейбір тауарлар түрлерінің өндірісі мен тұтынушы шектеу және реттеу;

ынталандырушы – кейбір тауар түрлеріне сұранысты ынталандыру және импортталатын тауарларға акциз салу арқылы отандық өндірушілерді қолдау.

Сонымен нарық жағдайында акциз салығы біріншіден, мемлекеттік кірістердің тұрақты көзі болып табылады, екіншіден әлеуметтік әділеттік принципті ұстана отырып қоғам мүддесіне қарай тұтынуды реттейді. Акциздерге байланысты дәлелдер бойынша шынайы, нағыз әділеттік әрбір адамның өзінің нақты тұтыну деңгейіне байланысты салық төлеу керектігін талап етеді. Сонымен бірге бұл салық ешкімге күшпен зорлықпен салынбайды және төлеуде оны жеңілдірек болып табылады. Акциз салығының салынуы арқылы әр кез мемлекеттің байлығы, халықтың әлеуметтік жағдайы, экономиканың дамуы туралы тұжырым жасауға болады.

Мемлекеттік салық салу шаралары бойынша азаматтардың табысымен мүлкілік жағдайларының арасындағы айырмашылықтарды теңестіру қажеттілігін салық салу теориясының негізін қалаушы экономист және философ А. Смит дәлелдеген. Оның ойынша салық азаматтардың табыстарына және сол табыстарына сәйкес тұтынуына салынуы керек. Сондықтан да, акциз салығы фискалдық құрама ретінде көбінесе өтпелі экономикасы бар елдерде маңызды.

Өйткені бұл елдер тікелей салық салу үшін қажетті тұрақты әрі жергілікті базаның болмауы себебінен өндірістің әлсіз дамуы, халықтың табыс деңгейінің төменділігі жанама салық салу жүйесіне көбірек сүйенеді. Осылайша бүгінгі күнде Чехия, Венгрия, Польша сияқты елдерде салықтық түсімдердің 1/5 бөлігі акциздер есебінен қалыптасуда.

Қазіргі кезде Қазақстанда бұл салық көбінесе өзінің фискалдық тартымды болып келеді. Бірақ шетел тәжірибесі дәлелдегендей, акцизді реттеуші функциясы оның кең қолдануына тартымды болады. Кез келген салық реформасының тартымдылығы мен тиімділігін бағалау критерийлерінің негізгі салық жүйесінің салық төлеушіге түсіретін салық ауыртпашылығының деңгейі болып табылады.

Акциздердің кәсіпорындардың салықтық ауыртпашылық мөлшеріне әсері айтарлықтай. Акциз өзінің маңызы бойынша тауардың бағасына қосылып, соңғы тұтынушымен төленуі керек, бірақ оның ауыртпашылығын шаруашылық субъектілері де көтереді. Акцизді төлеген кәсіпорын оны тауарлардың, қызметтердің бағасына қосып, тұтынушыға аударады. Бірақ кәсіпорын тауардың бағасын белгілі бір деңгейде ғана дейін, яғни төлем қабілетті сұранысқа байланысты көтере алады.

Егер акциз өндірілген тауар бағасы өте жоғары болып кетсе, бұл тауарға сұраныс азаяды, төмендейді. Сондықтан тұтынушыларды ұстап қалу үшін кәсіпорын баға деңгейін сақтай отырып, өз пайдасын салық сомасына азайтуға мәжбүр

болады. Яғни акциз салығының жоғарғы ставкасын қолдану халықтың сатып алу қабілеттілігін төмендетіп, өндірушілер үшін өткізу нарығын тарылтады.

Пайданың минималды мөлшерін жоспарлағанда да бағаның құрамындағы жоғары акциз салығының ставкалары өндірушілерге өз өнімдерін тез уақытта өткізуге мүмкіндік бермейді, оған сатып алушылардың шектеулі мүмкіндіктері себеп болады.

Осылайша акцизделетін тауарды өндіретін кәсіпорынның табысының бір бөлігін ала отырып, акциз кәсіпорын қызметін қаржының нәтижесіне кері әсер етеді. Өндірушілердің бұл тауарларды өндіруге деген қызығушылығы төмендейді. Ал өндірістің қысқаруы баға өсуіне ықпал етіп сұраныстың яғни тұтыну деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Бірақ бұл шектеу механизмінің жүзеге асырылуы тиімділігі акцизделетін тауарлар айналымы сферасының жүргізілетін мемлекеттік бақылауға және заңсыз айналым көлеміне тікелей байланысты.

Акциздер мемлекет қызметінің барлық бағыттарын қаржыландыру көзі және мемлекеттік мүдделерді іске асырудың экономикалық құралы болып табылады.

Нарықтық қатынастар жағдайында акциздердің келесідей артықшылықтарын атап өтуге болады:

акцизделетін тауарларды бағаның өсуімен тікелей байланыстырады және бюджеттік қаражаттардың инфляцияға ұшырамаудың тиімді тұтқасы болып табылады;

акциз салығы ставкасының дифференциациясы мемлекетке тұтыну сұранысын қамтамасыз етуге еркіндік береді;

фискалдық қызметі атқарады және мемлекеттің мүддесінен тыс инфляция мен бағаны ырықтандыруды ойдағыдай ұштастырады;

экономиканы мемлекеттік реттеу құралы, сондай-ақ артық өнімді импорттау дағдарысымен күрес тұтқасы болып табылады;

әлемдік тәжірибеде қосылған құн салығының ставкасы тек деңгейі бойынша емес, саны бойынша да ерекшеленеді;

халықаралық тәжірибеге сай әлсіз өндірушілерді нарықтан шығаруды жеделдетумен байланысты артық өнімді импорттау дағдарысы мақсатымен өткізілген өндірісті тежеу саясатының элементі болып табылады.

Жалпы, акциз салығы кез келген жанама салық сияқты тауардың бағасына қосылады, сондықтан да үстеме құн ретінде тағайындалып тұтынушыдан төленеді. Бұл салық, әрқашанда тауар бағасының өсуімен бірге өсіп отырады, сөйтіп бюджеттің тұрақты, әрі тиімді қаражат көзі болып табылады.

10.2. Акциз салығын төлеушілер және акцизделетін тауарлар түрлері

Акциздер – бағаға қосылатын және сатып алушы төлейтін тауарларға салынатын салық болып табылады.

2020 жылдың 1-қазанындағы өзгерістер мен толықтырулар енізілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес акциз салығын төлеушілер болып келесілер табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын шаруашылық субъектілер;

2) акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын шаруашылық субъектілер;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектілер;

4) Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 5) – 7) тармақшаларында көрсетілген және олар бойынша акциз Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес бұрын төленбеген, Қазақстан Республикасының аумағында тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын;

5) Кодекстің 462-бабында көрсетілген және олар бойынша акциз Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұрын төленбеген, акцизделетін тауарлардың мүліктік массасын өткізуді жүзеге асыратын;

6) Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің б) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

Осы аталғандармен қатар, резидент емес заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері де акциз төлеушілер болып табылады.

Салық кодексіне сәйкес бензинді, дизель отынын, шикі мұнай мен газ конденсатын тәркілеген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар акциздерді төлеушілер болып табылмайды.

Жалпы, акцизделетін тауарлардың саны мен көлемі жыл өткен сайын ықшамдалып келеді.

Мәселен, 1995 жылы 24 сәуірдегі «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес акцизделетін тауарлардың тізбесінде 21 түрлі құндылықтар орын алады.

2020 жылдың 1-қазанындағы өзгерістер мен толықтырулар енігізілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес акцизделетін тауарлар болып келесілер табылады:

- 1) спирттің барлық түрлері;
- 2) алкоголь өнімі;
- 3) темекі бұйымдары;
- 4) қыздырылатын темекісі бар өнімдер, электрондық сигареттерде пайдалануға арналған құрамында никотині бар сұйықтық;
- 5) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;
- 6) шағын автобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, 10 және одан да көп адам тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары;

қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, адамдар тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

7) шикі мұнай, газ конденсаты;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім.

Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындайды.

Осы баптың екінші бөлігіне сәйкес айқындалған импортталатын тауарлардың қосымша тізбесінде көрсетілген тауарларға акциздердің мөлшерлемелерін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Акциздердің мөлшерлемелері заттай түрдегі өлшем бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді.

Алкоголь өніміне акциздердің мөлшерлемелері осы баптың 1-тармағына сәйкес не оның құрамындағы сусыз (жүз пайыздық) спирттің көлемдік үлесіне қарай бекітіледі.

Спирттің барлық түріне және шарап материалына акциз мөлшерлемелері спиртті және шарап материалын одан әрі пайдалану мақсаттарына қарай сараланады.

Акциз сомаларын есептеу келескелес мөлшерлемелер жүргізіледі (Кесте 1). Құрылымдық бөлімшелері бар акциз төлеушілер құрылымдық бөлімшелерді олардың орналасқан жері бойынша салық органдарында тіркеу есебіне қоюға және өзінің құрылымдық бөлімшелерін тіркеу есебіне қойғаны туралы өзі тіркелген жері бойынша салық органына хабарлауға міндетті.

Құрылымдық бөлімше үшін төленуге тиіс акциз сомасы әр құрылымдық бөлімше бойынша жасалған құрылымдық бөлімше жөніндегі акциз есебі негізінде анықталады. Акциз есебін құрылымдық бөлімшелер бойынша жасаған кезде акциз салынған және салық кезеңі ішінде құрылымдық бөлімшелер жүргізген операциялар ескеріледі.

Акциз төлеушілер құрылымдық бөлімшелері үшін төлеуге тиіс акциз сомалары бойынша есепті құрылымдық бөлімшенің тіркелген жері бойынша салық органына төменде белгіленген мерзімдерде табыс етуге міндетті. Ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, құрылымдық бөлімшелер үшін акциз төлеуді акциз төлеуші заңды тұлға тікелей өзінің есеп шотынан төлейді немесе ол құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.

Осы белгіленген тәртіп спирт және алкоголь өнімдері бойынша акцизделетін тауарларды өндіруді және оларды құюды және де бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын болса өзі тіркелген орнынан тыс жерде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер акциз төлеген жағдайда да қолданылады. Жеке кәсіпкер, ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, акциз төлеуді өзі қызметін жүзеге асыратын жері бойынша жүргізеді.

Акцизге қатысты күнтізбелік ай – салық кезеңі болып табылады.

Әрбір салық кезеңі аяқталған соң, акциз төлеушілер өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына акциз жөніндегі декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей табыс етуге міндетті. Сонымен қатар, акциз төлеушілер декларациямен бірге акциз бойынша есеп-қисапты да табыс етеді.

Акциз төлеушілер акциз жөніндегі декларацияны акциз бойынша салық есептілігін жасау ережесіне сәйкес жасайды. Ал, Акциз бойынша салық есептілігін жасау ережесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленеді және салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелері, салық салуға байланысты объектілері үшін акциз сомаларын есептеуге арналған Акциз бойынша салық есептілігін (декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Акциз бойынша декларацияны акциз төлеушілер Салық кодексінің 39-тарауына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес толтырады.

Орналасқан орны бойынша салық органында тіркелген салық салуға байланысты объектісі бар акциз төлеуші Акциз бойынша декларацияны Құрылымдық бөлімшелер немесе салық салуға байланысты объектілер үшін есепті қоса бермей-ақ табыс етеді.

Жалпы, «Акциз бойынша декларация (400.00-нысан)» салық есептілігін жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленген және акциз сомаларын есептеуге арналған «Акциз бойынша декларация» салық есептілігі нысанын жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны акциз төлеушілер Салық кодексінің 11-бөліміне сәйкес толтырады.

Кесте 10.1 – Акциз сомаларын есептеу үшін қолданылатын мөлшерлемелер

P/c №	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Акцизделетін тауарлардың түрлері	Акциздердің мөлшерлемелері (өлшем бірлігі үшін теңгемен)
1	2	3	4
1	2207-ден	80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа), этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер (ішкі нарықта тұтыну үшін денатуратталған отындық этил спиртінен (этанолдан) басқа (түссіз емес, боялған))	600 теңге/литр
2	2207-ден	Денатуратталған отындық этил спирті (этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған)	1,0 теңге/литр
3	2208-ден	Денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және 80 көлемдік пайыздан төмен спирт концентрациясы бар өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа)	750 теңге/литр 100% спирт
4	2207-ден	Алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын 80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті	0 теңге/литр
5	2208-ден	Денатуратталмаған этил спирті, алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, спирт тұнбалары және 80 көлемдік пайыздан төмен спирт концентрациясы бар өзге де спиртті ішімдіктер	75 теңге/литр 100% спирт
6	3003, 3004-ден	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім	500 теңге/литр 100% спирт
7	2208	Алкоголь өнімі (коньяктан, брендиден, шараптан, шарап материалынан, сырадан және сыра сусынынан басқа)	2550 теңге/литр 100 % спирт
8	2208	Коньяк, бренди	250 теңге/литр 100% спирт
9	2204, 2205, 2206 00	Шараптар	35 теңге/литр
10	2204, 2205, 2206 00-ден	Шарап материалы (этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетіннен немесе пайдаланылатыннан басқа)	170 теңге/литр

10.1 Кестенің жалғасы			
1	2	3	4
11	2204, 2205, 2206 00-ден	Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын шарап материалы	0 теңге/литр
12	2203 00	Сыра және сыра сусыны	57 теңге/литр
13	2202 90 100 1	Құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыра	0 теңге/литр
14	2402- ден	Фильтрлі сигареттер	9 900 теңге/ 1 000 дана
15	2402- ден	Фильтрсіз сигареттер, папиростар	9 900 теңге/ 1 000 дана
16	2402- ден	Сигариллалар	6 225 теңге/ 1 000 дана
17	2402- ден	Сигаралар	750 теңге/дана
18	2403- тен	Құрамында никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтыну ыдысына қапталған және түпкілікті тұтынуға арналған түтіктік, шегетін, шайнайтын, соратын, иіскейтін, қорқорлы және өзге де темекі	7345 теңге/ килограмм
19	2709 00-ден	Шикі мұнай, газ конденсаты	0 теңге/тонна
20	8702- ден	Микроавтобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, 10 және одан көп адамды тасымалдауға арналған, қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын моторлы көлік құралдары	100 теңге/текше см
	8703- тен	Қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын, негізінен адамдарды тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа)	
	8704- тен	Қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын, жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа)	
21	2403	Қыздырылатын темекісі бар бұйымдар (қыздырылатын темекі таяқшасы, темекісі бар қыздырылатын капсула және өзгелер)	7345 теңге/1 кг темекі қоспасы
22	3824	Электрондық сигареттерде пайдалануға арналған картридждердегі, резервуарлардағы және басқа да контейнерлердегі құрамында никотин бар сұйықтық	5 теңге/ сұйықтық миллилитрі

Бензин (авиациялықты қоспағанда) мен дизель отынын өткізуді жүзеге асыратын акциз төлеушілерді қоспағанда, орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органында тіркелген салық салуға байланысты бір объектісі бар акциз төлеуші акциз бойынша декларацияны құрылымдық бөлімшелер немесе салық салуға байланысты объекті үшін есепті қоса бермей-ақ табыс етеді.

Декларация декларацияның өзінен (400.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (400.01-ден 400.08-ге дейінгі нысандар) тұрады.

Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге қайтарылады.

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Қосымшалардың «Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат» деген бөлімдерінде декларацияның «Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат» деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (400.00-нысаны).

«Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат» деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі (бұдан әрі – ЖСН (БСН)). Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының ЖСН (БСН) көрсетіледі;

2) салық төлеушінің атауы-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы немесе жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) көрсетіледі;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (ай, жылы) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларацияны табыс ету үшін күнтізбелік ай Салық кодексінің 478-бабына сәйкес есепті салық кезеңі болып табылады;

4) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу есебімен белгіленеді;

5) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жекелеген санаттары.

Торкөз егер төлеуші А жолында көрсетілген санатқа жататын болса, белгіленеді:

А – сенімгерлік басқарушы;

7) "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес;

8) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін табыс етілген есептер.

Тиісті торкөз құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін жасалған есеп нысанына қарай белгіленеді.

15. "Төлеуге акциздер есептелді" деген бөлімде:

1) 400.00.001-жолында барлық спирт және (немесе) шарап материалының түрлері бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.01.015 (400.01-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 400.00.002-жолында алкоголь өнімі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.02.013 (400.02-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

3) 400.00.003-жолында темекі бұйымдары бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.03.016 (400.03-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 400.00.004-жолында шикі мұнай, газ конденсаты бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.04.013- жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.005-жолында бензин (авиациялықты қоспағанда) бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.05.003 С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.006-жолында дизель отыны бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.05.006 С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.007-жолында Салық кодексінің 462-бабы 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.08.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.008-жолында өзге де акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолды жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен белгіленген салық режимінде акциз есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын төлеушілер толтырады;

9) 400.00.009-жолында 400.00.001-ден 400.00.008-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 400.00.010-жолында салықтан шегерім сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.06-нысаны Е бағанының 00000001-жолында көрсетілген қорытынды сома көшіріледі;

11) 400.00.011-жолында 400.00.009 және 400.00.010-жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептелген акциздің қорытынды сомасы көрсетіледі;

12) 400.00.012-жолында құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

16. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар" деген бөлімде:

1) 400.00.013-жолында Салық кодексінің 464-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған басты мекеменің өткізілген акцизделетін тауарлардың барлық құны, сондай-ақ

Салық кодексінің 468-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жолға 400.07.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 400.00.014-жолында Салық кодексінің 464-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған құрылымдық бөлімшенің өткізілген акцизделетін тауарлардың барлық құны, сондай-ақ Салық кодексінің 468-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол 400.00.014 I, 400.00.014 II, 400.00.014 III, 400.00.014 IV, 400.00.014 V, 400.00.014 VI, 400.00.014 VII, 400.00.014 VIII, 400.00.014 IX, 400.00.014 X, 400.00.014 XI, 400.00.014 XII, 400.00.014 XIII, 400.00.014 XIV жолдарының сомасы болып анықталады;

3) 400.00.014 I жолында акцизден босатылған өткізілген спирттің құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 I B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 400.00.014 II жолында акцизден босатылған өткізілген арақтың және айрықша арақтың құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 II B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.014 III жолында акцизден босатылған өткізілген ликер-арақ өнімдерінің құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 III B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.014 IV жолында акцизден босатылған өткізілген шарап құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 IV B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.014 V жолында акцизден босатылған өткізілген коньяк құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 V B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.014 VI жолында акцизден босатылған өткізілген бренди құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VI B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 400.00.014 VII жолында акцизден босатылған өткізілген сыра құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VII B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 400.00.014 VIII жолында акцизден босатылған өткізілген шарап материалы құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VIII B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 400.00.014 IX жолында акцизден босатылған өткізілген темекі бұйымдарының құны көрсетіледі;

12) 400.00.014 X жолында акцизден босатылған өткізілген бензиннің (авиациялықты қоспағанда) құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 IX B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 400.00.014 XI жолында акцизден босатылған өткізілген дизель отынының құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 X B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 400.00.014 XII жолында акцизден босатылған өткізілген шикі мұнай, газ конденсаты құны көрсетіледі;

15) 400.00.014 XIII жолында акцизден босатылған Салық кодексінің 462-бабы 6) тармақшасында көзделген өткізілген акцизделетін тауарлар құны көрсетіледі;

16) 400.00.014 XIV жолында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы (бальзамдар басқа) сатылған құрамында спирті бар өнімнің құны көрсетіледі.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде)" деген жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде жолда "Салық төлеушінің тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде)" деген жолын қамтуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні – декларацияның мемлекеттік кірістер органына табыс етілген күні;

3) мемлекеттік кірістер органының коды – салық төлеушінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияны қабылдау күні – Салық кодексінің 206-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні;

6) құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

7) пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшалары декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: акциз салығы бойынша оны төлеуші шаруашылық субъектілердің сипаттамасын зерттей отырып, акциз тауарларына қатысты қабылданған салықтық ставкаларды пайдаланып, акциз салығын салу кезеңін ескеріп, салық төлеушілер толтыратын акциз салығы бойынша салық декларациясын терең меңгеру. Алкоголь, денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары, коньяк, бренди, шарап түрлері, сыра және сыра сусындауы, фильтрлі және фильтрсіз сигареттер, папиростар, шикі мұнай, газ конденсаттары т.б. акциздік тауарлар бойынша акциз салығын есептеп шығару.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша сұрақтарға жауап керек.

1. Акциз салығының мәнін түсіндіріңіз.
2. Акциз салығы бойынша салық төлеушінің тапсыратын декларация үлгісіне сипаттама беріңіз.
3. Акцизделетін тауарлардың түрлеріне не жатады?
4. Акциз салығын төлеуші субъектілерге сипаттама беріңіз.
5. Акциз салығы бойынша есептілік кезең мерзімін көрсетіңіз.

№ 2. Тапсырма: тақырып бойынша сұрақтарға жауап қажет.

1. Акциз салығы бойынша қолданылатын салық мөлшерлемерлеріне сипаттама беріңіз.
2. Акциз салығы бойынша оны төлейтін мерзімді көрсетіңіз.
3. Сыра және сыра сусындары үшін акциз салығын қалай есептейді?
4. Коньяк, бренди сусындары бойынша акциз салығын қалай есептейді?
5. Фильтрлі және фильтрсіз сигареттер бойынша акциз салығын қалай есептейді?

№ 3. Тапсырма: Арақ шарап өндіретін зауыт 2020 жылдың қаңтар айында келесі өнімдерді шығарды:

Арақ «Экстра» - 10000 декалитр (қуаттылығы 40%);
Арақ «Столичная» - 3000 декалитр (қуаттылығы 40%);
Арақ «Тальяка» - 200000 литр (қуаттылығы 40%);
Коньяк – 50000 литр;
Бренди – 10000 литр;
«Талас» шарабы – 1000 литр.

Осы жылдың ақпан айында келесі дайын өнімдерін шығарды:

Арақ «Посольская» - 50000 декалитр (қуаттылығы 40%);
Арақ «Той бастар» - 2000 декалитр (қуаттылығы 40%);
Арақ «Тальяка» - 200000 литр (қуаттылығы 40%);

Коньяк, бес жұлдыз – 5000 литр;
 Коньяк, үш жұлдыз – 10000 литр;
 «Қызыл құм» шарабы – 3000 литр.

нысаны 400.00 бет 01

АКЦИЗ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ

«Акциз бойынша декларация» салық есептегіш және Прогнозға өкілетті НАЗАР АУДАРҒАНЫЗ ҚАРСЫ ЕКЕНІН білдіріңіз және қажет болса, БАСТА ОҚИТЫРМАҢИ тоқырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдай) немесе атауы

3 Салық есептегіш тобыс сүйектің салық жезі: ай жыл

4 Декларацияның түрі (түсіні тәртіпте көрсетіңіз):
 бастапқы қосымша қайтадан хабарлама бойынша қосымша тарау

5 Хабарламаның күні мен нөмірі нөмірі
 күні

6 Салық кодексінің 40-бабына сәйкес салық төлеушінің жемлетген санаттары (түсіні тәртіпте көрсетіңіз):
 өсімділік бақару

7 Валюта коды 8 Берілген қосымшалар

9 Құрылымдық бөлімшелер және салық салуға байланысты объектілер үшін берілген есептер: 421.00

Бөлім. Төлеуге акциздер есептеледі

Жазыма	Атуы	Сомасы		
		млн	көп.	көп.
400.00.001	Спирттік барлық түрі және (немесе) тарап мөлшеріне байланысты есептелген акциз сомасы (400.01 нысанынан барлық беттері бойынша 400.01.015 жолдарының сомасы)			
400.00.002	Алкоголь сыйы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәршіе ұлт ретінде есептелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы сыйы бойынша есептелген акциз сомасы (400.02 нысанынан барлық беттері бойынша 400.02.013 жолдарының сомасы)			
400.00.003	Темекі өнімдері бойынша есептелген акциз сомасы (400.03 нысанынан барлық беттері бойынша 400.03.016 жолдарының сомасы)			
400.00.004	Шикі мұнай, газ көзделісіне бойынша есептелген акциз сомасы (400.04.013)			
400.00.005	Бензин (авиациялық қолданымда) бойынша есептелген акциз сомасы (400.05.003С)			
400.00.006	Дизель отыны бойынша есептелген акциз сомасы (400.05.006С)			
400.00.007	Салық кодексінің 462-бабы 6) тармағындағы көзделген өнімдердің тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы (400.06.011)			
400.00.008	Өңе де акцизделетін тауарларға есептелген акциз сомасы			
400.00.009	Есептелген акциздің қолданыла (400.00.001-ден 400.00.008-ге дейінгі жолдардың сомасы)			
400.00.010	Салықтан негерім (400.06 нысанынан Е бабына 00000001 акциздың қолданыла сомасы)			
400.00.011	Есептелген акциздің барлығы (400.00.009-400.00.010)			
400.00.012	Құрылымдық бөлімшелер немесе салық салуға байланысты объектілер бойынша есептелген акциз сомасы			

Сурет 10.1 – Акциз бойынша декларация, 400.00 нысаны, бірінші бет

Компания осы жылдың наурыз айында келесі дайын өнімдерін шығарды:
 Арақ «Экстра» - 30000 декалитр (қуаттылығы 40%);
 Арақ «Астаналық» - 2000 декалитр қуаттылығы 40%);
 Арақ «Зверобой» - 200000 литр (қуаттылығы 47%);

Осы мәліметтер негізінде және төменде қосымша берілітін мәліметтерді қолданып аталмыш зауыт неше теңге акциз салығын төлеу керек екенін есептеп шығарыңыз. Есепті шығару барысында Қазақстан Республикасының Салық кодексінде алкогольі бар ішімдіктер бойынша келесі акциз мөлшерлері белгіленген ескеріңіз:

алкоголь өнімі (коньяктан, брендиден, шараптан, шарап материалынан, сырадан және сыра сусынынан басқа) бойынша, (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2208) – акциз мөлшерлемесі 2550 теңге/литр 100 % спиртке есептегенде;

коньяк, бренди бойынша, (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2208) – акциз мөлшерлемесі 250 теңге/литр 100 % спиртке есептегенде;

шараптар бойынша, (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2204, 2205, 2206) – акциз мөлшерлемесі 35 теңге/литр.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде шаруашылық субъектінің аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

ХІ ТАРАУ. КӨЛІК САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

11.1. Көлік салығын есептеу тәртібі, салықтық мөлшерлемелер

Көлік құралдарына салынатын салық – мемлекет пен көлік құралдары арасындағы экономикалық қатынасты реттейтін салық. Көлік құралдарын иелері көлік құралдарын иемдену барысында республиканың автокөлік жолдарын пайдаланады. Ал осы автокөлік жолдарын қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады. Сондықтан да көлік салығының экономикалық мәні зор.

Көлік құралдарына салынатын салық тікелей нақты салық болып табылады. Көлік салығын есептеу тәртібі, қолданылатын салықтық мөлшемелер ҚР Салық кодексінің 13 бөлімінде айқын көрсетілген.

Салық салу объектілері болып аталмыш мүлік түрі бар заңды және жеке тұлғалар болып есептеледі. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымында немесе құрылым бөлімшесінде Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес осындай нысана тіркелген болса, ол салық төлеуші болып белгіленеді.

Сонымен, көлік құралдарына салынатын салық – мемлекет пен көлік құралдары арасындағы экономикалық қатынасты реттейтін салық. Көлік құралдарын иелері көлік құралдарын иемдену барысында республиканың автокөлік жолдарын пайдаланады. Ал осы автокөлік жолдарын қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады. Сондықтан да көлік салығының экономикалық мәні зор.

Көлік құралдарына салынатын салық тікелей нақты салық болып табылады.

Көлік салығы объектілеріне келесі оның түрлері енбейді:

- 1) 40 тонна және одан жоғары жүк көтеретін карьерлік автосамосвалдар;
- 2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемелері;
- 4) мүлік салығын салу объектісі болып табылатын арнайы автомобильдер.

Салық кодексінің 13 бөліміндегі 58 тарауында көлік салығы бойынша қолданылатын мөлшерлемелер бірінші кеседі келтірілген.

Салық төлеушілер салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық ставкасын және түзету коэффициенттерін негізге ала отырып, салық кезеңі үшін салық сомасын дербес есептейді.

Көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында салық кезеңінен аз уақыт болған жағдайда салық сомасы көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында болған кезең үшін салықтың жылдық сомасын 12-ге бөліп, оны көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында іс жүзінде болғанайлардың санына көбейту арқылы есептеледі. Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған (жасалған немесе құрастырылған) немесе Қазақстан Республикасының аумағына 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін әкелінген, қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген келесі мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі.

Салықты есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

Пайдаланылу мерзіміне қарай ұшу аппараттарына салықтық мөлшерлемелерге мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде сатып алынған ұшу аппараттарына:

пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары 15 жылға дейін қоса алғанда – 2,0;

Кесте 11.1 – Көлік салығы бойынша қолданылатын салықтық мөлшерлемелер

Р/с №	Салық салу объектісі	Салықтық мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1	Қозғалтқышының көлемі бойынша мынадай сараланған жеңіл автомобильдер (текше см.):	
	1 100-ге дейін қоса алғанда	1
	1 100-ден жоғары 1 500-ге дейін қоса алғанда	2
	1 500-ден жоғары 2 000-ға дейін қоса алғанда	3
	2 000-нан жоғары 2 500-ға дейін қоса алғанда	6
	2 500-ден жоғары 3000-ға дейін қоса алғанда	9
	3 000-нан жоғары 4 000-ға дейін қоса алғанда	15
	4 000-нан жоғары	117
2	Жүк көтергіштігі бойынша мынадай сараланған жүк, арнайы автомобильдер (тіркемелерді есептегенде):	
	1 тоннаға дейін қоса алғанда	3
	1 тоннадан жоғары 1,5 тоннаға дейін қоса алғанда	5
	1,5 тоннадан жоғары 5 тоннаға дейін қоса алғанда	7
	5 тоннадан жоғары	9
3	Тракторлар, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жүруге арналмаған басқа да автокөлік құралдары	3
4	Отыратын орындардың саны бойынша мынадай сараланған автобустар:	
	отыратын 12 орынға дейін қоса алғанда	9
	отыратын 12-ден жоғары 25 орынға дейін қоса алғанда	14
	отыратын 25 орыннан жоғары	20
5	Қозғалтқышының қуаты бойынша мынадай сараланған мотоциклдер, мотороллерлер, мотопаналар, шағын кемелер:	
	55 кВт-ға (75 ат күшіне) дейін қоса алғанда	1
	55 кВт-дан (75 ат күшінен) асатын	10
6	Қозғалтқышының қуаты бойынша мынадай сараланған катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (ат күшімен);	
	160-қа дейін қоса алғанда	6
	160-тан жоғары 500-ге дейін қоса алғанда	18
	500-ден жоғары 1 000-ға дейін қоса алғанда	32
	1000-нан жоғары	55
7	Ұшу аппараттары	қуаттың әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 4 пайызы

11.1 Кестенің жалғасы		
1	2	3
8	Мыналар: кез келген санаттағы поездарды магистральдық жолдармен жүргізу үшін; магистральдық, станциялық және тар және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін; өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдары мен магистральдық және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамы	көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
	Тар және кең табанды магистральдық және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын моторлы-вагонды жылжымалы құрам, сондай-ақ қалалық рельстік көліктің көлік құралдары	көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы

пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары – 3,0.

Көлік құралының пайдаланылу мерзімі көлік құралының паспортында (әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқамада) көрсетілген шығарылған жылы негізге алына отырып есептеледі.

Жүк және арнайы автомобильдер бойынша салықты есептеу үшін көлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және (немесе) нұсқамада көрсетілген көлік құралының жүк көтергіштігінің көрсеткіші пайдаланылады. Егер көлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (нұсқамада) жүк көтергіштігінің көрсеткіші көрсетілмесе, ол көлік құралының

Кесте 11.2 - Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған немесе сатып алынған 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін арыналған салықтық мөлшерлемелер

Р/с №	Салық салу объектісі	Салықтық мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1	Қозғалтқышының көлемі мынадай сараланған жеңіл автомобильдер (текше см):	
	3 000-нан жоғары 3 200-ді қоса алғанда	35
	3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда	46
	3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда	66
	4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда	130
	5 000-нан жоғары	200

рұқсат етілген ең жоғарғы массасы мен көлік құралының жүктемесіз массасы (жабдықталған көлік құралының массасы) арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Салық төлеуші Кодекстің 492-бабына сәйкес салық салу объектісіне салықтық мөлшерлемелерді қолдану арқылы салықтық кезең үшін салық сомасын өз бетінше есептейді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер көлік құралы салығын есептеуді осы Кодекстің 490-бабы 3-тармағының

1) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын қоспай, Кодекстің 78-тарауының ережелерін ескере отырып жүргізеді.

Көлік құралы салық кезеңінен аз уақыт меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында болған жағдайда, салық сомасы көлік құралы осындай құқықта іс жүзінде болған кезең үшін жылдық салық сомасын он екіге бөлу және көлік құралы осындай құқықта іс жүзінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

Салықтық кезең ішінде меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын басқаға берген кезде салық салу объектілеріне салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) беруші тарап үшін:

салық кезеңінің басында болған көлік құралдары бойынша салық сомасы салық кезеңінің басынан бастап көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы берілген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

салық кезеңінің ішінде беруші тарап сатып алған көлік құралдары бойынша салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы алынған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық басқаға берілген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

2) алушы тарап үшін – салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы алынған айдың 1-күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейін немесе алушы тарап кейіннен осындай құқықты басқаға берген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі.

Жеке тұлғалар сатып алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрмаған көлік құралын сатып алған кезде салық сомасын көлік құралына меншік құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейінгі немесе меншік құқығы тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептейді.

Көлік құралдарын тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган салық органдарына беретін көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы қылмыстық іс қозғау фактісін (күнін) растайтын мәліметтер иелерінен айдап әкетілген және (немесе) ұрланған деп саналған көлік құралын іздестіру кезеңінде салық төлеуден босату үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте мұндай салықты есептеу (есепке жазу) көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы қылмыстық іс қозғалған күннен бастап тоқтатылады.

Салықты есептеу (есепке жазу) көлік құралдарын тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның салық органдарына берген мәліметтер негізінде көлік құралын айдап әкету (ұрлау) және оны қайтару туралы қылмыстық істі тоқтатқан күннен бастап бастап қайта басталады.

Занды тұлғалар салықтық кезеңнің басында меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында болған көлік құралдары бойынша, сондай-ақ салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде мұндай құқықтар туындаған және (немесе) тоқтатылған көлік құралдары бойынша ағымдағы төлемдерді:

егер көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде туындаған және салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейін тоқтатылмаған жағдайда – осындай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

егер салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы:

тоқтатылған жағдайда – салықтық кезеңнің басынан бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

туындаған және тоқтатылған жағдайда – көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

қалған жағдайларда – жылдық салық сомасы мөлшерінде есептейді. Бұл ретте салықтық кезеңнің 1 шілдесінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезеңде көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы тоқтатылған жағдайда, декларацияда салықтық кезеңнің басынан бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Заңды тұлғалар салықтық кезеңнің 1 шілдесінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезеңде меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы туындаған көлік құралдары бойынша ағымдағы төлемдерді есептемейді және ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынбайды. Бұл ретте декларацияда осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында айқындалған тәртіппен есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Есепті салықтық кезең үшін жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы бойынша есеп-қисаптар сальдосын айқындау мақсатында салық органдары көлік құралдарын есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар автоматтандырылған режимде ұсынатын мәліметтердің негізінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде салық есептеуді жүргізеді.

11.2. Салықты төлеу мерзімдері, бекітілген есептеме үлгілері

Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша ағымдағы төлемдерді салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей енгізу арқылы жүргізеді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе жедел басқару құқығын салықтық кезеңнің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді салықтық кезең үшін декларацияны ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктірмейтін күн жеке тұлғалар үшін бюджетке салық төлеу мерзімі болып табылады.

Салық салу объектісі болып табылатын көлік құралына қатысты Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес тіркеу әрекеттері жүзеге асырылған жағдайда, меншік құқығын беретін тұлға осындай объектіні иеленген іс жүзіндегі кезең үшін төленуге жататын салық сомасы осы Кодексте айқындалған тәртіппен көрсетілген әрекеттер жасалғанға дейін бюджетке енгізілуге тиіс.

Жеке тұлғалар салық төлеуді тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

Көлік құралының меншік иесі атынан иеліктен шығару құқығымен көлік құралын басқаруға арналған сенімхат негізінде сенім білдірілген болып табылатын жеке тұлғаның салықтық кезең үшін көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл көлік құралдары салығын есептеу үшін салық кезеңі болып табылады.

Төлеуші – заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын – ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына ұсынады.

2. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер көлік құралдары салығы бойынша салықтық есептілікті бірыңғай жер салығы бойынша декларацияға тиісті қосымша түрінде ұсынады.

Көлік құралдары салығы – 700.02-нысанын жасау барысында Салық кодексінің 13-бөлімінде жазылған тәртіптерді қатаң сақтау қажет.

Жалпы «Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларация (700.00-нысан)» салық есептілігі жасау қағидалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы сәйкес әзірленген және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес салық төлеушілердің көлік құралдары салығын, жер салығы мен мүлік салығын есептеуге арналған "Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларация" салық есептілігін жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 490, және 517-баптарында көрсетілген салық төлеушілер, сондай-ақ Салық кодексінің 530-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке практикамен айналысатын адамдар, жер қойнауын пайдаланушылар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар толтырады.

Декларация Декларацияның өзінен (700.00-нысан) және көлік құралдары салығын, жер салығын және мүлік салығын салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (700.01-ден 700.03-ге дейінгі нысандар) тұрады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөзі толтырылмайды.

Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу, "-" – алу, "x" – көбейту, "/" – бөлу, "=" – тең.

Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

Декларация жасау кезінде:

қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

электрондық нысанда – Салық кодексінің 208-бабына сәйкес толтырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) декларацияны Салық кодексінің 204-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен) куәландырады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде) мен қойылған қолы және мөрдің (мөртабан) бедері белгісімен салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады.

ошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

ақпараттарды компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда – салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша декларацияны және тиісті оған қосымшаларды лизинг алушы толтырады және тапсырады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер салығы мен мүлік салығы салынатын объектілер бойынша декларацияны пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады және тапсырады.

Концессия шарты бойынша берілген мүлік салығы салынатын объектілер бойынша декларацияны концессионер толтырады және тапсырады.

Декларацияға қосымшалардың (700.01-ден 700.03-ге дейінгі нысандар) "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде осы декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Декларацияны толтыру бойынша түсіндірме (700.00-нысан)

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

көлік құралы салығы бойынша, жер салығы және мүлік салығы бойынша төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес сәйкестендіру нөмірі) (бұдан әрі – ЖСН (БСН));

салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (жыл) - декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе атауы - жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде).

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 206-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді;

хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 206-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша қосымша декларация тапсырылған жағдайда толтырылады;

б) салық төлеушінің жекелеген санаттары.

Торкөздер егер салық төлеуші А, В, С, D жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санатқа жатқан жағдайда белгіленеді:

А – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы;

В – Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушының құрылтайшысы;

С – Салық кодексінің 516 және 525-баптарына сәйкес дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын тұлға;

D – Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін салық режимінің тікелей тұрақтылығы көзделген, өнімді бөлу туралы келісім-шарты (шарт) бойынша жер қойнауын пайдаланушы;

7) келісімшарт жасасқан күн және нөмірі.

Егер б D жолы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі мен жасалған күні көрсетіле отырып, белгіленсе, жер қойнауын пайдаланушы толтырады;

валюта коды "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес көрсетіледі;

тапсырылған қосымшалар.

Тапсырылған декларацияға қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

қосымшалар парағының саны.

Мынадай нысандар бойынша тапсырылған декларацияға қосымшалардың парақтарының саны көрсетіледі (араб сандарымен көрсетіледі):

А жолында – 700.01 қосымшасы бойынша;

В жолында – 700.02 қосымшасы бойынша;

С жолында – 700.03 қосымшасы бойынша.

"Көлік құралдары салығы" бөлімінде:

700.00.001-жолында салық кезеңі үшін есептелген салық сомасының барлығы көрсетіледі.

"Жер салығы" бөлімінде:

700.02 нысанының О бағанындағы "Жер салығының сомасы, Барлығы" жолы бойынша анақталатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасының барлығы көрсетіледі.

700.00.003-жолында Салық кодексінің 510-бабы 2 және 3-тармақтарына сәйкес салық мөлшерлемесінің төмендетілуі түріндегі салық жеңілдігінің коды көрсетіледі.

700.00.004-жолында салық жеңілдігінің сомасы көрсетіледі.

"Мүлік салығы" бөлімінде:

700.00.005 I жолында Салық кодексінің 517-бабында көрсетілген салық төлеушілермен (104101 бюджеттік сыныптамасының коды бойынша барлық санаттағы) салық кезеңі үшін есептелген мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

700.00.005 II жолында ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын төлеушілермен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте және Салық кодексінің 700-бабына сәйкес 70 пайызға төмендетіліп салық кезеңіне есептелген салық сомасы көрсетіледі;

104102 бюджеттік сыныптамасының коды бойынша 700.00.005 III жолында Салық кодексінің 530-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалармен салық кезеңі үшін есептелген, 700.03-нысанының "Мүлік салығын есептеу, 3-бөлімде көрсетілген тұлғаларды қоспағанда" 2-бөлімінің 700.03.001-жолының сомасы және 700.03-нысанының "Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша мүлік салығын есептеу" 3-бөлімінің С бағанының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын, мүлік салығының жиынтық сомасы көрсетіледі;

700.00.006-жолында ағымдағы салық кезеңі үшін барлық тапсырылған 701.01-нысандар бойынша Жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебінің (701.01) G бағанының 104101-жолдарын жиынтықтау арқылы айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдердің сомасы көрсетіледі;

егер әрбір бюджет сыныптамасының коды бойынша 700.00.005-жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.006-жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.007-жолында 700.00.005 және 700.00.006-жолдарының айырмасы (700.00.005 – 700.00.006) ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

егер 700.00.006-жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы 700.00.005-жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.008-жолында 700.00.006 және 700.00.005-жолдарының айырмасы (700.00.006 - 700.00.005) ретінде айқындалатын, азайтуға салық сомасы көрсетіледі;

700.00.009-жолында Салық кодексінің 521-бабы 3, 5 және 6-тармақтарына сәйкес салық мөлшерлемесінің төмендетілуі түріндегі салық жеңілдігінің коды көрсетіледі.

700.00.010-жолында салық жеңілдігінің сомасы көрсетіледі.

700.00.0011-жолында инвестициялық салық преференциялары көрсетіледі.

"Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

"Салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында құрылтай және өкім құжаттарына сәйкес салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) қамтылуы тиіс.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын басқа жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияны беру күні – декларацияны мемлекеттік кірістер органына табыс еткен ағымдағы күн;

салық салу объектісінің орналасқан және (немесе) тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органының коды көрсетіледі;

"Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" жолында декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

декларацияны қабылдау күні – Салық кодексінің 206-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні;

құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы берген декларацияның тіркеу нөмірі;

пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшалары декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Көлік құралдары салығы – 700.01-нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Аталған декларацияға қосымша салық төлеушілердің көлік құралдары салығын Салық кодексінің 13-бөліміне сәйкес есептеуге арналған. 700.01-нысаны салық кезеңі ағымындағы меншік құқығындағы, шаруашылық жүргізу құқығындағы, жедел басқару құқығындағы, сондай-ақ қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) жиынтық барлық көлік құралдары бойынша салық төлеушімен толтырылады. Қосымша жеке толтырылады:

арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын көлік құралдары бойынша;

арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдары бойынша бөлек жасалады.

Салық төлеушілер заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан орны болып табылатын аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер бойынша 700.01-нысанын жасаған кезде әрбір аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ бойынша декларацияға жеке қосымша жасайды.

Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

көлік құралдары салығын төлеушінің ЖСН/БСН;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарының БСН аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша 400.01-нысанда жасаған жағдайда ғана толтырылады;

3 жолды Салық кодексінің 698, 699, 700 және 701-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер толтырады және көлік құралдарына қатысты қолданылатын салық салу режимінің түрі көрсетіледі:

А торкөзін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын көлік құралдары бойынша салық төлеушілер белгілейді;

В торкөзін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдары бойынша салық төлеушілер белгілейді.

салық есептілігі тапсырылатын кезең (жыл) – салық есептілігі табыс етілетін есепті салық кезеңі.

"Көлік құралдары салығын есептеу" бөлімінде:

"көлік құралдарының түріне (категориясына) қарай салық салу объектісі" А бағаны бойынша көлік құралдарының түріне (категориясына) қарай бөлініп және Салық кодексінің 492-бабында анықталған көлік құралының мінездемесі мен салық мөлшерлемесіне қарай топтастырылып көрсетіледі;

700.01.001-ден 700.01.004-ге дейінгі жолдарда "Жүк таситын, арнаулы автомобильдер (тіркемелерді есепке алмағанда)" 1 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.005-жолда "Тракторлар, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдері, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жүруге арналмаған басқа да автокөлік құралдары" 2 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.006-ден 700.01.008-ге дейінгі жолдарда "Автобустар" 3 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.009-ден 700.01.010-ге дейінгі жолдарда "Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер" 4 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.011-ден 700.01.014-ге дейінгі жолдарда "Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар" 5 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.015-ден 700.01.021-ге дейінгі жолдарда "Жеңіл автомобильдер" 6 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.022-ден 700.01.026-ге дейінгі жолдарда "2013 жылдың 31 желтоқсанынан кейін Қазақстан Республикасының аумағына шеттен әкелінген немесе 2013 жылдың 31 желтоқсанынан кейін Қазақстан Республикасында шығарылған (дайындалған немесе жиналған) двигатель көлемі 3000 текше.см жоғары жеңіл автомобильдер" 6.1 кіші бөлім бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.027-ден 700.01.029-ге дейінгі жолдарда "1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден сатып алынған ұшу аппараттарына" 7 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.030-ден 700.01.032-ге дейінгі жолдарда "1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған, сондай-ақ 1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған және Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін пайдалануда болған ұшу аппараттарына" 8 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.033-жолда "Темір жол тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрамдар" 9 кіші бөлімі бойынша ақпарат көрсетіледі;

700.01.001-ден 700.01.033-ге дейінгі жолдарда:

В бағанында - жылына көлік құралдарының саны;

С бағанында - нақты иелік ету кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі;

Д бағанында - жеңіл автомобильдердің қозғалтқыштың жиынтық асып кету көлемі/1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден сатып алынған ұшу аппараттарының, 1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған, сондай-ақ 1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған және Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін пайдалануда болған ұшу аппараттарының, темір жол тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрамдардың жиынтық қуаты бойынша анықтамалық ақпарат;

Е бағанында – нақты иелік ету айларының жалпы саны бойынша анықтамалық ақпарат көрсетіледі.

"Көлік құралдары салығы" 10 кіші бөлімі бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі;

700.01.034-жолында 700.01.035 және 700.01.036-жолдарының сомасы (700.01.035 + 700.01.036) ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы барлығы көрсетіледі;

700.01.035-жолында ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауылшаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын көлік құралы салығын төлеушілерді қоспағанда, көлік құралдары салығын төлеушілер салық кезеңі үшін есептеген, С бағанының 700.01.001-ден 700.01.033-ге дейінгі жолдардың арасындағы жолдар сомасы (700.01.001 + 700.01.002 + ... 700.01.033) ретінде айқындалатын салық сомасы көрсетіледі;

егер 700.01.036-жолында ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын көлік құралы салығын төлеушілер салық кезеңі үшін жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте есептеген және Салық кодексінің 700-бабына сәйкес 70 (жетпіс) пайызға азайтылған, С бағанының 700.01.001-ден 700.01.033-ге дейінгі жолдардың арасындағы жолдар сомасы (700.01.001 + 700.01.002 + ... 700.01.033) ретінде айқындалатын салық сомасы көрсетіледі;

700.01.037-жолында ағымдағы төлемдердің салық кезеңі үшін есептелген сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 701.00 нысанының 701.00.001-жолының сомасы көшіріледі.

Салық төлеушілер аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша 700.01-нысанын жасаған кезде 700.01.037-жолына тиісті аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша 701.00 нысанының С бағанынан ағымдағы төлемдердің салық кезеңі үшін есептелген сомасы көшіріледі.

Бұл ретте 701.00 нысанының С бағанының мәні таңдалатын жолдар бойынша В бағанындағы аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН-і 700.01-нысанының 2-жолындағы аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН-іне сәйкес келуі тиіс;

егер 700.01.034-жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.01.037-жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдердің сомасынан көп болған жағдайда 700.01.038-жолында 700.01.034 және 700.01.037-жолдарының айырмасы (700.01.034 - 700.01.037) ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

егер 700.01.037-жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы 700.01.034-жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдердің сомасынан көп болған жағдайда 700.01.039-жолында 700.01.037 және 700.01.034-жолдарының айырмасы (700.01.037 - 700.01.034) ретінде айқындалатын азайтуға салық сомасы көрсетіледі.

Көлік құралдар салығы мына 3170 шотында жүреді. Яғни, 3170 - «Көлік құралдары салығы», мұнда көлік құралдарына салық есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрініс табады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: көлік құралдарына салынатын салықтың экономикалық мәнін зерттей отырып, көлік салығы объектілеріне енетін көлік нысандарының тобын талдап, көлік салығын төлеу мерзімін ескерін, заңды тұлғалардың көлік құралдары алғанда, аталған құжаттармен салығын есептеуге арналған салықтық есептілігі мен салық декларациясын қоса танысып, заңды тұлғалардың көлік құралдары салығын есептеуге арналған салықтық есептіліктерді және салық декларациясын арналған нұсқаға сәйкес толтыру.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша келесі сұрақтарға жауап қажет.

1. Көлік салығының мәнін түсіндіріңіз.
2. Көлік салығы бойынша салық төлеушінің тапсыратын декларация үлгісіне сипаттама беріңіз.
3. Көлік салығы не көлік түрлері бойынша төленбейді?
4. Көлік салығын төлеуші субъектілерге сипаттама беріңіз.
5. Көлік салығы бойынша есептілік кезең мерзімін көрсетіңіз.
6. Көлік салығы бойынша оны төлейтін мерзімді көрсетіңіз.
7. Көлік салығы бойынша қолданылатын салықтық мөлшерлемелерге сипаттама беріңіз.

8. Көлік салығы мөлшерлемесі көліктің зауыттан шыққан уақытына байланысты ма?
9. Көлік салығын есептеу барысында оның сомасын есептеу үшін не құжаттар қолданылады?
10. Көлік салығын есепке алу үшін типтік шоттар шоттар жоспарынан қай шот қолданылады? Осы шотқа сипаттама беріңіз.

нысан 700.00 бет 01

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫ,
ЖЕР САЛЫҒЫ ЖӘНЕ
МҮЛІК САЛЫҒЫ БОЙЫНША
ДЕКЛАРАЦИЯ**

«Көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларация» салық есептілігі жасау Ережелерін оқыңыз.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА НЕ ҚОҒАМ АҚПАРАТ КЕЗЕҢІН ЕСЕСЕ ҚАЛДЫРАЛМАЙ, ЕАСТПА ӨРНЕКТЕРМЕН ТОЛТЫРЫҢЫЗ.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН)

2 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: (жыл)

3 Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы

4 Декларацияның түрі (тиісті тор көзде көрсетіңіз):
 бастапқы кезекті қосымша хабарлама бойынша қосымша тарату

5 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады):
 А нөмірі В күні

6 Салық төлеушінің жекелеген санаттары (тиісті тор көзде көрсетіңіз):
 А Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы В Салық кодексінің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушының құрылтайшысы
 С Салық кодексінің 516, 525-баптарына сәйкес дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын тұлға Д Салық кодексінің 722-бабы 1-тармағына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін салық режимінің тікелей тұрақтылығы көзделген, өнімді болу туралы келісім-шарты (шарт) бойынша жер қойнауын пайдаланушы

7 Егер 6 D жолы атан өтілсе, келісім-шарттың нөмірі және қол қою күні
 А Нөмірі В Күні

8 Валюта коды 9 Берілген қосымшалар (тиісті тор көзде көрсетіңіз): 1 2 3

10 Қосымшалар саны: А 700.01 В 700.02 С 700.03

Бөлім. Көлік құралдары салығы


Жол нөмірі	Атауы	МММ	ММ	МММ
700.00.001	Есептелген салықтың сомасының барлығы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Бөлім. Жер салығы

Жол нөмірі	Атауы	МММ	ММ	МММ
700.00.002	Есептелген салықтың сомасының барлығы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.00.003	Салық мөлшерлемесін төмендету түріндегі салық жеңілдігінің коды	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.00.004	Салық жеңілдігінің сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Бөлім. Мүлік салығы

Жол нөмірі	Атауы	МММ	ММ	МММ
700.00.005	Барлық есептелген салықтың сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
I	1 0 4 1 0 1	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
II	Оның ішінде Салық кодексінің 700-бабына сәйкес есептелген салықтың сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
III	1 0 4 1 0 2	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>



Сурет 11.1 – Көлік құралдары салығы бойынша декларация, 700.00 нысаны, бірінші бет

№ 2. Тапсырма: Таксопарк өзінің қызметін жандандыру үшін 2020 жылдың 20 қаңтарында 50 дана 2019 жылы өндірілген жеңіл автомобильдерді сатып алды.

Соның ішінде:

30 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда);

15 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда);

нысаны 700.00 бет 02

ЖСН (БСН) Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: (жыл)

Бөлім. Мүлік салығы

700.00.006	104101 БЖК бойынша салықтық кезең ішінде есептелген ағымдағы төлемдер сомасы	<input type="text"/>
700.00.007	104101 БЖК бойынша есептеуге салықтың сомасы (700.00.005 - 700.00.006)	<input type="text"/>
700.00.008	104101 БЖК бойынша азайтуға салық сомасы (700.00.006 - 700.00.005)	<input type="text"/>
700.00.009	Салық мөлшерлемесін төмендету түріндегі салық жеңілдігінің коды	<input type="text"/>
700.00.010	Салық жеңілдігінің сомасы	<input type="text"/>
700.00.011	Инвестициялық салықтық преференциялар сомасы	<input type="text"/>

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы декларацияда көлтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап беремін.

Шектеу сызығынан шыққан
Салық төлеушінің (бизнесмен) тегі, аты, әйелінің аты (бизнесмен) / Көлем

Декларация берілген күні: Күн, ай, жыл сандарын

Мемлекеттік кірістер органының коды:

Мөр орны (жеке кәсіпорн/тік субъекттеріне жігіткім заңды түзігілерді қоспағанда)


Шектеу сызығынан шыққан
Декларация қабылданған күні, аты, әйелінің аты (бизнесмен) / Көлем

Күжаттың кіріс нөмірі:

Мөртабан орны

Декларация қабылданған күні: Күн, ай, жыл сандарын

Пошта нгітемесінің күні: Күн, ай, жыл сандарын



Сурет 11.2 – Көлік құралдары салығы бойынша декларация, 700.00 нысаны, екінші бет

5 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда).

Осы мәліметтер негізінде және кесте мәліметтері негізінде аталмыш субъект неше теңге көлік салығын төлеу керек екенін есептеп шығарыңыз (Кесте 1).

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫ
(Декларацияға 1 қосымша)**

нысаны 700.01 бет 01

Ағымдағы беттің нөмірін көрсетіңіз: _____

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН (БСН) _____ 2 БСН _____
Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, аудандық округтің әзім аппаратының

3 Көлік құралдарына қатысты салық салу режимін қолдану түрі (тіністі торкөзде көрсетіңіз):
A Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп **B** Салық кодексінің 698-701-баптарына сәйкес

4 Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл _____

Бөлім. Көлік құралдары салығын есептеу

Көлік құралдарының түріне (категориясына) қарай салық салу объектісі	B	Жалпыға көрсетілген көлік құралдарының жалпы саны	C	Осы есеп мәліметтері бойынша нақты иелік ету кезеңіне салық сомасы	D	Двигатель көлемінің (жолықтық құатының) артуы	E	Насып иелік еткен айдың жалпы саны
1 кiшi бөлімi. Жүк таситын, арнаулы автомобильдер (тіркемелерді есепке алмағанда), жүк көтергіші:								
700.01.001	1 тоннаға дейін қоса алғанда							
700.01.002	1-ден - 1,5 қоса алғанда							
700.01.003	1,5 - 5 қоса алғанда							
700.01.004	5 тоннадан жоғары							
2 кiшi бөлімi. Өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүргісетін металникелер:								
700.01.005								
3 кiшi бөлімi. Автобустар, отыратын орыны:								
700.01.006	12 орынға дейін қоса алған							
700.01.007	12-25 қоса алғанда							
700.01.008	25 орыннан жоғары							
4 кiшi бөлімi. Мототциклдер, мотороллерлер, мотоциклдер, шағын көлемді кемелер, двигательінің қуаты (кВт):								
700.01.009	55 кВт-ға дейін қоса алғанда							
700.01.010	55 кВт-дан асатын							
5 кiшi бөлімi. Катерлер, кемелер, тіркемелер, баржаулар, яхталар, двигательінің қуаты (ат күшіне тең):								
700.01.011	160-қа дейін қоса алғанда							
700.01.012	160-тан жоғары 500-ді қоса алғанда							
700.01.013	500-ден жоғары 1000-ды қоса алғанда							
700.01.014	1000-нан жоғары							
6 кiшi бөлімi. Жеңіл автомобильдер, двигательінің көлемі (текше см.):								
700.01.015	1100-ге дейін қоса алғанда							
700.01.016	1100-ден жоғары 1500-ді қоса алғанда							
700.01.017	1500-ден жоғары 2000-ды қоса алғанда							
700.01.018	2000-нан жоғары 2500-ді қоса алғанда							
700.01.019	2500-ден жоғары 3000-ды қоса алғанда							
700.01.020	3000-нан жоғары 4000-ды қоса алғанда							
700.01.021	4000-нан жоғары							
6.1 кiшi бөлімi. 2013 жылдың 31 желтоқсанынан кейін Қазақстан Республикасының аумағына шеттен әкелінген немесе 2013 жылдың 31 желтоқсанынан кейін Қазақстан Республикасында шығарылған (айырдырған немесе айналасыз) двигатель, көлемі 3000 текше см. жоғары жеңіл автомобильдер:								
700.01.022	3000-нан жоғары 3200-ді қоса алғанда							
700.01.023	3200-ден жоғары 3500-ді қоса алғанда							
700.01.024	3500-ден жоғары 4000-ды қоса алғанда							
700.01.025	4000-нан жоғары 5000-ды қоса алғанда							
700.01.026	5000-нан жоғары							

Сурет 11.3 – Көлік құралдары салығы (декларация бірінші қосымша), 700.01 нысаны, бірінші бет

№ 3. Тапсырма: «ААА» ЖШС-гі өзінің қызметін жандандыру үшін 2020 жылдың қаңтарында 2019 жылы өндірілген жеңіл автомобильдерді сатып алды.

Соның ішінде:

05 қаңтар күні

8 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда) сатып алды;

		нұсқа 700.01 бет 02		
		Ағымдағы беттің нөмірін көрсетіңіз: <input type="text"/>		
ЖСН (БСН) <input type="text"/>	Салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі: жыл <input type="text"/>			
Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтың әкім аппаратының БСН-і <input type="text"/>				
Бөлім. Көлік құралдары салығын есептеу				
<input type="text"/> Билік құралдарының түріне (категориясына) қарай салық салу объектісі	<input type="text"/> B Жылғына өлшеп құралдарының жалпы саны	<input type="text"/> C Осы өлшеп мөлшерлері бойынша нақты иелік ету кезеңіне салық сомасы	<input type="text"/> D Дилегетегі көлемінің қиындық қуатына/ артуы	<input type="text"/> E Нақты өлшеп өткен айдың жалпы саны
7 кіші бөлім. 1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының аумағын тыс жерлерден сатып алынған ұшу аппараттарына, аяқталуу мерзіміне қарай:				
700.01.027	5 жылға дейін қоса алғанда	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.028	5 жылдан жоғары 15 жылды қоса алғанда	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.029	15 жылдан жоғары	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
8 кіші бөлім. 1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған, сонымен қатар 1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған және Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін пайдалануда болған ұшу аппараттарына, аяқталуу мерзіміне қарай:				
700.01.030	5 жылға дейін қоса алғанда	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.031	5 жылдан жоғары 15 жылды қоса алғанда	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.032	15 жылдан жоғары	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
9 кіші бөлім. Темір жол тартқыш және мотор-шаршаушы жабдығына қарай:				
700.01.033		<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
10 кіші бөлім. Көлік құралдары салығы:				
700.01.034	Есептелген салықтың сомасының барлығы (700.01.035 және 700.01.036 жолдардың сомасы)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.035	Есептелген салықтың сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.036	Салық кодексінің 700-бабына сәйкес есептелген салықтың сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.037	Салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.038	Есептеуге салықтың сомасы (700.01.034 - 700.01.037)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
700.01.039	Алайтута салық сомасы (700.01.037 - 700.01.034)	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Сурет 11.4 – Көлік құралдары салығы (декларация бірінші қосымша), 700.01

нысаны, екінші бет

4 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда) сатып алды.

06 қаңтар күні

12 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда) сатып алды;

7 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда) сатып алды.

07 қаңтар күні

Кесте 11.3 - Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған немесе сатып алынған 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін арыналған салықтық мөлшерлемелер

№ P/c	Салық салу объектісі	Салықтық мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1	Қозғалтқышының көлемі мынадай сараланған жеңіл автомобильдер (текше см):	
	3 000-нан жоғары 3 200-ді қоса алғанда	35
	3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда	46
	3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда	66
	4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда	130
	5 000-нан жоғары	200

5 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда) сатып алды;

3 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда) сатып алды.

08 қаңтар күні

4 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда) сатып алды;

5 дана жеңіл автокөлік (мотор сыйымдылығы, т.см 3 3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда) сатып алды.

ХІІ ТАРАУ. ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

12.1. Жер салығына жалпы сипаттама және оның құрылу ерекшеліктері

ҚР-ның Жер кодексінің 14-ші бөлімінің бабтарына сәйкес Қазақстанда жерді иелену және жерді пайдалануға ақы төленеді; жер үшін ақы жер учаскесінің сапасына, орналасуына және сумен қамтамасыз етуіне байланысты анықталатын жер салығы нысанында алынады.

Жер салығы – меншікке салынатын салықтардың ішіндегі ең негізгі, ауқымды, маңызы жағынан ерекшесі. Жер салығы жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар төлейтін тікелей, оның ішінде нақты салықтардың қатарына жатады. Ол жергілікті бюджеттің бекітілген салықтарының бірі. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде жер салығы көбінесе дербес салық ретінде қарастырылмайды, тек жер құны (баланстық құны) мүлікке салынатын салықтың жалпы сомасына енеді.

Жер салығы Қазақстанда 1992 жылы 1 қаңтарда енгізілді.

Оның **мақсаты** – экономикалық әдістермен жерді ұтымды пайдалануды қамтамсыз ету және жерді сақтау, құнарлылығын арттыру, аумақтардың әлеуметтік-мәдени дамуы үшін қажетті шараларды жүзеге асыру үшін бюджетке түсетін табыстарды құрау.

Жер салығы жер учаскесінің орналасқан жері бойынша төленеді, салық сомасы жергілікті өкімет органдарының құзырында қалады, яғни жер салығының сомасы толығымен жергілікті бюджетке түсіп, жергілікті өкімет органдарының салықты жинауға мүдделілігі арттырылады. Жер салығының негізгі базалық ставкаларын республика үкіметі, ал нақты төлем мөлшерін жергілікті мәслихат өз билігі шеңберінде белгілейді.

Салық салу мақсатында Қазақстанның барлық жерлері, олардың арналған нысанасы мен тиесілілігіне қарай мынадай санаттарға:

- 1) *ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге;*
- 2) *елді мекен жерлеріне;*
- 3) *өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге;*
- 4) *ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне сауықтыру, қалпына келтіру, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге;*
- 5) *орман қорының жерлеріне;*
- 6) *су қорының жерлеріне;*
- 7) *запастағы жерлерге бөлінеді.*

Жердің мынадай сипаттары:

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;

Орман қорының жерлері;

Су қорының жерлері;

Босалқы жерлер *салық салуға жатпайды.*

Жерге салық салу жердің бонитет балына байланысты.

Бонитет балы - топырақтың табиғи құнарлылығы мен сапасын бағалау, ол жер учаскесінің орналасқан жеріне, сумен қамтамасыз етілуіне, кірме жолдарға қолайлығына байланысты.

Жер салығын есептеуге негіз болып:

- 1) меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытына жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар;
- 2) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері;
- 3) жер учаскесін иелену және пайдалану бойынша құқықты іс жүзінде жүзеге асырылуы табылады;

Жеке меншік және тұрақты пайдалануында немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар *жер салығын төлеушілер* болып табылады.

Жер салығын төлеушілер қатарына жатпайтындар: бірыңғай жер салығын төлеушілер; мемлекеттік бюджет есебінен ғана қамтылатын ұйымдар; уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары; тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері, үй маңындағы жер учаскелері, сол сияқты жеке үй (қосалқы) шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысы, о.і. құрылысқа арналған жерлерді қоса, гараж алып жатқан жер учаскелері бойынша – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуі; діни бірлестіктер;

Жоғарыдағы аталған салық төлеушілер пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелері бойынша салық төлеуден босатылмайды.

Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды.

Жер учаскесі салық салу объектісі болып табылады.

Жер салығы бойынша салық салу объектісіне мыналар енбейді:

елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері;

ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдары желісі алып жатқан жер учаскелері;

ҚР Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері.

Жер салығын анықтау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

12.2. ҚР-нда әртүрлі жер санаттары бойынша жер салығын есептеу ерекшеліктері

Жер салығы бойынша бірнеше мөлшер жүйесі қолданылады.

Осы мөлшерердің ауыл шаруашылығына арналғандары бірінші және екінші кестеде көрсетілген ал басқалары үшінші және төртінші кестелерде көрсетілген.

Кесте 12.1 - Далалық және қуаң далалық аймақтардың жеріне бонитет балдарына пропорционалды түрде жер салығының мынадай базалық салықтық мөлшерлемелері белгіленеді:

Р/с №	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)
1	02 балл – 10 балл аралығы	3,00 – 12,05 теңге аралығы
2	11 балл – 20 балл аралығы	14,45- 24,10 теңге аралығы
3	21 балл – 30 балл аралығы	26,55 -48,25 теңге аралығы
4	31 балл – 40 балл аралығы	72,35 – 120,60 теңге аралығы
5	41 балл – 50 балл аралығы	144,75 – 193,00 теңге аралығы
6	51 балл - 60 балл аралығы	217,10 – 265,35 теңге аралығы
7	61балл – 70 балл аралығы	289,5 – 410,10 теңге аралығы
8	71 – 80 балл аралығы	434,25 – 554,85 теңге аралығы
9	81 – 90 балл аралығы	579 – 723,75 теңге аралығы

10	91 – 100 балл аралығы	747,85 – 965,00 теңге аралығы
11	100-ден жоғары аралығы	1 013,3 теңге

Кесте 12.2 - Шөлейтті, шөлді және тау бөктеріндегі шөлді аймақтардың жеріне бонитет балдарына пропорционалды түрде жер салығының мынадай базалық салықтық мөлшерлемелер белгіленеді:

№ Р/с	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)
1	02 балл – 10 балл аралығы	3,00 – 4,80 теңге аралығы
2	11 балл – 20 балл аралығы	7,25 – 24,10 теңге аралығы
3	21 балл – 30 балл аралығы	26,55 – 48,25 теңге аралығы
4	31 балл – 40 балл аралығы	50,65 -72,35 теңге аралығы
5	41 балл – 50 балл аралығы	74,80 -96,50 теңге аралығы
6	51 балл - 60 балл аралығы	98,90 -120,60 теңге аралығы
7	61балл – 70 балл аралығы	123,05 – 150,35 теңге аралығы
8	71 – 80 балл аралығы	153,45 – 180,75 теңге аралығы
9	81 – 90 балл аралығы	183,55 – 210,85 теңге аралығы
10	91 – 100 балл аралығы	210,90 -250,90 теңге аралығы
11	100-ден жоғары аралығы	250,90 теңге аралығы

Кесте 12.3 - Елді мекендердің жеріне (үй жанындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3	4
	Қалалар:		
1	Алматы	28,95	0,96
2	Шымкент	19,3	0,96
3	Нұр-Сұлтан	19,3	0,96
4	Ақтау	9,65	0,58
5	Ақтөбе	6,75	0,58
6	Атырау	8,2	0,58
7	Көкшетау	5,79	0,58
8	Қарағанды	9,65	0,58
9	Қостанай	6,27	0,58
10	Қызылорда	8,68	0,58
11	Орал	5,79	0,58

12	Өскемен	9,65	0,58
13	Павлодар	9,65	0,58
14	Петропавл	5,79	0,58
15	Талдықорған	9,17	0,58
16	Тараз	9,17	0,58
17	Түркістан	9,17	0,58
18	Алматы облысы:		
19	облыстық маңызы бар қалалар	6,75	0,39
20	аудандық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
21	Ақмола облысы:		
22	облыстық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
23	аудандық маңызы бар қалалар	5,02	0,39
24	Облыстық маңызы бар қалған қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы	0,39
25	Аудандық маңызы бар қалған қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы	0,19
26	Кенттер	0,96	0,13
27	Ауылдар	0,48	0,09

Жер салығын есептеу әрбір жер учаскесі бойынша жеке салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі. Жер салығы салық төлеушіге жер учаскесі берілген айдан кейінгі айдан бастап есептеледі.

Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша салық олардың осы жер учаскесіндегі үлесіне сәйкес есептеледі.

Занды тұлғалар жер салығы сомаларын салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы дербес есептейді. Занды тұлғалар салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге міндетті. Ағымдағы төлемдерді ағымдағы жылдың 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан және 20 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімдерде төленуге тиіс.

Жыл ішінде жер салығын есептеу мен төлеу бойынша міндеттемелер туындаған кезде салық төлеушілер салық міндеттемелері туындаған күннен бастап 30 күн ішінде салық органдарына табыс етуге тиіс.

Жеке тұлғалар төлеуге жататын жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық ставкалары мен салық базасын негізге ала отырып, 1 тамыздан кешіктірмей жүргізіледі.

Жеке тұлғалар бюджетке жер салығын ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлейді.

Жер салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі болып күнтізбелік жыл табылады.

Жер салығын төлеушілер осы салық бойынша декларацияны есеп берілетін жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілері орналасқан жерлері бойынша салық органдарына табыс етеді.

Салық төлеуші салық кезеңінде декларация табыс ету мерзімі басталғаннан кейін 10 күн мерзімнен кешіктірмей біржолата есеп айырысуды жүргізіп, жер салығын төлейді.

Жер салығы - 700.02-нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Бұл қосымша Салық кодексінің 14-бөліміне сәйкес салық төлеушілердің жер салығын есептеуіне арналған. 700.02-нысаны салық кезеңі ішінде меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы тегін уақытша жер пайдалану құқығындағы жер учаскелері үшін жасалады.

Салық төлеушілер аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде орналасқан елді мекендердің жерлері бойынша 700.02-нысанын жасаған кезде әрбір аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ бойынша декларацияға жеке қосымша жасайды.

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

жер салығын төлеушінің ЖСН (БСН);

құрылымдық бөлімшесі филиал, өкілдік болып табылатын заңды тұлғаның БСН.

Бұл жол егер құрылымдық бөлімше дербес төлеуші болып танылған жағдайда толтырылады;

салық кезеңі (жыл) – салық есептілігі табыс етілетін есепті салық кезеңі.

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН-і. Жол аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде орналасқан елді мекендердің жерлері бойынша 700.02-нысанын жасаған кезінде толтырылады.

"Жер салығын есептеу" бөлімі:

А бағанында 00000001-жолымен басталатын жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

В бағанында сәйкестендіру (құқық белгілеу) құжаттары негізінде жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі

С бағанында жер учаскесі ауданының өлшем бірлігі (гектарда, шаршы метрде) көрсетіледі;

Д бағанында жер учаскесіне сәйкестендіру (құқық белгілеу) құжаттарына сәйкес жер учаскесінің жалпы ауданы көрсетіледі. Салық кодексінің 499-бабы 3-тармағында айқындалған салық төлеушілер нақты иелігіндегі және пайдалануындағы жер учаскесінің жалпы ауданын көрсетеді;

Е бағанында жерлердің санаттары көрсетіледі.

А – елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;

В – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;

С – өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;

Д – орман қорының жері;

Е – су қорының жері;

Ғ – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер.

Ғ бағанында Салық кодексінің 510-бабының 1-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін жергілікті өкілдік органның шешімімен белгіленген жер салығының мөлшерлемесін арттыру немесе төмендету мөлшері (пайызбен) көрсетіледі;

Г бағанында Салық кодексінің 509-бабына сәйкес салық кезеңіне жергілікті өкілдік органның шешімдеріне сәйкес автотұрақтар, автожанармай құю станциялары, казино орналасқан жер учаскелеріне белгіленген жер салығының мөлшерлемесін арттыру мөлшері көрсетіледі;

Н бағанында тиісті салық төлеушілер үшін Салық кодексінің 510-бабының 2, 3-тармақтарында белгіленген коэффициент көрсетіледі;

І бағанында арнайы экономикалық аймақ аумақтарында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған Салық кодексінің 510-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген коэффициент көрсетіледі;

Ж бағанында Салық кодексінің 510-бабының 4 және 5 тармақтарына сәйкес базалық мөлшерлемелерге коэффициент көрсетіледі;

К бағанында жер салығының мөлшерлемесі көрсетіледі, оның ішінде F, G, H, I және J бағандарында көзделген базалық салық мөлшерлемесін түзетулерді ескере отырып;

L бағанында салық кезеңіндегі нақты жер учаскесіне иелік ету немесе пайдалану кезеңінің айлар саны көрсетіледі;

M бағанында инвестициялық салық преференцияларының сомасы көрсетіледі;

N бағанында D бағаны \times K бағаны / 12 \times L бағаны формуласы бойынша айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген жер салығының сомасы көрсетіледі;

O бағанының "Есептелген салық сомасы, Барлығы" жолында салық кезеңі үшін есептелген N бағанының жолдарын жиынтықтау арқылы айқындалатын жер салығының сомасы көрсетіледі;

O бағанының "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы" жолында жыл басында жер учаскесі бойынша салық төлеуші табыс еткен Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебі (701.01) G бағанының 104302 жолының мәні қосу (алу) салық кезеңі ішінде бюджет сыныптамасының 104302 коды бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде табыс етілген Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің (701.01) барлық нысандары бойынша G бағанының 104302 жолының мәні ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

салық төлеушілер әрбір аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ бойынша жеке толтырылатын, аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде орналасқан елді мекендердің жерлері бойынша 700.02-нысанын жасаған кезде, O бағанының "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы" жолында жыл басына аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде орналасқан елді мекендердің жерлері бойынша бойынша салық төлеуші табыс еткен Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебіне (701.01) 1-қосымшаның G бағанының мәні қосу (алу) салық кезеңі ішінде бюджет сыныптамасының 104302 коды бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде табыс етілген Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебіне (701.01) 1-қосымшаның барлық нысандары бойынша G бағанының мәні ретінде айқындалатын тиісті аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебіне (701.02) 1-қосымшаның G бағанындағы таңдалатын мән бойынша B бағанындағы аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН-і 700.02-нысанының 4-жолындағы аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН-не сәйкес келуі тиіс;

егер де, O бағанының "Есептелген жер салығы, Барлығы" жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген жер салығы сомасы осы бағанның "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы, Барлығы" жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан көп болған жағдайда, O бағанының "Есептелуге жер салығының сомасы, Барлығы" жолында, O бағанындағы "Есептелген жер салығы, Барлығы" және O бағанындағы "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы, Барлығы" жолдарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде анықталған жер салығының сомасы есептелуге көрсетіледі.

егер де, O бағанының "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы, Барлығы" жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы осы бағанның "Есептелген жер салығы, Барлығы" жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген жер салығы сомасынан көп болған жағдайда, O бағанының "Азаюына жер салығының сомасы, Барлығы" жолында O бағанының "Есептелген ағымдағы төлемдер сомасы, Барлығы" және "Есептелген жер салығы, Барлығы" жолдарының айырмасы ретінде анықталатын азайтуға жататын жер салығының сомасы көрсетіледі.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: салық салу мақсатына қарай жер санаттарының ерекшеліктерін талдау, соның ішінде, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер бойынша, елді мекен жерлер бойынша, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер бойынша жер салығын есептеу ерекшеліктерімен танысу. Жер көлеміне салынатын салықтың экономикалық мәнін зерттей отырып, жер салығын төлеу мерзімін ескеріп, заңды тұлғалардың жерді меншікке немесе пайдалануға алғанда, оған арналған салықтық есептілігі мен салық декларациясымен қоса танысып, заңды тұлғалардың жер салығын есептеуге арналған салықтық есептіліктерді және салық декларациясын нұсқаға сәйкес толтыру.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша қойылған келесі сұрақтарға жауап беріңіз

1. Жер салығының мәнін түсіндіріңіз.
2. Жер салығы бойынша салық төлеушінің тапсыратын декларация үлгісіне сипаттама беріңіз.
3. Жер салығы не жер түрлері бойынша төленбейді?
4. Жер салығын төлеуші субъектілерге сипаттама беріңіз.
5. Жер салығы бойынша есептілік кезең мерзімін көрсетіңіз.
6. Жер салығы бойынша оны төлейтін мерзімді көрсетіңіз.
7. Жер салығы бойынша қолданылатын салықтық мөлшерлемелеріне сипаттама беріңіз.
8. Жер салығының мөлшерлемесі не жағдайларға байланысты?
9. Бонитет баллы, гектар деген ұғымдарға анықтама беріңіз.
10. Жер салығын есепке алу үшін типтік шоттар шоттар жоспарынан қай шот қолданылады? Осы шотқа сипаттама беріңіз.

Кесте 12.4 - Елді мекендердің жеріне (үй жанындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді (Қазақстан Республикасының Салық кодекс бабынан үзінді)

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3	4
1	Алматы қаласы	28,95	0,96
2	Алматы облысында облыстық маңызы бар қалалар	6,75	0,39
3	Алматы облысында аудандық маңызы бар қалалар	5,79	0,39

№ 2. Тапсырма: Шаруашылық субъект бизнесті жаңғырту үшін Алматы қаласында және Алматы облысында бірнеше кешенді монша орындарын салатын болып шешім қабылдады. Монша салу үшін тұрғын үй қорына жатпайтын жер алды, соның ішінде;

Сурет 12.1 – Жер салығы(декларацияға екінші қосымша), 700.02 нысаны, бірінші бет

Сурет 12.2 – Жер салығы (декларацияға екінші қосымша), 700.02 нысаны, екінші бет

- Алматы қаласынан 50 м x 80 м жер тілімі;

- Талдықорған қаласынан 70 м x 100 м жер тілімі;
- Сарыөзек ауылынан (Алмат облысы) 100 м x 120 м жер тілімі;

Сурет 12.3 – Жер салығы (декларацияға екінші қосымша), 700.02 нысаны, үшінші бет

Осы мәліметтер негізінде және кесте мәліметтері негізінде аталмыш субъект неше теңге жер салығын төлеу керек екенін есептеп шығарыңыз.

Берілген тапсырманы орындау барысында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жер салығы бойынша дайындайтын декларацияның екінші қосымшасына назар аударыңыз.

Салық кодексінің талабына сәйкес «Жер салығы (декларацияға екінші қосымша)» салық есебінің құжаты үш беттен құралған.

Ұсынылған 700.02 нысанында жер аймағына байланысты көрсеткіштер орын табады.

Есепте берілмеген мәліметтерді өз еркіңізбен қойыңыз, соның ішінде шаруашылық субъектінің аты жөні, оның ЖСН көрсеткіші, декларацияның мезгілді түрі, мемлекеттік кірістер органының тұрғылықты жері бойынша коды т.с.с.

ХІІІ ТАРАУ. МҮЛІК САЛЫҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

13.1. Мүлікке салық салудың экономикалық мазмұны

Мүлік салығы меншікке салынатын салықтар қатарына жатады.

Меншікке салынатын салықтар нарықтық экономика жағдайында мемлекет иелігінен алу үшін және жекешелендіру процесінің дамуына қарай меншік қатынастарындағы нақтылы өзгерістермен байланысты едәуір орын алады. Меншікке салынатын салықтар негізінен жергілікті бюджеттерге есептеледі.

Салықтардың мөлшерлемелері меншіктің табыстылығы бойынша емес, сыртқы нышандар – меншіктің мөлшері бойынша белгіленетіндіктен фискалдық мақсаттан басқа салықтардың меншікті пайдалаудың тиімділігін көтермелеу мақсаты бар.

Меншікке салынатын салықтар қоғам алдындағы салықтық жауапкершілікті біркелкі етіп бөлуге мүмкіндік береді. Мұның әсіресе жер салығына, мүлікке салынатын салыққа қатысы бар.

Мүлікке салынатын салық тікелей нақты салыққа жатады, оның мөлшері мүліктің табыстылығына емес, төлеушілер мүлкінің құнына байланысты болады. Салық мүлік иелеріне оны тиімді иеленуге түрткі болады.

Кейбір елдерде мүлікке салық салу базасын анықтау оны мынадай санаттарға бөлумен байланысты:

- жылжымайтын (жер және онымен тікелей байланысты құрылыстар);
- дербес жылжымалы (жылжымайтын мүліктен басқа, меншіктің барлық түрлері).

Мүліктің бұл түрі өз кезегінде материалдық және материалдық емес (мүлік құны туралы ақпараттарды құрайтын шоттар, сертификаттар) болып бөлінеді.

Жалпы мүлік салығы жергілікті бюджетке түсетін маңызды кіріс көзі болып табылады.

Сондықтан жергілікті салық органдары жоғарыда аталған салық принциптеріне сүйеніп, мүлікке тән белгілер мен құнына байланысты салық салу базасы мен салық ставкасын объективті анықтайды.

Салық төлеуге байланысты салық төлеушілердің негізгі міндеті болып салық салу базасын оңтайлы айқындау мен мүлікті дұрыс өлшеу болып табылады.

Кесте 13.1 - Мүлік салығын жіктеу

№	Жіктеу белгілері	Қысқаша сипаттама
1	2	3
1	Салық объектілері бойынша	- жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық; - заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;
2	Қолданылу сипатына қарай	- жалпы–салық төлеушінің меншігіндегі мүліктің барлық түрлеріне қатысты қолданылады; - селективтік-мүлік түрлерінің әрбір түрі үшін салық режимін саралауға не салық салу базасынан кейбір меншік түрлерін шығарып тастауға негізделген.
3	Бағалау түрлеріне қарай	- негізінде жылжымайтын мүліктен алынуы мүмкін күтілетін (ожидаемый) ренталық табыс жататын әдіс; - мүлікті сатудың болжамды бағасына негізделген әдіс (күрделі не нарықтық); - салық салу базасы ретінде құрылыс салынғандарын қоса, жер учаскелері алаңы алынатын баламалы (альтернативный) әдіс.

13.2. Мүлік салығын есептеу мен төлеу тәртібі

Мүлік салығын есептеу тәртібі Салық кодексінің 15-ші бөлімінде айқын көрсетілген. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі төмендегіше.

Салық төлеушілер салықты есептеуді салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Кесте 13.2 - Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын төлеу тәртібі мен ережелері

№	Көрсеткіштер	Қысқаша сипаттама
1	2	3
1	Төлеушілері	Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық объектісі бар заңды тұлғалар мен меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке кәсіпкерлер. ҚР резиденті емес заңды тұлғалар ҚР аумағында орналасқан салық салу объектілері бойынша
2	Мүлік салығы төлеушілері қатарына жатпайтындар	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР Үкіметі белгілейтін қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер; - салық салу Салық кодексінің 283-бабында белгіленген салық режимінің екінші үлгісі бойынша жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдаланушылар; - мемлекеттік мекемелер; - уәкілетті органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары; - діни бірлестіктер.
3	Салық объектісі	Негізгі құралдар (соның ішінде тұрғын үй қорының құрамында тұрған объектілер) мен материалдық емес активтер
4	Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін салық базасы	Бухгалтерлік есептің деректері бойынша анықталатын салық салу объектілерінің орташа жылдық қалдық құны. Салық салу объектілерінің <i>орташа жылдық қалдық құны</i> ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есепті кезеңнен кейінгі кезең айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің қалдық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде алынады.
5	Салық ставкалары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заңды тұлғалар үшін салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 1,5% ; 2. Жеке кәсіпкерлер үшін салық салу объектісінің орташа жылдық құнына 0,5%; 3. Коммерциялық емес ұйымдар, әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар, негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау болып табылатын ұйымдар, ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік уқоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар, шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші-заңды тұлғалардың жерлерін суаруға пайдаланылатын су мелиорациялық құрылыстары бойынша салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,1%. Жеңілдетілген декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар салық салу объектілерінің орташа жылдық құнының 0,5%;
6	Салық төлеу мерзімі	Салық кезеңіндегі 20 ақпанынан, 20 мамырынан, 20 тамызынан және 20 қарашасынан кешіктірмей тең үлестермен енгізеді.

Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша мүлік салығы әрбір салық төлеушінің мүлік құнындағы оның үлесіне барабар есептеледі. Салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді тқлеуге міндетті, олар салық

Салық кезеңі ішінде сатып алынған салық салу объектілері бойынша мүлік салығының ағымдағы төлемдері салық салу объектісін сатып алу кезіндегі салық базасына салық ставкасын қолдану арқылы анықталады. Ағымдағы төлемдер сомасы тең үлестермен белгіленен мерзімде төленеді, бұ, бұл ретте салық салу объектілерін сатып алынған күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі ішінде шығып қалған салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдер шығып қалған салық салу объектілерінің шығып қалған кездегі салық базасына салық ставкасын қолдану арқылы анықталатын салық сомасына азайтылады. Азайтылуға тиіс салық сомасы салық төлеудің қалған мерзімдеріне тең үлестермен бөлінеді.

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есебі есепті салық кезеңінің 15 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Мүлік салығы бойынша декларация есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

700.03-нысанды толтыру бойынша түсіндірме – Мүлік салығы

700.03-нысанды толтыруды Салық кодексінің 530-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар жүзеге асырады.

"Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" 1-бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

мүлік салығын төлеушінің БСН;

құрылымдық бөлімшесі филиал, өкілдік болып табылатын заңды тұлғаның БСН. Бұл жол егер құрылымдық бөлімше дербес төлеуші болып танылған жағдайда толтырылады;

салық есептілігі тапсырылатын кезең (жыл) - салық есептілігі табыс етілетін есепті салық кезеңі.

"3-бөлімде көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, мүлік салығын есептеу" 2-бөлімінде:

700.03.001-жолында Салық кодексінің 530-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалармен салық кезеңі үшін есептелген 104102 бюджеттік сыныптамасының коды бойынша мүлік салығының сомасы көрсетіледі.

"Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша мүлік салығын есептеу" 3-бөлімінде:

А бағанында 00000001-жолымен басталатын жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

В бағанында аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкім аппаратының БСН көрсетіледі;

С бағанында Салық кодексінің 530-бабында көрсетілген объектілер бойынша жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалармен салық кезеңі үшін есептелген, 104102 бюджеттік сыныптамасының коды бойынша мүлік салығының сомасы аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің қимасында көрсетіледі.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: мүлікке салық салудың экономикалық мазмұнын зерттеп, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын төлеу ережелерімен танысып, мүлік салығын төлеушілердің анықтап, мүлік салығы төлеушілер қатарына жатпайтын субъектілерді белгісілеп, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін қолданылатын салық базасын және салық ставкаларын анықтау. Сонымен қатар, мүлік салығын төлеу мерзімін ескеріп, заңды тұлғалардың мүлікті меншікке немесе пайдалануға алғанда, оған арналған салықтық есептілігі мен салық декларациясымен қоса танысып, заңды тұлғалардың мүлік салығын есептеуге арналған салықтық есептіліктерді және салық декларациясын нұсқаға сәйкес толтыру.

№ 1. Тапсырма: тақырып бойынша қойылған келесі сұрақтарға жауап қажет

1. Мүлік салығының мәнін түсіндіріңіз.
2. Мүлік салығы бойынша салық төлеушінің тапсыратын декларация үлгісіне сипаттама беріңіз.
3. Мүлік салығы не мүлік түрлері бойынша төленбейді?
4. Мүлік салығын төлеуші субъектілерге сипаттама беріңіз.
5. Мүлік салығы бойынша есептілік кезең мерзімін көрсетіңіз.
6. Мүлік салығы бойынша оны төлейтін мерзімді көрсетіңіз.
7. Мүлік салығы бойынша қолданылатын салықтық мөлшерлемелерге сипаттама беріңіз.
8. Мүлік салығын есептеу барысында оның сомасын есептеу үшін не құжаттар қолданылады?
9. Мүлік салығын есепке алу үшін типтік шоттар шоттар жоспарынан қай шот қолданылады? Осы шотқа сипаттама беріңіз.
10. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын төлеу тәртібі мен ережелерін ашып беріңіз.

№ 2. Тапсырма: Жеке кәсіпкер өткен есептік жыл бойынша салық декларациясын тапсыру алдында қозғалмайтын мүлік бойынша келесі мәлімет жинақтады:

Жыл басында кәсіпкерде 8 000 000 теңге құрайтын мүлкі болған.

Жыл ішінде, тек мамыр айында кіріс тіркелген: 4 000 000 теңге құрайтын мүлік сатып алынған.

Жыл ішінде тек бір шығыс тіркелген, тамыз айында 8 000 000 теңге құрайтын мүлік есептен шығарылған.

Аталып кеткен мүлік қозғалыс келесі кеселеде көрсетілді.

Кесте 13.3 - Жеке кәсіпкердің қозғалмайтын мүлігі бойынша жыл ішіндегі есебінен үзінді, теңге

№ р/с	Ай атауы	Есеп кезеңінің басындағы қалдық	Кіріс	Шығыс	Есеп кезеңінің соңындағы қалдық
1	Қаңтар	8 000 000			8 000 000
2	Ақпан	8 000 000			8 000 000
3	Наурыз	8 000 000			8 000 000
4	Сәуір	8 000 000			8 000 000
5	Мамыр	8 000 000	4 000 000		12 000 000
6	Маусым	12 000 000			12 000 000
7	Шілде	12 000 000			12 000 000
8	Тамыз	12 000 000		8 000 000	4 000 000
9	Қыркүйек	4 000 000			4 000 000
10	Қазан	4 000 000			4 000 000
11	Қараша	4 000 000			4 000 000
12	Желтоқсан	4 000 000			4 000 000

Осы мәліметтер негізінде және кесте мәліметтері негізінде аталмыш субъект неше теңге мүлік салығын төлеу керек екенін есептеп шығарыңыз.

№ 3. Тапсырма: «ААА» ЖШС-ік 2020 жылы мүлікке қатысты келесі операцияларды қаржылық есепте көрсеткен делік:

Кесте 13.4 - Шаруашылық субъектінің мүлікке қатысты орын алған операциялары

Жыл, ай	Операция мазмұны	Сомасы мың.тг	Дт	Кт
	Жыл басында мүліктің қалдығы	18 000 000	X	X
2020, қаңтар	Жабдықтаушыдан мүлік алынды	3 000 000	???	???
2020, қаңтар	Жабдықтаушыға мүлік үшін есеп айырысу шотынан кредиторлық борыш төленді	3 000 000	???	???
2020, наурыз	Жабдықтаушыдан мүлік алынды	5 000 000	???	???
2020, наурыз	Жабдықтаушыға мүлік үшін есеп айырысу шотынан кредиторлық борыш төленді	5 000 000	???	???
2020, сәуір	Жабдықтаушыдан мүлік алынды	4 000 000	???	???
2020, сәуір	Жабдықтаушыға мүлік үшін есеп айырысу шотынан кредиторлық борыш төленді	4 000 000	???	???
2020, мамыр	Жабдықтаушыдан мүлік алынды	3 000 000	???	???
2020, мамыр	Жабдықтаушыға мүлік үшін есеп айырысу шотынан кредиторлық борыш төленді	3 000 000	???	???
2020, шілде	Жылдың қаңтар айында алынған мүлік сатылуына байланысты сатып алынған құнымен есептен шығарылды	???	???	???
2020, шілде	Жылдың наурыз айында алынған мүлік сатылуына байланысты сатып алынған құнымен есептен шығарылды	???	???	???
2020, шілде	Жылдың сәуір айында алынған мүлік сатылуына байланысты сатып алынған құнымен есептен шығарылды	???	???	???
2020, шілде	Жылдың мамыр айында алынған мүлік сатылуына байланысты сатып алынған құнымен есептен шығарылды	???	???	???

Келтірілген мәліметтерге сүйенсек, «ААА» ЖШС- те оның мүлкі бойынша келесі қозғалыс болған:

Компанияда жыл басында 18 000 000 теңге құрайтын мүлік болған, жыл ішінде кіріске алынған мүліктің бәрі есептен шыққан. Ұсынылған декларация өсымшасын толтырыңыз.

XIV ТАРАУ. САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІН КАМЕРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

14.1 Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері

Салықтық бақылау салық механизмінің функционалды элементі, салық қатынастарын басқару жүйесі ретінде қарастырылады. Салықтық бақылаудың қазіргі практикасын талдау негізінде оның әртүрлі аспектілеріне: маңыздылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық сипаттама беруге болады.

Салықтық бақылауды жүзеге асыру жағдайлары: заңдық және нормативтік база қарастырылған; ұйымдастырушылық және әдістемелік-техникалық негіздер; салық бақылауының тиімділігіне төлемдердің бюджетке түсуіне бақылаудың әсер ету жағдайлары.

Салық бақылауы саласында оның тиімділігін арттыру мақсатында салық комитеттерінің мемлекеттік басқару орындарының өзара қарым-қатынас тәжірибесі жалпыланған.

Қазақстанда жүргізіліп отырған салықтық бақылау практикасы зерттелген, салық комитеттерінің жұмыстарының кемшіліктері анықталып, салықтық және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуін бақылаудың формалары мен әдістерін жетілдіру жолдары ұсынылған.

Салықтық бақылаудың нақты формалары салық жүйесінің дамуы және салықтық бақылауды ұйымдастыруға тікелей байланысты, ал салықтық бақылаудың әдістері аймақтағы салық жұмыстарын ұйымдастыру деңгейі мен салықтық заң бұзушылық сипаттарына тәуелді.

Бақылау жұмыстары аса маңызды орын алады.

Тексерушілер штатын ұлғайтумен және олардың еңбек өнімділігін жоғарылатумен, салықтық тексеру ауқымын кеңейту, салық төлеуден шеттеуді анықтау үшін қарсы тексеруді іс жүзіне асыру және бақылау жұмыстарына алдын-ала профилактикалық шаралар ретінде қарау бақылау жұмысын жетілдірудің мүмкіндіктері болып табылады.

Тексерушілердің штатын молайтуға техникалық прогресс себепші болады. Ол салық декларацияларын қабылдау мен өңдеумен айналысатын және т.б. бөлімдердегі қызметкерлер санын қысқартуға әкеп соғады. Компьютерлендіруді қолдану тексерушілердің еңбек өнімділігін жоғарылатуға ықпалын тигізеді.

Бақылау жұмыстары салық тәртібін ерікті сақтау деңгейін жоғарылатуда үлкен роль атқарады. Бұл үшін тиісінше салықтық тексерумен қамту керек. Осыған байланысты төтенше тексерулер ұйымдастырып, төлемдердің толықтығы мен салық төлемдерінің өз уақытында іске асырылып жатқандығына көз жеткізген жөн.

Сонымен қатар, камералдық бақылау тәртібі Салық кодексінің 94 бабындада айқын көрсетілген.

Салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады.

Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Салық органдарында тіркеу есебіне қою және (немесе) Кодекстің 96-бабына сәйкес салықтық есептілікті ұсыну және (немесе) салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу арқылы салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру камералдық бақылаудың мақсаты болып табылады.

Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері

Камералдық бақылау салық органдарында бар мынадай деректерді:

- 1) салықтық есептілікті;

2) өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерін;

3) салық төлеушінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді;

4) Кодексте белгіленген өзге де есептілікті салыстыру арқылы жүргізіледі.

Камералдық бақылау Кодексте белгіленген осындай кезең үшін салықтық есептілікті ұсыну мерзімі өткеннен кейін тиісті салықтық кезең үшін жүргізіледі.

3. Камералдық бақылау Кодекстің 48-бабында белгіленген ережелер ескеріле отырып, талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде жүзеге асырылады.

14.2 Камералдық бақылау нәтижелері

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда:

тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

тәуекел дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама ресімделеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық есептілікте бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мәлімет үшін жіберіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарламаның нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Осы тармақтың ережелері камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған тәуекел дәрежесі елеусіз бұзушылықтарға қолданылмайды және тәуекелдерді басқару жүйесінде ескеріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мыналар:

1) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтарды:

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

анықталған бұзушылықтар жататын салықтық кезең үшін хабарлама бойынша салықтық есептілікті ұсыну;

салық төлеушінің қосылған құн салығын қайтару туралы талабы бойынша бұрын бюджеттен қайтарылған қосылған құн салығының сомасын бюджетке төлеу, сондай-ақ салық төлеушіге осындай сомаларды аударған күннен бастап әрбір күн үшін осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде өсімпұл төлеу арқылы жоюы;

хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы болып танылады.

Түсінікте:

салық төлеушінің (салық агентінің) түсінікке қол қойған күні;

түсінікті ұсынған адамның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не тұлғаның толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);

салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органының атауы;

түсінік ұсынылатын хабарламаның нөмірі мен күні;

түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіздер және дәлелдемелер болып табылатын мән-жайлар көрсетілуге тиіс.

Егер түсінікте түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіз ретінде дәлелдемелерді растау ретінде құжаттар көрсетілетін болса, онда салықтық есептіліктен басқа, түсінікте көрсетілген құжаттардың көшірмелері түсінікке міндетті түрде қоса беріледі.

Түсінікті ұсыну арқылы хабарламаны орындау шеңберінде өзге де құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Салық төлеуші осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген түсінікті камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған мынадай:

1) мыналар:

жазып берілуі бойынша әрекетті (әрекеттерді) заңды күшіне енген сот актісімен жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей жасаған (жасалған) деп танылған шот-фактураның және (немесе) өзге құжаттың негізінде;

заңды күшіне енген сот шешімің негізінде жарамсыз деп танылған мәмілелер бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шығыстарды шегерімге жатқызу және қосылған құн салығын есепке жатқызу кезіндегі;

2) заңды күшіне енген сот шешімінде белгіленген, басшысының және (немесе) құрылтайшысының (қатысушысының) мұндай заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) оның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қатысы жоқ салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей жасалған операциялар бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шығыстарды шегерімге жатқызу кезіндегі;

3) мыналар:

заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғалармен және (немесе) дара кәсіпкерлермен жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша;

заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қайта тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғалармен жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызу кезіндегі бұзушылықтар бойынша ұсынуға құқылы емес.

4. Хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім шығарады және оны салық төлеушіге мынадай тәсілдерінің бірімен:

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

электрондық тәсілмен веб-қосымшаға немесе пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жібереді;

оны салық төлеушіге қолын қойдыра отырып табыс етеді.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген шешім салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай жағдайларда:

пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі. Бұл ретте пошта немесе өзге де байланыс

ұйымы мұндай шешімді пошта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс; электрондық тәсілмен жіберілгенде:

салық органы шешімді веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл осы Кодекстің 86-бабында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

шешім пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жеткізілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жіберілгенде – оны келу тәртібімен алған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім табыс етілген (алынған) күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) оған жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауы жүргізіледі.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағымның көшірмесін осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешімді жіберген салық органына жіберуге тиіс.

Баптың тармағында белгіленген мерзім дәлелді себеппен өткізіп алынған жағдайда, шағымды қарайтын салық органы және (немесе) уәкілетті орган бұл мерзімді шағым беретін салық төлеушінің (салық агентінің) өтінішхаты бойынша қалпына келтіреді.

Шағымды қарайтын салық органы шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру мақсатында осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім жіберілген жеке тұлғаның, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) басшысының және (немесе) бас бухгалтерінің (ол болған кезде) еңбекке уақытша қабілетсіздігін дәлелді себеп ретінде таниды.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім жіберілген жеке тұлғаларға, сондай-ақ ұйымдық құрылымы жоғарыда көрсетілген адамдар болмаған уақытта оларды алмастыратын адамдардың болуын көздемейтін салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатқа осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың еңбекке уақытша қабілетсіздігін растайтын құжатты және осындай салық төлеушінің (салық агентінің) ұйымдық құрылымын белгілейтін құжатты қоса беруге тиіс.

Салық төлеуші (салық агенті) шағым мен өтінішхатты осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың еңбекке уақытша қабілетсіздік кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей берген жағдайда, шағымды қарайтын салық органы және (немесе) уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатын қанағаттандырады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру ол осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешімге шағым берген кезде:

1) жоғары тұрған салық органы және (немесе) уәкілетті орган шағымды қабылдаған күннен бастап жоғары тұрған салық органының және (немесе) уәкілетті органның жазбаша шешімі шығарылғанға дейін;

2) сот шағымды (арызды) іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап сот актісі заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асырылмайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа шағым берілген кезде камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындау мерзімінің өтуі:

1) жоғары тұрған салық органы және (немесе) уәкілетті орган шағымды қабылдаған күннен бастап – жоғары тұрған салық органының және (немесе) уәкілетті органның жазбаша шешімі шығарылғанға дейін;

2) сот шағымды (өтінішті) іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап – сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған, осы баптың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберу бойынша салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым берілген жағдайларда, салық төлеуші заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі (қайта тіркелуі) жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Кодекстің 118-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға алып келеді.

Кодекстің 59-бабының 6-тармағына және 66-бабының 7-тармағына сәйкес жүргізілетін камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қорытынды жасайды.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген қорытындыны жасау күні камералдық бақылаудың аяқталған күні болып табылады.

Өзін өзі тексеру тапсырмалары

Тапсырмаларды орындау мақсаты: салықтық бақылау салық механизмінің функционалды элементі екенін ескеріп, соның ішінде камералдық бақылау жүйесіне назар аудару. Камералдық бақылауды ұйымдастыру барысында салық агентінің өткен кезеңде тапсырған салықтық есептілік құрамын талдау, соның ішінде камералдық бақылау аясына жататын айлық, тоқсандық, жарты жылдық және жылдық салықтық есептемелер мен салық декларациялардың көрсеткіштерін игеру.

№ 1 Тапсырма: тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап қажет

1. Салықтық бақылау түрлерін атап беріңіз.
2. Салықтық бақылау алдына қойылатын мақсат.
3. Салық бақылауы саласында оның тиімділігін арттыру жолдары қандай?
4. Камералдық бақылау дегеніміз не?
5. Камералдық бақылау нәтижелері салық төлеушіге қалай жеткізіледі?
6. Салық төлеушінің (салық агентінің) шағымы мен өтінішхатты қалай қаралады?
7. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бойынша салық төлеуші не шаралар қолдануы тиіс?
8. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды салық төлеуші қалай түзейді?
9. Салық төлеушілерді тәукемдік деңгейлері бойынша қалай жіктейді?
10. Камералдық бақылау кезінде «электрондық үкімет» веб-порталының мүмкіндігін салық төлеуші мен салық орындары қалай пайдаланады?

Тест сұрақтары

1. Шаруашылықпен айналысу және шаруашылық жүргізу үшін ҚР-ың Салық кодексінде мемлекетке төленетін бір реттік төлем, бұл:

- ҚР-ың Салық кодексімен бекітілген алым
- Салық кодексімен бекітілген төлемақы
- Салық кодексімен бекітілген төлем
- Сенат шешімімен бекітілген тариф
- Мәжіліс шешімімен бекітілген салық

2. Салықтар - бұл:

ҚР-ың Салық кодексінде аталған, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті төлемдер

- Мемлекеттік бюджетке төленетін бір реттік төлем
- Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін жүйелік төлем
- Белгілі бір уақыт өткеннен кейін қайтарылатын мемлекеттік бюджетке нақты төлемдер
- Салық кодексіне сәйкес, ай сайын мемлекеттік қазынаға түсетін қайтарымды төлем

3. Салықтың бұл қызметі арқылы мемлекеттік ақша қорлары құрылады:

- Қазынагерлік
- Реттеуші
- Тұрақтандырушы
- Бақылау
- Ынталандырушы

4. Салық салудың «әділеттік» принципінің мәні:

- Әрбір төлеушінің табысына қарай салық й салынуы тиіс
- Барлық салық төлеуші үшін қолайлы уақытта және тиімді әдіспен салынуға тиіс
- Салықтар салық төлеу жылы ішінде бірдей үлесте төленуі
- Салықтар салық төлеушінің мемлекеттен алатын пайдасының мөлшеріне байланысты төленуі тиіс
- Салық салу заңға сәйкес алынуы тиіс

5. Мемлекет үшін салықтар:

Қазынананың (мемлекеттік бюджеттің) негізгі кіріс көзі

- Келешек ұрпақ үшін салымдар мен жинақтар
- Салық төлеушінің негізгі әділдік сақтау белгісі
- Салық төлеушілерді жазалау құралы
- Белгілі бір төлем құралы

6. Салық субъектісі - бұл:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес, заңды түрде салық төлеуге міндетті жеке және заңды тұлға

- Шаруа қожалығы
- Табыс, мүлік, шаруашылық түрі, қызмет көрсету
- Мемлекетпен бекітілген салықтық ставкалар
- Салық кодексіне сәйкес, жеке кәсіпкер

7. Салықтық жеңілдік дегеніміз:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес, салық төлеушілер салықтан толық немесе жартылай босатылады

- Ерекше орын алатын тұлғалар, міндетті салық төлеуден босатылады

Салық салудың бағалық, жеке немесе басқа да мінездемесі
Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстарға жататындар
Салық кодексіне сәйкес, белгілі бір кезеңдегі салықтық демалыс

**8.Әр жыл сайын бюджетті бекіту кезінде жоғары органнан төменгі органға
баланстау салықтары:**

Өзара реттеуші салықтар
Мемлекетпен бекітілген салықтар
Функционалды салықтар
Жалпы шаруашылық салықтары
Ынталандырушы салықтар

9.Салық салудың негізгі принциптерін алғаш ұсынған кім?

Ұлыбритан экономисі А.Смит

Саяси экономиканың классигі Рикардо
АҚШ-ың тұңғыш президенті Вашингтон
Нобель жүлдесінің лауреаты Василий Леонтьев
Кеңес үкіметінің қайраткері .И.Калинин.

**10. Қандай төлем төленетін қызмет тізімі заңды және жеке тұлғалар мүддесі үшін
жасалатын әрекеттерді іздеу арыздарын қамтиды?**

ҚР-ың Салық кодексімен бекітілген мемлекеттік баж салығы;
Акциз салығы;
Салық кодексінде бекітілген қосылған құн салығы;
Төлем
Тұтыну салығы.

**11. Нарықты экономика мен мемлекеттің салық саясатының негізі мақсаты
қандай?**

Қазынаның (бюджеттің) кіріс бөлігін қаржы ресурстары мен қамтамасыз ету
Тиісті норматив актілерін қабылдау
Мемлекеттің қаржы ресурстарын қайта үйлестіру
Экономика реттегіші ретіндегі салықты пайдалану
Экономикалық процестерге әсер ету

**12. Олар қайтарымды сипатқа ие мемлекеттің шартты және уақытша табыстары
ретінде қатысады**

Қарыздар (заемдар)
Гранттар
Салықтар
Шығындар
Сыйлықтар

13.Салықтың материалдық белгісі болып табылады:

ҚР- ың Салық кодексіне сәйкес, салық төлеуші белгілі бір соманы мемлекетке міндетті
түрде беруі

Жиынтық өнімді мемлекетке бөліп беру

Салық төлеу кезінде меншік формасы ауысады

Салық кодексінің бабына сәйкес, құқыққа сәйкестік мәні ақша айыру салық қаржы

төлеуі

Салық төлеу қайтарымсыз ақшаны өндіріп алуді білдіреді

14. Салық- бұл кімнің белгіленімі болып саналады?

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес, ол мемлекеттік белгіленiм
Салық төлеушiнiң;

Салық кодексiне сәйкес, оо салық комитетiнiң белгіленiмi

Салық кодексiне сәйкес, ол салық агентiнiң белгіленiмi

Ата Заңына сәйкес, ол уәкiлеттi түрлi органдардың белгіленiмi

15. Занды iс-әрекетердегi жасау және уәкiлеттi мемлекеттік ұйымдардың құжаттарын беру үшiн қандай төлем алынады?

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес, мемлекеттік баж алынады;

Салық кодексiне сәйкес, мемлекеттік алым алынады

Салық алынады

Төлем алынады;

Мiндеттi аударым алынады.

16. Анықталған құқықтық мәртебенi бергенi үшiн қандай төлем алынады?

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес, бұл алым төлемi

Салық кодексiне сәйкес, бұл айыппұл төлемi

Салық кодексiне сәйкес, бұл салық төлемi

Салық кодексiне сәйкес, бұл баж төлемi

Азаматтық кодекске сәйкес, еш бiр төлем алынбайды

17. Белгiлi бiр қызметтi жүзеге асыру құқығын бергенi үшiн алынған төлем:

төлем;

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес, бұл алым төлемi.

Салық кодексiң бабтарына сәйкес, бұл салық төлемi

Салық кодексiң бабтарына сәйкес, бұл баж төлемi

Азаматтық кодексстәi бабтарына сәйкес, еш бiр төлем алынбайды

18. Ағымдағы салық кезенi үшiн ҚР-да тұрақты болатын жеке тұлға деп танылу үшiн жеке тұлға кемiнде ҚР-да неше күн болуы тиiс:

ҚР-да жеке тұлға 183 күн болуы тиiс

Салық кодексiң бабтарына сәйкес жеке тұлға ҚР-да 180 күн болуы тиiс

Салық кодексiң бабтарына сәйкес жеке тұлға ҚР-да 90 күн болуы тиiс

Азаматтық кодексiң бабтарына сәйкес жеке тұлға ҚР-да 30 күн болуы тиiс

Ата Заңы бабына сәйкес жеке тұлға ҚР-да кемiнде бiр жыл болуы тиiс

19. Салық масштабы қандай элемент?

ҚР-да заңмен бекiтiлген пәнiнiң өлшеу параметрi

Салық объектiсiнiң материалды түрi

Заңды дәйек пайда болған заңмен салық мiндеттерi келiседi

Азаматтық кодексiң бабы бойынша, салық пәнiнiң сандық мәнi

Салық кодексiнiң бабы бойынша, сандық пәнiнiң сапалық мәнi.

20. Түрлi субъектiлер табысының бiр бөлiгi мемлекет пайдасына өтедi. Бұл салықтардың қай пайдасы?

Реттеу

Қазыналық

Керi бөлу

Ынталандыру

Бақылау.

21. ҚР-да салық салу жалпыға бірдей және міндетті болуы салық салудың қай принципі?

- Әділдік принципі
- Жариялылық принципі
- Айқындылық принципі
- Біртұтастық принципі
- Міндеттілік принципі

22. Салық салудың мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті жариялануға тиіс бұл қай принцип?

- Қоғам үшін салық заңдарының жариялығы принципі
- Салық жүйесінің біртұтастығы
- Салық салудың әділдігі принципі
- Салық салудың айқындылығы принципі
- Салық салыудың міндеттілігі принципі

23. Түзетілген жылдық жиынтық табыстан шегерімдерден асып түсуі, бұл:

- Ұйым үшін - залал
- Мекеме үшін - аванс
- Шаруашылық субъект үшін - табыс
- Кәсіпорын үшін - зиян
- Акционерлік қоғам үшін - пайда

24. Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушілерге корпорациялық табыс салығы бойынша қанша пайыз көлемінде салық салынады?

- Өнеркәсібі ауыл шаруашылық болып, жер негізгі құралы болса, бұл кәсіпорын корпорациялық табыс салығын 10% мөлшерлеменен төлейді
- Жері негізгі құрал болып есептелетін кәсіпорын корпорациялық табыс салығын 12% мөлшерлеменен төлейді
- Егер жер негізгі құрал болып есептелсе бұл кәсіпорын корпорациялық табыс салығын 20% мөлшерлеменен төлейді
- Жер негізгі құрал болып есептелсе бұл субъект корпорациялық табыс салығын 15% мөлшерлеменен төлейді
- Жер негізгі құрал болып есептелсе бұл кәсіпорын корпорациялық табыс салығын 30% мөлшерлеменен төлейді

25. Адвокаттар мен нотариустардың табыстарына қанша пайыз көлемінде салық салынады?

- ҚР- ың Салық кодексіне сәйкес, адвокаттар мен нотариустардың табыстарына 10% көлемінде салық салынады
- Салық кодексіне сәйкес, адвокаттар мен нотариустардың табыстарына 20% көлемінде салық салынады
- Салық кодексінің бабына сәйкес, адвокаттар мен нотариустардың табыстарына 5% көлемінде салық салынады
- Салық кодексі бойынша, адвокаттар мен нотариустардың табыстарына 3% көлемінде салық салынады

26. Заңдық тұлғаның жылдық жиынтық табысына не кіреді?

- Қарастырылған жауап баламаларының бәрі дұрыс
- Дивиденттер
- Бағамдық оң айырма
- Күмәндк міндеттемелер бойынша түсетін табыстар
- Мүлікті жалға беруден түскен табыстар.

27. ҚҚС-нан қандай айналымдар босатылады:

Қарастырылған жауап баламаларының бәрі дұрыс
Пошталық ақа төлеудің мемлекеттік белгілері
Уәкілетті органдар жүзеге асыратын қызметтер
Адвокаттық қызметтер
Нотариаттық қызметтер.

28. Барлық ҚҚС төлеушілер үшін міндетті құжат болып табылады.

Қаржы министрлігінің ұсынғын үлгісіне сәйкес толтырылған шот фактура
Орталық банк таратқан үлгісіне сәйкес толтырылған шот фактура
Салық департаменті ұсынғын үлгісіне сәйкес толтырылған сенімхат
Барлық жауап дұрыс емес
Барлық жауап дұрыс.

30. Өнімнен алынатын және тауар бағасына қосылатын қандай салық?

ҚР- ың Салық кодексіне сәйкес бұл - акциз салығы.
Салық кодексінің бабына сәйкес бұл - көлік салығы. жеке табыс салығы
Салық кодексінің бабтарына сәйкес бұл - мүлік салығы.
Салық кодексін түсіндіретін тіркелім мазмұнына сәйкес бұл – жеке табыс салығы.
Салық кодексі бойынша, бұл – әлеуметтік салық

31. Акциз ставкаларын Қазақстан Республикасында кім бекітеді?

Үкімет.
Орталық банкі
Сенат
Мәжіліс

32. Қай тауарлар түрлеріне акциз салығы салынады?

Қарастырылған жауап баламаларының бәрі дұрыс
Темекі бұйымдары
Алькоголь өнімдері
Спирттің барлық түрі
Бензин және дизель отыны.

33. ҚР-дағы салық жүйесі туралы заң қай жылы қабылданды?

ҚР-дағы дағы салық жүйесі туралы заң 1991 жылы 25 желтоқсанда қабылданды
Аталмыш заң ҚР-да 1990 жылы 10 сәуірде қабылданды
Заң 1992 жылы 2 қарашада қабылданды
Бұл заң 1993 жылы 31 желтоқсанда қабылданды
Салық жүйесі туралы заң 1994 жылы 2 ақпанда қабылданды

34. Салықтарды және бюджетке төленетін басқа адам міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығын

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес салық режимі деп атайды
Салық кодексі ережелеріне сәйкес салық тұтқалары деп атайды
Салық кодексі баптарына сәйкес салық агенті деп атайды
Салық кодексі бабына сәйкес салық жүйесі деп атайды
Салық кодексі бойынша салық объектісі деп атайды

35. Пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құрылымды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін төленетін төлем:

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес роялти деп атайды
Салық кодексi ережелерiне сәйкес акциз деп атайды
Салық кодексi баптарына сәйкес рента деп атайды
Салық кодексi бабына сәйкес бонусi деп атайды
Салық кодексi бойынша аренда деп атайды

36. Төлем көзiнен салық салынатын табысқа жатпайды:

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес мүлiктiк табыс
Салық кодексi ережелерiне сәйкес дивидент
Салық кодексi баптарына сәйкес борыштық бағалы қағаздар
Салық кодексi бабына сәйкес ұтыстар салымдар бойынша сыйақы
Салық кодексi бойынша еңбек ақы

37. Төлем көзiнен үстелған салық сомаларын қанша күннен кешiктiрмей аудару керек?

Қалыс болмай 5 күн аралығында төлеу мiндеттеледi
Кешiктiрмей 4 күн аралығында төлеу мiндеттеледi
Тез арада 3 күн аралығында төлеу мiндеттеледi
Он күн аралығында төлеу мiндеттеледi
Жедел түрде 1 күн аралығында төлеу мiндеттеледi

38. Салықтарды зерделi түрде ұйымдастырудың классикалық қағидалары кезiнде қай ғалым ұсынған болатын

Ұлыбритандық ғалым А.Смит
Комунна идеясын қолдаушы К.Маркс
Ежелгi заман ғалымы Аристотель
Нобель жүлдесiнiң иегерi Василий Леонтьев

39. Консулдық алымдардың ең төменгi және барынша жоғары базалық мөлшерлерiн Қазақстан Республикасында кiмдер белгiлейдi?

Үкiмет
Сыртқы iстер министрлiгi
Дипломатиялық өкiлдiктер
Президент
Парламент

40. Арнаулы салық режимiн қолдануға құқықты растайтын және салық сомаларын бюджетке төлеу фактiсiн растайтын құжат

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес бұл құжат - патент
Салық кодексi ережелерiне сәйкес бұл бонитет
Салық кодексi баптарына сәйкес бұл құжат - бiр жолғы талон
Салық кодексi бабына сәйкес бұл құжат - сертификат
Салық кодексi бойынша бұл құжат – салықтық шот фактура

41. Жеке табыс салығын төлеушiлер

ҚР-ың Салық кодексiне сәйкес ЖТСын төлеушiлер болып резидент, резидент емес жеке тұлғалар есептеледi

Салық кодексi ережелерiне сәйкес ЖТСын төлеушiлер болып резидент емес заңды тұлғалар есептеледi

Салық кодексi баптарына сәйкес ЖТСын төлеушiлер болып бейрезиденттер есептеледi

Салық кодексі бабына сәйкес ЖТСын төлеушілер болып бейрезидент емес жеке тұлғалар есептеледі

Салық кодексі бойынша ЖТСын төлеушілер болып тек резидент емес жеке тұлғалар есептеледі

42. Импортталатын жүктерге салынатын салық кеден аумағына тауар әкелу барысында кеден органдарының өндіріп алатын төлемі, бұл:

Қазақстан шекарасына жүктердің келу барысында алынатын кеден бажы

Импорттаушы заңды тұлғадан алынатын өтімді бажы

Экспорттаушы заңды тұлғадан алынатын мемлекеттік бажы

Импорттаушы және экспорттаушы тұлғалардан алынатын қорғаушы бажы

Импорттаушы және экспорттаушы тұлғалардан алынатын сыйақы бажы

43. Мүлік салығы бойынша салық салу объектілері

Ұйымның, басқадай заңды немесе жеке тұлғалардың жылжымайтын мүліктері

Жеке тұлғалардың табыс көзі

Заңды тұлғалардың табыс көзі

Кәсіпорындардың материалдық қорлары

Мекеменің ақша қаражат айналымы

44. Бұл салықтарда тек табысы ғана емес, сонымен қатар салық төлеушінің қаржылық күйі де ескеріледі:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес бұл дербес салықтар;

Салық кодексі ережелеріне сәйкес бұл нақты салықтар

Салық кодексі баптарына сәйкес бұл жалпы салықтар

Салық кодексі бабына сәйкес бұл жанама салықтар

Салық кодексі бойынша бұл арнайы салықтар

45. Салық суверинитеті- бұл...

ҚР-ың Салық кодексінің белгілеуіне сай салықтарды бекітуге және енгізуге мемлекеттің айрықша құқығы;

Азаматтық кодексінің белгілеуіне сай, салық элементін бекіту туралы тиісті құқық актінің қабылдауы;

Ата Заңының белгілеуіне сай, мемлекеттің өзіне қажетті ақша қаржыларын алуын қамтамасыз ету;

Сенат шешімінің белгілеуіне сай, мемлекет бекіткен салық әрекетінің бағыты;

Мәжіліс шешімінің белгілеуіне сай, мемлекетті пайдасына ақша қаржыларын қайта үлестіру құралы.

46. Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджетіндегі салықтардың үлесі қандай?

Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджетінде салықтардың үлесі 70% құрайды

Республиканың мемлекеттік бюджетінде салықтардың үлесі 50% құрайды

Республиканың мемлекеттік бюджетінде салықтардың үлесі 80% құрайды

Мемлекеттік бюджеттің тек 40% салықтар құрайды

Бюджеттің тек 30% салықтар құрайды

47. Бұл салықтар - тауарлар мен қызметтердің бағасы арқылы алынады:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес бұл жанама салықтар

Заңнамаларға сәйкес бұл нақты салықтар

Нормативтік баптарға сәйкес бұл тікелей салықтар

Салық кодексі бойынша бұл жеке салықтар

Салық кодексінің негізі бойынша бұл жалпы салықтар

48. Бұл салықтарда тек табысы ғана емес, сонымен қатар салық төлеушінің қаржылық күйі де ескеріледі:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес бұл дербес салықтар
Заңнамаларға сәйкес бұл нақты салықтар
Нормативтік баптарға сәйкес бұл жалпы салықтар
Салық кодексі бойынша бұл жанама салықтар
Салық кодексінің негізі бойынша бұл арнайы салықтар

49. Бұл салықтар мүмкіндіктерінен және сыртқы белгілеріне қарап алынады, яғни салық салуда салық объекті назарға алынады:

ҚР-ың Салық кодексіне сәйкес бұл нақты салықтар
Заңнамаларға сәйкес бұл жанама салықтар
Нормативтік баптарға сәйкес бұл жеке салықтар
Салық кодексі бойынша бұл жалпы салықтар
Салық кодексінің негізі бойынша бұл арнайы салықтар

50. Салық салудың келесі тәсілінде салық төлеуші табыс мөлшерін, қажетті жеңілдіктерді, шегерімдерді көрсетеді және салық сомасын есептейді:

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, салық төлеушінің декларациясы бойынша

Бекітілген салың ережелері бойынша патент негізінде
Кадастрлық әдіс арқылы
Заңнама талабына сәйкес, табыс алу көзінен
Куәлік негізінде.

51. Салықтарды алудың осы тәсілінде салық табыс орнында төлеуші жұмыс істейтін заңды тұлғаның есепшісі есептейді және төлейді:

ҚР Салық кодексіне сәйкес төлем көзінен салық ұстау
Салық кодексіне сәйкес, декларация бойынша
Кадастрлық тәсіл
Заңнамаларда анықталған куәлік негізінде
Нұсқауларда белгіленген патент негізінде

52. Салық қайсы тәсілмен кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне рұқсат беру негізінде төленеді:

ҚР Салық кодексіне сәйкес, патент негізінде
Салық кодексіне сәйкес, төлем көзінен салық ұстау
Кадастрлық әдіс
Заңнамаларда анықталған декларация бойынша
Нұсқауларда белгіленген шегеруді анықтау көзінен

53. Салық алудан толығымен босатылатын салық объектісінің ең аз бөлігі қалай аталады?

ҚР Салық кодексіне сәйкес, салық алынбайтын минимум деп атайды
Салық кодексіне сәйкес, салықтық сынақ деп атайды
Заңнамаларда көрсетілген анықтамаларға сәйкес преференция деп атайды
Нұсқауларда белгіленгендей салық жеңілдік деп атайды
Парламент шешіміне сәйкес салық алынатын максимум деп атайды

54. Салық бойынша заңмен бекітілген жеңілдік жарайтын уақыт мерзімін

Қазақстан Республикасының Салық кодексімен бекітілген жеңілдік кезеңі деп атайды
Республика Сенатының шешімімен белгіленген салық алу кезеңі деп атайды
Республика Мәжілісінің шешімімен белгіленген салық кезеңі деп атайды
Мемлекет Үкіметінің қаулысымен белгіленген салық мерзімі деп атайды
Республика Мәжілісінің шешімімен белгіленген төлем мерзімі деп атайды

55. Алып келінген, сыртқа шығарылатын сондай-ақ транзитті тауарлар, бұйымдар мен қызметтерден алынатын салықтарды:

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес баж салығы деп атайды
Салық кодексінің баптарына сәйкес, жеке табыс салығы деп атайды
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, мемлекеттік баж салығы деп атайды
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес қосылған құн салығы деп атайды
Салық кодексінің талабына сәйкес, акциз салығы деп атайды

56. Бағаға енетін және сатып төлейтін тауарлардың салықтары:

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес акциздер деп атайды
Салық кодексінің баптарына сәйкес, мемлекеттік баж салығы деп атайды
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, жер салығы деп атайды
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес, мүлік салығы деп атайды
Салық кодексінің талабына сәйкес, әлеуметтік салық деп атайды

57. Салықтардан қашу себептері болуы мүмкін:

Қарастырылып көрсетілген жауап баламаларының бәрі дұрыс
Елеулі салық ауыртпалығы
Салық заңының айқынсыздығы
Субъектілерді саналы түрде алдын-ала салық мөлшерін төлемеуге ұмтылуы
Салық қызметін ұйымдастырудағы кемшіліктер

58. Нарықты экономика мен мемлекеттің салық саясатының негізі мақсаты қандай?

Қазынаның (бюджеттің) кіріс бөлігін қаржы ресурстарымен толық қамтамасыз ету
Тиісті норматив актілері мен заңнамаларды қабылдау
Мемлекеттің ақша қаражат ресурстарын қайта үйлестіру
Экономикалық процестерге әсер ету
Бизнес процестеріне әсер беру

59. Корпоративті табыс салығы бойынша төлем көзінен салық салынатын табыстардың түрлеріне жататындар;

Қарастырылып келтірілген жауап баламаларының бәрі дұрыс
Дивиденттер сомасы
Салымдар бойынша есептеген сыйақылар
Алынған ұтыстар
Резидент емес тұлғалардың ҚР-ғы көздерден алған кірістері мен табыстары

60. Анықталған құқықтық мәртебені бергені үшін қандай төлем алынады?

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес алым төлемі алынады
Салық кодексінің баптарына сәйкес, айыппұл төлемі алынады
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, ҚҚС төлемі алынады
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес, баж төлемі алынады
Салық кодексінің талабына сәйкес, акциз төлемі алынады

61. Түрлі салық агенттері табысының бір бөлігі мемлекет пайдасына өтеді. бұл салықтардың не пайдасы?

Қазыналық қызметінің пайдасы
Реттеу қызметінің пайдасы
Кері бөлу қызметінің пайдасы
Інталандыру қызметінің пайдасы
Бақылау қызметінің пайдасы

62. Салық- бұл кімнің белгіленімі болып саналады?

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес бұл мемлекеттік белгіленімі
Салық кодексінің баптарына сәйкес, бұл салық төлеушінің белгіленімі
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, бұл салық комитетінің белгіленімі
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес, бұл салық агентінің белгіленімі
Салық кодексінің талабына сәйкес, бұл уәкілетті органдардың белгіленімі

63. Салықтардың қай белгісіне қарай салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді?

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес, салық салу объектісіне байланысты
Салық кодексінің баптарына сәйкес, эконмикалық ерекшелігіне байланысты
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, қолдануына қарай
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес, салық салу ортасына қарай
Салық кодексінің талабына сәйкес, салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай

64. Салық салынатын табыстың өсуіне байланысты ұдайы өсіп отыратын салық ставкалары:

Үдемелі салық ставкалары деп атайды
Жанама салық ставкалары деп атайды
Пропорционалды салық ставкалары деп атайды
Кемімелі салық ставкалары деп атайды
Тікелей салық ставкалары деп атайды

65. Салық салудың мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті жариялануға тиіс. бұл қай салық жүйесінің қай қағидасы?

Қаржы Министрлігі мақұлдаған Салық кодексіне сәйкес, салық заңдарының жариялығы қағидасы
Салық кодексінің баптарына сәйкес, салық жүйесінің біртұтастық қағидасы
Салық кодексінің ережелеріне сәйкес, салық салудың әділдігі қағидасы
Салық кодексіне арналған нұсқауға сәйкес, салық салудың айқындылығы қағидасы
Салық кодексінің талабына сәйкес, салық салудың міндеттілігі қағидасы

66. Ұымда түзетілген жылдық жиынтық табыстан шегерімдердің асып түсуі бұл:

Ұйымның залалы болып есептеледі
Осы ұйымның табысы болып есептеледі
Кәсіпорын пайдасы болып есептеледі
Субъектінің үлесі болып есептеледі
Акционерлердің жарнасы болып табылады

67. Заңдық тұлғаның жылдық жиынтық табыстары мен кірістеріне не кіреді?

Қарастырылған жауап баламаларының бәрі дұрыс
Дивиденттер бойынша кірістер
Бағамдық оң айырма бойынша табыстар

Құмәндік міндеттемелер бойынша қабылданған кірістер

Мүлікті жалға беруден алынған табыстар

68. Тауар өндіру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсетумен олардың айналымы процесінде қосылған құн өсімінің бір бөлігінің бюджетке тиесілі болып есептеледі. Бұл не салық түрі?

Қосылған құн салығы

Акциз салығы

Жеке табыс салығы

Корпорациялық табыс салығы

Көлік құралдарына салынатын салық

69. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес бұл салық мөлшерлемесі 12%. Бұл не салық түрі?

Қосылған құн салығы

Жер салығы

Мүлік салығы

Акцизсалығы

Көлік салығы

70. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес бұл салық мөлшерлемесі 9,5%. Бұл не салық түрі?

Әлеуметтік салық

Жер салығы

Мүлік салығы

Акциз салығы

Көлік салығы

ГЛОССАРИЙ

Акционерлік қоғам - капиталға бір жерге шоғырландыруға (акция ретінде) кәсіпорындар, мекемелер немесе жеке азаматтар, өздерінің келісімдері бойынша бірлескен формадағы ұйымы. Бұл ұйым заңды түрде тіркелген және өздерінің бекітілген уставы бойынша жұмыс атқарады.

Амортизация (лат. Amortisatio- орнын толтыру) – негізгі қорлардың құнын сол қорлар арқылы өндірілетін өнімдер мен қызметтерге бірте-бірте көшіру, ақша қаражаттарының мақсаты шоғырландыру және оларды тозған негізгі қорлардың орнын толтыру үшін пайдалану процесінде олар тозады, өзінің тұтыну құнын жоғалтады. Өндірілген өнім өткізілгеннен кейін алынған кірістің бір бөлігі негізгі қорларды қалпына келтіруге арналған анаулы амортизациялық қорға аударылады.

Амортизациялық мерзім- өндіріс кәсіпорындарының, жабдықтарының құндарын амортизациялық жарнамен толық өтеу мерзімі. Амортизациялық нормаларды есептеуге қолданылады. Көпшілік елдерде амортизациялық мерзімді мемлекет реттейді.

Арнаулы салық режимі – салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін олар бойынша салықтық есептілікті ұсынудың ерекше тәртібі.

Аяқталмаған өндіріс — тапсыруға жіберуге, нарыққа шығаруға, дайын өнім ретінде қоймаға жіберуге қажетті технологияда көрсетілген өндірістің толық циклінен өтпеген, қосымша өңдеуді қажет ететін жартылай дайын өнім.

Әлеуметтік төлемдер – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар.

Бағалы қағаздар – акциялар, борыштық бағалы қағаздар, депозитарлық қолхаттар, пайлық инвестициялық қорлардың пайлары, исламдық бағалы қағаздар.

Бухгалтерлік баланс, бухгалтерлік теңгерім - кәсіпорындардың, фирмалардың, мекемелердің жалпы ақша қаражаттарын орналастыру, пайдалану жағдайларын, пайда болу көздерін көрсететін және белгілейтін бухгалтерлік есеп берудің түрі. Бухгалтерлік баланс - құрылым жағынан екі жақты кесте. Кестенің сол жағы — актив, кәсіпорын мен фирманың шаруашылық қаржыларының құрамы мен орналасуын, ал оң жағы пассив — бұл қаржылардың қайдан түсетінін көрсетеді. Баланстың актив жиынтығы оның пассивіне тең болуы қажет. Баланстағы қаржы мөлшері мен оның түсімі фирманың қаржылық және шаруашылық көрсеткіші ретінде есепті жылдың басында болмаса аяғында анықталып, сараланады.

Валюталық есеп шоттар - мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, фирмалардың, кооперативтердің және жеке адамдардың сыртқы экономбанк мекемелерінде шетелдік валюталық есепшоты. Валюталық есепшоттарға шетелдік контрагенттердің төлемдері, несиеге алынған, не болмаса валюта аукционында белгіленген тәртіппен алынған валюта қорлары түседі. Бұл есепшоттар арқылы есептесу шетелдік валюталар арқылы жүргізіледі.

Дизайнерлік көрсетілетін қызметтер – көркемдік нысандарды, бұйымдардың сыртқы түрлерін, ғимараттардың қасбеттерін, үй-жайлардың интерьерлерін жобалау бойынша көрсетілетін қызметтер; көркемдік конструкциялау.

Еншілес кәсіпорын, қоғам - негізгі (аналық) кәсіпорын, фирманың құрамына кіретін заңды дербес кәсіпорын. Құрылтайшы бас кәсіпорынның, фирманың бөлімшесі ретінде жұмыс жүргізеді. "Аналық" кәсіпорын "еншілес" кәсіпорынның жарғысын бекітіп, кейбір басқару, бақылау функцияларын өзінде сақтайды.

Жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібі – Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу, төлеу, олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну тәртібі.

Жалпы айналым - өндіріс орнында есепті мерзімде өндірілген (жиі жағдайда — жыл бойына) өнімнің барлық түрлерінің жиынтық қаны. Жалпы айналым өнеркәсіптің өзінде өндірілген дайын өнімнің, аяқталмаған өндірістің, өндірістік сипаттағы жұмыстардың құнын қамтиды.

Жалпы өнім - кәсіпорындар мен халық шаруашылығының белгілі бір салаларында өндірілген өнім көлемін ақшадай бейнелейтін көрсеткіш. Жалпы өнім қазіргі ағымдағы және салыстырмалы бағалармен есептеледі, бұл аяқталмаған өндіріс өнімдерінің де элементтері енеді.

Жеке практикамен айналысатын адам – жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт – Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес құзыретті орган немесе жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылысжайларын салуға және (немесе) пайдалануға арналған не жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған шарт.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі – филиал, өкілдік.

Есеп айырысу есепшоты — өз айналым қаржысы бар және бос ақша қаражатын сақтайтын, есеп айырысатын өзіндік балансы бар шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен бірлестіктерге, ұйымдар мен мекемелерге есеп айырысуды қолма-қол ақша түрінде және қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізу үшін банктердің ашатын есепшоты. **Жалпы табыс** - ақша түрінде есептелген кәсіпорындар мен фирмалардың тауар өндіріп сатудан және қызмет көрсетуден алынған жылдық табысы. 2) Жалпы табыс өнім және қызметтен шығындардың айырмашылығы ретінде анықталады. Жалпы табыс еңбек ақы мен таза табыстың (пайданың) қосындысына тең.

Интернет-алаң – тауарлармен электрондық сауданы ұйымдастыру бойынша делдалдық қызметтер көрсететін, Интернетте орналастырылған ақпараттық жүйе.

Интернет-дүкен – тауарларды өз интернет-ресурсында өткізуге арналған, Интернетте орналастырылған ақпараттық жүйе.

Калькуляция - (лат. calculatio) - шот, есеп-шығын түрлері бойынша өнім өлшемінің өзіндік құнын есептеу. Мақсатына қарай мына түрлерге бөлінеді: жоспарлық калькуляция – кезекті жоспарлы кезеңге арналған орташа өзіндік құнды айқындайды және көтерме сауда бағасын белгілеу үшін пайдаланылады, жұмыс уақыты, материалдар электр энергиясы шығынның және басқа шығындардың үдемелі нормаларына негізделеді; нормативтік калькуляция - өндіріс құралдарымен жұмыс уақытын пайдаланудың қолданылып жүрген технологиялық нормаларына негізделеді; есепті калькуляция өндірісті шығынның бухгалтерлік есебінің деректері бойынша жасалады және өзіндік құн жөніндегі жоспар болып табылады, өзіндік құнның орындалуын бақылау құралы серпінің зерттеу және шығынды кеміту резервтерін іздестіру үшін қолданылады. Өндірістік ерекшеліктеріне қарай шығындар мынадай әдістермен калькуляцияланады: а) нормативтік әдіс бұл әдетте өндіріске жұмсалатын қаржы шығынның қолданылып жүрген нормалары бойынша айқындалады; б) бөлістік әдіс, ол шығынды өндірістік процесті қайта бөлу бойынша есептеуге негізделген. В) заказдық әдіс бұл әдісте шығындар жекелеген заказдар бойынша есептеледі.

Капитал - (франц. ағыл. capital, лат. capitalis) - кең мағынасында - табыс әкеле алатын мүмкіндіктердің жиынтығы, не болмаса тауар өндіруге, қызмет көрсетуге жиналған қорлар; тар мағынасында - іске жұмсалған өндіріс құралдары ретінде жұмыс атқарып отырған табыс көздері.

Кәсіпорын — өнім шығарып, оны іске асырып, қызмет көрсетіп, әр түрлі экономикалық қалыптасумен айналысатын, дербес шаруашылық жүргізетін заңды құқығы бар субъект. Өндіріс қоралдарының және басқадай мүліктерінің меншік түріне қарамастан кәсіпорын коммерциялық есеппен жұмыс атқарады.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты: өнімдері, атқарған жұмыстары, көрсеткен қызметтері тұтынуды қамтамасыз ету, өнімдерін өткізу, сол арқылы алынған кіріс пен мүлік иесінің әлеуметтік-экономикалық мүддесін қанағаттандыру.

Келісімшарттық қызмет – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметі.

Коммерциялық емес мекеме - негізгі мақсаты кіріс кіргізіп, пайда табу болып саналмайтын мекемелер мен ұйымдар. Бұларға қоғамдық, діни, қайырымдылық мекемелер, ғылымға, мәдениетке, білімге, денсаулық сақтауға, спортқа көмектесетін, жәрдем беретін қорлар, одақтар мекемелер жатады. Коммерциялық емес мекемелер кәсіпкерлік қызметтермен тек жарғылық мақсаттарын орындау үшін ғана айналысуға құқықты.

Консультациялық көрсетілетін қызметтер – басқарушылық, экономикалық, қаржылық, инвестициялық мәселелерді, оның ішінде стратегиялық жоспарлау, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру, персоналды басқару мәселелерін шешу мақсатында тұлғаның проблемаларын және (немесе) мүмкіндіктерін айқындауды және (немесе) бағалауды қоса алғанда, түсіндірмелер, ұсынымдар, кеңестер және өзге де нысандағы консультациялар беру бойынша көрсетілетін қызметтер.

Құпиялылық туралы келісім – геологиялық ақпаратты пайдалануға беруге негіз болған, жер қойнауын пайдаланушы мен жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган арасындағы шарт (келісім). Мұндай шартқа (келісімге), оның ішінде ақпаратты иемденіп алу туралы шарт (келісім) жатады.

Қыздырылатын темекісі бар бұйымдар – акциз салығының нысаны, темекінің жану процесінсіз электрондық немесе өзге де тәсілмен темекіні қыздыру нәтижесінде түзілген аэрозольді ішке тартуға арналған темекісі бар бұйымдар.

Маркетингтік көрсетілетін қызметтер – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын, баға стратегиясын және жарнама стратегиясын әзірлеуді қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өндірісі мен айналысына үздік экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі шараларды айқындау мақсатында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өндірісі мен айналысы саласындағы зерттеуге, талдауға, жоспарлауға және болжамдауға байланысты көрсетілетін қызметтер.

Материалдық емес құндылықтар — кәсіпорынның, бірлестіктің меншігіндегі заттық объектерге жатпайтын, ақшалай бағасы көрсетілген құндылықтар. Бұған құнды қағаздар, патенттер, техникалық және технологиялық жаңалықтар, жобалар, ақыл-ойдың меншікті объектері, сонымен қатар жалға беру және басқа да құқықтар жатады.

Мемлекет атынан алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және Салық Кодексінде көзделген өнімді бөлу туралы келісімдерде (келісімшарттарда), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген салықтық міндеттемені орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда беретін пайдалы қазбаларды алушы ретінде мемлекет атынан әрекет ететін заңды тұлға.

Мемлекеттік кіріс органы – өз құзыреті шегінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган.

Негізгі құрал жабдықтар - өндіріс процесінде ұзақ уақыт пайдаланылатын, тозба мерзімі көп уақытқа созылатын, өндіріс кезеңінің көптеген цикліне қатысатын өндіріс қорал-

жабдықтары. Олар өз құнын өндірілген өнімге өзінің тозуына қарай бірте-бірте бөлшектеп енгізеді. Негізгі қорлар пайдалану процесінде табиғи және моральдық тозуға ұшырайды. Негізгі қорға жер, өндіріс ғимараттары, машиналар, құрал-жабдықтар, құрал-саймандар, яғни табиғи капитал жатады. Негізгі қордың сомасы олардың к±ны мен ақша түрінде есептеледі. Соның салдарынан кейде негізгі қаражатты өндірістің негізгі қорына жұмсалған ақша қаражаты ретінде бейнелейді.

«Ноу-хау» - (arbut.know how — қалай екенін білемін) — құқық қорғау құжаттарымен (патентпен) қорғалмаған, толық немесе жартынай, ішінара жарияланбаған ғылыми-техникалық, өндірістік технологиялық, қаржы-экономикалық, коммерциялық бейнедегі, сонымен қатар оларды шаруашылықта пайдалану тәжірибесі әлі көпшілікке мәлім болмаған ғылым, тәжірибе жаңалықтары.

Өзіндік құн калькуляциясы - өндірістегі өнімді өткізгендегі, жұмыс, қызмет атқарудағы жұмсалған қара-жатты ақшадай есептеу. Өзіндік құнды калькуляциялау жоспарлаудың, есептеудің және өнімнің өзіндік құнын шығарудың негізгі ережесінде белгіленген. Өндірісте өзіндік құнды калькуляциялау жоспарлы, нормативті және нақтылы болып келеді.

Өндіру – минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеу мен уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне, оның ішінде жерасты суларын ала отырып, сондай-ақ техногендік минералды түзілімдерден шығарып алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені

Өткізу – сату, айырбастау, өтеусіз беру мақсатында тауарларды не өзге де мүлікті тиіп жіберу және (немесе) беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, лизинг шарты бойынша мүлікті беру, сондай-ақ борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған кезде, кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушыға беру.

Салық агенті – Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндет жүктелген дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, заңды тұлға, оның ішінде оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлға.

Салық режимі – Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салықтық міндеттемені есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы нормаларының жиынтығы.

Салықтар – Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

Салықтар бойынша аудит қорытындысы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар бойынша аудиттің нәтижелері бойынша жасалған қорытынды.

Салық төлеуші – салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

Салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты – салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескерілген) сомаларын, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдардың сомаларын есепке алуға арналған құжат, оның ішінде электрондық нысандағы құжат.

Салық төлеушінің электрондық құжаты – белгіленген электрондық форматта берілген, қабылданғаннан және теңтүпнұсқалылығы расталғаннан кейін салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат.

Салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы – Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес алынған, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған

және электрондық құжаттың анықтығын, оның салық төлеушіге тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдардың жинағы.

Салықтық берешек – бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдардың төленбеген сомалары. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен шағым жасалу кезеңінде шағым жасалатын бөлігінде тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген өсімпұл сомасы, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыда көрсетілген айыппұлдар сомасы салықтық берешекке қосылмайды.

Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжат – Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде белгіленген жағдайларда, тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде электрондық нысанда ресімделетін құжат.

Тұлға – жеке тұлға және заңды тұлға; жеке тұлға – Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам; заңды тұлға – Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым (бейрезидент-заңды тұлға). Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпоративтік құралым осы Кодекстің мақсаттары үшін олар өздері құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне ие ме, жоқ па осыған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қаралады.

Ұтыстар – салық төлеушілердің конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, салымдар мен борыштық бағалы қағаздарға байланысты ұтыс ойындарын қоса алғанда, ұтыс ойындары бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі кірістердің кез келген түрі, сондай-ақ құмар ойында және (немесе) бәс тігуде алынған мүліктік пайда түріндегі кірістер.

Электрондық салық төлеуші – Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеуші.

Электрондық сигареттер – акциз салығының нысаны, электрондық технологиялардың көмегімен құрамында никотин бар сұйықтықты (картридждердегі, резервуарлардағы және электрондық сигареттерде пайдалануға арналған басқа да контейнерлердегі) қыздыратын және ішке тартуға арналған аэрозольді түзетін темекісіз бұйымдар.

Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі – уәкілетті органның электрондық нысанда жазып берілген шот-фактураларды қабылдауды, өңдеуді, тіркеуді, беруді және сақтауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйесі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кульжабаева, М. Салық және салу тәжірибесі: Оқу құралы / М. Кульжабаева.- Алматы: Экономика баспасы, 2018.- 146 б.
2. Бекболсынов, А. Салық жүйесінің негіздері: Учебное пособие / А. Бекболсынов; 2-е изд.- Астана: Фолиант, 2011.- 120 б.
3. Салықтық әкімшіліктендіру. Оқулық / Мустафина А.К. Ермекбаева Б.Ж.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 234 б.
4. Ермекбаева Б.Ж, Нурумов А.А, Бекболсынова А.С, Арзаева М.Ж. Салықтар және салық салу: Оқу құралы / Нурумов А.А, Бекболсынова А.С, Арзаева М.Ж. Ермекбаева Б.Ж.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 598 б.
5. Бұхарбаев, Ш.М., Ержанова, З.К. Салықтық бақылау : Дәрістер жинағы. . - Ақтобе: УМО АУ С. Баишева, 2016. - 48 б.
6. Основы налогового планирования: Учебное пособие / Шабурханова З.А. Кульжабаева М.Т.- Алматы: Экономика, 2017.- 133 с.
7. Налоги и налогообложение: Учебное пособие / Мустафина А.К. Ермекбаева Б.Ж.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 300 с.
8. Налоговый менеджмент [Текст]: Учебное пособие / Мустафина А.К. Ермекбаева Б.Ж.- Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 188 с.
9. Амерханова А.Х., Фахрутдинова Г.З. Салық және салық салу пәнінен экономика мамандықтарының студенттеріне арналған оқулық : Учебник .- Павлодар: Кереку.
10. Сейсенова, Н.Б. Салық саясаты: Қазақстандағы тәжірибе : Монография. . - Алматы, 2011. - 259 б. -12.- 67б.
11. Современный налоговый менеджмент Казахстана [Текст]: Учебное пособие / Калдияров Д.А., Бурнашева В.Р. Илимжанова З.А.- Алматы: Экономика, 2016.- 186 с.
12. Проскурина, В.П. Налоговая учетная политика на 2020 год [Текст]: Учебное пособие / В.П. Проскурина.- Алматы: ЛЕМ, 2020.- 204 с.
13. Налоговое право Республики Казахстан (Общая часть) [Текст]: Учебное пособие / Бердибаева А.К. Алибеков С.Т.- 2-е изд.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 152 с.
14. Налоговая система Республики Казахстан [Текст]: Учебное пособие / Мустафина А.К. Ермекбаева Б.Ж.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 186 с.
15. Жакипбеков С.Т., Абдибеков С.У. Налоговое прогнозирование и планирование [Текст]: Учебно-методическое пособие / Абдибеков С.У. Жакипбеков С.Т.- Алматы, 2014.- 192 с.
16. Бухгалтерский и налоговый учет в Казахстане [Текст]: Учебное пособие.- Вып. 2.- Алматы: Изд.дом. "Бико", 2015.- 239 с.
17. Кульжабаева М.Т., Шабурханова З.А. Основы налогового планирования [Текст]: Учебное пособие / Шабурханова З.А. Кульжабаева М.Т.- Алматы: Экономика, 2017.- 133 с.
18. Жамалов, А.М. Налоговое администрирование. Трансфертное ценообразование: Учебное пособие .- Астана: Изд. ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2010.- 356 с.